

1937



«ҰЛЫ ТҰЛФАЛАР»



ЕЛІМ ДЕП
СОҚҚАН ҰЛЫ
ЖҮРЕК

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

“Ұлы тұлғалар”
ғылыми-ғұмырнамалық серия

ЕЛІМ ДЕП СОҚҚАН ҰЛЫ
ЖҮРЕК

(Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы,
публицист М.Дулатұлына арналады)

АЛМАТЫ, 2002

МАЗМҰНЫ

Құрметті оқырман!	
Ысмағұлов Ж. Міржақып Дулатұлы (1885-1935).....	
М. Дулатұлының өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері	

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ

Хан Абылай	
Алаш Орда	
Хазірет Сұлтан	
Октябрь төңкерісінің үшінші жылы	
Он алтының ойраны. 1916 жыл	
Қазақ зиялылары	
Алашқа	
Адамға тіршілік не үшін керек	
Қайтсек жұрт боламыз	
Қазақ-қырғыздың аты, тегі туралы	
Денсаулық жайынан	

ҚАЗАҒЫМ, ҚАЙРАН ЖҰРТЫМ

Қазақ жерлері	
Елім-ай	
Жас қазақтар қайдасың?	
Наурыз	
Шешенің балаларын сүйі	
Мұң	
Арманым	
Шүкірт	
Жаңа тілек	
Қайда едің?	
Жастарға	
Жұт	

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ — КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ПУБЛИЦИСТ, АҒАРТУШЫ

Әсіпұлы С. Жұртының жадындағы жарқын бейне	
Мақпырұлы С. Міржақып Дулатұлының шығармашылығы	
Қойгелдиев М. Күрескер, азамат	
Акашева С.С. Человек и бытие в рассказе “Бахытсыз Джемал” М. Дулатова	
Иманбаева С. Ұлттық баспасөздің ұйытқысы	
Смағұлова С. Міржақып Дулатов отарлау саясатына қарсы күрескен қайраткер	
Сәрсенбаев Ә. Ардагерінің мәңгі Алаштың	
Әбдірашұлы Ж. Міржақып Дулатұлы	
Дәуітқызы Г. Міржақып өлеңдерін оқығанда.....	

ЖАНЫМНЫҢ ЖАРЫҚ САЯСЫ
(Естеліктер, сұхбаттар)

Дулатова Г.М. Аманат
Дулатова Г. Аңсаған жарық күнім туар ма екен?
Дулатова Г. Бір суреттің сыры
Міржақыптың қызы айтады
Әкемді ГПУ әкеткенде он үште едім

КӨМЕКШІ КӨРСЕТКІШТЕР

Еңбектерінің хронологиялық көрсеткіштері
М. Дулатұлының өмірі мен еңбектері
туралы әдебиеттер
Еңбектерінің әліпбилік көрсеткіші
Аудармалары
Бірлесіп жазған авторлардың есімдер көрсеткіші
Есімдер көрсеткіші
Көрсеткішті құрастыруға пайдаланылған
мерзімді басылымдар мен әдебиеттер тізімі
Авторлар туралы мәлімет

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасы 2001 жылдан бастап “Ұлы тұлғалар” атты арнайы ғылыми-ғұмырнамалық серия шығара бастады. Ондағы мақсат - халқымыздың ұлттық зиялыларын, елеусіз қалған есіл ерлерімізді қалың көпшілікке насихаттау.

Өткен тарихымызды бұрмалаусыз, тура қорытудың бірден бір жолы, халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген арыстарымыздың артында қалдырған рухани мұрасын оқырманның, әсіресе жас ұрпақтың қолына жеткізу болса керек.

Міне, сондықтан да біртуар азаматтарымыздың өмірі мен халық үшін атқарған қызметін жан-жақты, терең зерттеу, олардың әрқайсысын халық арасына жеткізу – бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейтесті мәселе деп білеміз.

Ұсынылып отырған ғылыми-ғұмырнамалық жинақ халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, публицист, ағартушы, ақын, математик, журналист М. Дулатұлының өміріне, қазақ халқы үшін еткен еңбегіне, әдебиет саласында қалдырған бағалы туындыларына арналады.

М. Дулатұлы қазақ әдебиетінде роман жанрын дүниеге келтірді. Қазақ романында көшбасшы болып есептелінетін “Бақытсыз Жамал” романы тек қазақ халқына ғана емес өзге елдерге де кеңінен таныс.

XX ғасырдың, яғни аласапыран заманда еңбек етуге тура келген М. Дулатұлы қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті үшін аянбай күресті. Ы. Алтынсарин мектебінде білім алған М. Дулатұлы өз білімін, білгенін қарапайым қара халық үшін сарп етті. А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытовтармен тұстас өмір сүрген М. Дулатұлы олармен тізерлесе отырып өз халқына адал қызмет етіп, аянбай еңбек етті. Қайткенде қазағымды биіктен көрем деп аңсаған М. Дулатұлы өз заманындағы зиялылардың көшбасыларының бірі болды. Өзі көрмеген бақытты заманды ұрпағы көрді. Сол ұрпақтың міндеті атамұрасын жоғалтпай болашаққа жеткізу.

Бұл жинақта М. Дулатұлының өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұматтар берілген. Оның таңдамалы еңбектерінен үзінділер, ол туралы ғалымдардың зерттеулері ұсынылды.

Ғылыми-ғұмырнамалық серияның “Көмекші көрсеткіштер” бөлімінде М. Дулатұлының өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын мәліметтер әліпби тәртібімен орналасқан: әуелі қазақ тілінде, содан соң орыс тілінде берілген, оның өз еңбектері хронологиялық ретпен әр жылдың ішінде әліпби бойынша орналасқан.

Кітаптың соңында еңбектердің әліпбилік және есімдер көрсеткіші, бірлесіп жазған авторлар көрсеткіштеріне еніп отырған материал мен есім атауларының тұсындағы цифрлар, олардың өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын және хронологиялық көрсеткіштерінің тұсындағы рет тәртібін білдіреді.

Бұл жинақ қалың оқырман қауымға, М. Дулатұлы мұрасын зерттейтін ғалымдар мен студенттер үшін құнды материал болады деп ойлаймыз.

Оқырмандардың талап-тілегінен шығады деген ниетпен, осы еңбек туралы ұсыныстарыңызды, пікірлеріңізді мына мекен-жайға жіберулеріңізді сұраймыз.

Ескерту: “Жанымның жарық саясы” бөлімінде автор (Г. Дулатова) мақалаларына өзгертулер енгізді.

480100

Алматы қаласы

Шевченко көшесі, 28

Орталық ғылыми кітапхана.

Тел: (3272) 93-02-19

Факс: (3272) 93-0260

E-mail: cnd @ academset.kz

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ (1885-1935)

Міржақып Дулатұлы 1885 жылы 25 қарашада бұрынғы Торғай облысы, Торғай уезіне қарасты Сарықопа болысында, қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданында, Қызбел деген жерде туған.

Әкесі Дулат әжептәуір ескіше оқыған, өз дәулеті өзіне жетерліктей дөңгелек қана шаруасы бар, тауфихты адам болса керек. Балаларының үлкені Асқарды әуелі мұсылманша, сонсоң орысша оқытып, заң қызметіне бейімдеп үлгірген Дулат кіші баласы Міржақыпты да сол дәстүрмен ә дегенде ауыл молдасына береді.

Бірақ Жақанның (Міржақыпты кейін ел осылай атап кеткен- Ж.Ы.) өз айтуынша, екі жыл азап шеккеннен басқа ештеңе ала алмағаннан кейін, әкесі оны молдадан шығарып алып, ауылдық мектепте орысша оқытатын Мұқан Тоқтабайұлы деген мұғалімге береді.

“Менің алғаш білімге көзімді ашқан сол кісі еді”, - дейтін Жақанның тағы бір сөзі оның өнер-білім жолындағы ұзақ жылдар бойы жемісті ізденістерінің бастауы дәл сол Торғайдың өз топырағында жатқанын аңғартса керек.

Міне, осы тұста алғысқа толы аса бір тебіреністі сезіммен еске алып, арнайы айтар бір жәйт - өзі халықтың шын жанашыр қамқоры болып туғандықтан, өте алыс болашақтарды ойлап, жанкештілікпен атқарған алып қызметінің арқасында, мәңгілік маңызы бар іс тындырған, сөйтіп жаңағы Торғай топырағының құнарына мәуелі білім ұрығын сеуіп кеткен Ыбырай атамиздың - ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің мектебі бұл кезде іргесін әжептәуір бекітіп, еңсесін көтеріп, айналаға игі ықпалын тигізіп тұр еді.

Демек, жаңағы Мұқан мұғалім де, одан кейінгі Ахмет (Байтұрсынов - Ж.Ы.), Асқарлар да мың сегіз жүз сексенінші жылдары шаңырақ көтерген сол Ыбырай мектебінің - егер ресми атымен атасақ, Торғай қаласындағы уездік орыс-қазақ мектебінің түлектері еді. Сол сиқырлы дүниенің есігі енді ағаларының ізін басып келген шәкірт бала Міржақыптың алдынан ашылып еді.

Сөйтіп, екі жасында шешеден, он екі жасында әкеден жетім қалған жас өспірімнің бұдан былайғы тәрбие қамқорлығы Асқар ағасының мойнында қалады. 1897 жылы ол Торғай қаласындағы жаңағы екі кластық орыс-қазақ мектебіне түседі де, бес жыл оқып, 1902 жылы оны ойдағыдай бітіріп шығады. Содан алты-жеті жыл бойы ел ішінде, ауыл мектептерінде бала оқытады.

Әлі шәкірт жасындағы ұстаз жігіттің кейінгі өмірінде кеңінен өріс алған белсенді әлеуметтік, саяси, шығармашылық қызметі, міне, осы кездерден басталады. Міржақып туралы сөз қозғағанда біздің де жітірек ойланып, оның өмір жолына үңіле қарайтын тұсымыз осы.

Бұл қай кез еді? Уақыт жағынан алсақ, талай халықтардың үстінен небір сұрапыл дауылдарды соқтырып өткен ХХ ғасырдың басы. Ал қазақ қауымының хал-жағдайына орайластыра ой жіберсек, бұл кезең даланың денесіне жан бітіп, қимылға келе бастаған кезі.

Әлеуметтік-саяси жағынан алғанда, бұл кезең патшалықтың қазақ даласында отаршылдықты күрт күшейтіп, шаруашылық жағдайы онсыз да оңала алмай жүрген панасыз елге тізесін батыра түскен жылдар еді. Өткен ғасырдың аяқ кезіндегі атышулы

Столыпин заңынан кейін қауымнан босатылған орыс шаруалары жаппай қазақ өлкесіне көшіріліп, патша әкімшілігінің зорлығымен жергілікті халықтың оты-суы мол, ең шұрайлы жерлері жаңа қоныстанушыларға тартып әперілген.

Бұл жағдай сол кезде көздері ашылып, ұлттық сана-сезімдері оянып, туған халқының қамын ойлай бастаған қазақтың зиялы азаматтарына қозғау салды. Олар адамзаттың тарихи көшінен қағаберіс қалып, марғау жатқан елдің тығырықтан шығар жолын іздестіріп шарқ ұрды. Сол қапастан құтылудың ең бірінші қамы - ілгергі елдердің қатарына қосылып, өнер-білімге тартылу деп білген олар өздерінен бұрын өткен ағартушы ағаларының дәстүрін жалғастырып, қалың бұқара арасында осы бағытта насихат жұмысын өрістетті.

Алғашында осындай таза ағартушылық сарында туындап, кейін саяси сипат ала бастаған бұл қозғалыс ғасырдың бас кезінде патшалықтың саяси дағдарысқа ұшырауы, елдің әртүрлі ұлттық аймақтарында, әсіресе біздің түркі тілдес ағайындардың арасында ұлт-азаттық, либералдық-демократиялық сарындағы сана-сезімнің ояна бастауы жағдайында анық әлеуметтік құбылыс дәрежесінде бой көрсете бастаған.

Міне, осындай тарихи ахуалда ел ішінде жас ұрпаққа білім ұрығын сеуіп жүрген Міржақып сияқты көңілі сергек, көкірегі ояу жас мұғалім халықтың тағдырына байланысты саяси-әлеуметтік мәселелерден оқшауланып самарқау қала алмағаны, әрине, заңды еді.

Қалың қазақы ортадан шығып, айналасы 4-5 жылдың ішінде уездік мектептен дүниелік пәндердің негізі жөнінде жалпылама ғана мағлұмат алып шыққан жас жігіттің болашақта үлкен білімдар болып шығуы үшін және заманның аяқ алысын аңғарып, соған қарай қарекет жасайтын қайраткер болып қалыптасуы үшін, өзгені былай қойғанда, мынадай екі қасиет қажет сияқты болып көрінеді.

Біріншісі - мектептен алған білімдік-танымдық мағлұматтарды өздігінен оқу арқылы жүйеге келтіріп жетілдіру және екіншісі сол білгенін ел өмірімен салыстырып, оның тілек-талабына бағындыра білу, соған орайластыра іс-қимыл жасауға бейімделу.

Жасы жиырмаға толмаған балаң жігіттің бойында осы екі қасиеттің екеуі де бар еді. Оның үстіне, іздену кезінде түйгенін де, күн сайын көзі көре жүріп, өзгеге айтқысы келген әсерін де жұрт көңіліне қонымды өлең шумақтарымен жеткізе алатын, табиғаттың бағалы сыйындай ақындық дарын да жігіт бойынан белгі бере бастап еді.

Қысқасы, өрелі ой мен өршіл талап өз бойынан сәтті ұштастық тапқан жайсаң жас алыс қияндарды аңсаған алғыр қырандай өмірден кең өріс іздеді, үлкен мақсаттар мен асыл мұраттар жолында құлаш сермейтін даңғылға қарай асықты.

Ол кезде Міржақып осынау тың сонарда алдынан із салып кеткен Ахмет ағасының есімін де еміс-еміс естіп жүретін. Өйткені жақсының аты әрбір қыр асқан сайын өсіп, зорайып отыратын қазақ даласында осы өңірдің өз түлегі, кешегі Байтұрсынның ұрпағы Ахметтің сонау Қостанай-Омбы жақты дүбірлеткен атақ-даңқы Торғай табанында да жаңғырығып жатпауы мүмкін емес еді.

Ынтық көңілге соны нысана етті ме, әлде қалың өмірдің қайнаған ортасын аңсады ма, қалай болғанда да Міржақып 1904 жылы алыс та ұзақ сапарға аттанып, сол кезде Арқадағы қазақ оқығандарының бас қосатын бір орталығы - Омбы қаласына тартады.

Бұл, жаңағы айтқанымыздай, Россиядағы буржуазиялық-демократиялық бірінші революцияның қарсаңында ел іші дүрлігіп, қоғамдық қозғалыс қазандай қайнап, бұрқырап тұрған шақ болатын.

Соның дүмпуімен қазақ даласында да жұртшылық пікірі ел тағдырына байланысты ірі-ірі әлеуметтік мәселелер деңгейіне көтеріліп, жалпы көпшіліктің санасына орныға бастаған.

Кемеңгер ұстаз бен зейінді шәкірттің бірін-бірі іштей ұғысуы ма, әлде ұзақ жорықтарда қол бастаған хас батыр мен қатерлі жолға бас байлаған қаһарман ұланның семсер үстінде серттесуі ме, - қалай болғанда да бұдан былайғы бүкіл өмірлерін бір мақсаттың тәуекеліне тігіп, ақтық демдері біткенше жұп жазбай өткен екі есіл ердің алғаш рет жүздесіп кездескен жері - осы Омбы қаласы болып еді.

Олардың бір-бірімен табысу, түсінісу, сырласу сұхбаттарының қай мазмұнда, қай бағытта өткенін анық білмесек те, нәтижесінің қандай болғанын дәлелдейтін дерек - дәл сол жолы Міржақып Ахмет ағасына еріп, Омбыдан Қарқаралыға беттейді. Осында әуелі астыртын жұмыстан басталып, кейін жария сипат алған революциялық жұмысқа белсене араласады.

Қарқаралыға алғаш келгенде уездік мектептің мұғалімдігінен бастап, аз жыл ішінде қалалық училищенің жетекші ұстазына айналған Ахаң бұл кезде бүкіл қыр еліне әлеуметтік қозғалыстың беделді басшысы ретінде танылып қалған болатын.

“Революциялық” деген сөзді де біз бұл жерде кездейсоқ айтып отырғанымыз жоқ. Міржақыптың Ахмет Байтұрсынов туралы жазған өмірбаяндық очеркінен алып отырмыз.

“XX ғасырдың бас кезінде Қарқаралыда тұрған Ахмет Байтұрсынов революциялық қозғалыстарға қатысады: әуелгі кезде астыртын жұмыс істеп, соңынан, 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифест жарияланғаннан кейін, қазақ бұқарасының көрнекті де белсенді басшыларының бірі болады”.

Бұл осы оқиғалардың қалың ортасында жүрген Міржақыптың сөзі.

Енді осы қозғалыстың мәнін ашып көрсету үшін тағы сол А. Байтұрсынов турасында 1922 жылы жазылған М. Әуезовтің мақаласына жүгінейік.

“1905 жылы Қарқаралыда Ахаң менен біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз, тілек) жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: бірінші - жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші - қазақ жеріне земство беруді сұраған. Үшінші - отаршылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан, қазақ жұртын мұфтиге қаратуды сұраған.

Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселелері осылар болғандықтан, Ахаңдар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған”.

Ендеше сол “Ахаңдар” деген ұғымның ішінде жалынды сөзімен, жастық жігерімен жұртты елең еткізетін айтқыш жігіт Міржақып та жүргенін біз күні бүгін көз алдымызға айқын елестете аламыз.

Міржақып Дулатұлын шығармашылық мұрасы жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті комиссиясының қорытындысында келтірілген: “1905 жылғы революциялық оқиғалар тұсында ол Қарқаралыда шеруге қатысқандар қатарында болады” деген мағлұматты да біз осы тұрғыдан түсінеміз.

Осындай қызу қимылмен көзге түскен жиырмадағы жас жігіт осы сапарында қазақ конституциялық-демократиялық партиясының Оралдағы съезіне қатысады да, соның

делегаттары қатарында 1906 жылы Петербургке барады.

Кеше ғана Торғай топырағынан аттанған ауыл мұғалімінің әлеуметтік-саяси көзқарасының қалыптасуында, ой өрісінің кеңейіп, ішкі сенімдерінің беки түсуінде бұл сапардың шешуші маңызы болғаны, әрине, түсінікті. Саяси күрескерліктің Омбы мен Қарқаралыда Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсынов мектебінен алған алғашқы сабақтарын Міржақып астанаға барғанда одан әрі кеңейтіп, пысықтай түседі. Сол замандағы ұлттық, демократиялық қозғалыстың басқа да бірсыпыра қайраткерлерімен жүздесіп танысады. Өзін де танытып қайтады.

1907 жылы Петербургте шыққан “Серке” газетінде Міржақыптың “Жастарға” деген өлеңінің басылу сырында да осындай сабақтастық қисын бар еді. Ал осы газеттің жарық көре алмай кеткен екінші санында Дулатұлы қаламынан туған “Біздің мақсатымыз” атты басмақала бар екен. Газеттің шықпай жатып тұншықтырылуына басты бір себеп те осы мақала болса керек.

Өйткені осыдан екі жыл кейін жарық көрген “Оян, қазақ!” атты өлеңдер жинағы конфескеленіп, автор патшалықтың әкімшілігі тарапынан саяси қуғынға ұшыраған кезде, жандарм қызметкерлерінің тағатын негізгі кінәсының өзі – сол Петербургте тұтқындалған газет мақаласының идеяларын әрі қарай уағыздағандығы деп көрсетілген.

Демек, айтылмыш мақаланы сол кездегі қазақ қауымында қалыптасып келе жатқан қоғамдық ой-пікірдің, қазақ даласында анық бой көрсеткен әлеуметтік қозғалыстың көрінісі деп жоруға болатын еді. Патшалық әкімшіліктің зәресі кетіп үріккені де сондықтан болатын.

Міржақып Петербург сапарынан елге белсенді қайраткер, саяси күрескер ғана емес, сонымен бірге шабытты ақын да болып оралады.

Сонау мектептегі шәкірт кезінде әредік ойына оралып кететін ұйқасты ырғақтарға қаншама мән бермей жүрсе де, ол өз бойындағы дарын нышанына мүлде басқаша қарайтын болады. Енді ол бүтіндей шабытқа беріледі. Ойына түйген жайларды, айналасындағы ел-жұртына айтар сөзін ол дереу өлең жолдарына өріп, қағазға түсіре бастайды.

Сөйтіп, біріне-бірін жалғастыра, жеделдете жазып, әр түрлі тақырыптар төңірегінде ой толғаған тебіреністері бірер жылдың ішінде әжептәуір жинақ болып тізіледі. Болашақ кітабының арқалайтын әлеуметтік жүгін айқын түсінген ақын дереу Уфа қаласындағы “Шарқ” баспасынан “Оян, қазақ!” деген атпен 1909 жылы бастырып шығарады.

Дәл сол жылы қазақ халқының өз тілінде, оның болашақтағы бүкіл интеллектуалдық қабілетінің жаршысындай, көркемдік ойлау мүмкіндіктерінің алғашқы қарлығаштарындай болып үш бірдей өлең кітабының баспа жүзінде жарық көруі - біздің рухани, мәдени өміріміздің болашағы үшін тарихи оқиға болып еді.

Олардың біріншісі - 1909 жылы Петербургтен Тұрағұл мен Кәкітай бастырып шығарған Абай өлеңдерінің алғашқы жинағы. Екіншісі - Крылов шығармаларынан жедел аударып, тағы сол Петербургтен бастырып шығарған Ахмет Байтұрсыновтың “Қырық мысалы”. Үшіншісі - өзіміз сөз қылып отырған Міржақып Дулатұлының “Оян, қазағы!”.

Шөліркеген адамның тандайын жібіткен бір жұтым сусынның қадірі қандай болса, туған халқының рухани өміріндегі бұл үш жинақтың да маңызы дәл сондай еді. Сондықтан, алдыңғы екеуі сияқты “Оян, қазақ!” та қолдан-қолға, ауыздан-ауызға тарап, аз уақыттың ішінде ақынның атақ-даңқын өте алыс қияндарға алып кетті. Ізін суытпай оны екінші рет

бастыруға тура келді.

Бірақ бұл кітап жас авторға халық арасындағы абырой-беделмен бірге патша әкімдерінің тарапынан қуғын-сүргінді ала келеді. Мұғалім жігіт тергеу орындарының бақылауына алынады. Ақыры, ол туған жерден тайғақтап, өзі көрген Омбы жаққа, Ақмола облысындағы Қызылжар қаласына қарай жылыстап кетеді. Осының артынша “Оян, қазақ!” та конфескеленеді.

Қызылжарға барғаннан кейін бақылауда жүрген Міржақыптың ресми орындарда белсені жұмыс істеуіне мүмкіндігі болмайды. Сот кеңсесінде там-тұмдап тілмаштық қызмет атқарады. Жеке адамдарға жалданып, мұғалімдік қызметін жалғастырады. Қазақ балаларына орыс тілінде сабақ береді. Сол кезде одан біраз уақыт Мағжан да дәріс алса керек.

Революция толқыны күшпен басылып, ел ішін реакцияның қара түтіні қайта торлаған кезде, әрбір қадамы санаулы болған саяси сенімсіз жігіт басқа қоғамдық қарекетке бара алмай, көбінесе шығармашылыққа шоғырланады. Тынымсыз ізденіс үстінде тың сонарларға ұмтылып, соныға қалам сілтейді. Поэзияда қаламы төселіп қалған автор енді жаңа бір шабытпен проза саласында, күрделі жанрда күш сынап көрмек болады. Ол дереу роман жазуға кіріседі. Айтқандай-ақ, шығарма тез жазылады да, дәл сол 1910 жылы Қазандағы Каримовтар баспасынан “Бақытсыз Жамал” деген атпен басылып шығады.

Қазақ әдебиеті тарихындағы тұңғыш роман дүниеге осылай келеді. Бұл шығарма қазақ топырағында алғашқы өлең жинағынан да тосын жаңалық болып көрінеді. Халықтың өз өмірінен алынып, өз тілінде қара сөзбен жазылған бұл сияқты оқиғалы шығарма бұрын болған емес-ті. Сондықтан да оның оқырман қауымға тигізген әсері тіпті ересен болады.

Бұл кезде Міржақып өз шығармашылығын өлең мен проза жанрында қатар дамытады. Әр жерде шығатын қазақ басылымдарына, әсіресе “Айқап” журналына үзбей жазып тұрады. Сонымен бірге қағілез жігіт қазақ даласындағы әлеуметтік өмірден де қол үзбей, жіті құлақ түріп, халық тұрмысының жай-жапсарын қадағалап отырады.

Әр өлкедегі ел тұрмысын өз көзімен көріп-білгісі келеді. Осындай ниетпен қалың қазақ ауылдарын аралап, Семей облысына қарай сапарға шығады. Бірақ бұл кезде патшалық тыңшыларының қалт еткізбес аңдуына алынған еркін ойлы азамат Семей қаласына келген бойда-ақ полицияның тырнағына ілінеді. Осының алдында ғана саяси айыппен қамауға алынып, сотсыз, тергеусіз сегіз ай абақтыда отырған Ахмет ағасының артынша бұл кісі де Семей түрмесінде табаны күректей бір жарым жыл отырады.

Бұл кезде атақ-даңқы ел ішінде қаншалықты мәшһүр болса, патшаның әкімшілік орындарына соншалықты құбыжық көрінген Міржақыптың атын атап, баспа жүзінде хабар берудің өзі әжептәуір айыпты іске айналады. Мәселен, Міржақып Семейде қамауға алыныпты деген хабар жариялағаны үшін “Айқап” журналына 300 сом, “Уақыт” газетіне 100 сом айып салынады.

Бірақ соған да болмастан, “Айқап” журналының кейінгі бір санында: “Идарамызға келген соңғы хабарға қарағанда, Міржақып 2 мың сом залог салып азат етілген екен”, - деген тағы бір жаңалық айтылады. Ресми түрде қатаң тыйым салынумен де санаспай, осындай хабарлар беріліп жатқанына қарап, сол тұста Міржақыптың ел ішіндегі әлеумет өмірінде үлкен тұлғаға айналғанын, оның жеке басындағы әрбір оқиғаның әжептәуір қоғамдық мәні болғанын аңғарамыз.

Сонымен, не керек, абақтыдан шыққан бойда Міржақып тағы сол ел шетінен жер аударылған Аханның ізімен Орынборға қарай беттейді.

Арада біраз жыл өтіп, ел өмірінде, халық тұрмысында күрделі өзгерістердің куәсі болған, өз бастарынан да талай оқиғаларды кешкен аға мен іні, ұстаз бен шәкірт, ал одан да гөрі дұрысырағы - ортақ мұрат жолында бас байлаған жанкешті екі дос арасында айтылар сыр да, талқыға салар кеп те көп еді.

Солардың ішіндегі ең түйіндісі, алыстағы мақсатқа жетудің бірден-бір жемісті жолы - ел санасын оята беру екен. Екпіні қайтып, бәсеңсіп қалған жұртшылық қозғалысына қайтадан дем салу екен. Ол үшін ең тиімді, ең ықпалды құрал халықтың өз тілінде сөйлесіп, көпшіліктің пікіріне бағыт беріп отыратын баспасөз екен. Және де оны шама келгенше әкімшілік орындарынан тәуелсіз етіп, көтерілер мәселе шеңберінің неғұрлым кең де еркін болғанын қарастырған жөн екен. Ендеше дереу осы істің қамына кірісу керек.

Қыр өлкесінің ағартушылық-демократиялық бағыттағы тұңғыш биресми басылымы - айтулы “Қазақ” газетін шығару жөніндегі Байтұрсынов пен Дулатовтың бірлескен қызметі осылай басталады.

Өздерінен бұрынғы там-тұм тәжірибенің кем-кетігін қалай ескеріп, жемісті дәстүрін қалай дамыту керек, негізгі ауыртпалықты кімдердің күшімен көтеру керек, әсіресе қаражат жағын қалай қамтамасыз ету керек; ұшы-қиыры жоқ, қажет кезінде жедел хабарласа қоятын қатынас-байланысы жоқ кең сахарада шашырап жатқан салбөксе мырзалар мен сараң байларды бұл іске қалай құлшындыру керек - міне, осы сияқты бір-бірімен тіркесіп, тізбектеліп жатқан сансыз көп мәселелерді шешу арқылы ғана жүзеге аса алатын газет жұмысының бұл кісілердің алдында тұрған қияметтей қиындықтары осындай еді.

Бірақ тәуекелі берік болған соң адам қандай істің де тауқыметіне көнсе керек. Қажымас қайрат пен тапжылмас табандылықтың арқасында 1913 жылдың 2 ақпаны күні Каримов-Хусаиновтар баспаханасынан аты кейін аңызға айналып кеткен “Қазақ” газетінің бірінші саны жарық көреді. Алғашында 3 мың дана болып басылған газеттің тиражы бір жылдың ішінде 8 мыңға жетеді.

Әдепкіде баспахана жалдап, ақыға шығарылған газет төрт-бес жылда өзіндік баспаханасы, қағаз қоры, айналым қаржысы, шағын кітапханасы, тағы басқа керек-жарағы бар әжептәуір кеңселі мекеме дәрежесіне жетеді. Қазіргі Қазақстанның ол шеті мен бұл шетінен үзбей хабар алып тұратын кәдімгідей тілшілер желісі тартылады.

“Қазақ” газетін жаздырып алу жергілікті байлардың, болыс-билердің, хат танитын барша қазақтың беделін, кісілігін, мәдениет дәрежесін анықтайтын нысанды мәселесіне айналады.

Ұзақ жылдар бойы жөнсіз тыйым салынып, туған халқының рухани өміріндегі орны мен ролі мүлде сызылып тасталған осы газеттің бұқараны оқуға, өнер-білімге, ілгергі елдердің үлгісіне шақырумен қатар, патша әкімшілігінің отарлау саясатын да батыл әшкерлеп отырған анық демократияшылдық бағыты бүгінгі күннің биігінен қарағанда да өте мәнді көрінеді.

Міне, осындай келелі іске газеттің бас редакторы Байтұрсыновпен бірге қазіргі ұғым бойынша оның орынбасары, редакцияның жауапты хатшысы сияқты міндеттерді қоса атқарған сенімді серігі Дулатұлы қосқан үлес те ұшан-теңіз болған.

“Оян, қазақтан” бергі кезеңде жазылған өлеңдерін 1913 жылы Орынборда “Азамат”

деген атпен жинақ етіп шығарып, 1914 жылы “Бақытсыз Жамалды” Қазанда қайтадан бастырып, 1915 жылы “Терме” атты жинақ пен “Оян, қазақтағы” өлендерін Орынборда тағы бір жаңғыртып, өзінің ақын-жазушылық тұғырын әбден нығайтып алған Міржақып осы жылдары журналистік, публицистік дарынын да мейлінше аша түседі.

М. Дулатұлы қаламынан туған осындай татымды мақалалар ішінде әлеуметтік өмір, экономика, мәдениет, әдебиет, тарих, дін мәселелерінен бастап, тіпті сол кездегі халықаралық жағдайға дейін қамтыған, солар жайынан оқырманға өте бағалы танымдық деректер берген материалдар ерекше назар аудартады.

Мәселен, 1914 жылғы 23 июньде шыққан 67-санында “Абай” атты мақаланы Міржақып ұлы ақынның қайтыс болуының 10 жылдығына орайластырып жазған. Онда автор Абайды қазақ әдебиетінің негізін қалаушы деп атап, туған әдебиетіміздің болашақ дамуындағы оның орны мен маңызын тап басып айтқаны біз үшін өте көп нәрсені аңғартады.

Газеттің 1913 жылғы 6 апрельдегі санында М. Дулатұлын Ғабдолла Тоқайдың қайтыс болуына байланысты тебіреніп жазған мақаласы, 1915 жылғы 31 октябрьдегі санында этнограф, фольклорист Әбубәкір Диваев туралы қызықты деректер келтірілген зерттеу материалы жарияланған.

Ал енді қазақтың ішкі өміріндегі зорлық-зомбылық, әділетсіздік, парақорлық, жікшілдік сияқты жағымсыз көріністерді сынаған материалдардан 1915 жылғы 15 марттағы (ғ 112) “Дауқұмар”, 1917 жылғы 19 майдағы (ғ 230) “Жүзі қаралар” атты өткір фельетондарды атауға болар еді.

Газет бетіндегі Міржақып көтерген мәселелердің ішіндегі ең бір сүбелісі де, әкімшілік орындарының көзқарасы тұрғысынан алғанда ең шетіні де - отарлау мәселесі, қазақ жеріне қоныстандырылған шаруалар мен жергілікті халықтың арасындағы қарым-қатынас жайы.

Бұл екі тақырыптың екеуі де әрдайым патшалық ресми орындар тарапынан қатты наразылық, кейде тікелей қудалау шараларын туғызып отырды. Газетке талай-талай айыптар салынды. Соның көпшілігінде Міржақыптың күш салуымен жағдай реттеліп, апаттан шығудың жолы табылып отырған.

“Қазақ” газеті 1913 жылдың бас кезінен 1918 жылдың көктеміне дейін шығып тұрды. Алғашында айқын ағартушылық, дәйекті демократияшылдық бағытта болған бұл басылым ақпан революциясынан кейін жалпы Алаш қозғалысымен бірге Уақытша үкімет саясатының шылауында болып, қазан төңкерісінің идеяларын бірден қабылдай қойған жоқ. Сондықтан азамат соғысының ауыспак кезінде ол өзінің өмірін тоқтатуға мәжбүр болды.

Кейінірек, Кеңес өкіметі өзінің жағына шыққан Алаш қайраткерлеріне кешірім жасаған кезде, Дулатұлы жаңа құрылысқа қызмет етушілер жағында болды. Әрине, Міржақып сиқты “дініне берік” қайсар адамның күрт өзгеріп, өзі ұстанған өждан борышынан аттап кетуі оңай болмаса керек. Оның ішкі дүниесінде ешқандай тебіреніс болмады десек, шынайы күрескер адам психологиясын әділ бағаламаған болар едік.

Бірақ Кеңес жағына шыққаннан кейін, сол топтағы басқа да көп қайраткерлер сияқты, Дулатұлы да социализм құрылысына қызмет етуден жалтарған жоқ.

Жаңағыдай күрт өзгерістен кейін аз-кем тыныс алып, ес жиған Жақан 1920 жылы Ташкентке келеді. Сол кездегі Түркістан республикасының органы - “Ақ жол” газетінде жауапты қызметке орналасады. Бірақ ол жерде кешегі Алаш көсемдерінің бірі ретінде көзтүрткі бола бастады ма екен, кім білсін, көп тұрақтамай қыр елін басып кері қайтады да,

Семейге қарай бет алады. 1921 жылы сонда облыстық сотта судья болып істейді де, 1922 жылы қамауға алынады.

Сөйтіп бұдан 11 жыл бұрын патшалық тұсында жыл жарым отырған Семейдің түрмесіне тағы түседі. Бірақ, бір тәуірі, бұл жолы көп отырмай, өзімен бірге ұсталған Әлихан Бөкейханов екеуі Орынборға жөнелтіледі. Онда барғаннан кейін екеуі де қамаудан босатылады.

Сонан соң Міржақып Орынбордағы қазақтың халыққа білім беру институтына (КИНО) оқытушы болып орналасып, мұнда 1922 жылдан 1926 жылға дейін істейді. Ұстаздық қызметке қайта оралғаннан кейінгі осы төрт жылы, одан соң Қазақ мемлекеттік баспасында бөлім бастығы, “Еңбекші Қазақта” редактордың стилистика жөніндегі көмекшісі болып істеген кездері Міржақыптың қарбыта қалам сілтеп, өндірте жұмыс істеген аса бір жемісті жылдары болады.

Атап айтқанда, 1922 жылы ол екі бөлімнен тұратын “Есеп құралын” өңдеп, Ташкент қаласында бастырып шығарады. Сол жылы Орынборда “Балқия” атты төрт перделі пьеса жазады. Сол кездегі республика астанасында қазақтың ұлттық театрының негізін құраған көркем өнерпаздар үйірмесінде қойылып, зор табысқа ие болған бұл шығарманы қазақ кеңес театрының алғашқы репертуарлық бастауларының бірі десе де болғандай еді.

1924 жылы Орынборда екі жылдық “Қирағат кітабы”, Қызылордада “Есеп құралының” жаңа басылымы жарық көреді (кейін бұл оқулық үш-төрт жыл бойы жылма-жыл қайта басылып тұрған).

Ал енді осыған әрдайым қапталдасып отырған журналистік, аудармашылық қызметті қоссақ, тынымсыз еңбекпен өткен, қарекетшіл қажыр иесінің өмірін көзге айқын елестетеміз. Мәселен, бір ғана 1925 жылдың өзінде Жақаң В.И. Лениннің “Жаңа үнем саясаты”, “1905 жыл төңкерісі”, Г. Зиновьевтің “Ресейлік коммунистік партияның тарихы” атты еңбектерін аударып, Орынбор мен Қызылордада бастырып шығарады. Соңғы кезеңде жарық көрген қазақ кітаптарының библиографиялық көрсеткішін әзірлеп бастырады.

Бұлардың сыртында дүркінді баспасөзде ұдайы жарияланып тұрған әңгіме, очерк, фельетондары өз алдына. Әсіресе “Еңбекші қазақта” істеген кезінде Дулатұлы қаламынан қорытылып шыққан жанрлық материалдар тіл шеберлігі, стиль мінсіздігі жағынан көп-көп қазақ журналистерінің жас буынына өзіндік бір мектеп болды десек артық айтқандық емес.

Міне, осындай шығармашылық кемел шағында, республикадағы мәдениет революциясы ісіне белсене ат салысып жүрген кезінде Міржақып Дулатұлы Сталин, Голощекин озбырлығының қармағына ілінді. Баяғы өткен оқиғалардың жаңғырығы қайта қоздырылып, 1928 жылдың желтоқсанында бір топ қазақ оқығандары қатарында тұтқынға алынды. 1930 жылы ОГПУ коллегиясының үкімі бойынша әуелі ату жазасына кесіліп, кейін бұл үкім 10 жыл абақтыға қамау жазасымен алмастырылды. 1935 жылы қазанның 5-і күні, елу жасқа толуына бірер ай қалғанда, Ақтеңіз-Балтық каналының бойындағы Сосновец станциясында, лагерьдің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болды. Сөйтіп, есіл ер жалған жаланың жазалы мерзімін өтей алмай, азап-бейнетпен дүниеден өтті.

М. Дулатұлын қылмысты ісін жан-жақты тексере келіп, Қазақ ССР-інің Прокуроры 1988 жылғы 27 қазан күні тиісінше наразылық білдірді де, республика Жоғарғы сотының коллегиясы сол жылғы 4 қараша күні қылмыс құрамы болмағандықтан, марқұмды біржола

ақтады.

Енді Міржақыптың әдеби мұрасы жөнінде біраз сөз.

Ақынның революциядан сегіз жыл бұрын шыққан алғашқы жинағының жалпы идеясы мен онда топталған өлеңдерінің негізгі мазмұны “Оян, қазақ!” деген атынан ақ көрініп тұр. Автордың алдына қойған мақсаты мен айтайын деген ойы төрт жолдық беташарға түгел сыйғызылған:

Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты.

Патшаның отарлау саясаты, халықтың өнер-білімнен мақұрым қалуы, тұрмыс күйінің күйзелісі, тағы-тағы неше түрлі қасірет атаулы осы төрт жолға толық сыйғызылған.

Жинақтың қара сөзбен жазылған шағын кіріспесінен кейінгі “Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі” деген өлеңінде халықтың басындағы ауыр жағдайды айта келіп, оның тағдырын ойлап толғану, оның елдік мүддесіне қызмет ету - әрбір саналы азаматтың ең бірінші борышы екенін ақын былай деп түйіндейді:

Адасып қараңғыда сорлы қазақ,
Ай тумай, күні һәм шықпай, түр таң атпай?
Сөндірмей жанған өртті көрген адам
Қалайша тұру мүмкін жанға батпай?!

Содан кейінгі “Қазақ халқының бұрынғы мағишаты”, “Қазақ жерлері” сияқты өлеңдерінде ақын халқымыздың әрегіректе өз бетімен емін-еркін көшіп-қонып жүрген заманын еске алады, оның елдік салтың, жақсы дәстүрлерін жырға қосады.

Бірақ ол өткеннің бәрі жақсы еді деп жоқтамайды, сол заман қайта келсе екен деп көксемейді. Оны халқымыздың басынан өтіп кеткен бір тарихи кезең деп қарайды да, қазіргі тұрмыстың, бүгінгі күннің қам-қарекетін бірінші орынға қояды. Өткен тарихты ғибрат, тағылым ретінде ғана ұсынады.

Қанекей, осы айтқанның бірі бар ма,
Айтылса сөздің кәміл хақиқаты?
Бұл күнде бұларды ойлап қайғыда жүр
Бар болған данышпандар парасаты.
Оқыған пайда берер жастарымыз
Һәр істен болса егер мағлұматы.

Дәріптеу былай тұрсын, қайта өткен заманның келе-келе аза бастаған көлеңкелі жақтарын сыншыл көзбен, сарапшыл оймен таразыға салып, бүгінгі мүшкіл халіміздің бір себебін сол кездегі бейқамдық пен берекесіздіктен іздейді.

Сол кезде біздің қазақ ала болған,
Көлденең дұшпандары және болған.
Күштісі нашарларын шауып алып,
Бұрынғыдай болмаған, пәле болған.

Ел шауып кісі өлтірсе батыр деген,
Батырлар пақырлардың хақын жеген.
Біз мұндай бұл уақытта болар ма едік,
Істесе халық пайдасын ғақылменен?

Бір кезде өз еркімен Ресейге қосылып, соның құрамындағы әр түрлі ұлыс-ұлттармен бірге ел қатарлы тіршілік етерміз деген халық үмітінің ақталмағанын, патшалықтың отарлау саясаты бұратана атанған бұқараның арқасынан аяздай қысып бара жатқанын шерлі жүректен запыран төгіп айтқан ақын зары осынау қараңғы қапастан құтылудың бірден-бір жолы - бірлік пен ынтымақта, болашақты ойлаған саналы іс-әрекетте, өнер-білімге ұмтылған өршіл талапта екенін қайта-қайта ұғындырған жан айқайы “Таршылық халіміз хақында аз мінәжат”, “Насихат ғұмұмия” атты ұзақ өлеңдердің негізгі арқауы болған.

Бірі жеті бөлімнен тұратын (небәрі 53 шумақ), енді бірі жиырма жеті бөлімнен тұратын (140 шумақ) осы екі өлеңді автордың негізгі ақындық кредосы, азаматтық платформасы баяндалған поэзиялық монологтар деп бағалауға болар еді.

Жас орнына көзімізден қан кетіп,
Қолымыздан ата мирас заң кетіп...
Аяқ асты болып қазақ қалды ғой,
Құр әншейін рухы қалып, жан кетіп...
Кім жазалы өзімізден көрмесек,
Төбемізге шығардық қой дәріптеп.

Немесе:

Күн көреміз қайда барып, алашым,
Білгіштерің хал мүшкілін қарасын.
Сүйегі жоқ, тіске жұмсақ болған соң
Әркім жейді біздің қазақ баласын.

Аз емеспіз, алты миллион халықпыз,
Алхамдилла, надандыққа ғарықпыз.
Жайымыз жоқ одан басқа мақтанар.
Сахарада дикарь болып қалыппыз.

Немесе.

Бір айтпадым, көп айттым, керек өнер,

Бұл айтқанға халықта көп пе көнер.
Бұл заманда көз салсаң бір мінез бар,
Дұрыс сөзге табылмас кісі сенер,-

деп көңілі жүдеп, құлазып келе жатып, ақын өз көкірегінде қайтадан үміт отын тұтатады, ел ішінен көңілі ояу, сезімі сергек ұлдар, ұландар, ерлер шығатынына сенеді, соларға үміт артады.

Мыңнан біреу шыққанда басшы болып,
Жүзден біреу шықса екен соңына ерер.
Әр тайпадан бір білген болып тұрса,
Сонда жұртқа шүбәсіз үлгі берер,
Халық пайдасын көздесе осылайша,
Ісімізге, әлбетте, берер өнер.

Дүниелік оқуға, ағарту ісін дамытуға шақырғанда, ақын қалың көпшілікті үркітіп алмайын дегендей, діни оқуды қатар атайды. Ақиреттік пайда үшін мұсылманша оқып, дінді танысаң, орысша оқып, орыс тілін үйреніп, өмірлік қажеттеріңе қол жеткіз, сонда жерінді, малыңды сақтайсың, басқалардан қорлық көрмейсің дейді.

“Өнермен хасіл болған нәрселер” деген өлеңінде ол өркениет жолымен ілгерілеп кеткен елдердің мәнді де сәнді өмірін қызықтыра, еліктіре баяндап, соған жетуге шақырады. “Өнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға”, “Жігіттер” тәрізді шығармалардағы ағартушылық идеяларын М. Дулатұлы “Шәкірттерге”, “Мешіт, медресе хақында”, “Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта”, “Қазақ халқына діни бір уағыз” деген өлеңдерінде өзіндік бір жанаша педагогикалық ұстаныммен ұштастырады. Медреселер мен ауыл мектептерінде діни оқумен бірге ғылыми пәндерді, орыс тілін қатар оқытатын тәртіп енгізілсін деген пікірді ұсынады.

“Сайлаулар хақында”, “Жесір даулары хақында” атты өлеңдерде патшаның отарлау саясаты шенеледі, әйел теңдігінің ұраны көтеріледі.

Үлкен проза саласындағы туған әдебиетіміздің тырнақалдысы “Бақытсыз Жамалды” автордың роман деп атауы әбден орынды. Бұл тарам-тарам желілері бар, оқиғалы сюжетке құрылған, жанр талаптарына әбден сай келетін күрделі шығарма. Негізгі идеясы әйел теңдігі; қазақ болмысындағы қалың мал, әменгерлік сияқты кеселдерге үзілді-кесілді қарсы бағытталған. Онда малға сатылып, зорлықпен теңсіз некеге көндірілген Жамал атты жас қыздың сүйген жігітіне қосыла алмай зар шегіп, көп азап көріп, ақырында жауыз қаскөйлер зауалынан қайғылы қазаға ұшырау тарихы баяндалады.

Бұл шығарма қазақ әдебиетінде осы тақырыпта өзінен кейін пайда болған “Қалыңмал”, “Шұғаның белгісі”, “Қамар сұлу” сияқты бірталай сүйекті шығармаларға ізашар болып, жол салғандығымен бағалы екенін айрықша атап өткен жөн.

“Азамат” атты екінші өлең жинағы көлем жағынан шағындау болғанымен, автордың ақындық өнерге бұрынғыдан едәуір төселе түскенін аңғартады. “Оян, қазақтағы” ашық үгіт, нақыл-насихат, тәптіштеп ұғындыру сарыны енді сыршыл сезімге, терең ойға қарай көбірек ойысып, шынайы поэзиялық өріске қарай бет алғаны байқалады. “Таза бұлақ”, “Шағым”,

“Мұң”, “Арманым”, “Сырым”, “Қажыған көңіл”, “Қиял”, “Таң” сияқты өлеңдері нәзік лирикаға сұранып-ақ тұр. Осы тақырыптардың көркемдік шешімі де көңілге қонымды, автордың ақындық мәдениеті мықтап жоғарылай түскен.

Ақын өзінің өмірлік мұратына әрдайым адал. Қай өлеңінде де ол жай ғана жеке бастың мүддесін күйттеп, сезім жетегіне ілесіп кете бермейді. Азаматтық ар үні, әлеуметтік әуен басым түсіп жатады. Соған мысал ретінде “Мұң” деген өлеңді алайық. Алғаш қарағанда жеке бастың жабырқаңқы кезі суреттелер деп ойлайсың. Ал шындығында өлең өрісі әріге мегзейді.

Сенімсіз басым, пайдасыз жасым арманда,
Жетермісің тілегіңе жалғанда?
Қан тамшылап тұрса да, көзден жас ағып,
“Сенікі жөн” деп құлаққа ілген жан бар ма?!
Елең етер намысқа қызып жігіт аз,
Бұл не ғажап жұрт керек боп қалған ба?
Мен не болсам - болайын саған садақа,
Сүйікті жұртым, қақпанға түсіп алданба!

Жоқ, тіпті де жеке бастың мұңы емес! Қайта, керісінше, ел мұңын, халық мүддесін өз басының жеке қасіретіндей жүрекке тым жақын қабылдағандықтан, қатты қиналған азамат жанының, халық қамқорындай күрескер адамның қиналған тебіренісі естіледі.

Дулатұлы ақындығының алтын жалауындай, туған елі үшін бүкіл өмірін құрбан етуге сәт сайын дайын тұрған күрескердің бейнесіндей болып ел аузында жатталып қалған “Шағым” атты өлеңіндегі қанатты шумақтарға үңілейікші:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш.

Тамшылап көзден аққан бұл суық жас,
Балқытып қашан ерітер жүректі тас?!
Қаламнан жылап аққан қара бояу,
Жазылып қағазға, сен, жұртқа қыл паш.

Жүректен қашан шығар қадалған оқ,
Жандырған жанды нахақ сөнер ме шоқ?!
Қажыған қам көңілді бір көтерер
Жанымда жаны ашитын адам да жоқ.

Осы жолдардағы ақын бойын кернеген кекпен, оның ішінде жанартаудай буырқанған қалың қайратпен іштей жалғасып, үндесіп жатқан “Арманым” атты өлең жолдары былай өріледі:

Зор арманым - жиһанды жүрмін кезе алмай,
Не бар, не жоқ - дүние халін сезе алмай.
Зейінім ауыр, қолым қысқа, жолым тар,
Іздеген мұрат қолға тиіп тез алмай.

Көзім көріп, айтуға тілім бата алмай,
Ішім қайнап, тағы да шыдап жата алмай,
Мендей міскін бар ма екен хақтың құлында
Керексіз болған еңбегі еткен ақы алмай...

Аяусыз жаным, мен бір құрбан ылағың,
Болса алуға қаным себеп мұрадың,
Болайын сүйінші, жұлдызы жанып бақыттың,
Сен көркейді деп естісе құлағым!

Өзінің әлеуметтік мұратына, саяси мақсатына, туған халқының бақытына соншалықты таусыла берілген жауынгер ақын дарынында бұл сияқты арынды асқақ екпінмен бірге жүрек пернесін дір еткізер нәзік сезімге толы жұмсақ лиризм де табылады. “Сұлу қызға” деген бір ғана өлеңнің өзі осыған айғақ.

Сұлу қыз, қалың елден сені таптым,
Көрдім де тамашаңа белден баттым.
Майысқан алтын айдар еркесің
Оянған ұйқысынан табиғаттың...

Жалынын басатұғын жалғыз өзің,
Сөнбестей жүрегіме бір от жақтың.
Болмағы мұрат хасіл және өзіңнен
Өзіне сырттан балап жүрген заттың...

Сұлуым, қазым де сен, төрем де сен,
Мұнымды қайта айналып саған шақтым...

Ақын Міржақып Дулатұлын тегеурінді жыр мектебінің кейбір тағылымдары осындай.

Жақанның бұдан ғасырға жуық уақыт бұрын жазылған “Айырылу” атты өлеңі бар. Соның алғашқы үш шумағында былай депті:

Еріксіз айырғанда менен сені,
Тағдырдың қайтпақшы екен қанша кегі?
Мінезін құбылмалы, рақымсыз
Басқасы көрсетуден бар ма тегі?

Тасытып жүрек қанын, көздің жасын,
Сағынтып зарықтырсын, аямасын.
Ләззәт қайғымыздан алар қанша,
Жалғыз-ақ біздің тілек - соны аңғарсын.
Жылама, жасыңды сұрт көзден, достым,
Басқадан бір мен үшін безген достым.
Себебі айырылудың емес бізден
Екәнін жауыз жазмыш сезген достым...

Тағдырдың болашақ талқысын ақын жүрегімен анық сезінген қайсар жанның бүгінгі ұрпақпен арыздасқан ақтық сөзіндей естіледі бұл өлең. Сондықтан да арманда кеткен арыс азаматтың рухы бүгінгі ұрпағына бек бақылдықта болар деп сенеміз.

ЫСМАҒҰЛОВ Жұмағали,
филология ғылымының докторы,
профессор

М. ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Міржақып Дулатұлы 1885 жылы 25 қарашада Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Қызбел атырабында дүниеге келді.

1902 жылы Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебінде оқиды. Ауыл мұғалімі деген куәлік алып, ауылда бала оқытады.

1904 жылы Омбы қаласына қоныс аударған. Осы қалада А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейхановпен танысады.

1905 жылы 17 қазанда Ресей үкіметіне қазақ халқы атынан жолданған Қарқаралы құзырхатын дайындаушылардың бірі болды.

1905-1907 жылдары Зайсан уезіндегі Бекмұхамбет қажы ашқан қазақ мектебінде сабақ берген.

1906 жылы Конституциялық демократтар партиясы делегаттары қатарында Санкт-Петербургке барады.

1907 жылы Санкт-Петербургте жалғыз нөмірі шыққан “Серке” газетінде “Жастарға” деген өлеңі басылады. “Ульфат” газетіне қосымша жарық көре алмаған 2 номерінде “Біздің мақсатымыз” басмақаласы берілген.

1909 жылы Қазан қаласындағы “Шарқ” баспасынан “Оян, қазақ!” деген атпен тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шығады. Осы жылы Қызылжарда сот кеңесінде тілмаштық қызмет атқарып, мұғалімдігін де жалғастырады, қазақ балаларына және Мағжанға орыс тілінен сабақ береді.

1910 жылы Қазандағы Каримовтар баспасынан “Бақытсыз Жамал” қазақтың тұңғыш романы жарық көреді.

1911 жылы әр өлкедегі ел тұрмысын өз көзімен көру ниетімен қазақ ауылдарын аралап, Қызылжардан Семей облысына қарай саяхатқа шығады.

1911 жылы маусым айының жетісі күні Семей қаласын келгенде тұтқындалады да, 19 ай қамауда отырады.

1912 жылы Орынборға келеді. Осындағы қазақ зиялылары ақыл қосып, ел санасын ояту мақсатымен баспасөз қызметін қолға алуды ұйғарады.

1913-1918 жылдары “Қазақ” газетінің бас редакторы А. Байтұрсыновтың орынбасары,

жауапты хатшы қызметінде болады. Сол кезеңде “Азамат” (1913), “Бақытсыз Жамал” (екінші рет, 1914), “Терме” (1915) кітаптары жарық көрді.

1917 жылдың 25 ақпанында Торғай губернаторы М. Эверсман, Ә. Бөкейхановтың ұсынуымен М. Дулатұлы және дәрігер Ә. Алдияровқа арнайы куәлік беріп, оларды Минск маңы мен Баранович қаласында тыл жұмыстарында жүрген қазақтарға қолдау көрсетіп, жетекшілік етуге жібереді. Семей қаласында, қазақ тарихындағы ең алғашқы “Жанар” жәрдем қорын ұйымдастырады. Осы жылдары Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің жұмысына белсене араласады.

1917 жылы Орынборда өткен 1- және 2-жалпықазақ съезіне қатысып, “Алаш” партиясының бағдарламасын жазған. Осы жылы Қызылжарда сот мекемелерінде қызмет атқарған.

1918-1920 жылдары Ташкент қаласында Түркістан Республикасының “Ақ жол” газетінде қызмет атқарған.

1922 жылы Алаш қозғалысына қатысқаны үшін қамауға алынып, Орынборға жөнелтіледі де, сонда қамаудан босатылады.

1922 жылы 9 наурызда Семей қаласында қазақ зиялылары бас қосып, ашыққан елді аман сақтап қалу үшін сенімді азаматтарды елге шығарып, шаруасы күйлі азаматтардан мал жию керек деген байламға тоқталады.

1922-1926 ж. Орынбордағы Қазақ халық ағарту институтында оқытушы, Қызылжарда, Семейде сот мекемелерінде, Қызылордада мерзімді баспасөз қызмет орындарында қызмет істеген. Сол кезеңде “Есеп құрал” 2 бөлімді, (Ташкент, 1922), 1928 жылға дейін 8 рет басылып шыққан. “Қирағат кітабы” Орынбор (1924) басылып шыққан.

1928 жылы қамауға алынады.

1930 жылы ату жазасына кесіліп, кейін оны он жыл абақтыға ауыстырады. Беломор-Балтық каналының құрылысы бойында Сосновец станциясындағы лагерьде жазасын өтейді.

1935 жылы 5 қазан күні осы лагерьдің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болады.

1992 жылы 1-18 қыркүйек аралығында сүйегі Торғай өңіріндегі өз есімімен аталатын совхоздың орталығында қайта жерленеді.

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ

ХАН АБЫЛАЙ

I

Атағы жер жарып шыққан хан Абылай XVIII ғасырда дүнияға келіп, Көкшетау деген жерде қазақ жұртына қырық сегіз жыл хан болып тұрыпты. Кеше Кеңесарының заманында шыққан Тобылбай бидің баласы Арыстан ақынның айтқаны да бар:

Қылады Мекержеде байлар сауда,
Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда.
Сұрасаң Абылайдың тұрған жері -
Хан болған қырық сегіз жыл Көкшетауда.

Бұл күнге шейін қазақ жұртында Абылайдың анық ата жөнін білуші кем. Себебі һәр заманның уақиғасы өз тұсында жазыла келіп, жиналған тарихымыз жоқтықтан, тілден тілге сөйленіп келуінше, қарылар Абылайдың ата тегі турасында былайша дейді:

Бір заманда “Ақмаңғыт, Тоқмаңғыт” деген ел келіп, қырық жылдай Бұхараны билеп тұрған Әбуәлпейіс ханды өлтіріп, Бұхараны шауып алған соң, Сүйеніш хан деген Әбуәлпейістің бір баласы басшы болып, туысқандары менен балаларын ертіп, “Қарсы, Ғузарға” қашып барып, көп сарттың бірі болып, затын жасырып жүріпті. Сол Сүйеніш ханның бір баласы он екі жасар Абылай екен, шын аты Әбуәлмансур. Жас та болса саналы Абылай: “Өз қорлықтан сарт қорлық, сарт қорлықтан жат қорлық” деп, Қарсы, Ғузардан жаяу қашып шығып, Түркстандағы тұқымдасы Әбумәмбет деген кісіге қызметкер болып тұрыпты. Онан қорланып, үйсін Төле бидің түйесін бағады. Мұнда да бой тоқтатып тұра алмай, Сарыарқаға келіп, атығай Дәулеткелді байдың жылқысын бағыпты. Төре баласымын деуге арланып, затым “сарт”, атым “Сабалақ” дейді екен. Бір жерге де тұрақтай алмай жүрген шағында Абылайдың жасы жиырмаға жетеді.

Сол кезде қазақтың жылқысын топ көтере қара қалмақ “Қатай Сыбан” деген жау алады. Қазақ “Алаш!” деп ұран шақырып, басшылары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақ ұғлы Жәнібек, Көкжарлы Көкжал Барак, Шанышқылы Бердіқожа болып қалмаққа аттанады. Айралы қалмақ шеп құрып, айналасына қорған жасап, қақпасына түрлі жиһаз төгіп, жайнатып қыз-келіншек қойып, қызылға шапқан қазақтың батырларын ары жағында жасырынып жатып атқылап, алдыртпайды. Неше күн жатып, сасық қамал болып, қалмақтан жылқысын айыра алмай салы суға кетіп, батырлар қайтпақшы болады. Сонда Абылай жылқының соңынан қуып келген жылқышылардың бірі екен. Қазақтың қайтарына көзі жетіп, топтан бөлініп оңаша шығып, атынан түсіп, шүберек белбеуін құрығының басына байлап ту қылып, қалмақтың қамалына “Абылай! Абылай!” деп ұран шақырып, жалғыз өзі кірген де кеткен. Бақыт жұлдызы жанайын деп тұрған шағы! Атқан оқ, шапқан қылыштан алла сақтап, кірген жерін есік, шыққан жерін тесік қылып, қалмақтың қамалын бұзып, жылқыны дүркіретіп қуа бастағанда, қазақтың батырлары да қайраттанып қосыла шауып, қалмақты қызыл ала қан қылып, шаш етектен олжаға батып қайтады. Жауды жеңіп көңілдері тынған соң, найманның батырлары: “Кеше бізден айтылмаған аруақ, шақырылмаған ұран қалған жоқ еді, соның бірі де іске жарамай, мынау

бір заты-тегі белгісіз бала бәрімізден бақыты үстін, аруағы күшті болып, жауымыздан кек әперді; бұрынғының сөзі бар еді, “қой асығы деме, қолайыңа жақса сақа қой” деген, кел, осыны хан көтерелік” деп, “Ау!” десіп, атығай Есенаман байдың іргесіне алып кетіп, ақ отау көтеріп, атығай, қарауылдан алты қатын алып беріп, хан көтерген екен. Арыстан ақынның Кеңе ханға бір сөздің ретінде тағы да бір айтқаны бар:

Кеңе хан! Жақсы көрсең қарашыңмын,
Жек көрсең де өзіңнің алашыңмын.
Атаңа алты қатын алып берген,
Атығай, қарауылдың баласымын.

Ол заманда, бұл күнгідегідей емес, қазақтың төңтегірек кезі. Орыс төрелері Абылай ханға сый жіберіп: “Жұртыңды бізге жау қылма” деп тұрады екен. Бұл туралы со кездегі бір ақынның айтқаны бар:

Абылайдың атасы Әбуәлпейіс,
Хан баласы төсенбес етке киіз.
Аузы түкті жау жұрттан алым алып
Абылайға шықты ма екі мүйіз.

Темір су, Жеменей, Алма-Ата, Аягөзге саудагерлер шығару үшін хукімет-патшалық жол сұрағанда, Абылай хан “Сарыарқаны бастырмаймын” деп, Иманқостан шығып, Ертіс жағалап, Семейге шейін баратын жолды беріпті. Бұл күнгі Ертістің сол жағасындағы көлденең қара жолдың “Абылай жолы” деп аталу себебі сол. Қазақ пенен орыс керек-жарағын алысып, сауда қылып тарқайтын жәрмеңкеге жер сұрағанда, Есілдің бойынан Қызылжарды берген екен. Бұл Қызылжар атығай Дәулеткелді байдың қыстауы болған соң, “жерімді орысқа алып берді” деп Абылайға өкпелеп, Жиделі-Байсынға көшіп кетіпті. Қызылжарда “Абылайдың ақ үйі” деген сонан қалған белгі.

Хан Абылайдың оң жағынан ай, сол жағынан күн туып, сүйегіне хандық әбден сіңіп, жұртты билеп тұрған шағында заманындағы бір жыршының айтқаны:

Ай Абылай! Сені мен көргенде
Тұрымтайдай ұл едің
Түркістанда жүр едің,
Әбілмәмбет деген кісіге
Қызметкер болып тұр едің.
Үйсін Төле билердің
Түйесін баққан құл едің,
Сен жиырмаға жеткенде
Ақ сұңқар құстай түледің.
Алыстан тоят тіледің.
Қылышыңды тасқа біледің,
Алмаған жауың қоймадың,

Алсаң-дағы тоймадың,
Ақтан болды күніңіз
Фаршы менен күрсінге
Тайталасты үніңіз.
Өзің болған күнінде
Бір көшеге сыймайды
Азат еткен құлыңыз.

Абылай хан жасы ұлғайып келген шағында ата жұртым Бұхараны аламын деп, Үш жүздің атақты батырларын жиып аттанады. Ешкімнен беті қайтпай келіп, Түркістанға өзінің бір баласын, Шымкентке Ғабдолрахман деген сартты һәм Ташкентке Мырза Ахмет¹ деген сартты хәкім қойып, Самарқантқа қарай жүреді. Абылай хан Самарқант шаһарының бетіндегі Жұпар қорығына түсіп, алғаш қонған түні түсін көріп, ертеңіне қасындағы түс жоритын қариясына жорытады:

“Түсімде шатырымның алдына бір жолбарыс келіп шөгіп жатып алды, бұл не қылған жолбарыс деп таң қалып қарап едім, әлгі жолбарысым аю болып кетті. Жаңа жолбарыс еді ғой, қалайша аю болып кетті деп екінші қарағанымда қасқыр болып, онан соң түлкі, ақырында қоян болып кетті. Осы көргендеріме таң қалып жатқанымда оянып кеттім”, - деді. Сонда қария: “Жолбарыс көрсең, басыңнан бақыт құсы ұшқаны, баяғыдан бері бетің қайтпай жүріп, енді жасың жеткен шағында “Абылай хан сарттан өліпті” деген атқа ұшырамай қайта қой. Жолбарыстың аю болғаны – сенен соңғы балаларыңның заманы аю заманы болып, жұрт аюдай алысып өтер. Қасқыр болғаны – немерелеріңнің заманында қасқырдай жұлысып өтер. Түлкі болғаны – шөберенің заманында түлкіше жортып өтер. Қоян болғаны – онан кейінгі заманда қорқып өтер” деген екен.

Қарияның сөзіне құлақ қойып Абылай хан Самарқант шаһарына елші жіберді: “Ұрыс-жанжалым жоқ, жұртқа амандасып, әулиелерді зиярат қылып қайтамын”, - деп. Бұл хабарға Самарқант халқы да қуанып, Абылай ханды қарсылап алады. Абылай хан қайтарында өзінің басына қойдыртуға Самарқанттың көк тасынан тас қаздыртқанда шыққан тасты Самарқант жұрты бұл тас сіздің бақытыңызға шыққан тас, мұндай тас Әмір Темірден соң ешкімге шығып көрген жоқ деп, сүйінші сұраған екен. (Сол тасқа “Абылай хан бин Сүйеніш хан” деп жазылып, офат болғаннан кейін басына қойылыпты). Осы жолынан қайтып Ташкент келіп, Мырза Ахметтің қызын алады. “Өзі соңырақ қайтамын, әзір ұрыс-соғыс жоқ, есен күндерінде елдеріңе барыңдар!” - деп, қасындағы Орта жүз бен Кіші жүздің батырларына рұқсат беріп қайтарып жібереді.

Ташкентте үш ай жатып, Арқаға қайтуға қасына біраз төлеңгіттері менен үйсін-дулаттың басты кісілерін ертіп шығады. Мұны Шымкенттегі Ғабдолрахман сарт естіп, Абылай ханға іштерінен кек сақтап жүрген көрші шаһарлардағы сарттарға хабар жіберіп жинап, Абылайды қамап алды. Дулат деген ел сартпен соғысуға жарытпапты. Ханның қасындағы төлеңгіттерінің көбін қырып, өзіне қол тигізуге істің соңы неге соғарына көздері жете алмай бата алмапты. Сонда Абылай хан Арыс деген жерде бір төбенің басына шығып: “Қайран Орта жүз бенен Кіші жүздің батырлары қасымда болса, бұл қорлықты көрмес едім-ау!” - деп бармағын шайнаған екен. Сол күні Арыстың бойында ғаламға аты шыққан Абылай хан бір қорғанға түсіп, ауырмай-сырқамай 68 жасында офат болған. Найзадан тең

жасап, сүйегін Түркістан шаһарына әкеліп қойыпты.

Абылай ханның он жеті қатыны, отыз ұлы болған. Солардың ішінде “Абылайлап” жауға шапқаны - қалмақтың ханы “Қалдан Цереннен” тартуға келген Топыш ханымнан туған Қасым төренің балалары - кешегі даңқты Кенесары хан мен ер Наурызбай. Бұлардан басқа хан қаны қайнап, өз еркіменен басқаларға қолдан тізгін бермеске қарысқан Абылайдың немересі Абайділда сұлтан Уәлихан ұғлы. Жанақ ақынның өлеңі бар:

Абайділда, Ғаббастың елін жайлап,
Бес жорғасын өлтірдім кесе байлап.
Ханнан алған сұлуым өліп қалып,
Қаракөкпен келемін сорым қайнап.

Сол Абайділда Көкшетауға дуан салдырмаймын, ешкімге бағынбаймын деп, қарсылық қылған үшін ұсталып, сегіз жыл Итжеккенге айдалып, қайтып келгенде Орынбай ақын айтқан екен:

Хан Абылай өтіп кетті-ау кеше жүрген,
Үш жүздің баласына олжа берген.
Сегіз жыл Итжеккенге әрмен кетіп,
Ханымыз Абайділда қайта келген.
Биылғы қатты болды-ау қыстың жұты,
Бес теңге Қызылжарда ұнның пұлы.
Орта жүз, ырысың бар ел екенсің
Хан келді Абайділда - елдің құты.

Абылай ханның жоғарыда айтылған көп балаларының һәм олардың тұқымдарының аттары белгілі болса да, әрқайсысының Кенесары, Абайділда секілді қазақ үшін жұмсаған күш-өнерлерін естімегендігімен, құр аттарын жазбаймын. Абылай ханның шөберелері - заманымыздағы кешегі марқұм генерал Ғұбайдолла Шыңғысханов, марқұм генерал Сұлтанғазы Уәлихановтар менен бұл күнде саламат статский советник Төре Абылайхановтар; бұларға қазақ жұртының өкпелейтіні де, осы күнгі тар заманда білім, дәрежелері бола тұрып, баяғы аталары өрге сүйреген жұртына басшылық қылып, пайдаларын тигізбеді дегеннен басқа болмаса керек.

(“Айқап” журналы, 1912 жыл, № 6, 125-128, № 7).

Жұлдыз.- 1990.- № 1.-130-133 б.

АЛАШ ОРДА

Былыр Орынборда 21-26 июльде бірінші жалпы қазақ-қырғыз сиезі мемлекет билеу түрін тексергенде, қазақ-қырғыз облыстары автономиялы болсын деп қаулы шығарды. Бірақ автономияны қашан жариялау жайы сөз болған жоқ. Өйткені ол кезде мемлекет құрылтайы тез болады деген жұрттың сенімі күшті еді. Автономия боламыз деген жұрттар еншісін құрылтайдан алмақ болды.

5-13 декабрьде екінші жалпы қазақ-қырғыз сиезі болды. Бұл сиездің кезінде Россияда екінші өзгеріс болып, уақытша үкімет жоғалып, құрылтай құрылатыны анықталып, большевик дәуірі басталған еді. Бірінші сиез уақытындағыдай емес, ол кезде әр жұрт өз бетімен жайылып, бас амандап, Россиядан бір жола айрылып кеткендер де болды. Құрылтайды күткенше тағы да қандай толқынға ұшырауына жұрттың көзі жетпей, дағдарған шақ еді. Сондықтан бұрынғыдай құрылтайға қарамай, өзін-өзі билемек болған жұрттар автономиясын жариялап жіберуді мақсат көрді. Түркістан, Башқұртстан автономияларын жариялап жіберді. Біз автономия болуға қаулы қылсақ та, сол сағатында жарияламадық. Арамыздағы анасы басқа жұрттармен келіселік, милисиямызды жасап, ұлт қазынасын жинап, қамданған соң жариялайық деп қаулы қылдық. Ондағы автономияны тез жариялап жібермеудің үлкен себебі, жұртқа большевизм дерті жайылып келе жатқанда, сөйлеспей жариялап жіберсек, көршілерімізбен арамыз қандай болып кететініне көзіміз жетпеді. Бұл сақтық орынды екеніне жұрттың көзі енді жетіп отыр.

Декабрь сиезінде автономия ресми жарияланғанша уақытша қазақ-қырғыз істерін билеуге алаш орда сайланды. Алаш орданың уақытша тұратын орны Семей болды. Бірақ большевик кесірінен Алаш орда іске кірісе алмады.

Семей һәм Ақмола облыстары большевиктен тазарған соң 11-нші июньде Алаш орда іске кірісті һәм сиез қаулысы бойынша автономия жарияланғанша қазақ-қырғыз мәдени ұлт жұмыстарын өзі билейді деп жарлық шығарды. Мұның мәнісі автономияны жариялауды кейінге қалдыра тұрып, мәдени-ұлт автономиясын жарыққа шығаран еді.

Газетіміздің осы нөмірдегі құрылтай мүшелерінің комитеті Россиядағы түрік, татар қауымына таратып отырған жарнамасындағы: “Бұл күннен бастап түрік-татар қауымдары жергілікті мекемелерде, соттарда ана тілін қолдануға, түрлі мектептер ашуға, діни жұмыстарын дегенінше басқаруға ерікті болуының үстіне, мәдени-ұлт істерін басқаратын ұйымдар, мекемелер ашуға, өз дегендерінше үкім жүргізуге, халқын өз үкіметінің күшімен билеуге, жұрттан алым-шығын өдіруге, халықты ағарту, шаруасын түзеу жолында барлық билік өздерінде” деген Алаш орданың “қазақ-қырғыз мәдени-ұлт жұмыстарын өзі билейді” дегеніне дәлел келеді. “Мәдени-ұлт автономия мәселесі құрылтайды күтпей-ақ осы күні шешіледі” дегеніне қарағанда қазіргі Алаш орданы құрылтай мүшелерінің комитеті танығандығы, яғни үкімет деп білгендігі көрінеді.

Ендігі мәселе жалғыз-ақ жергілік автономия туралы.

Комитет жергілікті автономияның ережесін бекітуші мемлекет құрылтайы деп отыр. Сондықтан автономия боламын деген біздің алаш, Башқұрт, Түркістан һәм өзге халықтар құрылтайды күтпек.

8-нші сентябрьде Уфада мемлекет кеңесі ашылды.

Бұл кеңес Россияға ортақ үкімет жасамақ. Сыртқы һәм ішкі жаудан Россияны құтқару

шарасын қарамақ һәм құрылтайды қайткенде тез жинау жәйін кеңеспек.

Мемлекет құрылтайы тез жиналып, Россиядағы халықтардың тілегін орындап, тіршілігін тәртіпке салуға тілектеспіз. Біз құрылтай билігінен ешуақыт қашқан емеспіз. Құрылтайдан басқа Россияның тағдырын шешетін қожаның жоғын да білеміз. Құрылтайға шейін автономия болары жолында еткен қызметімізге ешкім көлденең келмесіне, мәдени-ұлт автономиясы шегінде қазақ-қырғыз үкіметі Алаш орда екендігіне ешкім шүбә қылмасына сенеміз.

Мадияр.
“Қазақ”, 1918 ж. № 265.

Дулатұлы М. Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер.- Алматы: Ғылым, 1997.- 2-т.-267-268 б.

ХАЗІРЕТ СҰЛТАН

Қай жердің қазағы болса да, хазірет Сұлтан естүмен біледі. “Әзірет Сұлтанға барамыз”, “Пәленше әзірет Сұлтанға кетіпті...” деген сөзді қазақ арасында көп естуге болады. Хазірет Сұлтанға барғыш тақуалар, соғылар әзірет Сұлтанға барып қайтқандар қажыға барып қайтқаннан аз-ақ кем болады. Олар бастарына сәлде орап қайтып, жұрт Меккеден келгендей қолдарын алып құрмет етеді. Қазақ осылай құрметтесе де, хазірет Сұлтанның бір жерде бар екенін естісе де, көбі ол хақында анық еш нәрсе білмейді. Осы майдың бірінде Ташкентке бара жатып, Түркістанға түсіп, хазірет Сұлтан мен де зиярат еттім. Хазірет Сұлтан Түркістанда болғандықтан, әуелі Түркістан шаһары жайынан біраз жазу тиіс көрінді.

XV ғасырдың аяғына шейін Түркістанның аты “Иасы” екен. Кішкене ғана Иасы деген қышлақ XII ғасырда, сол жерге Қожа Ахмет Яссауи хазірет Сұлтан келген соң, даңқы шығып кетті. 1166 жылы Қожа Ахмет Яссауи опат болып, онан кейін оның бейітін түрік тұқымы, әсіресе қазақ халқы, әр уақыт зиярат ететін болыпты. Зияратқа ашылып, кішкене қышлақ бірте-бірте зорайып шаһарға айналады.

Қожа Ахмет Яссауи хазіреттері хақында сөйлеген һәм халыққа тараған неше түрлі кереметтер жалғыз қара халық пен саудагерлерді ғана емес, заманындағы қаһармандарды да өзіне тартқан. Мысалы, 1339 жылы күзді күні атақты Әмір Темір келіп, әулиенің басына зор мешіт салдырып, белгі орнатуға жарлық қылған. Осы күнгі мешіт-белгі сол.

Әмір Темір нәсілінен ең соңғы хан Махмұд 1495 жылы Түркістан шаһарын Махмұд Шайбаниға беріп, өзінің үлкен ағасы Ахмед сұлтан қойған Махмұд тарқанды тұтқын қылыпты.

1582 жылы Түркістанға Бұхараның ханы Ғабдолла келіп, халық оған бағынғандығын білдірген. Сонан бұлай қарай Түркістанды билеушілер Ғабдолла ханның әмірі бойынша сайланып һәм өзгеріліп тұрған.

XVII ғасырдан бастап Түркістанды қазақ билеп, Түркістан шаһары қазақ хандарының

астанасы болған Түркістанды қазақтан ең әуелі билеген Есім хан, Вельяменовтың кітабында жазған: “Есім хан Сығай ханның баласы, монғол һәм түрік тарихын жазған атақты Абулғазы Хиуаға хан болып тұрған ағасы Спандияр ханнан кетіп, 1625 жылы Түркістандағы Есім ханға барған. Абулғазы жазады: “Мен Түркістандағы қазаққа кетіп, Есім ханда үш ай қонақ болдым. Ол кезде Ташкентті билеп тұрған Тұрсын хан еді. Түркістанға о да келді. Есім хан Тұрсын ханға амандасуға жалғыз өзі барып, мені үйде тастап кетті. Қайтып келіп, мені ертіп, Тұрсын ханмен таныстырып отырып: “Мынау Абулғазы - белгілі Жәдігер ханның тұқымы, бұл күнге шейін бұлардан бізге қонаққа ешкім келген жоқ еді, бізден оларға барғандар көп болды. Абулғазыны сіз алмайсыз ба?” деді. Сонан кейін мен Тұрсын ханның қолында тұратын болым. Екі жылдан кейін Есім хан Тұрсын ханды өлтіріп, мал-мүлкін шауып алды. Сонда мен Есім ханға айттым: “Мен сен екеуіңнен бір пайда бола ма деген үмітпен келіп едім. Сендердің өз араларың мұндай болды. Енді маған Бұхарадағы Иманқұл ханға баруға рұқсат беріңіз”. Есім хан: “Жарайды бар”, - деді. Мен Иманқұл ханға кеттім.

Түркістанда Есім ханнан соң хан болған өзінің баласы Жиһаргер, онан соңғы Батыр хан, Батыр ханнан соң Жиһаргердің баласы Тәуке хан, онан кейін Қайып хан, Қайыптан соң Тәуке ханның балалары Болат һәм Сәмеке (Сәмеке 1732-нші жылы опат болған). Бұлардан кейінгі Ғабдалсамед хан 1764-ші жылы опат, ең соңғы хан Абылай - 1781 жылы опат болған. Абылайдың баласы Уәлі ханның Түркістанға дәуірі жүре алмаған.

1785 жылы Түркістанды қазақ хандарынан Бұқарадағы манғыт нәсілінен болған Мирмуихзум шаһ Мирад алған. Алса да көп билей алмай, 1799 жылы Ташкентті билеп тұрған Иуніс қожа алған. Иуніс қожа өлген соң Түркістан тағы да Бұхараға қарап қалған.

1819-ші жылы жаз күні Түркістанды Қоқан ханы Ғұмар алып, сонан 1864 жылы 12 июльге шейін Түркістанды Қоқан биледі.

Ғұмар хан әулилерді зиярат етемін деп шығып алдымен Түркістанға әскер жібереді. Сол кезде Бұхара хүкіметінің сайлауы бойынша Түркістанды қазақ төресі Тоқай төре билеп тұр екен. Ғұмар ханның әскері таң алдында ұйықтап жатқан күзетшілерді шетінен бауыздап, Түркістан қорғанының қақпасын ашып, соғыссыз шаһарды алған. Шаһарға жау кіріп, жұрт азан-қазан болып жатқанда, Тоқай төре қатын-баласымен қашып Бұхараға барған. Мұнан кейін Ғұмар хан қалған әскерімен Түркістанға кіріп, Түркістанды маңайындағы қазақтарымен өзіне бағындырыпты. Ғұмар хан Түркістанда бірнеше күн болып, Қожа Ахмет Яссауи мешітінде болып, 70 қой құрбан шалып, Түркістанға һәм маңайындағы халыққа хакім қылып Шихалибдал деген кісіні сайлап, көңілі өсіп кіргенде, күміс теңгеден шашу шашып, келер күні сарайына Қоқанның үлкен молдаларын жинап, өзін Әмір Әлмұсылман деген сөзді ойдырып мөр жасатып, Шыңғыс хан мен Әмір Темірге еліктеп маңызданыпты. Тоқай төре Бұхараға барып, Әмірден бірнеше жүз құрама әскер алып, Түркістанға қайта барса да, жолы болмай тағы да қашып құтылыпты. Ақырында Бұхара ханы Нәсіралла Тоқай төренің басын алыпты.

1821 жылы қазақтан Тентек төре деген шығып, Түркістанды Қоқан билеуінен құтқарамын деп, 12 мың адаммен Сайрамға барып жиналған екен. Мұны Ғұмар хан естіп қалып, Әбу Әлқасым аталықты басшы қылып әскер жіберіп, Тентек төрені жуасытып, Қоқанға бағындырыпты.

Түркістан халқы 1864 жылы тағы да Қоқан хандығынан бөлінуге талаптанып қараса да, ретін таба алмайды.

Ақырында көптен бері ханның қол астында белгілеп орныға алмай тұрған Түркістанды 1864 жылы 12-нші июньде соғыспен орыс полковнигі Веревкин алыпты. Сол жылы Түркістанды орысқа бермеске хан Абылайдың шөбересі, Кенесары ханның баласы Сыдық төре де соғысқан екен.

Түркістанның мұнша атақты шаһар болып, замандағы хандар көз тігіп, әрқайсысы өзіне қаратып алуға қан төгіп тарих жүзінде белгілі орын алуға себепші болған Қожа Ахмет Яссауидің бейіті һәм оның үстіне орнатқан мешіт-белгі екені мағлұм болды.

Әмір Темір көрегеннің замандасы Шарфуддин Ализаданың “Таһир-наме” деген кітабында Қожа Ахмет Яссауи хазретларының үстіндегі мешіттің салынуы хақында былай жазылған:

“Самарқандта Әділ бағының миуаларын егіп болған соң, Әмір Темір әскерін Ташкентке қарай жөнелтіп, Сыр дариясынан өтіп, Ташкенттен елу шақырым жерде Шыназ деген қышлақтың қасына келіп түсіпті. Бұл арада қыстамақшы болып әскерге жылы үйлер салдырыпты. Мұнан Әмір Темір өзі шейх Қожа Ахмет Яссауиді диярам етіп, басына белгі орнаттыруға Иасыға жөнелді. Әмір Темір Иасыға келген соң, өзінің планы бойынша мешіт-белгі бір жылдың ішінде тәмам болды”.

Мешіттің биіктігі жүз кез шамасында, үш-төрт күмбезді. Күмбездің сырты глазурьмен қапталып, әр түрлі дұғалар жазылған. Мешіт күйдірген кірпіштен салынған. Үлкен дарбазадан бір зор бөлмеге кіресің, бұл бөлменің ортасында мыс (бронза) қазан бар. Қазанның алыбы бес қанат үйдің шаңырағындай, айналасында арабша сөздер жазылған һәм “Әмір Темірдің жарлығы бойынша бұл қазанды құйған шебер Абдулғазиз Шаруддин ұлы Термез”- деген жазуы бар. Бұл үлкен бөлменің төріндегі есік Хазіреттің өзі жатқан (қабірі) бөлмеге кіргізеді. Есігіндегі шынар ағашы ғажайып нақышыланып, болат тұтқада жазылған жазуда “Газуддин Тәжуддинұғлы” деген шебердің аты бар. Қазандағы һәм есіктегі жазудың екеуінде мешіттің 1397 жылы салынғандығы көрінеді. Мешітте Әмір Темір сыйлаған ескі жазулы төрт құран һәм бронзадан құйылған алты шамдал бар, биіктігі бір кезден артық, ауырлығы екі үш пұт шамасында, жазумен нақышыланған. Бұл мешітті салған бас шебер 1387 жылы Әмір Темір әсір (тұтқын) қылып алған шираздық қожа Хасен деген адам екен.

Қожа Ахмет Яссауи мешітінде бірнеше қазақ хандары қойылыпты. Мұндағы хандар: Орта жүздің ханы Абылай - 1781 жылы опат, Ұлы жүздің ханы Жолбарыс - 1740 жылы 5 апрельде Ташкентте мешіт ішінде сарттар өлтірген, Абулқайыр хан 1760 жыл шамасында опат болған һәм Арғынның атақты Жәнібек батыры мен Кенесары сұлтанның әкесі Қасым хан да осында қойылған. Есім хан бұл мешіттің ішінде болмаса да маңайына қойылған екен. Үстіне орнатқан белгісі бұл күнде жоғалып кетіпті, бұлардан басқа Әмір Темірдің шөбересі Бабыр хан һәм Ондон сұлтан мұнда қойылған деседі.

Тарих жүзінде біздің қазақ халқының һәм хандарының осындай қатынасы бар хазірет Сұлтан мешітінің осы күні әр жері жарылып, бұзылуға бет алып тұрғандай түрі бар. Қожа Ахмет Яссауидің нәсіліміз деп неше жүз жылдан бері жерлерін пайдаланып зиратқа келген аңқау қазақтарды жем қылып келген басындағы қожалар мешітінің мәңгіге қалуын тілеуден өз кеңірдектерін артығырақ қайғыратын секілді. 1910 жылы Түркістан шейхтары “мешітті түзетеміз” деп, жұрттан есепсіз көп ақша жинайды. Көбін өз қалталарында қалдырып, “жиылған оқша осы -ақ” деп 12 мың сом көрсетіп, Козловский деген инженерді алдырып,

мешіттің бұзылған жерлерін түзеттіре бастаған екен. Ісінің оннан бітпей тұрғанда қожалар инженермен жанжалдасып, іс тоқталды да, жиылған ақшаның көбі қожаларда қалды. Бұлардан есеп алушы, тексеруші ешкім жоқ. Жиылған малдың, ақшаның бәрі қазақтікі деп айтарлық, қожалар әр облыстағы қазақтарға барып, хазірет Сұлтанның мешітін түзетуге мал жинайды. Ақмешіт уезінде Хан деген жердегі диуана қожалардан болыс болған ғұлама Қадыр деген қожа һәм Матфур деген би екеуі 1910 жылы Атбасар уезіне шығып, бағаналының қайдауыл деген тайпасынан көп ақша жинап алып, өздері жеп қойыпты. Салық қожа деген үш жылдай жоқ болып кетіп Ақмола, Семей һәм Жетісу облыстарында “Хазіретіміздің зиратын түзетеміз” деп мал жиып, Ходженттағы үйіне көп олжамен қайтыпты. Сол қожа осы күні Қашғар һәм Қытай жағына кетіпті. 1909 жылы Әулиеата уезінің қазағы, Ботбай руынан Тұрмабек Бәкі баласы деген бір бай Хазіреттің зиратына ақша жинай барған Шахаб қожа дегенге тыңдамастан жылқысының бір шетінен жүз жылқы берген екен, қожалар бұл жылқының қымбаттарын сатып, Түркістанға тек тұяқ санын түгел қылып әлгі арық-тұрақ көтеремнен жүз жылқы әкеліп тапсырыпты. Бұл қожаның мұнысына қарағанда, басқа қожалардың ең ынсаптысы боларға керек. Жүз жылқыны түгел өзі пайдаланып кетсе, оның қолынан кім алар еді? Осы Шахаб қожа биыл тағы да ел аралап кетіпті.

Бишара момын қазақ әулиенің атын атап, мың түрлі сиқыр оқып барған тіленші қожаларға жем болып тұрған жайы бар. Түркістан қожаларының зиратты түзететін ойы жоқ. Зиратқа келгендерді ерікті-еріксіз талаудан басқа кәсібі жоқ. Түркістан хакімдері қол астындағы мұсылмандардың басқа істері туралы қырағы болса да, қожалардан жоғарыда айтылған қиянаттарын не себептен көрмей жүргенін біле алмадық.

Қожа Ахмет Яссауидің бірнеше бөлмелері бұзылып құлағалы тұр деп қауіп айтып хукімет осы күні бишендеп қойыпты. Абылай хан жатқан бөлме һәм мешіттің күзеті - бәрі де жабулы. Бұл мешітке қожалар ие болып тұрғанда жұрттан жылында миллиондап ақша жиылса да, пайда жоқ. Мешіттің тарихи бір белгі болып мәңгіге қалуын тілеушілер болса, оны түзетуді археологический обществолардың біріне тапсырып, қайдан болса да жиылған ақшаның жарты, тиыны артық болмайтын жолмен жиылып, инженерлерді сол общество өзі жалдап түзеттірсе ғана мақсат қабыл болар еді болмаса енді бір аз жылдарда бес-алты жүз жыл өмір сүрген Қожа Ахмет Яссауи мешітінің орнында үйіліп бір оба томпайып қалуы ғажап емес...

М.Д.
“Қазақ”, 1913 ж. № 16.

Дулатұлы М. Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер.- Алматы: Ғылым, 1997.- 2-т.- 68-73 б.

ОКТАБРЬ ТӨҢКЕРІСІНІҢ ҮШІНШІ ЖЫЛЫ

Ешкімге бағынбаған, тірі жанға жалынбаған, еркі өзінде ерке жауынгер, ержүрек, жігерлі өзі көсем, серке еді. Ақ көңіл, ақ жарқын, уағдашыл айтқан сертке берік еді.

– Бұл кім десеңіз?

– Қазақ еді.

– Сарыарқаны жайлаған, есепсіз мал айдаған, соны қоныс тұнық су: шалғынға бие байлаған, көл жағалай ел қонып, ат шаптырып той қылып, мереке қызық күн сайын, жарыс салып жас ұлан қыз-бозбала ойнаған, уайым жоқ, қайғы жоқ.

– Бұл кім еді десеңіз?

– Бұл қазақ еді!

Құл болды, құр болды. Жайылып, жатқа бас ұрды. Басынан ерік, малынан билік кетті. Жер мен судан айырылды. Жігері қатты жасыды. Қоян жүрек қорқақ болды. Партия деген бөлеге жолықты.

– Бұл кім?

– Бұл да – қазақ.

Бірақ бұл – орыс патшасына бағынып, өткен күнін сағынып, бір көруге зарығып, жарық сәуле көре алмай, қараңғыда қамығып, жыламсырап қамыққан қазақ еді.

Көздің жасы көл болып, қатарынан кем болып, көрінгенге жем болып, әлсіреп қазақ тұрғанда сүйінші хабар естілді.

Бірінші хабар – 1917 жылғы февраль төңкерісі еді.

II. Қазақ халқы қанша надан болса да, саясат сезімі кем болса да, февраль төңкерісіне еш халықтан, ешбір саяси партиядан кем қуанған жоқ.

Бұрын қара халықтың миына сіңген ескі пікір, ескі иманы: “Әуелі құдай, екінші патша” болса да, патшаның (монархия мағынасында) кім екенін қазақ халқы 1915 жылдан бастап біліп еді. Қазақта ояну сол жылдан бері басталды. Әуелі “бостандық, теңдік” деген сөздер құлағына шалынды. Мұнан кемшілік, қысымшылықта жүргені сезілді.

Г. Дума ашылды. Мұнан патша жалғыз өзі халық өкілдерінсіз закон шығармайтынын білді.

I-Думаны өкімет қуғаннан кейін Выборг возваниесі таралып, II-Дума шақырылғанша халық әскерге бір солдат, қазынаға бір алым бермесін дегенді құлақтанып, онан өкіметтің өкімет болу тетігі халықта екенін түсінді. Жер-суын мұжыққа не үшін әперіп жатқан себебін білмеді.

Патша үкіметі қазақтың ұлтын, дінін жоғалтуға жүргізіп келе жатқан саясатын ұғынды.

Өкіметтің халыққа зиянды саясаты болғанын, азаматтары сотқа берілгенін, абақтыға жабылғанын, жер аударғанын көрді.

Соңғы жылдары жаңа түрде кітаптар, газеттер, журналдар шыға бастады. Осының бәрін көрген, басынан кешірген қазақ халқы ілгері басқандай болды.

III. Жоғарыда айтқандардан басқа қазақтың есінен кетпейтін орасан оқиға патша өкіметінің 1916 жылғы июнь жарлығы еді.

Еш нәрседен қаперсіз тыныш жатқан халықты бір күннің ішінде ұлан-ойран қылды. Бас жоқ, көз жоқ, қазақтың 19 бен 42 арасындағы жастарын майдан жұмысына

зорлықпен алуға жарлық шығарды. Айтқан күнде жинала қоймадың деп, ел-елге әскер шығарып қазақты қойдай қырды, жаудай шапты. “Қарсылық қылдың, басшы болдың” деп қанша азаматты әскери сотқа беріп, аттырды, астырды. Ел үрікті. Атадан ұл, анадан қыз айырылды. Жер-суын, мал-мүлкін тастап қашып, босқындардың алды Қытай шығып кетті. Бұлар жолшыбай ашаршылық, жалаңаштық көрді, дертке шалдықты, қырғынға ұшырады. Көрген баласын берген әйелдердің күні де қараң қалды. Қала-қаланың абақтысына қазақ сыймай кетті. Жұрт не қыларын білмей қан жылады. Ойға шапты, қырға шапты, ізденді, сұранды. Көрінгеннің есігін қақты. Ешкімнен рақым болмады. Аз күннің ішінде қазақ қиямет-қайымға ұшырады.

Февраль төңкерісі қазақ халқы дәл осындай күйде тұрғанда кез болды. Сондықтан өзге жұрт бір есе қуанса, қазақ мың есе қуанды деуге болады. Абақтыда қамалып, “әне атылам, міне атылам” деп күндіз-түні кірпік қақпай, қайғы мен қан жұтып жатқан тұтқындар азат болды. Зорлықпен, амалсыздықтан майданға алып кеткен азаматтар қайтты. Қаңғырып, босып кеткен елдер мекендеріне көшіп келді. Күні кеше өздерін мұндай күйге ұшыратқан жауыз өкімет, бастығы рақымсыз патшасымен жоғалғанына қуанып, ат шаптырып той қылды.

Февраль төңкерісін қазақ халқы осылай қарсы алды.

IV. Бастығы князь Львов, онан кейін Керенский болған Уақытша өкімет дәуірі басталды. Төңкерістің нығаюы, бекуі Уақытша өкіметті қуаттаумен табылады деген пікірмен қазақ халқы оған шын ықыласпен бой ұсынды. Тілегін де, көмегін де берді.

Уақытша өкімет құрылтай шақырмақшы болды. “Россияда мемлекет билігі қай түрде болуды Құрылтай шығарады” дейді. Бар игілік, бар үмітті Құрылтайдан күттірді. Құрылтайға өкілдер Россиядағы бәрінен де теңшілікпен сайланатын болған соң біздің қазақ жұрты Құрылтайдан артық тілегін орындайтын ұйым бар деп білмеді. Халықтың мұқтажын халық өкілдерінен артық кім біледі деп, Құрылтайға иман келтірді. Сондықтан кім Құрылтайды қуаттаса, қазақ оны тәуір көрді, ал Құрылтайға кім қарсы болса соны жек көрді. Февраль төңкерісінен кейін қазақ облыстарында болған съездердің бәрінде шығарған қаулы Құрылтайды қуаттау. Автономияны Құрылтай арқылы алу еді. Жалпы қазақ съездерінде де солай болды.

V. Октябрь төңкерісі.

Бұл төңкерісті жасаған большевиктер еді. Әуелгі уақытта Россияның жыландары былай тұрсын, ежелгі сол партиялар социал-демократ меньшевиктер, социалист революционерге шейін – бәрі бірдей шу ете түсті.

Россияда социальный революция жасау ертелігін, мүмкін еместігін сипаттады. Мұның түбі анархияны яғни халық бетімен жайылып, бей-бастық, бүліншілік болады десті. Большевиктер Құрылтайға қарсы дейді. Құрылтайсыз мемлекет билеу түрі жалпы халықтың тілегінше болмайтындығын баяндайды. Тіпті Ленин, Троцкийлер Германияның алтынына сатылып, Россияны бүлдіру үшін жіберілгендігін астана газеттерінде жазылды.

Бұл пікірлер қазақтың миына тез орнықты. Қазақта пролетариат жоқтығын һәм саяси партиялар болмау үстіне большевиктерге эсерлер секілді сол партиялар қарсы боп тұрғанын көріп біздің бұлардан да солға кете алмады. Сондықтан Октябрь төңкерісіне һәм оны жасаушы большевиктерге сенімсіз көзбен қарады.

VI. 1917 жылы декабрь басында жалпы қазақ съезі болды. Алашорда автономиясы

жарияланды. Съезд Россияда жаңа тұтанып келе жатқан жаңа соғыстан қайткенде аман қалуды ойлап һәм бейбастықтан елді қорғау мақсатымен әскер жасауға қаулы қылды. Бірақ 1918 жылдың басына дейін әскер жасалынады.

Қазақ облыстарының қазақ орысы жоқ жерлерінде біздің жұрт совет өкіметін танып қол ұстасып іс қылды. Мәселен, Бөкей ордасы, Сырдария, Закаспий қазақтары. Ал қазақ орыс бар облыстарда большевиктерге қарсы соғыс ашылды. Қазақ жері соғыс майданы болды. Қазақ халқы, әрі құр қалды, әрі екі оттың арасында қалып қайтерін білмеді. Жауласқан екі таптың біреуінен зиян көретінін есепке алып, бейтарап тұруды лайық көрді.

VII. 1918 жылдың жазғы айларында большевиктер Сібірді тастады. Елден арман өте шықты, онан кейін Самарада “Құрылтай мүшелерінің комитеті” құрылды. Самар комитетінің уағдасы – халықтың қолын Құрылтайға жеткізу, Құрылтай жиналған күні бар билікті, әкімшілікті Құрылтайға тапсыру еді.

Жоғарыда айтқанымыздай, Қазақ халқы жақсылық күткен Құрылтайды 1918 жылдың 5 январында большевиктер қуғанын көріп Совет өкіметін халық дұшпаны деп білді. Енді Самар Комитеті большевиктер қуған Құрылтайды жаңадан жинап “халықтың тағдырын халық өкілдерінің шешуіне береміз” дегеннен кейін онан жақын ешкім болмады.

Большевиктердің негізгі мақсатына қазақ зиялылары қарсы болмаса да Россияда социализм, коммунизм орнатамыз деулерін мезгілсіз деп білген еді.

Заманында Жетісу, Семей, Торғай, Орал облыстарында қазақтан әскер құрыла бастады. Қазақ әскеріне комитет қару-жарақ, киім-кешек, қазына бермекші болды һәм аздап бере де бастаған еді. Бірақ Самар комитетінің ғұмыры қысқа болды. Сібірде атамандар атқа мініп, адмирал Колчакты отағасы қылып, Самар комитетін жоғалтып, директорияны сол пікірлі мүшелерін қуып тастап, қара жүзді өкімет жасады. Колчак таққа мінді.

VIII. Қара күндер қайта туды. Россияны қара бұлт қаптады.

Автономия деген сөзді ауызға алудан қалдық. Бостандық, теңдік, туысқандық деген қасиетті тілектер аяқасты болды. Дутов, Анненков, Иванов, Жизакскийлердің қылышынан қан тамды. Шын большевик болған жолдастарға істегендері өз алдына, біздің автономияшыл, алашордашылар мырзаларды бір шыбықпен айдады.

Қит етсе абақтыға жапты: (Биахмет Сәрсенов, Иман Әлімбеков, Әлихан Бөкейханов, Қасымхан Бөкейханов, Елдес Омаров, Ахмет Омаров, Ахмет Райымбеков, Мұхамедияр Оспанов, Серікбай Ақаев һәм басқалар). “Большевиктермен астыртын тілдесіп жүр” деп военный сотқа берді. (Ахмет Байтұрсынов, Сейдазым Қадырбаев, Мырзағазы Есболов және Міржақып Дулатов һәм басқалар). “Қару-құрал жинап жүр” деп военный сотқа берді (Жақып Ақбаев һәм басқалар).

Колчак өкіметі автономия түгіл земствоның өзін шұнтитты. Ордаға приставтың қамшысын арқамызға қайтадан орнатты. Волостной комитеттерді жоғалтып, баяғы болысымызды тірілтті. Тыңшылыққа лайық дәреже құмар, соғылғандарға шен беріп, шекпен кигізіп, ескі ауруын қайтадан қоздырды. Қазақ-орыстар қожа болып, жерімізге қол сала бастады. Қазақ пен мұжық арасын шиеленістірді. Болмашы сылтаумен елге әскер шығарып халықтың шаруасын күйзелтті. Желмен ұшырды.

Сөздің қысқасы, бірнеше айдың ішінде Колчак өкіметі қазақ даласын жын ойнағандай қылды.

IX. Қазақ халқы йәм ұлтшыл, автономияшыл азаматтары ойға қалды. Өткендегі

кателерін байқады. Большевиктер халық дұшпаны емес, еңбекшілер тобын теңдікке жеткізуші, құлдықтан, зорлықтан көз ашпай жүрген елдерді қорғаушы екеніне көздері жетіп, Совет өкіметімен бірігуге даярлығын білдіру үшін қазақ халқының сенімді, беделді басшыларының бірі А. Байтұрсыновты 1919 жылдың март айында Мәскеуге жіберді. Бірақ А. Байтұрсынов кеткеннен кейін де Колчак қол астындағы елдер, еш Алаш азаматтары Совет жағына көрінеу шыға алмады. Егер бұлар Совет жағына көрінеу шығып кетсе, қазақ ішіне карательный отрядтар шығып Қостанай һәм Атбасар уезінің мүжықтарының істегенін істеп, елімізді бүлдіруі анық еді. Сонан қорғанып, ынғайлы уақытты күтіп: “сыртымыз бүтін, ішіміз түтін” тұра бердік. Кіндік өкіметтің 1919 жылы 2 апрельде жарлық шығарып, “Қазақ халқын, зиялыларын һәм Алаш-Орда мүшелерін, большевиктерге қарсы оқ атып, қылыш суырса да, өткен саяси қылмыстары үшін қудаламаймыз, ғафу еттік”, дегені қазақ халқының патшашыл таптарымен жолдас болмайтына көзі жеткендігі еді.

Совет өкіметі Руссиядағы халықтардың құқықтары туралы шығарған декларация жарлығының 2-бабында: “Руссиядағы халықтар өз тізгінін өзі алуына, автономия болуына, тіпті Руссиядан бөлініп жеке мемлекет болып кетуіне де ерікті” деген уәдесі риясыз екендігіне қазір көзіміз жетіп отыр.

Бұл күнде қазақ жұмхарияты құрылып, һүкіметіміз сайланып, өз алдымызға автономиялы жұрт болып отырмыз.

Х. Февраль төңкерісінен бәріміз саяси партиялардың бәрін де көрдік. Қамқорсынған талай өкіметтердің аласын да, құласын да өткердік. Европаның (элитасы) діні қатты оның мемлекеттері һәм жер жүзінің империалистерімен де таныстық. Бұлардың қолданған саясаты мен III-Интернационал туын көтерген еңбекшілер табының жол жобасын таразыға салып өлшегендей болдық. Ақырында бізге жалғыз біз емес, біз секілді езілген, жаншылған, ұлттардың бәрінің қорғаны коммунист партиясы екеніне көзіміз жетті. Бұл пікірге біз үш жылдай бүлқынып, толғанып, басымызды тауға да, тасқа да соғып, кімнің қас, кімнің дос екенін көзбен көріп, қолмен ұстағандай болып таңырқадық. Бұл пікірге бүкіл Күншығыс халықтары, Ислам мемлекеттері түгел тоқтады. Европаның азулы аждаһарларынан соққы жеген Күншығыс халқы да, анау күнгі Бакуде болып өткен съезі толық дәлел. Баку съезінде дүние жүзінің империализмі Англияның капитализмі сөз болғанда Күншығыс халықтарының, жер жүзіндегі мүсылмандардың екі мыңдай өкілінен бір кісідей ұшып түрегеліп тістерін қайрап, түстерін бұзып, қалшылдап, қылыштарын, алты атарларын суырып алып: “бір тамшы қанымыз қалғанша өзімізді улаушылармен соғысуға ант етеміз”, – деп айғайлап, жаңғырықтырған. Біздің қазақ та – Күншығыс халықтарының бір мүшесі, мұны бір туысқан. Сондықтан ба Баку съезі шығарған қаулыға біз де қосыламыз. Біз де қол қоямыз. Өзімізді қанаушы таптармен біз де қолымыздан келгенше жауласуға, өзімізді азат қылушы еңбекшілер табымен бірігуге серт қыламыз.

XI. Октябрь төңкерісінің үш жылдық мейрамы Күншығыс халықтарының бірі болып, бетін түзеп, Совет өкіметімен жолдастасқан, сіңіскен мезгіліне тура келді.

Октябрь төңкерісінің өткен екі жылғы мейрамын біз мейрамдаған жоқ едік. Енді бүгінгі күн бізге шын мейрам болды. Бүгінгі күн жер жүзінің жуандарына соғыс жариялаған күн!

Бүгінгі күн – адалдық, теңдік, бостандық туы көтерілген күн!

Бүгінгі күн – адам баласы бір-бірімен тату-тәтті тұрып, бақытты өмір сүрудің қамына

кіріскен күн!

Бүгінгі күн – қымбат күн!

Бүгінгі күн – естен кетпейтін күн! Көп күндерді тарих ұмытар. Бірақ бүгінгі күнді Октябрь төңкерісін ешуақытта ұмытпас!

Баянды болсын Октябрь төңкерісі!

Көп жасасын III-Интернационал. Көркейсін дүние жүзінің еңбекшілері! Көгерсін Күншығыстың елдері!.

“Кедей сөзі”, 1920 жыл. 7 қараша.

Дайындаған – Сәбира Иманбаева.

Ақиқат.- 1998.- ғ 4.- 74-77 б.

ОН АЛТЫНЫҢ ОЙРАНЫ

1916 жыл

1916 жылғы маусым жарлығы шыққан кезде Орынборда едім. Ахмет Байтұрсынұлы сол жаз Торғай үйезіндегі санақ қызметіне кетіп, “Қазақ” газетін мен басқарып тұрдым. Ол жылдары Орынборда қазақ жоқтың қасында, аз болатын; оқып жүрген жастар елге тарап, қалада саны онға толмайтын кеңсе қызметкерлері ғана (чиновник, тілмаштар) қалатын.

Бір күні төбеден түскен жайдың оғындай июнь жарлығы сарт ете түсті. Бұл жарлықтың бізге жайдың оғындай көрінуі - қалың қазақ еліне оның әсері қандай болатындығын сезгендігімізден еді. Бұл жарлықтың қазақ арасына қалай тарайтыны, қазақ елі не күйге ұшырайтыны көз алдымызға елестей қалды.

Өз өмірімізде басымызға тумаған ұлы дағдарысқа ұшырадық. Қайтпек керек? Не істейміз? Елге не айтамыз? Біздің басшылығымыз қандай болмақ керек? Елдің ризалықпен көңгісі келмейтіні, балаларын бергісі келмейтіні, “соғыс”, “солдат” деген сөздерден өлердей қорқатыны, патша өкіметіне сенімі жоқтығы белгілі. “Көнбе, берме” дейміз бе? Оның түбі не болады? Немізге сеніп, “Көнбе” дейміз? Көнбейтін күшіміз қайда? Біздің ұйымда күш жоқ. Барар жер, басар тауымыз белгілі. Ел бастап жүргендеріміздің күні кімде? Олардың бәріне бірдей сенуге бола ма? Қиын-қыстау жерлерде жан қисуға шыдай ма? “Балапан басына, тұрымтай тұсына”. Жұрттың көбі бас-амандап кетпей ме? Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен қалқақтап келе жатқан надан қазақ, орыс өкіметінің табанында езіліп келе жатқан бишара қазақ көнбеймін десе, қор болмай ма? Көнгені дұрыс па екен? Екеуінде де зиян бар екен. Екі зиянның қайсысы жеңіл болар екен?

Міне, біздің басымызды даң қылған, миымызды ашытқан, ұлы дағдарысқа қалдырған сұраулар осылар еді. Қайткенде бізге бұл жолдың біріне түспеске болмады. Ол кезде 1916 жыл еді. Жиһан соғысының қызып тұрған шағы еді. Ресейдің таяқ жеп, халқының шаруашылығы күйзеліп, патша өкіметіне наразылығы күннен-күнге күшейіп, орыс жұмыскерлері әр жерде ереуіл жасап, пабірк-зауыт, өнеркәсіп жұмыстары нашарлап,

қымбатшылық өсіп, саяси партиялардың төңкерісінен үміт етіп те тұрған шағы еді. Бірақ ондай төңкеріс қашан болады? Қалай болады? Ондай төңкеріс бола қалғанда қазақ жұрты көнбей қарысып отырып, соған аман-есен жете ала ма? Бұған біздің көзіміз жетпеді. Төңкеріс жолында қазақ жұрты құрбан болып-ақ кетсін деуге дәтіміз шыдамады. Сондықтан біз екінші жолды қаладық - көну керек дедік. Осыған бел байлағаннан кейін елге көзіне айтатын сөзіміз де, басшылығымыз да осы бетте болды. Тек неше түрлі сылтаумен соза беру жағын ғана ескеріп отырдық: пішен шабатын кез, егін оратын кез бірінің артынан бірі келе жатыр, мәулет сұраңдар дедік, халық әлі түсінген жоқ, әбден түсінсін, осыған пұрсат сұрау керек дедік. Патшаның жарлығына қарсы емеспіз, бірақ қазақтың жәйі-күйі осындай өгей баланың өксігіндей сөздерге ғана ие болуға жарадық.

Ол кезде қазақта жалғыз-ақ “Қазақ” газеті бар еді. Ол заманның жуан ортасында болмаған, ащы-тұщысын татпаған бүгінгі бақытты жастар ол “Қазақ” газетін енді оқыса, “Бишара қалай жасқаншақ, қалай қорқақ, былай жазса болмас па еді, олай жазса болмас па еді?” дер еді. Ол кездегі газеттердің бет-аузын алапес қылып шығаратын цензураны бүгінгі жастар көрген жоқ қой. Өз ойынды, өз бойынды өзің ұрлап, “осылай жазсам, жұрт бірдеме қып түсінер-ау” деп ишаралап, жасқанып, жалтақтап отыруды бүгінгі жастар көрген емес.

Міне, осындай күйде тұрғанда маусым жарлығы шыққан. Көну керекке бел байлағаннан кейін сонда “Қазақ” газетіне (№ 188) біз алғашқы мақаламызда мынаны жазғамыз: “25-ші маусымда патша жарлық қылды, Ресейдегі әскерлік қызметінен азат бұратаналарды, олардың ішінде, біздің қазақ халқын соғыс майданында әскер артында ор қазып, жол салатын қара жұмыстарды өтеуге міндетті қылып алуға. Патшаның бұл бұйрығын ішкі министр-губернаторлар арқылы халыққа мәлім қылды... Мемлекет керегі үшін мал шығынынан тартынбай, қайта әскерлікке алам десе, ақылдасып барудан тайынбастай болып жүрген қазақ халқын бүгін қара жұмысқа алатын жарлық шыққанға дағдарып, таңырқап қалдық. Қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару-жарақ асынып, мемлекетті қорғауға лайық еді. Қатарда жоқ қара жұмысқа байлануды кемшілік санаймыз. Бірақ патша жарлығы хақ, оған қарсы айтар сөз жоқ. Әмір қатты, жан тәтті дегендей, әмірін екі қыла алмаймыз.

Қашатын жігіт болса, бүліншілік болады, бұл күнде соғыс уақыты, тәртіп қатты, қашқандардың артынан қуғыншы жасақ шығып, елді, артында қалған әке-шешесін, қатын-баласын шулатқаннан, шаруасын күйзелткеннен өнер еш нәрсе жоқ”.

Міне “Қазақ” газеті, оның маңайындағы, жолындағы азаматтар, жалпы қазақ оқығандары осы бағдармен отырды. Мына жоғарыдағы мақала елге тарап та біткен жоқ еді, “Қазақ” басқармасына қазақ жерінің тұс-тұсынан телеграмдар, хаттар жауа бастады. Ол кезде “Қазақ” газетін, қазақ елінің көбі көз - құлағындай көретін. Сондықтан құр телеграм беру, хат жазумен ғана қойған жоқ, жан-жақтан саулап ел адамдары Орынборға ағыла бастады. Елде не болып жатқанын, хатқа, телеграмға жазуға болмайтын сөздерді солар әкеліп отырады.

Қазақ даласы күңірөнді.

“Ел арасына қысқа күнде қырық түрлі хабар тарады. Қорқыныш күннен күнге ұлғайды. Әулиеге ат айтты, қорасанға қой айтты. Сауысқан-қарға тойынды. “Салдат алмайтын болыпты” деп өтірік сүйінші сұрағандар олжаға батты. “Сенің балаң алынады” дегенді естіген шал-кемпірдің жүрегі жарылып өлгендер болды. Жұрт сендей соғылды

Түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды. “Әне келді, міне келді” деп өлім жазасына бұйырылған үкімнің орнына келуін күткен тұтқындай болып тұрды”. (“Қазақ”, № 212).

Елден осындай түрлі хабарлар келе бастады. Қозғалыс күшеюге бет алды. Пәлен елге әскер шығарылайын деп жатыр, түгілен елге губернатордың өзі кетті деген хабарлар дүңкілдеді. Қостанайда ел жігіттері Сайым болысты өлтіріп жіберген, Атбасарда Есет болыстың ішін жарған, Торғай желігуге айналды. Ақтөбе уезінде қырдағы орыс тілмаштарды (песерлерді) өлтірген, екі қаланың арасындағы почтаны талаған...

Торғай губернаторы Қостанайға бір барып қайтып еді, енді Ақтөбеге бармақшы еді, Сайым болыс өліп қалған соң, ол Қостанайға тағы кетіп оның орнына вице-губернатор Обухов баратыны мәлім болды.

Ақтөбе қаласына мың-мыңдаған қазақ жиналыпты, ар жағындағы Ырғыз уезінен де, мына жақтағы Орал облысының сыбайлас уездерінен де халық көп келіпті дегенді естідік. Солардың үстіне вице-губернатор барғалы жатыр. Осыны білгеннен кейін Орынборда Сейдазыммен (Кәдірбайұлы) әдейі Ақтөбеге жүрдік.

Ақтөбеге мың-мыңдаған қазақ жиналған: аттысы - атты, жаяуы - жаяу. Бұрын жиылыстарда ел атынан ақсақал атқа мінерлер жүретін болса, бұ жолы тайлы-таяғы қалмастан жұрт көтеріле келген, ақсақалдарға, болыстарға сенбейді. Не болып жатқанды жұрт өз көзімен көрмекші, өз құлағымен естімекші.

Ертең вице-губернатор келетін күн. Біз шілденің 16-күні Ақтөбеге жиналған жұртпен қаладан 15-20 шақырым жерде оңаша кеңеспек болдық. Бір төбенің басына жұрт жиналды, қалаға жиналған халықтың қалғаны болмады. Бұл топта болыстар да, молдалар да, қазақтың ол кездегі төрелері де, жәй оқығандары да бар. Жұрт жиналып болған соң, тым-тырыс, бір-біріне қарайды. Ешкім сөз бастамайды. Болыстар, атқа мінерлер сөйлеуге қорқады. Анталаған аламан. Кім не айтар екен деп аңдып тұр. Бір мезгілде бір молда түрегеліп, басына ұстаған қол шатырын сермеп, бізге (орысша оқығандарға) қарап тепсіне сөйледі: “Біз баяғыда түрікке қарап кететін ел едік, осы сендер орысқа бағындырып қойған, қазақты шең-шекпенге сатқан мына болыстар. Әлі де болса кетеміз, босамыз. Қытайға ауамыз, Қырымға барамыз орыстың құлдығында тұра алмаймыз, қырыламыз, өлеміз, солай ма, жұрт?!”- деп айғай салды. “Солай, солай!”- деп жұрт шу ете түсті. Болыстар төмен қарап, жерге кіріп бара жатыр: үн де жоқ түн де жоқ. Елдерінде партия болып, жеңіліп, болыстығынан айырылып қалған бірең-сарандары сол кездегі болыстарына қарап: “Болыс сіз сөйлеңіз, сөйлесеңізші”, - деп қояды. Болыс онан жаман жерге кіреді. Қостанайда Сайым болыс өлгені бұл топқа естіліп қалған екен. Бұл топтың ортасында бір болыс жақ ашса да, жұрт дүрсе қоя бергелі тұр.

Қысқасы, көну керек деген сөзді тыңдайтын халық көрінбейді, ол сөзді айту да қиын болды. Содан кейін біз, жұрттың бас қосқан жеріне көңілдегі сөзімізді айтамыз деп сонау Орынбордан әдейі келген соң, өз ойымызша, қарсылық қылудан үлкен зиян бар деп білгендіктен жұрт жаратпаса да үндемей кетуді жөн көрмедік. Мен сөз сөйлеуге кірістім. Сөздің беті көрінгенде-ақ жұрттың түсі бұзылды, бірақ сөзді бөлген жоқ, тыңдады. Бір сөздің ретінде бір топ жігітке қарап: “Сендер жап-жас жігітсіңдер, жан тәттілік қылып қарсы шықсандар, я қашсандар, ел бүлінеді, әскер шығады”... дегенімде, екі-үш жігіт ілгері ұмытылып, көздері қанталап, “Біздің жасымызды тексеретін доқтыр ма едің” деп төніп-төніп қойды...

Менен кейін басында шошақ төбе шөмекей тымағы бар, киімінің бәрі нағыз қазақы, алқам-салқам, көйлегінің жағасы иығын жапқан бурыл сақалды шал тұрып сөйледі. Бұл шалды басында елеген кісі жоқ, бұл топта оны танушы да көрінбеді. Бұл Ырғыз үйезінен келген адамдардың біреуі екен. Шал сөзді былай бастады: “Уа, жұрт, бір шетте, құм сахарада құлаң-киікше жосып жүрген көшпелі шөмекей, шекті деген ел боламыз. Ел басына, ер басына күн туды, бұл жақтағы ағайындарды өзімізден көрі көзді-қарақты санап, білелікші, не қылып жатыр екен деп келдік. Біз елімізден үзенгіге аяқ салып аттанғанда “көне қоямыз, бала бере қоямыз” деп шыққан жоқ едік, еліміз “өлсендер де көнбе” деп жіберіп еді, бірақ бұл жақтың түрін көріп, бұл жақтағы әңгімені естіп отырсақ, көнбеске шарамыз жоқ көрінеді...” - деп, көну жағына өзінше көп дәлел айтып, тындаушы көпті ұйытқандай сөздер сөйледі. Ояздың сөзіне жұрт құлақ асқандай, амалсыздықтың жайына түскендей болып, тілге келді. Манадан бері бұғып отырғандар да жандана бастап, я сөйлеселік, ақылдасалық дегенге жарады. Содан кейін жұрт ертең вице-губернаторға айтатын сөздерін саптады. Көбінің ұйғарғаны - соза беру, егін, пішен, шаруа жайын айтып кеңшілік сұрау, жалқы жігіт қалсын, пәлен алынбасын, деген сықылды жобалар болды. Ол күні жұрт сонымен тарады.

Ертеңіне, шілденің 17-күні Ақтөбе қаласының бір кең көшесінде вице-губернатор жиналған жұртқа сөз сөйледі. Вице-губернатордың сондағы сөйлеген сөзі артық-кемі жоқ мынау еді:

“Губернатор сіздерге рұхсат беріп еді. Осында жиналып, патша жарлығын тез орындау, кеңесуге, кеңеске өзі де келмек еді, бірақ тығыз қызметі болып, басқа уезге шығып кетті. Орнына мені жіберді. Біз Торғай облысының әкімдері мақтанушы едік - қол астымыздағы қазақтарымыз бұл соғыста мал-жанын аямай құрбан қылуға даяр, орыс халқы патшаның қандай шын қарашысы болса, қазақтар да сондай деп, өздері де осындайлығын көрсетуші еді. Әттеген-ай! Оның бәрі құр сөз екен. Естіп тұрмыз, қазақ арасында тәртіпсіздік, бүліншілік басталып жатыр дейді, қайта патшаның почтасын тоқтатуға да батылдары барыпты. Біз мұны жаман ниеттілердің ғана ісі деп ұйғарамыз, әйтпесе мұны қазақ деп танығымыз келмейді. Естерінде болсын, мұндай қылмыстыларды военный сот тергейді, ал военный соттың үкімі қысқа: айыпкерді өлім жазасына бұйырады. Губернатор өзі-ақ сіздерге жеңілдік алып беру ыждиятында, бірақ қазақ өзіне-өзі зиян келтірді. Біліп қойындар, әлгідей тәртіпсіздік шығаратын болса, әскер шығарылады, құр шыққанымен қоймай, атқылайды, мұндай ойынды қойындар. Бұл - жаман ойын. Сөздің қысқасы, жалғыз қазақ қалмаса да, патша жарлығы сөзсіз, тоқтаусыз орнына келуі хақ. Мен үміт етемін, ақсақалдар елді-еліне тарап, жастарды үгіттер, мұнан кейін бұл секілді оқиғаның болмауына ыждият етер. Ақсақалдар болсын, болыстар болсын, патша жарлығын орнына келтіру ісінде жәрдемдес болуға міндеткер. Бұл туралы үйге кіріп, кеңеселік, болыстар және болыс басы бірнеше ақсақалдар, жүріңдер” деп вице-губернатор үйге кіріп кетті (“Қазақ”, № 190).

Губернатордың мұндай сөздерімен де қазақ арасындағы толқын басыла қойған жоқ. Ел-ел хан көтерісіп, сарбаз жинауға кірісті. Сол жаздың өзінде-ақ, әсіресе, күзге қарсы ел-елге әскер шыға бастады. “Соғыс ерлер туғызады” деген орыс мақалынша әр жерден, әр елден ерлер шықты, ондай ерлерін ақын-халық жырлады, мақтады, өліп кеткендерін жоқтады. Кеңесары, Наурызбайдың көтерілісін Нысанбайлар жыр қылған болса, 16-шы жылдың жыраулары да қазақ даласын мынадай өлеңдермен күңіретті:

Айранбай, Алпыс, Байқадам
Қылышпенен жайқаған.
Өлтірді дейді он бесін

Сырттан көріп байқаған,
Найзамен түйреп садақтан
Түсіріпті шалқадан.
Өзгесін айтып қайтейін?
Әмірбек пен Мырзабек
Тірілмейді қайтадан.

Әмірбек пен Мырзабек,
Жағыпардай асылдай
Шынжыр қатар нәсілдай,
Көрсеткен күші мысалы
Кенесары - Қасымдай,
Қараған заман соңында
Александр патшаға
Кім күш қылды осындай!
Сайланған сары әскермен
Жағаласты шошынбай.

Міне осылайша “Сайланған сары әскер” қарсылық қылған елдерге лек-легімен аттанып, қазақ-қырғыз даласын қызыл қанға бояуға кірісіп еді. Он айға жетпей патша өкіметі құламаса, Ресейдегі ұлы төңкеріс болмаса, не болар еді?

“Еңбекші қазақ” 1926 жыл, № 145

Мақаланы баспаға әзірлеген - Бейсенбай Байғалиев

Жұлдыз.- 1990.- № 6.- 104-108 б.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ

Газетке қай нәрсе жазғысы келіп, не туралы жазсам екен деп ойлағанда, қалам ұстаушының қиялына түрлі мәселелер тізіледі. Солардың қатарында “қазақ зиялылары” да келіп елестей қалады. Мұнан кейін жазушы ақ қағаздың бетіне қара бояумен ойына келген қошқар мүйізін салады. Орынды-орынсыз сөздер жазылады. Дәлелді-дәлелсіз жалалар жабылады. Біреулерді жатқанынан тұрғысыз қылады. Біреулерді өз дәрежесінен артық

жоғары көтереді. Қайсы бір жазушылар қазақ-қырғыз зиялыларын бірлікке шақырады. Бірігудің жолдарын көрсетеді. Бірікпей жүрулерінің себептерін тексереді. Әрине, мұнан шығатын пайда көп: сөзден сөз шығады, ойдан ой туады. Бірақ қазақ зиялыларының бұрынғы-соңғы қалпы олардың әлеумет ісінде, саясат жүзінде қолданған пікірлерін тексергенде мәселені тігінен қарап, әділдік таразысына салып өлшемесе, бейтараптық қылмаса, бір беткейлік бола бермек. Қайсы бір ортақшыл жолдастар партияға кірмей жүргендер туралы оларды “ұлтшыл, бұрынғы көсемдердің соңына ерушілер... соларды пір тұтқан... коммунист болуға қоянша қорқып, жүрексініп жүргендер...” деп алдын ала “шарбақ” қойып қояды.

Ұлтшылдық бір кесел болса, бұрынғы “көсемдер” кесірлі болса, партияға кірмей жүргендер қоян жүрек қорқақ болса, бұлардан коммунист болғанда не шықпақшы? Бұларды коммунист тобына шақырудың не керегі бар? Қайта мұндай адамдар партияға байқаусызда кіріп кеткен болса, шақырудың орнына қуу керек емес пе? “Партияны тазарту” дегеннің мақсаты – партияда шын коммунистер болсын, игі жүзді, алдамшы, жеп кетерлер болмасын деген емес пе? Содырлар, сотқар, қоян жүрек қорқақтарды бүгін шақырып алып, ертең құтыла алмай жүруге не мағына бар? Мұның түбі – бір теңге беріп жылатып, мың теңге беріп қойдыра алмаған болмай ма?

Біздің қазақ-қырғыздың оқығандары санаулы. Партияда бары да, жоғы да бәрімізге белгілі. Бізден коммунисттер шыға бастағанына әлі екі-үш жылданасқан жоқ. Өзге жұрттағылар секілді біздің қазақтан да өтірік коммунистер партияны ластап жүргендердің арасында да, шын жұртшыл, еңбекшіл тапқа шын жаны аштың, кеңес үкіметіне ынта, көңілімен қызмет етіп жүргендер де жоқ емес. Олай болса, қазақ-қырғыз зиялыларын сөз қылғанда бұларды партияда бар, жоқ демей, жамыратып жіберіп тексеру керек. Шынын айтқанда, күні кеше бәріміз де ұлтшыл емес пе едік? Қазақ оқығандарының ең әуелі табы ұлтшылдар емес пе еді? Февраль төңкерісіне шейін Европаның саяси партиясына кірген қазақ болса, қане, айтсыншы! “Мен әлімсақтан бері коммунист едім...” мен 1905 жылдан бері партияда едім...” деушілердің ертегісі біздің құлағымызға кіріп те шықпайды. Ат сыры иесіне мәлім. Біз білмейтін қазақтың сыры жоқ!

Ал ұлтшылдарымыз қанша еді?

Шын ұлтшылдың өзі аз еді. Ұлтшыл еместердің көбі өзімшіл, дәрежеқұмар, парашыл, шағымшыл, зорлықшыл еді. Ол заманда қазақ оқығандары неге ұлтшыл болды, неге өзге онды-солды Европаның саяси партияларына кірмеді, оның себептері талай сөйленіп, талай жазылған. Бұл арада тағы да Қаратаудың басын ауыртпалық.

Енді бүгін кеңес үкіметі дәуірлеп, коммунист партиясы жолбасшылық қылып отыр екен; қазақ-қырғыз секілді езілген елдерге бостандық, теңдік күні туған екен; коммунист партиясынан жағымды партия жоқ екен; бұрын өзгелердің соңында жүргендер адасып жүр екен; соның ішінде бізге коммунист болу керек екен; бұған түсіндік, көзіміз жетті. Партияға кіргендеріміз де бар. Партияға кіргендер кірмегендерді шақырып та отыр. Бірақ бізге енді шешетін мәселе қайсы? Біздің қазір ортақшыл болып отырғандарымыз кімдер? Мұнан кейін де болса бола алатындар кімдер? Бұл сұрауларға берілетін жауап әркімге-ақ анық-ау деймін: бізден қазір шын коммунист болдым деп отырғандар (өтірік коммунистерді айтпаймын) – кешегі ұлтшылдар. Мұнан кейін де шын коммунист болуға жарайтындар тағы да сол бұрынғы ұлтшылдар. Үшінші – қазіргі жаңа талап жас буын. Әйтпесе, күні

кеше ұлтшыл болуға жарамай, өз басының қамын ойлап, жылтыр түйме таққанына мәз болып, переводчик болып пара алып, пристав болып халықтың қанын сорып, болыс болып ел бүлдіріп, тыңшы болып, шағым жүргізіп жүрген соғылғандар бүгін қолына қызыл ту алып, “коммунист” бола қалды екен деп кімнің іші елжірей қалады. Мұндайлар жоқ емес, құдайыңа шүкір, бар. Әсіресе біздің Қазақстанда толып жатыр.

Партияға кірмей жүргендері партияға шақырушы, бірлікке үндеуші жолдастарға айтатынымыз: Мұныңыз дұрыс-ақ, аталы сөзді арсыз қайырады, бірақ әуелі партияға кірушілердің көбеюін мақсат көруден бұрын, аз да болса тазалық жағына көз салсаңыздар екен дейміз. Шын таза, шын еңбекшіл, шын жұртшыл азаматтар партияға кірсе, олардың соңынан жұрт та ереді. Олармен жолдас болудан кешегі ұлтшылдар да, бүгінгі жаңа талап жастар да қашпайды. Ішінде бірлі-жарымды таза жігіттер болғанымен, көбі бұзақылар болып, адал-арамды талғамай, “Келіндер, жолдастар, бірігелік, қорықпаңдар, біздің тобымызға кіріңдер...”, деп, қол бұлғағанға соңдарынан жөңкіле жөнелетін адамдар да аз табылар деп ойлаймын. Табылар, көп те табылар. Бірақ бұл табылушылар жоғарыда айтқандай, “қой суретті, қасқыр жүректілер” де болып шығар.

Біздің оқығандардың көбін орыс жолдастар білмейді. Бірақ, өзімізге аян емес пе? Түркістанда, жоғарыда айтқанымыздай, қалтасына қызыл билет салып алған қара жүзділер алғашқы кезде көп болған. Соңғы кездерде өкімет басына қазақтан таза адамдар отырып еді, Мәскеуден комиссия келіп еді, бұлар бір-бірімен жақсы түсінісіп, елдің жайын, оқығандардың билеті қызыл, пейілі қара мырзалардың ініне су құйды. Содан кейін партияға кіруші таза адамдар көбейіп келеді. Партияға кірмесе де, кеше ұлтшыл екендігі белгілі болса да, кеңес өкіметінің жолында шынымен қызмет етушілер де табылып отыр. Түркістан өкіметі мұндағы саясатшылар жоғарғылардың бірін де шетке қағып отырған жоқ. Ешкімге партияға кір деп қолқа салмай-ақ, партияның жолы дұрыс екендігін істерімен көрсетіп отыр. Халықты құр тәтті сөзбен асырамай, түзу саясат, жемісті жұмыстарымен соңына ертіп отыр. Жуан жұдырықтылардың төбесін тесіп, отаршы-обырлардың тірсегін қиып отыр. Міне, біздің Қазақстандағы өкімет тізгінін қолына алып, ел билеп отырған ортақшыл азаматтарымыз осы Түркістан саясатын қолданса, ел де солардың соңында, партияға кірмей жүрген, кіре алмай жүрген ұлтшылдар ма, ұлтсыздар ма – бәрі де бір тілек, бір тудың астына жиналуына біздің көзіміз жетеді.

Адамның алдымен адам сипаты болуы шарт. Өзінен басқаның тілегін тілей алмаған, арын, иманын қара басының пайдасы үшін қысқа күнде қырық сататын соғылғандардан қаны тамып тұрған ұлтшыл артық. Бірақ, біздің қазақтың ұлтшылдары өзге жуан елдердің ұлтшылдарындай емес екені бәрімізге белгілі. Бізді ұлтшыл қылған нәрсе – біздің кемдікте, қорлықта жүргендігіміз еді. Егер теңгеруші табылады екен, ұлтшылдықты отаршылдыққа айырбастауымыз қиын емес.

Ұзын сөздің қысқасы, партиядағы жолдастар араларындағы арамзаларды аластап шығарсын. Түзу саясат жүргізіп, “қазақшылдықты” тастап, шын ортақшылдық жолындағы әуелгі өрнегімен жұрттың ықыласын өздеріне аударып алсын, қолынан іс келетін, кеңес өкіметінің кейбір саясатына қарсы шын таза азаматтарға “ұлтшылдық” таңбасын басудан бұрын оларды іске кірістіріп, сендіріп, соңынан ертсін. Бірте-бірте шын ортақшыл болуға жарайтындарды риясыз, ешкімді алдамай-арбамай, түсініп, сеніп, өздері кіретін болсын, шын ортақшылдар тобы сонда көбейеді, шын бірлік сонда табылады.

Көбейсін ортақшылдар!
Көркейсін алаш армандарының бірлігі!

Міржақып Дулатұлы

Газетке ұсынған – тарих ғылымының кандидаты
Сәбира Иманбаева

Ақ жол Қазақстан.- 2002.- 27 қыркүйек.

АЛАШҚА

Алты алашқа аян, 1916 жылғы 25-нші маусым жарлығы әлегінен Жетісу облысындағы қырғыз-қазақтың басына қиямет-қайым күндер туды. Жігіт бермейміз деп қарсылық қылғаны үшін оққа ұшып, қаншасы өз жерінде бір қырғын көрді. Басшы адамдары дарға асылды. Рахымсыз хукіметтің қарулы ғаскеріне қарсы тұра алмай, көбі Қытай жеріне босты. Мал-мүліктің көбі орыс ғаскерінің қолына, олжаға түсті. Көрші мұжықтар жау болып, талтүсте талады; өлтірді, адамын байлап, малын айдап алды. Босқанда айдап-көшкен мал-мүліктен жолшыбай айрылды. Жаяу-жалпы, үйсіз-күйсіз Қытай жеріне жеткенде қар жауды, қыс түсті. Онда жанашыр жақын таба алмай, бара таласты. Аштан өліп бара жатқан соң қалмақ, қытайға бала-шағаларын сата бастады. Адам базары ашылып, баланың құны бір шелек бидайға шықты. Бойжеткен қыздарын, жас келіншектерін қаны қара қалмақтар қатынданып кетті. Аш-жалаңаш, аузына не түссе соны жеп, қайда болса, сонда жатып, неше түрлі дертке ұшырап, тағы қырылды. Бақытсыз сорлылардың мұң-зарын, көз жасын естір құлақ, көрер көз болмады. Туған жер, өскен ел, кешегі бастан кешкен қызық дәурен көздерінен бір-бір ұшты. Мыңды айдап, жүзді сапырып, шалқыған байлар бір үзім нанға зар болды. Әлпештеп өсірген балалары телміріп, көрінгеннің көзіне қарап, мойнына дорба салып, қайыршы болып кетті. Бай-кедей, жас-кәрі, жақсы-жаман айырмасы бітіп, бәрі бірдей сорлы болды. Атадан ұл, анадан қыз, жардан жар айрылды. Жүрек қанға, көз жасқа толды.

Жетім-жесір ботадай боздады...

Жұрттықтан, тіршіліктен күдер үзіп, бұл опасыз дүниеге қош айтысуға таянып тұрғанда, бостандық туды. Бұл хабарды естігенде, жүректері жарылғандай қуанып, аһ-дүние, тым болмаса елге жетіп, алаштың ортасында өлсек арман бар ма деп, қайта шұбыра бастады.

Тағы аштық, тағы жалаңаштық, тағы өлім... Әлі жоқ, дымы құрыған сорлылар жаяулап, қозы көш жерге жүруге жарамай, кез келген жерде жығылды, жығылған тұрған жоқ, өлгені тірілген жоқ...

Басы-қасында болмаған, көздеріңмен көрмеген алаштың балалары, бір минут көздеріңді жұмып, қиялға салып қараңдар, сонда көргендей боласындар: біреу тәлтіректеп аяғын баса алмай жығылып жатқан, біреу аштықтан ісініп, қандай күнә-сұмдығымыздан мұндай күйге ұшыраттың, құдай!- дегендей. Қимылдауға шамасы келмей, көлге қарап

жатқанын, жолдың бір шетінде өліп, өлгеніне рахаттанғандай, мәңгілік ұйқыға кеткен шалды көресің. Жас баласын бауырына қысып, құшақтаған күйінде өлген жас қатынды көресің. Бұлардың мұндай халіне қайғырар ешкім жоқ, тек қуаныш пен ас пен тойға жиналғандай топ-топ қарға-құзғын, ит-құс өлгендердің көзін шоқып, етін жеп, сүйегін кеміріп жатқанын көресің. Бұл өліктер құдайдың кең даласын сасытқан. Ық жағынан жан жүрерлік емес, мұның иісін өзің иіскегендей боласың...

Мұның бәрі ертегі емес, болған іс! Кеудеде шыбын жаны қалғандары еліне жетті. Бұлар не көрді? Қора-қопасы ойран болған, қоймалары таланған, малдан адал қара қалмаған, жеріне егін салар жан қалмаған. Аяқ жетер жерде азық жоқ, азықты жерге жетер көлік жоқ, көлік болса азық жоқ, қалың алаш алыста, қаны басқадан қайыр жоқ.

Тағы дағдарыс, ашаршылық, тағы өлім...

Бостандық туды, жадырап жаз шықты, күркіреп күн шықты, бірақ ол бишаралардың басынан қара тұман серпілмеді, ғазрейіл қылышын қынабына салмады. Басы аман, малы түгел ағайын жеткілікті жәрдем бере алмады, әрі-беріден соң жұрт олардың халін ұмытуға айналды.

Қазақ-қырғыз қырылып жатыр екен деп табиғат өзгермеді: тағы да қыс туды. Бишаралардың халі бұрынғыдан мың есе жаманға айналды. Бір жылдың ішінде өлгені жүз мыңнан асты. Енді бұл қыс талайын өлтірген шығар. Қанша өлгенін ақ кебіндей қар жасырып жатқан шығар.

Міне, қар кетіп, жаз шығуға айналды. Құзғын, қарға той қылар, ауа сасыр... бірақ адам баласы жансебіл екен, әлі өліп біткен жоқ көрінеді, тірілеріне тамақ та табылып қалды дегенді естіп отырмыз: тірілері өлгендерінің етін жеп жатыр дейді. Бұған алаш, я қуанарсың, я жыларсың, өзің біл. Жыласаң - ағайындығың. Бірақ сенің көз жасың ашқа тамақ, жалаңашқа киім болмайды. Көз жасы көмекке жарайтын болса, өзгеден кенде болса да, олар көздің жасынан, көңілдің қайғысынан кенде емес еді. Ағайынға алаш, шын жаның ашыса, шын жыласаң көмегіңді көрсет, жылуыңды бер. Жайшылықтағы қайыршыға беретін тиыныңды берме, рулы елің өлімнен қалғандай жылуыңды бер.

Жоғарыда айтылған оқиға Жетісу қазақ, қырғыздың басынан кешіп отыр. Енді бұл күнде Жетісуға көрші Сырдария облысының қазағы ашаршылыққа, қырғынға ұшырай бастады. Бұл елде өткен жаз егін, шөп шықпай, қысқа қарсы малдары жұтап, шеттен астық келмей, келтіруге шамасы жетпей, Жетісудай болмаса да, бастарына қараңғы күн туды. Шет жағасы бөтен елдерге ауып, бұлардың да адамдары сатылып, берекесі елдігі кетуге айналды.

Осы екі облыстағы аш, жалаңаш қазақ-қырғыз бауырларға жұрттан жеткілікті жылу жинап, рулы елімізді өлімнен аман сақтап қалу мақсатымен Семей облысының Алаш¹ қаласында қазақ комитеті һәм жастардың “Жанар” атты ұйымы басшылық етіп қауым жасады. 5-наурызда қауым ортасынан іс басқаратын бес кісілік комитет сайлап шығарды. Қауымның бастығы - Әлихан Бөкейханов, жәй бастығы, көмекшісі Мұқаш Поштайұлы болды.

Комитет төрағасы - Міржақып Дулатұлы, орынбасары - Жүсіпбек Аймауытұлы, хатшысы - Мұхтар Әуезұлы, қазынашы - Абдолла Есіркепұлы, тағы бір мүшесі Абдолла Қоскейұлы. Мәжілісте 7 мың сомдай жылу жиналды. Комитет қазір іске кірісті.

Саналы алаш!

Мына екі облыстағы бауырларымыздың жайы жоғарыда айтылды, біз жұрт боламыз, тізгінімізді өзіміз аламыз деп отырмыз, жұртымыздың бір жағы мынадай жоғалғалы тұрғанда, кіммен жұрт боламыз. Кеше бір облысымыз ойран болса, бүгін екінші облысымыз мынадай апатқа ұшырап тұрса, ертең үшінші, арғы күні төртінші облысымыздың басына, сүйте-сүйте бәріміздің басымызға мұндай халдың келмесіне қайдан көзіміз жетеді? Тұтанған өртті мезгілінде сөндірмесек, ол өртке ертең бәріміз де шалынбаймыз ба? Шарпылмаймыз ба? Сонда бізді кім жұрт қылады! Онда біз жұрт болмаймыз, жоғаламыз.

Мейірімді алаш!

Рулы елдің қан жұтып тұрғанда, сен май жұтпа!

Ата-аналар! Сендер балаларыңды еркелетіп, маңдайынан сыйпап, күнге, желге қақтырмай отырғанда, өздеріндей адамдардың балалары сатылып, көздеріне шыбын үймелеп жетімдікте жүргенін, бір түйір тамаққа, бір жұтым сусынға зар болып жылап отырғанын ойлаңдар! Сендердің қатын-қыздарың алтын-күміске малынып, бойларын түзеп жылы үй, жәйлі төсекте отырғанда, олардың қатын-қыздары күндікте, аш-жалаңаш, абұйырын жаба алмай отырғанын ойлаңдар.

Атқа мінген азамат! Сендерге ел керек болса, жұрт керек болса, басшылық қылып, алашты аман сақтау қамына кірісіңдер!

- Намыстан, алаш!

- Жігерлен, алаш!

- Тас бауыр болма алаш!

МАДИЯР.

“Абай” журналы, 1918 жыл, № 3.

Мақаланы баспаға әзірлеген - Бейсенбай Байғалиев

Жұлдыз.- 1991.- № 6.- 108-109 б.

АДАМҒА ТІРШІЛІК НЕ ҮШІН КЕРЕК

“Айқаптың” өткен жылғы № 3 нөмірінде Шәкәрім мырза бес ауыз сөз жазып жауап сұрады, сол бес ауыз сөзінің екіншісінде “Адамға тіршілігінің керегі не үшін” дейді.

Бұл сөздің шешуін тауып, лайықты дәлел келтіру оңай іс емес.

Адамзатқа тіршіліктің не үшін керегі бар деп білу керек деген сауалына әр заманда түрлі халықтың данышпан адамдары өз ойларынша түрліше жауап береді:

“Құдайға құлшылық қылып, құдай жолын қуып, нәпсіні біржолата тыю керек, осыдан басқаға ғұмырды өткізбесе, сонда адамның жаны тыныш тауып, тәні мұңлықтан құтылады” деп бірталайлары айтты, басқалары айтты: “жақынға, тағы туысқанға, барша жан-жануарға жақсылық қылу керек, міне, адамға тіршілік бұл үшін керек” деп.

Әлбетте адамға жан беріліп, дүние жүзінде жүруге ғұмыр берілген соң, ол ғұмыр жеп-ішіп, ұйықтап тұруға ғана болмауға керек, ол үшін ғана болған уақытында адам менен хайуан арасында ешбір айырма (парық) болмайды.

Адамға ойларға ақыл берілді, бір-бірімен сөйлесуге тіл берілді, олай болған соң адамзатқа тіршілік бекерге, босқа ғұмырды зая қылып өткізуге берген болмайды.

Не үшін бізге тіршілік керек деп білеміз?

Бұл турада қазақтың бұрынғы заманындағы қариялары, ойшылдарының айтып кеткен сөздерінің ішінде жауап табыла ма деп ойлаймын. Бұрынғыдан қалған сөздердің мағынасы көп, ойлары терең болушы еді, бұрынғылар: “жақсылықты басына қыл, басыңнан асса досыңа қыл” деген екен. Осы сөзден Шәкәрім мырзаның жоғарыдағы сөзіне жауап табылады десек, қате болмас дейміз.

Тіршілік немен болу керек?

“Әуелі жақсылықты өз басына қыл, өзіңнен артылса досыңа қыл”. Міне, тіршілік осыменен табылады һәм соныменен көркем болады. Жақсылық деген сөзді әркім біледі, бірақ әр түрлі ұғады: “Егер біреу менің қатынымды алып кетсе, ол жамандық, мен біреудің қатынын алып, иеленсем ол жақсылық” дейді екен. Аңның терісін киіп, жегені шикі ет болған даланың аңы сияқты өскен бір жұрт - “индеец” жақсылықты бұрын білген жоқ.

Ол сөздің мағынасы біреуге келген пайда, біреуге залал, яки қиянат, зорлық болмау керек, мұнда жақсылық болады.

Болмаса, біреуге деген жақсылық, біреуге зорлық болған уақытта ол жамандық болып табылады. Адам өз басынан асып басқаға пайда келтірерлік болса сонда “досыңа қылсын” деген. Ол “дос” деген сөздің мағынасы не болмақ?

Құда, тамыр, ағайын-туған, яки көңілдес кісіні айта ма, жоқ болмаса басқа адамдарды дос деуге бола ма? Бұл сөз “туған туысқан, ру” деген сөздерден аулағырақ болып, дұшман болмаған кісілердің һәммесі дос болып табылады” деген мағынада болар деп ойлаймын.

Біздің қазақ ғұрпында қай заттан болса да ел ішіне келген адам нәсіліне қарамай бәрі бірдей құрметте болады, бәрі бірдей қонақ болып көрінеді. Бұл ғұрып, бұл қонақшылық “дос” деген сөзді жоғарыда айтылған мағынада ұғуға бір дәлел. Қазақтың қарияларының айтып кеткен сөзіне қарағанда, тіршіліктің қызығын адамзатқа жақсылық қылуменен болып көрінеді.

Осы айтылған сөздерменен Шәкәрім мырзаның үшінші сұраған сауалына жауап табыла ма деймін.

Қандай адам жақсы кісі болмақ керек?

Сондай адам жақсы, кімде кім жетім, жесір, кәріп қасаң, қысылған қымтырылғандарға жақсылық қылып оларды қуанытып қойса.

Ал енді, бұл күнде жоғарыда айтылған қариялардың сөзі бойынша біздің халықта іс қылған кісі бар ма? Көз салып тұрсақ, бұл заманда досына жақсылық қылған адамдар кем көрінеді. Біздің қазақ арасында жақсыларымыздың бар ойлағаны ел билеп хәкім жүргізу. Ол ел билеу деген теріс болмас еді, елге пайда келтіретін болса, билеріміз қара қылды қақ жарған фәділ болса, болыстарымыз жұрт қамын жеп жұрт сөзін сөйлеп қорған болса, сонда болыстық билік, жақсы бір дәреже деп масатланар еді. Ел ішінде көреміз, жақсыларымыздың істеген көп жақсылықтары “индеецтің” жақсылығы секілді.

Мәз болады болысың
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысың,
Шенді-шекпен жапқанға.
Күнде жақсы бола ма
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға?
Күлмей қағып қасқайып
Салынып ап мақтанға,
Таң қаламын қампайып,
Жоқты-барды шатқанға.

Абай сөзі

Ел билеген жақсылардың ойлағаны ел қамы болмаса, әрқайсысы өзінің пайдасын ойлап мұқатқаны ағайыны-жұрты болса, билерде әдет болмаса, енді жақсылықты жұрт қайдан күтпек керек?!

М.Д.
“Айқап”, 1913 ж. № 31.

Дулатұлы М. Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер.- Алматы: Ғылым, 1997.- 2-т.- 84-86 б.

ҚАЙТСЕК ЖҰРТ БОЛАМЫЗ

Дүние жаратылғалы болмаған оқиғаларды төрт жылдан бері көзіміз көріп отыр. Төрт жылдан бері жердің жүзі қанға боялды. Көздің жасы сел боп ақты. Дүние ойран болды. Даңқы жер жарған зор мемлекеттер жоғалуға айналды. Ат төбеліндей аз елдерге есе тиді. Мұндай зор өзгерістер болған емес. Мұнан соң да бола бермейді. Әркім қалай жұрт боламыз деп жанталасып жатқаны осы.

Алаш, Башқұрт, Түркістан сияқты халықтар Автономия боламын, мемлекет боламын десе, бұрын көзі көрмей ме? Автономияны ауызға алмақ түгіл, стражниктің алдында қалтырап тұратын елдер бүгін ту көтеріп, ұран шақырып, өзін-өзі билеудің қамына кірісіп жатыр.

Патша түсіп, ескі тәртіп жеміріліп, бостандық туғанына жыл жарым болды. Сонан бері дүние жайланып, халық рахат ғұмыр сүре алмай, саясат күнде өзгеріп, жұрттың мазасы кетіп тұрғаны рас. Бостандық, теңдік деген сөздің жеңсігі басылғандай. Бүгін бір билеуші шықса, ертең оны жоқ қылып, арғы күні тағы кім шығатынына жұрттың көзі жетпей дағдарыста тұрғаны рас. Күнде жиылыс, күнде сайлау шығып, жұрттың мезі болғаны рас. Большевик деген бір пәле шығып, Николайды сағындырғаны да рас. Мұнан соң қандай жамандық боларына қара халықтың көзі жетпей, бостандықтан көңілі суынып тұрғаны да рас. Бірақ халық ойлау керек. Мұншалық дүние өзгергенде, Россия сияқты зор мемлекет асты-үстіне келіп ойран болғанда, ондағы халықтардың тұрмысы, салты, діні, тілі, шаруасы, тілегі басқа-басқа болғанда аз уақытта тып-тыныш бола қоймайды деп асығуға бола ма? Бір кісінің саудасы бұзылса, соны тез түзетіп ала қою оңай ма? Бір ұлыс елге әрекет кірсе, ағайын арасына от түссе, соның өзі оңай тыныштала қоя ма? Ал қазір бүліншілік, күйзеліс бір ауылда, бір ұлыста емес, бүкіл мемлекет, асса жер жүзі ойран болып, соны ретке салуға әркім қам қылып жатыр. Осындай қара құрық заманда біз секілді аз халықтар ұйымдасып, бірлік-береке қылып, жұрт қатарына қосылып қалудың ылажын қарап жатыр. Жұрт елдігі бүгінгі күнгі тірі жүрген адам баласына ғана хас емес, кейінгі нәсіл, үрім-бұтақтың қор болмауы үшін керек зат. Біз басымызға түскен таршылықты бұрынғы бабаларымыздан көретін едік. Солар біздің қамымызды жеген болса, біз мұндай қорлықта, тарлықта жүрмес едік деуші едік. Кейінгі буынның ата-бабасы бүгінгі тірі жүрген біздер. Біз келешекті ойламасақ кейінгі нәсіліміз бізді қарғамай ма? Алла хұзырында, тарих алдында біз жауапкер емеспіз бе? Олай болса, бір-екі жылда рахат ғұмыр бола қоймады деп бостандықтан, теңдіктен күдер үзіп қол сілтесек, өзіміз не күйге ұшыраймыз? Кейінгі жас буынның көргені не болады? Біздің жұрт осыны ойлауы керек.

Заман бұл қалыппен тұра бермейді. Әлі-ақ толқын басылады. Су сабасына түседі. Заман бір жәйлі болады. Сондықтан осындайда әр ел өз дегеніне жетіп, өз билігін өзі алып қалмаса, ертең әркім буынын бекітіп, күшін жинап алған соң өзі шыққан тауы биік болғанын артық көреді. Қолдан теңдік бермейді. Жұрттың жолында біз қанша бейнет шектік? Жанымызға батарлық қанша қырғын шығардық? Өзгелерге қарағанда біз еңбек те сіңіргеніміз жоқ, бейнет те тартқанымыз жоқ. Құрбан да шалғанымыз жоқ. “Құдай өзі сақтар” деп құрғақ тілекпен отыра бердік. Құр тілек мұратқа жеткізе ме? Жұрт боламын деген жұрттар не қылып жатыр? Соған ой жіберу керек. Біз мұсылман екенбіз, құдайдан тілейді екенбіз, дұрыс-ақ. Бірақ бізден басқа мұсылмандар құр тілекпен отыра ма? Жер

жүзінде 300 миллионнан астам мұсылман бар. Солардың ішіндегі зор мемлекет Түркия. Осы Түркияға аң терісін бөліп алатындай тұс-тұстан анталаған елдер жоқ па еді. Солар түрікті торығанына неше жүз жыл болды. Осы соғыстың тұсында Ыстамбұлды алмақ болып, Аясофияның басына кіресін де даярлап қойды. Сонда түрік мұсылманның бір күшті мемлекеті емес пе еді. Мұсылмандығы бізден кем бе еді, “құдай сақта” деп қарап отырды ма? Жұрттығын сақтау үшін неше ғасырдан бері қан төгіп, арпалысып келе жатыр емес пе. Төрт жылдан бері қызыл қанға белшесінен батып, миллиондаған ер азаматын құрбан қылып, дүниесін ойран қылып отыр емес пе? Жалғыз түрік емес жер жүзіндегі жұрттардың бәрі не үшін қанға боялып жатыр?

Соның бәрі жұрттығын сақтау үшін қырғын көріп, бейнет шегіп жатыр. Біз не қылып отырмыз? Біз “жат жақты жасағанға күзеттіріп қойып отырмыз”.

Қазір дегеніне жететін кім? Кімнің мерейі үстем болады? Кім біреудің қанжығасында кетпейді?

- Кімнің білегі жуан болса, сол жұрт болады. Кім күшті болса, сол дегеніне жетеді.

- Күш не?

- Күш әскер.

Бұл заманда әскері жоқ жұрт жұрт емес, құл. Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз. Қайсысына түсетін болсақ та ерік өзімізде.

Бір жол құлдық жолы. Әскер деген сөзден бұрынғыдай ат-тонымызды ала қашатын болсақ, осындайда жігімізді ашып, жер-суымызды қорғап, билігімізді өзіміз алып қалмасақ, күні ертең бізді алдына салып айдап жүруге ие табылады. Сонда біреуге әскер бермей көне аламыз ба, шығын төлерден құтыла аламыз ба? Ошақтың үш бұтынан тілеп отырған күнімізде болған. Сонда бізді алдыға салып айдап кетпеп пе еді? Құлдық жолы дегеніміз осы.

Екінші жол жұрттық жолы. Осы бастан автономия алу жолына кіріссек, милисиямызды жасап алып, қарамызды көрсетсек, алаш үкіметіміз деп тырысып тұрсақ, бізді ешкім басынбайды. Үкіметі бар, әскері бар жұрт деп бізбен әркім есептеседі.

Алашқа жаны ашымайтын қара жүректер, жұрт болғанымызды көре алмайтын қаскүнемдер, ертең ие болатынына көзі жетпейтін надандар ізгі ниет, ілгергі тілегімізге қарсы болып, жұрттың көңіліне қорқыныш салатын да шығар.

Автономия болуымызға, милисия құруымызға, қазына жинауымызға халықты қарсы құтыртушылар да табылар. Бірақ халық ойлану керек. Бүгінгісін емес, ілгерідегі күнін ойлау керек.

Біздің арамызда алаш легіне қарсы болатын кімдер екені белгілі. Бұлар екі түрлі. Бірі қаны қарайған, ұлт намысы дегеннен бейхабар, жамандықты кәсіп қылып алған антұрғандар. Бұлар аузы қисық болғанын айнадан көріп, жамандығымды неге қостамайды, терісті неге дұрыстамайды деп жұрттың бәрімен қас. Бұларға елдің ынтымағынан бүлінгені керек. Жұрт тыныш болса, мұндайларға тыным жоқ. Осыны олар жақсы біледі.

Екінші - ел ішіндегі партия құмарлар. Бұлар істеп жүрген істері жұртқа зиян екенін ойламай, партия қуғанын “баққа таласып жүрмін” деп адасып жүрген надандар. Егер жұрт жұрттықты ойласа, партиясын уақытша қоя тұрып, бірлік, береке қылатын болса, алаш аты бәйгеден келмей қалмас еді. Жоқ, жұрттық деген құр сөз болып қалып, әркім бетімен жәйіліп, “баққа таласып” баяғы Иванға шауып баратын болса, алаш тілегіне қарсы деген

міне осы. Алаш болып шашау шықпай, алаш ордадан басқаны білмейтін болса, “жауымды мұқатам” деп біреуге тұра шаппайтын болса, өздігінен келіп бізді билеп кететін ешкім жоқ. Әркім өз басымен қайғы болып жүр. Біз біреуге өзіміз шауып барып, өзіміз шақырып әкеліп, төбемізге ойнатып жүрміз. Бұл мінезіміз бұрын да белгілі еді. Әсіресе кешегі большевик заманында да көрінді. Енді мұнан былай жұрттықты ойлап, бірлік қылатын болсақ, алаш тілегінен басқаға алаң болмай, жұртқа ең пайдалы нәрсе милисияның керектігіне көзін жеткізсек, жолымыздың болғаны.

Милисия неге керек?

Атасы басқа елдермен көрші болып отырмыз. Солардың бұзақылары бізге тимеу үшін керек. Ел ішінде жүгенсіздік шыға қалса, солардан елді қорғау үшін керек.

Ішкі губерниялардан күні ертең аш-жалаңаш босқындар келеді, солардың аяғының астында қалмау үшін керек.

Ана жылғыдай оп-оңай алдыға салып айдап кетушілер болмау үшін керек.

Қазақ-қырғыз жерін оңай олжа қылғысы келгендерге шаңыраққа қара деу үшін керек.

Автономиялы жұрт екенімізді жат елдерге көрсету үшін керек.

Бізбен туысқан мынау башқұрт халқы біздің үш бөлігіміздің біріндей-ақ. Осы күні осылардың әскері бар. Сондықтан басқалар башқұртты елеулі ел көріп отыр. Әйтпесе әскер жинап, башқұрт ешкіммен соғысып отырған жоқ. Біз де соғыспаймыз.

Сөз байлауы сол, әскеріміз болмаса, қазынамыз болмаса, біз автономия ала алмаймыз. Автономия алмасақ, жұрт бола алмаймыз. Қайтсек жұрт боламыз дегенді ойласақ жауап біреу-ақ:

- Әскеріміз болса ғана жұрт боламыз.

Мадияр.
“Қазақ”, 1918 ж. № 264.

Дулатұлы М. Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер.- Алматы: Ғылым, 1997.- 2-т.- 261-265 б.

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗДЫҢ АТЫ, ТЕГІ ТУРАЛЫ

Қазақ, қырғыздың тарихын жазуға кіріскенде - “қазақ”, “қырғыз”, “алаш”, “үш жүз” деген аттар қайдан шыққан, қазақ пен қырғыздың тегі кім, бұлар қашаннан бері өз алдына жұрт болған” - біліміміз жеткенше алдымен шешетін жұмбақтың бірі осы. Біз бұ туралы тапқан-таянғанымызды оқушылардың алдына салып, кітап басылмастан бұрын білгіштердің сынынан өткізіп алуды лайық көрдік. Қара халықтың ұғымынша, “атамыз адам пайғамбар...” деп, бәрі де жаттап алған құрғақ шежірені саулата берумен, қазақ пен қырғыздың тегін еріксіз “пәлен әулие, түген сахабаға” апарып телумен нағыз тарих шықпайтыны оқымысты, білімді азаматтарға аян. Тарих кітабы ғылым, білім арқасында ғана дұрыс, я орасан қатесіз шығуға мүмкін. Бұл күнге шейін қазақ, қырғыз тарихы

туралы толық мағлұматтар кемдіктен, қазақ, қырғыздың өз арасынан шыққан зерттеушілер ерте күннен болмағандықтан, соңғы кезде тарихымызды жарыққа шығаруға талаптанған азаматтар әр ағаштың басын бір шалып, құрап-сұрап, өзге жұрттың жазғандарын тексеріп, қараңғыны қармалағандай болып жүр. Сөйткенмен, шын кіріссек, үздіксіз ізденсек, жоқты ойлап шығармағанмен, көмескіні ашуға, барды табуға болар деп сенеміз.

Сондықтан, тарихи әдебиеттен болсын, халық аузында ертеден сақталып келген қисынды сөздерден болсын, төменгі біздің жазғанымыздың кемін толтырарлық, қатесін көрсетерлік білгендері бар қазақ-қырғыз азаматтары, осы мақаланы оқығаннан кейін, кешіктірмей жазуларын өтінеміз.

I

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗДЫҢ АТЫ, ТЕГІН ТЕРІС ҰҒЫНУ

Қазақ-қырғыздың атын, тегін, қандай жұрт екенін зерттеп, алдымен жаза бастаған басқа жұрттың тарихшылары. Бірақ олар арыдан ескеріп, көптен жазып келе жатқан жоқ. Кейбіреулері кезі келгенде белгілі бір мақсұтпен жазған, бір парасы ғылымға әуестікпен шынымен зерттеген. Бұлардың бәрі де өте кеш кірісіп, бергі екі-үш ғасырлық дәуірлерді ғана болмаса, қазақ-қырғыздың арғы кездегі атын, тегін, өткен өмірін жақсы біле алмай, әлі күнге шейін жорамалдап келеді. Қазақ жайын білуге европалықтар, айрықша орыс білімпаздары XVIII ғасырдың ортасында, яғни 1730 жылдар, Әбілхайыр хан тұсында Кіші жүз орысқа қарағаннан бері ғана кірісе бастаған. XVIII ғасырдың орта кезінде қазақ жайынан жазған Г.Ф. Миллер, П.С. Паллас, И.Г. Георгий, Н.П. Рычков, Ф.Б. Фишер дегендердің кітаптары шыққан. Бұлар қазақ, қырғыз жайын жете біліп, я зерттеді деуге болмайды. Біреулері қазақ пен қырғызды екі түрлі жұрт деп, біреулері бір тұқымнан деп, бұл екі пікірдегілердің екі жағы да қазақ пен қырғыздың я тектестігін, я басқалығын сыпаттай алмаған. XIX ғасырдың басында қазақ-қырғыз жайын зерттеген Г.Ю. Клапрот, К. Риттер секілді білімпаздардың да мағлұматтары өте ұшқары, орасан қате болғандығы көрнеді. Мәселен, Клапрот қазақтығында талас жоқ, найманды бұрынғы Обь, Енисей өзендері бойындағы қырғыз тұқымы дейді. Риттер, түркі нәсілінен екендігіне ешкімнің дауы жоқ, қазақ пен қырғызды индогерман затынан болуға тиіс, Енисейге ауып келіп, көп жұртпен қаны араласып, “түркі” болып кетсе керек деп жориды.

Өстіп, қазақтың, қырғыздың тегін әркім әртүрлі жорып, бірінің адасқан ізін бірі басып, көрінеу жалған болымсыз дәлелдер көрсетумен келген. Қазақ жайын өзгелерден гөрі жете зерттеген А.И. Левшин. Мұның кітабы 1832 жылы басылып шыққан.

Бұл күнге шейін қазақ, қырғыз тарихы туралы жазушылар Левшинді аттап өткен емес. Қайсылары Левшиннің кейбір пікіріне қарсы болса да, көбінесе оны негіз қылып алып жүргені белгілі.

Қазақ-қырғыздың аты, тегі һәм қашаннан бері тарих жүзінде белгілі жұрт болғаны туралы бұрынғы- соңғы тарихи мағлұматтармен таныса келе, біз төменгі қорытындыға келдік.

Қазақ пен қырғызды бөтен жұрттар бұл күнге шейін дұрыс атамайды. Мәселен, орыс халқы қазақты “киргиз-кайсақ” деп бір сөз орнында атайды. Қырғыздың өзін де

жоғарыда айтқандай, “киргиз-кайсақ” деп, кейде “тағы қырғыз”, “қара қырғыз” дейді. Қырғызды қытайлар юрвут дейді. Дұрысында, қазақ пен қырғыз еш уақытта өздерін жоғары айтқандай бөтен жұрттар таққан атпен атаған емес. Қазақ өзін қашаннан “қазақ” деп, қырғыз өзін “қырғыз” деп келеді. Қырғыз бен қазақ арғы тегі бір болғанмен, екі атаның баласы, біріне бірі туыс, жақын түркінің екі руы екені мәлім. Орыстардың “қазақ”, “кайсақ”, қытайлардың “хасах” деп жүргендері “қазақ” деген сөзді бұзғаны. Қайсы бір күншығыс жазушылары, қазақ Айсадан бұрын өз алдына жұрт болған дәуелері қаншалық дәлелді екендігін сыпаттау қиын болса да “қазақ” аты қазақтың өз алдына жұрт болғаннан бері өзгерілмей келе жатқандығы, еш уақытта қазақ өзін өзге атпен атап көрмегендігі анық. Қазақтың “қазақ” аты Парсы Бұхар, Хиуа һәм өзге Азия жұрттарының көбіне мәлім. Ерте заманда қазақпен аралас болған ескі жұрттардың бірі қытайлар да қазақты “хасах” деп атайтындығы жоғарыда айтылады.

II

ҚЫРҒЫЗДЫҢ АТЫ, ТЕГІ ҺӘМ ҚАШАННАН БЕРІ ЖҰРТ БОЛҒАНЫ ТУРАЛЫ

Қырғыздың арғы тегі түркі тарихының ертедегі бұлдыр кездеріне барып жоғалады. Мұнан 200 жыл шамасы бұрын түркі шежіресін жазған атақты Әбілғазы Бахадүр ханның айтуынша, Оғыз хан немерелерінің бірінің аты Қырғыз екен, сондықтан осы күнгі қырғыз елі соның тұқымы дейді. Бірақ қырғыздар арғы замандарда әр жұрттан шабыншылық, қырғыншылық көп көріп, тұқымы азайып қалған дейді. Оғыз ханның заманы Айсадан екі-үш ғасыр арман жатыр. Әбілғазының қырғызды Оғыз ханнан таратуы тарихи дәлелдермен бекітілмеген болса да, әйтеуір, қырғыз Азияны мекен еткен жұрттардың арыдағы бір тарауы екені анық. 569-ыншы жылы Император II-інші Юстин Стамбулдан Земарк деген елшісін Азияның солтүстік-күншығыс аралығындағы көшіп-қонып жүретін түркілердің ұлы ханы Кезауылға жібергенде, хан елшіге қайтарында қырғыз текті бір құл сыйлаған. Әбілғазының айтуынша, қырғыз Шыңғыс хан заманынан көп бұрын күшті жұрт болып тұрып, қырғыз ханы Орыс хан елімен өздері тіленіп Шыңғыс ханға бағынған. Ол кездегі қырғыздың мекені Селенгі Ойғыр-Муран өзендерінің арасы дейді. Кейінгі тарихшылар да Әбілғазының бұл сөзін растайды: Ойғыр-Муран осы күнгі Енисей өзені. Сібірді орыс алғанда қырғыздар сол арада болған. Шыңғыс заманындағы мекені де сол еді деседі. Қырғыз елін Шыңғыс хан (мұнан 700 жыл бұрын) кіші баласы Толиға тапсырғандығын ескі тарихшылардың бәрі бекітеді. Қытай тарихшылары да қырғыздың ескі жұрт екендігін көрсетіп, қырғыз бен қазақ екеуі де түркі нәсілінен тарағандығын сыпаттайды.

Қырғыздың XV ғасырдан XVI ғасыр аяғына шейін қандай күйде болғаны тарихта анық айтылмайды. Бірақ XVII ғасыр бойы үздіксіз қырғыз атағы Сібір шежірелерінен шығып отырады. Том, Енисей аралығындағы өзендердің бойында, Саян тауларының маңында мекен етіп жүріп қырғыздар XVII-інші ғасыр бойы Сібірдегі жаңа орныққан көршілес орыс қалаларын мазалап, шауып ала беретін болған. Ол кезде тұрғылас елдердің бәрі қырғызға жау болып, қырғыз орыспен де, монғолмен де, жоңғармен де дамылсыз соғысып, кейде жеңіп, көбінесе жеңіліп отырған.

Ақырында қырғыздан әбден мазасы кеткен соң XVII-XVIII ғасырлардың өлі арасында

жоңғардың қонтайшысы орыс өкіметімен бірігіп, қырғызды тықсырып, осы күнгі мекені - Алатауға шығарып жіберген.

III

ҚАЗАҚ ҚАЛАЙ ҚЫРҒЫЗ АТАНДЫ

Бұрын қырғыз елі Сібірді мекен етіп тұрғанда Сібірдегі орыстың қалаларын, ауылдарын дамылсыз шауып мазасын кетіре бергендігі мәлім. Ол кездерде орыстар “әне, қырғыз шауып кетеді, міне, қырғыз келіп қалады” деген күйге ұшыраған. “Қырғыз келеді” десе орыстың жылаған баласы уанатын болған. Сондықтан орыстың ұғымында “қырғыз” деген сөздің өзі “жау, шабағыншыл” мағынасында орнап қалған. Ал қырғыздан кейін әрі көп, әрі орысқа бағынбай өз алдына отырған қазақ жұрты орысты қырғыздан жаман жәбірлеп, әсіресе Сібірдің оң тұсындағы облыстарына үлкен зиян келтіре берген соң қазақты да қырғыздай жек көріп, сөгіс орнына қырғыз (киргиз) деп атаған. Қазақ секілді Сібірде ол кезде орыспен сыбайлас отырған татар, монғол елдері, өздерінің аздығынан болса да, жуастығынан болса да орыспен жауласпай, ұрыс-қағыссыз тату тұрған.

Қазақты орыстың “қырғыз” деуінің жаңағы айтқаннан басқа тағы бір себебі болған. Алғаш Сібірді мекен еткен орыстар, Сібірді алушының бастығы Ермак, оған ергендері, оның тұқымы - бәрі казак (казак орыстар) еді. Сондықтан оларға өздерін де казак, қазақты да казак деу қапелімде ыңғайсыздық келтіретін болған. Үнемі “қай казак” деп айырып отыру қажет бола берген. Міне, сонан бері қазақты қырғызбен шаттастыру, қырғызды да, қазақты да “қырғыз” деп атау басталады. Сонан бері бұл екі елдің шежіресін білмегенде, кейбір тарихшылардан бастап, қазақ-қырғызбен қатынасы кем жұрттардың көбі екеуін де “қырғыз” дейтін болған. Қазақты орыс “қырғыз” деп атайтын болған соң қазақ орысқа бағынып, жазу-сызу, заң-законның бәрі орыс тілінде жазылғаннан кейін күні бүгінге шейін қазақтың орысша оқығандарының өзі орысша жазғанда, сөйлескенде қазақты “киргиз” деп әдеттенген.

IV

ҚАЗАҚТЫҢ АТЫ, ТЕГІ ҺӘМ ҚАШАННАН БЕРІ ЖҰРТ БОЛҒАНЫ ТУРАЛЫ

Қазақ пәлен уақыттан, пәлен ғасырдан бері жұрт болыпты деп кесіп айтуға болмайды. Орыс шежірелерінде қазақтың мәлім болуы XV ғасырдың ішінде ғана, бұған қарап қазақтың өз алдына жұрт болуы сонан бері ғана деуге келмейді. Орыс жазушыларының көбі ең алғашқы қазақ, татар арасынан шыққан, қазақ деген аттың өзі сонда аталған, бұрынғы Һәм қазіргі қазақтың аты сонан келеді деп сыпаттайды. Бұл пікірді күншығыс тарихшыларының бәрі де бекер дейді. Олардың жазуынша, қазақ ескі жұрт, арғы замандарда өзін өзі билеген, ешкімге, бағынбаған деседі. Қайсы біреулері қазақтың қазақ аталып дәурен сүруі Айсадан арғы заманда болған дейді. Бірақ мұны бекітетін толымды дәлелдер тарихта ұшырамайды.

1020-ыншы жылдарда өмір сүрген атақты Фердауси өзінің тарихында қазақ жұрты һәм қазақ хандары туралы жазады. Бұған қарағанда қазақ Фердаусиден бұрын мемлекетті жұрт болғандығы көрінеді. Фердаусидің айтуынша, қазақ ескі жұрт, өзінің жауынгерлігімен, ел шабуымен заманда атақ алған. Соғысқа шыққанда қазақтың тұтынатын құралының көрнектісі найза болған.

Кейін Азияда қолына найза ұстап жорыққа аттанғандарды, нағыз қазақтың әдетінше көрші елдеріне шабуыл жасай бергендерді жұрт “қазақ” деп атай беретін болған.

Кейбіреулердің “қазақ ноғайдан шыққан” деп жүру себебі: ноғай арасынан әлгідей қазақ сияқты жорыққа аттанушылар қимылы, өнері шын қазақтікіне ұқсас болған соң, олар да, “қазақ” атанған. Нағыз қазақтың жоғарыда айтылғандай салтына, жауынгерлігіне, қару-жарағына ұқсас жағын алып, өздерін де “қазақ” деп атау әдет болған.

Шынында, “қазақ” деген сөзге өзге бір айрықша мағына беруге, басқа бір тілге аударуға келмейді. “Қазақ” деген сөз пәлен жұрттың тілі; оны түген жұрттың тіліне аударса сондай мағына шығады деп ешкім айта алмайды.

Ориенталист О.Ю. Сенковский бұл туралы былай дейді:

“Белгілі Бабыр мырзаның шағатай тілінде жазған кітабында қазақ деген сөз ұшырайды, Бабыр қазақты бетімен жайылушы, өз еркімен жүруші мағынада түсініп, осыдан “қазақ”, “қазақламақ”, деп өзгертеді. Мұнан анық көрініп отыр: бұл мағына “қазақ” атанған жұрттың тұрмыс-салтынан алынғандығы. Россияны татар билеп тұрған заманда крестьян табынан бөлек еркін болып, өздері тілегенше бір жерден екінші жерге көшіп жүрген орыс текті азат адамдар “қазақ” (казак) атанған. Соңынан осылардың аты Запорож, Дон казактарына тағылған. Орыс жерінен қашып Днепр, Дон жағаларын жайлағандардың бәрі казак атанған, яғни өздерін қазақ сияқты азат адамдармыз деп санайтын һәм атайтын болған.

Орыс тарихшыларының көбі қазақ түрік-монғол жұртының әр руынан құралып, беріде ғана жұрт болған, қазақ деген сөздің мағынасы - бетімен өскен, еркін жүрген, қазақ әр елде де болған деулері дәлелсіз, әсіресе қазақты XV ғасырда жұрт болады һәм қазақ құрама мағынасында, мұндай ат әр жұртта бар деулері қисынсыз. Қазақтың ескі жұрт екендігі туралы Фердаусидің қазақ дәлелін бекерге шығарған ешкім жоқ. Фердаусидің қазақ жұрты һәм қазақ хандары жайынан жазғанына 900 жыл өтіп отыр. Әлбетте, қазақ Фердауси жазған жылы ғана жұрт бола қоюы мүмкін емес. Сол жылы қазақ деген жұрт, қазақ жұртының хандары болғаны рас болса, ол жұрт болуға керек. Фердаусидің жазғаны осы күнгі біздің қазақ болмай өзге жұрт болса, ол жұрттың қайда кеткенін бір тарихшы айтпайды. Екінші, қазақ жұртының құрамалығына аты дәлел, қазақ әр жұртта болған әр жұрттан наразылықпен бөлініп шыққандардың бәрі қазақ атала берген, сондықтан қазақ жұртында түрік, монғолдан бөлініп шыққан тұқымдардан құралған деуді дәлелсіз көретініміздің мәнісі қазақ бөлінуші, бетімен жайылушы, еркіндікті сүюші мағынада екендігі рас болғанда да жұрт біткеннің бәрі бұл мағынаны “қазақ” деген бір сөзбен атауының қисыны жоқ. Өйткені, жұрт біткеннің тілі бір емес. Қазақ деген сөз бір жұрттың ғана тілі болып, өзге жұрттар өздерінің “қазағын” өз тілімен атауға керек емес пе? Сондықтан біз өзге жұрттардан бөлініп шығып, өз бетімен кетіп, қазақ жұртының тұрмыс-салтына еліктеп айтылған деген ориенталист Сенковскийдің пікірін дәлелді көреміз.

Орыс тарихшылары айтқандай, қазақ беріде ғана құралған жұрт емес екендігі

жоғарғы сөйлегендерден де көрінсе керек. Қазақ анық құрама ел деп, болмаса бір тұқымнан деп таласуға болғанмен, дәл қайсысы екенін кесіп айту қиын. Қазіргі тарихи дәлелдердің күштірегі - қазақ түрік тұқымдарынан біріккен құрама жұрт екендігін қуаттайды. Әрине, қазақ түркінің бір ғана руы, өзге рулардан қатынас тіпті жоқ деп айтуға болмайды. Бірақ құрама болғанда да негізгі қазақ X ғасырдың ар жағынан келіп, өзге түрік қауымдары кейіннен бірте-бірте қосылып отырған. Қазақтың осы күнгі кей рулары, мәселен, қаңлы, қыпшақ, керей, найман Айсадан бұрын дәурен сүрген елдер екенін тарихшылардың бәрі де ақиқаттайды. Бірақ көбі, жоғарғы айтқанымыздай, қазақтың өз алдына жұрт болуы беріде болған, қазақ көбінесе қаңлы, қыпшақ, дулат, арғын, найман, керей руларынан құралған, бұлардың арасында керей, найман, дулат монғол тұқымынан, қазақтың ұйтқысы таза түрік нәсілді қаңлы мен қыпшақ дейді. Тарихшылардың көбі қазақтың құрамалығына дәлел қылып, қазіргі қазақ руларымен аттас қаңлы, керей, қыпшақ, тама сияқты рулар қазақтан басқа түрік жұрттарының мәселен, Стамбул түріктерінің, башқұрт, өзбектердің арасында барлығын келтіреді.

Қазақ тарихын жазған Чулочников қазақ ескі жұрт емес, XV ғасырда әр түрлі түрік-монғол тұқымдарынан құралған деген пікірлерді қуаттайды. Мәселен, Шоқан Уәлиханұлы, өзі қазақ, қазақтың құрама жұрт екенін, XIV- XV ғасырларда ғана жұрт болғанын айтады, - деді Чулочников. Мұның “Шоқан өзі қазақ” дегені болмаса, Шоқанның пікірі де “Қазақ құрама, беріде жұрт болған” деушілерге қосылғаннан басқа, өз дегенімен жаңадан тапқан дәлелдері жоқ. Чулочников, Шоқаннан басқа В.В. Григорьев, В.В. Вельяминов-Зернов, Э. Мейр, Красовский, В.В. Радлов, Л. Ибрагимов, Н.И. Веселовскийлердің пікірін қуаттайды. Бұлардың көбі бірінің пікіріне бірі қосылып отырған, көбі Вельяминов-Зерновтың бағытымен кеткен.

Чулочников антропологтерден, Иванский, Харузин, Чугуновтың “қазақ” құрама, себебі: қазақтың бәрінің түрі бірдей емес” деген пікір дәлелдерін көрсетеді.

Қазақты антропология жолымен зерттеушілердің бәрі де XIX ғасырдың аяқ кезінде кіріскен. Қазақтың түрі бірдей еместігі құрамалылығына дәлел болғанымен, қашан құралғанына һәм ескі жұрт еместігіне дәлел бола алмайды. Өйткені, қазақ затында бірақ тұқымнан болса да, қазіргі түрінде түрлілік болмай қоймас еді. Арғы атасы түріктен бөлінбей тұрған заманда соңынан өз алдына жұрт болып жүрген заманда да қазақ жауынгер ел болып, кез-келген жұрттың бәрімен соғыса бергені анық. Соғыста жеңген елдерін шауып алып, жетім-жесірді олжа қылып, ұлын құл, қызын күң етіп жүргені де мәлім.

Қазақтың бұрынғы хандары, батырлары, билері жеңген елдерінен қатын алмағаны кемде-кем. Жаугершілік басылып, бейбітшілік заман орнағаннан бері де қазақ көршілес ноғайдан, башқұрттан қыз алып, құда болуы, аса көп болмаса да, бірсыпыра бар, мәселен, мұндайдың көбірек жері Жетісу, Семей облыстарында. Бұл облыстарда “шала қазақ” атанып жүргендердің бәрі ноғаймен қан араласқаннан болған. Түркістан қазағы арасында, көп болмаса да, сарттан, өзбектен қыз алып, араласқандық бар. Өткен бір-екі ғасырдың ішінде солдаттан қашып, қазақ арасына келген, саудамен жүріп қазақ арасында тұрып қалып, қазақ болып кеткен ноғай, башқұрттар, Түркістан, Бұхарадан шығып, қазақ арасына сіңісіп кеткен қожа- молдалар болған. Осы айтқандардың бәрін қорытқанда қазақ қаны өзгелердікімен араласып, аз да болса, түріне өзгешелік кіргізгені анық болса керек. Әлгі айтқандардың бәрі қазақтың бір аймағында, я бір руында ғана болмай, әр елінде, әр жерінде

болғандықтан, қазақты антропология жағынан сынаушыларға мұндай түрлері кез келе беруі мүмкін. Қазақтың түріндегі осындай түрлілікті тауып, олар қазақ құрама жұрт деген пікірге келуі де ықтимал. Бірақ бұған қарап қазақты XV ғасырда ғана құралып, жұрт болған деуге келмейді. Қазақтың құрамалығы ескі жұрт екендігіне қарсы дәлел бола алмайды, қайта құрама бола тұрып, бұл күнде тілі, әдет-ғұрпы, салт-санасы бір кісінің баласындайлығына қарағанның өзінен қазақтың ескі жұрт екендігі, кейіннен қосылғандардың ұйтқысы қазақ екендігі ыспатталады.

Қазақ ескі жұрт екендігіне дәлел қылып Левшин Фердауси пікірін қуаттаса, Орта Азияны зерттеуші атақты ориенталист Герман Вамбери, Фердаусиді де айтып, бұған қосымша X ғасырда “қазақ” жайынан жазған Константин Парпиродный сөзін де ортаға салады. Қазақтың ескі, хәтта бір тұқымнан өрбіген жұрт екендігіне осыларды көрсетіп, оның үстіне өз пікірін де баяндайды. Вамбери “Каспий теңізінен Алтайға, Оралдан Тянь-Шаньға шейін жайылып жатқан қазақ даласындағы қазақ руларының тілінде, мінезінде, құлқында, әдетінде, ғұрпында ешбір айырма жоқтық, бәрінікі бірдейлік қазақ жұрты бірыңғай, бір тұқымды жұрт екендігінің дәлелі” дейді.

Қазақ ескі жұрт, XV ғасырдан бері ғана құралып ел болғаны туралы тарихшылар арасында талас көп болса да, қазақ Алтын Ордадан бөлініп шығып, осы күнгі қазақ атанған түрлі түрік руларының құралғандығына көбі даусыз бірігеді.

Шыңғыс хан дәуірлеп, ешкімнен беті қайтпай, соғысқан елдерінің бәрін жеңіп қылышынан қан тамып тұрған заманында үлкен баласы Жошыға ол кезде Еділ-Жайық арасын мекен ететін қыпшақ елін берген. Сонан кейін қыпшақ “Жошы елі, Жошы ұлысы” атанған, “Дашті - Қыпшақ”¹³ деп те аталатын болған. Жошы өлген соң, Шыңғыс хан Жошы елі - Дашт-Қыпшаққа бір баласы Батуды хан қойған. Қыпшаққа жүргізерде Батуға Шыңғыс алтындаған ақ отау көтеріп беріп, билеген елің Дашт-Қыпшақ “Алтын Орда” аталсын деген екен. Тарихта қыпшақ мемлекетінің “Алтын Орда” аталатын себебі сол.

Үш ғасыр бойы дәурен сүріп дүркіреген, бүкіл Россияны өзіне қаратқан, Орта Азияның көп жерлерін иеленген Алтын Орда XV ғасырдың аяқ шенінде құлауға айналып, берекесі кете бастағаннан кейін қол астындағы елдер тозып, бытырап, солардың бір тайпасы қазақ бөлініп шыққан.

Қазақты ескі жұрт дейтін тарихшылардың бірі Левшин жазады: “Қазақ Азияда ежелден белгілі жұрт, толып жатқан түрік руларының бірі. Ескілігі найманға да, қырғызға да, өзге өзімен тектес елдердің біріне де беріспейді. Қазақ Шыңғыс ханның қол астына қарап, расында, ішінара кейде өзінің де хандары тұрды. Алтын Ордадан бөлініп шыққаннан кейін XV ғасырда өз алдына жеке жұрт болды. Ол кезде қазақтың Арыстан деген ханы болыпты. Арыстан заманында қазақ хандығының күштілігі сондай, соғысқа бірден 400 мың әскер аттандыруға шамасы келеді екен. Осылай деп Индияда белгілі монғол мемлекетін құрған Бабыр патша жазады“- дейді Левшин. Бабыр патша қарындастарының біреуін Арыстан ханға берген, Арыстанның күшейіп тұрған шағын Бабыр өз көзімен көрген дейді. Міне, сол кезде Алтын Ордадан тараған елдердің көбі өз еркімен қазаққа қосылған, я қазақ олардың бірсыпырасын күшпен қосып алған. Осы күнгі қазақ рулары аталып жүрген қыпшақ, найман, қоңырат, жалайыр, қаңлы сол кезде келіп қазаққа қосылған дейді Левшин.

Қай тарихшы болса да қазақтың осы күнгі руларына қаңлы, қыпшақ, арғын, найман, керей, дулат секілділерді қазақтың аты шықпастан бұрын мәлім болғандығын ыспаттайды.

Ескіден, хатта Айсдан бұрын һәм кейін түркінің түркі болып кемеліне жетіп тұрған замандарында да өз алдына ел аталып жүрген әлгі рулар қалайша соңғы төрт-бес ғасырдың ішінде ғана өздерін қазақпыз, қазақтың руларымыз деп кетті? Мұның мәнісін ақыл қанағаттанарлық қылып бұл күнге шейін тарих анықтаған жоқ.

V

ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ ЖҮЗГЕ БӨЛІНУІ ҺӘМ АЛАШ АТАНУЫ

Қазақтың үш жүзге қалай бөлінгені, не себептен алаш атанғаны туралы халық аузындағы ертегі секілді сөздерден алып, тарихшылар мынаны жазады: дәл қай заманда екені белгісіз, бұрынғы қазақ хандарының біреуі елін үш баласына бөліп беріп, үлкеніне тигенін - Ұлы жүз, ортаншысына тигенін - Орта жүз, кішісіне тигенін - Кіші жүз атаған екен дейді.

Тағы бір ертегі, қазақ Алтын Ордадан бөлініп шыққаннан кейінгі хандары Жәнібек, Керейден соң болған хандардың біреуі Ахмет хан әскерін Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп үшке бөліп қалмақпен соғысқан, сонда Ахмет ханның әскері қалмақты шаба берген соң, қалмақтар Ахмет ханға “алашы” деп ат қойыпты. “Алашы” деген сөз қалмақша мейірімсіз, қанішер деген мағынада болса керек. Ахмет хан, қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді қалмақты шапқанда “алашы” деп шабындар деген соң, қазақтар “алашы” деп шауып, сол қазаққа ұран болыпты. “Алаш, алаш болғанда, алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмадық” - деп қазақтың мақтануы сол дейді шежіреші Шәкәрім.

“Қазақ” газетінің 13-інші санында Шәкәрім шежіресіне сын жазған “Қыр баласы”, “Алашы” қалмақша не деген сөз екен? Мұны қалмақпен араласы бар елдердің азаматы сұрап білсе жарар еді” дегеннен кейін Халел Досмұхаметұлы “Қазақтың” сол жылғы 15-інші санында мынаны жазған: “Орал облысында Уральское казачье войскоға қараған қалмақтар бар, Қыр баласының өтініші бойынша “алаш” деген қалмақ тілінде сөз бар ма, болса мағынасы қазақша не болады” дегенімде, қалмақтар айтты: Қалмақ тілінде “алашы” деген сөз бар, қазақша мағынасы “өлтіргіш, аямаушы, жауынгер” деп. “Алашы” деп қалмақтар жақтырмаған орында айтады. Жаны ашымай хайуанаттарды көп өлтіре беретін аңшыларды да қалмақтар “алашы” деп атайды.

Қазақтың не себептен алаш, не себептен қазақ, үш жүз атанғанын баяндайтын бұлардан басқа да ертегілер бар, оларды жазуды қажет көрмедік. Бұл туралы ертегілердің көбінің мағынасы біріне-бірі қайшы, бәрі қорытқанда да әзір анық дәлел болып шыққандай емес. Бірақ мұндай ертегілер қазақтың аты, тегін зерттеушілерді ойға қалдырарлық жері бар. Мәселен, қазақ, я алаш, қалай да болса, бір кісі - ру басы емес екені рас-ау, әйтпесе біріне-бірі қайшы келе берсе де көптен халық аузында сөйленіп, ертегі болып жүргеніне қарағанда, “қазақ”, “алаш” сөздерінің түбінде бір көмескілік бар ғой дегізетін. Тарихшылар мұндай ертегі сөздерді де ескерусіз қалдырмай, түбінде салыстыра, қорыта келе бір дәлелді

мағына шығаруға болар деген үмітпен жинап, жазады, бірақ әлі күнге шейін ондай сөздерді қолданып, бір нәтиже шығарған жоқ.

Жоғарыда айтылғандай: “алаш” қазаққа ұран болып қалған мәнісі ақылға қонып тұр. Қазақ “алаш” яки “алашы” деген атты хандарының біреуіне қалмақ қойған екен деп жүрген болса, оның үстіне қалмақ тілінде “алашы” деген сөздің мағынасы қазақтың бұрыннан ұғынып жүргеніне дәл келуі - бұл ертегінің қисыны барлығын көрсетеді. Үш жүз - қазақтың ру басылары болмай қоныс ретінде қарай ма, халықтың санына қарай ма, әскерді үшке бөлгенінен бе, я бір ханның қазақты үш баласына бөліп бергенінен бе, әйтеуір үш тапқа айрылғандықтан “үш жүз” аталғандығы анық болса керек.

Қырғыз қазақпен туыс, тіл, тұрмыс жағынан өзге түркі руларынан жақын екендігін тарихшылардың көбі ыспаттайды. Бірақ қазақ пен қырғыздың арасында аз да болса айырма бола тұрып, не себептен екені белгісіз, қырғыздар да өздерін “алашпыз” дейді¹⁴. “Алаш” қазақ ұраны болып кеткен сөз болса, бұл ұранға қырғыздар қалайша һәм қашаннан бері ортақ болғаны белгісіз.

VI ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ, қырғыздың аты, тегі һәм қашаннан бері өз алдына жұрт болғаны туралы жоғарыда жазылғандарды қорытқанда шығарған нәтижеміз мынау:

Қырғыз ежелден қырғыз атанып, Айсадан бұрын неше ғасыр өз алдына жұрт болған, қазақпен туысы, діні, тілі, қонысы, әдет-ғұрпы, салт-санасы бірдей жауынгер түркі қауымдарының бірі. Қазақ пен қырғыздың арасында, тіліндегі болмашы айырма болмаса, еш бөтендік жоқ.

Қазақ X ғасырдың ар жағында көп заман бұрын өзінің хандары болып, өзін-өзі билеген, ежелден қазақ атанған түрік жұртының бір тарауы. Қазақ XII ғасырдың аяғында әр түрлі түркі руларымен қосылып, көбейіп, тағы да бөлек жұрт болып, сыбайлас жұрттардың көбімен соғысып, бірде жеңе, бірде жеңіле келіп XVIII-XIX ғасырларда Россияға бағынғаннан кейін еркінен айрылған жұрт.

“Шолпан” 1923, № 3-5.
“Қызыл Қазақстан”, 1923 ж. № 17-18.

Дулатұлы М. Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер.- Алматы: Ғылым, 1997.- 2-т.- 287-299 б.

ДЕНСАУЛЫҚ ЖАЙЫНАН

I. Құлағың аман болады

1. Құлаққа ұрма, құлаққа айқайлама, шыңғырма.
2. Қалам, қарындаш, тас-қалам, ине сықылды өткір ұшты нәрселермен құлағыңның ішін шұқыма. Құлағыңа һешнәрсе тықпа, мақтаны әсіресе суланған, я дәріленген болса, құлағыңа тығушы болма.
3. Құлағыңның ішін, сыртын таза ұста. Сабынды сумен құлағыңды абайлап жу. Жуынған соң құлағыңның суланған жерін әбден сүртіп құрғат.
4. Құлағыңның ішіне бір нәрсе кіре қалса өзің һешнәрсе істеме. Тезден доқтырға көрін. Құлағыңның ішіне құрт, кеңе, бүрге сықылды тірі жәндік кіре қалса, доқтыр келгенше бірнеше тамшы жылы кендірмай я жылы сүт тамыз.
5. Бұлақ болсаң (құлақтан ірің ағу) тез доқтырға көрін, құлақтан аққан іріңді пайдалы я зарарсыз нәрсе деп ойлама. Бұлақ өте зиянды.

2. Мұрның аман болады

1. Мұрныңды әрдайым таза ұста. Танауларыңды тазалап жүр. Өзіңнің жеу, сөйлеу үшін, мұрының тыныс алу, иіскеу үшін жаралғанын ұмытпа. Сіңбіргенде дауыстатып екі танауыңмен бірдей сіңбірме, әуелі бір танауыңды тазалап ал, сонан соң екінші танауды тазала.
2. Жүргенде, жүгіргенде, сөйлегенде, ұйықтағанда мұрныңмен дұрыстап дем ала алмайтын болсаң доқтырға көрін. Доқтыр тексеріп қарап дем алысың неден бұзылғанын тауып береді.
3. Жас балаларға туысымен-ақ аузын жұмып ұстауды әдеттендіру керек. Бесікте жатқанда бала аузын ашып жататын болса жастығын биіктетіп, басын көтеріңкіреп, иегін төсіне тигізіп жатқызуы керек. Бүйткенде де бірнеше жұмадан соң аузын ашып жатуды қоймаса доқтырға көрсету керек.

3. Тыныстың амандығы үшін

1. Дем алғанда аузың үнемі жабулы болсын.
2. Шаңда я ауасы бұзылған орында шамаңнан келгенше дем алма, (тұрма) жүрген жерінде шаңдатпай жүр, әсіресе үйдің ішінде шаң көтеруші болма.
3. Үйдің ішінде еденге қақырма, түкірме, мұрын орамалына қақырма, түкірме.
4. Үй ішінде отырып жұмыс қылғанда жылы уақытта терезең ашық болсын. Суық уақытта күн тәуір болса бірнеше рет есік, терезені ашып, үйіңнің ауасын жаңартып, тазалап тұр.
5. Гулеме желден сақтан, әсіресе қызып терлеп отырғанда сырттағы ауа үйге бір тесіктен (терезеден кіріп қарсы есіктен не есіктен кіріп қарсы терезеден) шықса үйдің ішін жел гулеп кетеді. Осы желді гулеме деп атайды.

6. Ұйықтайтын үйіңнің (бөлменің) ауасы өте таза болсын. Ұйықтаған уақытта күндізгі шаршатқан бейнетінен құтылып адам дем алады, келешек күнге күш-қуат жияды. Адамның өмірінің біразы ұйқыда өтеді. Сондықтан ұйықтайтын жайың денсаулыққа керекті шарттарға келісті келсін. Таза болсын. Мұны ұмытпасқа керек.

7. еш уақытта көкірегіңді, ішінді (құрсағыңды) терезенің алдына не тақтайдың, үстелдің шетіне я болмаса басқа нәрсеге кидірмелеп қыспа.

8. Шылым тартпа, насыбай атпа, темекі өте зиянды нәрсе.

4. Көзің аман болады

1. Ымыртта, алакөленкеде, нашар жарықта оқыма, жазба, жұмыс қылма.

2. Күндіз үйде жұмыс қылсаң жарық (терезе) сол жағыңда болсын. Жарық болған тесіктен (терезеден) аз да болса аспанның бір бөлігі көрініп тұрсын, көз алдындағы (қолыңдағы) істеп отырған жұмысыңа (жазып отырған қағазыңа, тігіп отырған киіміңе) күн түспесін (күннің шуағы тимесін).

3. Кешке шаммен жұмыс қылғанда шамың алдында кішкене сол жаққа таман жарты метрдей (үш жарым қарыстай) алыстықта тұрсын. Шамның қалпағы (абажоры) қара не қызыл, көк, сары секілді бояулы түсті болмай ақ шыныдан (фарфордан) болсын. Шамның моржасы (тұрбасы, мойны) бұлтықсыз шелек қалыпты болсын. Жылпылдаған жарықта, ат үстінде, жүріп келе жатқан арба, шана үстінде, от арбаның, трамвайдың ішінде жұмыс қылу, кітап оқу, көзге өте зиянды. Жатып оқыма, іс қылма, көзің тез бұзылады.

4. Жазғанда қою қара сиямен анық көрінетін сызықтың үстінен жаз, жазғанда жолмен транспарант пайдаланба. Ең жақсысы сызықсыз қағазға түзу жазып үйренген.

5. Жұмыс уақытыңда көзің талса, жұмысыңды қой да көзің дем алғанша (талғаны қойылғанша) терезеге қара.

6. Қатты аурудан тұрғанда әбден айыққанша біраз уақыт көзіңді күтіп сақтанып жүр.

7. Көзіңе қиқым я бөтен бір нәрсе түсе қалса, көзіңді уқалама. Жоғарғы қабағыңды қолыңмен жәй ғана мұрнына қарай сыла. Көзге түскен нәрседен бүйткенде құтыла алмасаң, доқтырға көрін.

8. Көруің кемісе я көзің ауырса доқтырға көрін. Көзіңе көзілдірік керек пе, я бөтен дару керек пе тек доқтыр ғана біледі, көзілдірік керек болса қандай көзілдірік керекін (нөмірлісі болады) қай уақытта киюін дәрігер айырып береді. Орынсыз киген көзілдірік көзді бұзады. Дәрігермен кеңеспей көзілдірік киме.

Үйде жұмыс қылғанда саламаттық сақтау үшін

1. Жұмыс қылғанда жарық (терезе, шам) сол жағыңда болсын.

2. Жазу үшін отырғаныңда астыңдағы орындығыңның алдыңғы шеті үстелдің астына 2-5 сантиметр (бір-екі елі) кіріп тұрсын. Жазғанда тік отыр, көкірегіңмен үстелдің шетін кидірмелеме.

3. Үстелге отырғанда екі білегіңді шынтағыңа дейін үстелдің үстіне салып отыр.

Астындағы орындығың аласа болса үстіңе көпшік я бөтен нәрсе салып керегінше биіктет.

4. Үстелге отырғанда табаныңды жерге я еденге тигізіп тіреп отыр. Аяғың жерге (еденге) жетпесе табаныңның астына тақтай (сандық, жәшік) қойып басып отыр.

5. Үстелде отырғанда аяғыңды орындықтың астына қарай бүкпе, не болмаса бір аяғыңның үстіңе бір аяғыңды салып айқастырма. Аяғыңның тізеңнен төменгі жағы тік тұрсын.

6. Орындықтың үстінде тік отыр, арқанды орындықтың арқасына таяп сүйеп отыр. Басыңды төмен еңкейтпе.

7. Жазғанда екі білегің шынтаққа дейін тегіс үстелдің үстінде жатсын. Сол қолыңмен қағазды басып керегінде ілгері жылжытып отыр.

8. Жазатын қағазыңды оң жаққа тамандау қарсы алдыңа сал.

9. Оқығанда орындығыңды үстелден аз-кем кейіндеу қойып кітабыңды екі қолыңмен ұста, кітаптың төменгі жағы үстелге тіреліп тұрсын, жоғарғы жағы үстелден көтеріңкі болсын. Оқығанда кітабыңның бетінен көзің ең кем болғанда 32 сантиметр (екі сүйемдей) қашық болсын.

10. Орындықта отырғанда киімің астыңда бүктеліп жатпасын. Сондықтан еркек балалар ықшамдау шалбар, қысқа пешпет киюі керек. Қыз балалар орындыққа көйлектерін тегістеп бүктесінсіз қылып отыру керек. Отырып алғансын астындағы көйлегінді дұрыстаймын деп қолыңды тартқыштама.

Дененің саулығын сақтау үшін

1. Үйіңе таза ауа көп кірсін, күннің сәулесі (шуағы) көп түссін, саламаттықты сақтау үшін таза ауа күннің шуағы өте қажет нәрсе.

2. Тұла бойыңды, ең болмағанда мойныңды, көкірегіңді, арқанды салқын сумен жуып тұр, көнпісті боласың. Дененді таза ұста, жұмасына бір рет жылы суға шомылып тұр.

3. Жылы мезгілде бос суға көбірек шомыл. Ең артығы күннің шуағынан жылынған суға түсу, шомылуға қолайлы уақыт сәске мен намазгер (екінді). Тал түсте күн қызып тұрғанда суға түспе, шомылардың алдында жалаңаш отырма, терлейсің. Тамақтың соңынан тоқ қарынға суға түспе, қызып я терлеп тұрып суға түспе, әуелі қызуыңды басып, терінді кептір. Терлеген дене жылдам салқындайды, суық тез тиеді. Шешінісімен басыңды сула да суға түс. Суға жүгіріп келіп қарғып я секіріп түспе. Суға кетіп қалуға мүмкін. Су ішінде бір орында тұрма, отырма, жүз, жүр, көбірек қимылда. Су ішінде он-жиырма минуттан артық болма. Дірілдей бастасаң, тезірек судан шық. Судан шығысымен әуелі дененді сүртіп құрғат. Киініп алған соң жылынғанша қыдыр, жылы, тынық күні судан шыққан соң біраз жалаңаш отыр, үстіңе күн тиіп тұла бойыңды жел қақсын. Әлсіз, аурудан әбден айыққан адамға тымық жылы күні ғана суға түсуге болады. Суға түсу шарттарын әбден ұғып ал. Осы шарттарды елемегендіктен адам баласы түрлі бақытсыз уақиғаларға душар болады.

Жуынғанда тұла бойдағы кір кетеді. Терінің бітеліп қалған тесіктері ашылады. Адамның терісі көнпісті болып жарайды. Сондықтан жиірек жуын. Жылы суда кір жылдамырақ ериді. Сабын жылдамырақ көпіреді. Сондықтан салқын судан гөрі жылы су денедегі кірді жылдамырақ кетіреді. Өте жылы су, әсіресе, күнде жуынғанда адамның қанын тасытып, денесін босатып нәзіктендіріп жібереді. Бұл есінде болсын. Жылы суға я

моншаға түскеннен кейін дененді жайымен бірден бірге салқындатып суықтан сақтан.

Шомылып шыққаннан кейін үстінді таза орамалмен (сүлгі) я жайымамен әбден сүртіп құрғат. Дененді таза ұстау үшін жуынумен барабар іш киімді (көйлек-дамбалынды) жиі ауыстырып тұр. Ең болмағанда шамаң келсе көйлек-дамбалынды жетісіне бір рет алмастыр (алмала), қара жұмыс (қол жұмыс) пен еңбек қылатын адамның екі киімі болуы керек. Күндіз кигенін түнде шешіп жәйіп, түнде кигенін күндіз жәйіп алмалау қажет. Тер, түлеген тері, май адамның терісінен шыққан басқа зиянды нәрселердің бәрі ішкі киімге сінеді. Бұл нәрселер тез-ақ шірі бастайды. Шіріктің әсерінен қолтық-башпайлардың арасы секілді орындарға қолаңса шуаш пайда болады. Шіріктің салдарынан адамның терісі желіп түлейді. Қызыл шақа болады, түрлі жара түседі.

4. Өзіңді, тамағыңды таза ұста, ішкен, жеген сайын және де ертеңді кеш аузыңды тазалап шайқа. Аузыңды таза ұстасаң тіс аурудың көбінен құтыласың. Тамақ жеген сайын тісінді масуекпен (тіс тазалағыш) жақсылап тазала.

Ең болмағанда тісінді күнде ертемен бір тазала. Масуектің қылы тым қатты не өте жұмсақ болмасын. Көнеперіштен жасалған тіс тазалағыш қолдануға жарайды.

5. Таза ауада (сыртта) көбірек қимылда (жүр, ойна, жүгір)...

6. Өте жылы киінбе басыңа жеңілдеу нәрсе ки, мойныңды ашық ұста.

7. Дененді тар киім белбеумен түрлі баумен байлап қыспа.

8. Аяқ киімің (етіктің ұлтаны табаныңа лайық болсын) өкшесі жалпақ аласа болсын. Биік өкше өте зиянды болады.

9. Киімің әсіресе шұлғауың, байпағың (шұлығың) суланса шапшаң шешіп тастап құрғақ киім ки.

10. Өте көп ішіп, жеме. Бұзылған астан, сіңбейтін тамақтан әсіресе тәттіден қашық бол. Жас балаға тәтті беріп үйретпе. Асты реттеп ішіп, же. Күніне үш мезгілден артық тамақтанба. Уыттаған тамаққа әуес болма. Жәйша даярланған асқа көндік. Пияз, тұз сықылды нәрселерді асқа көп салма. Қызыл бұрыш, қран сықылды нәрселерді салма, арақ, боза сықылды есірткіш нәрселерге жолама шикі я шала піскен етті, жемісті жеме.

11. Ерте жат, ерте тұр. Ояңғасын төсекте тырандап жатпа. Оянысымен төсектен тұрып кет. Оянысымен төсекті тастамаған кісі ететін жұмысын көңілді болып бастамайды.

12. Кешке ұйықтардың алдында ауыр жұмыс істеп шаршама. Болдырған кісі дұрыстап ұйықтай алмайды.

13. Ұйқы адамға күш жинап қуат береді. Адамға пайдалы ұйқы. Түссіз қатты ұйқы. Түнде ұзақ отырып істеген ми жұмысы адамның ұйқысын бұзады, адамды ұмытшақ қылады. Сондықтан саулық сақтау ғылымы саған “ерте жат, ерте тұр сонда ғана ұйқы сені тынықтырады” деп бұйырады.

Ұйқының ұзақтығы жасқа қарай түрліше болады. Тәулікте емшектегі балаға он алты жиырма сағат, он-он екідегі балаға тоғыз сағат, боз балаларға сегіз сағат үлкен кісіге алты-жеті сағат ұйқы керек. Наша шекпе көкнар (апиын) жеме диуана боласың.

Дулатов М. Шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1991.-205-211 б.

МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ - КӨРНЕКТІ
ҚАЗАҚТЫҢ АҚЫНЫ

ҚАЗАҚ ЖЕРЛЕРІ

Мың жеті жүз отыз бір санәсында⁴⁵,
Біз кірдік Руссияның фанасына.

Һүнерсіз бостығымыз көрінген соң,
Қызықбас кім қазақтың баласына?

Жылында мың сегіз жүз алпыс сегіз
Қазналық, деді, жердің һәммәсін да.

Таралып жылдан жылға жер-суымыз
Мұжықтың кетті бәрі қаласына.

Қадірден халық билеген ақсақалдар,
Бұл іске фәһім⁴⁶ назар саласың ба?

Темірді қызуында соқпай қалып,
Нәсіліңнің көз жасына қаласың ба?

Кір жуып, кіндік кескен хайран жерлер,
Мұжыққа, хош аман бол, барасың да.

Қасиетті бабамыздың зияраты,
Қалдың ғой көшесінің арасында.

Моншаға зияраттың тасын алып,
Ағашын отқа мұжық жағасың да:

Таба алмай бір барғанда еш белгісін,
Көзден жас көлдей болып ағасың да.

Шалқар көл, аққан бұлақ, жайлы қоныс
Орман-тоғай кетті ғой ағашың да.

Ойласам мұның бәрін хиялы боп,
Хафадан ішім оттай жанасың да.

Әуелде жерімізбен кіріп едік,
Тұрмақта ғәділдіктің саясында.

Айрылсаң қалған жерден осы күнгі
Топыраққа малды қазақ бағасың да.

Адасты ғақылынан қара халық
Білгіштер өзің хайлә табасың да.

Қазағым, жерің қайда ата мекен,
Қазақ қазақ болғалы мекен еткен.

Хазірде бәріңізді қуып шығып,
Орныңа қала салып хахол жеткен.

Шығарған жер өлшеуге землемерлер
Қала үшін кеткен бізден жақсы жерлер.

Тәтті шөп, тұщы судың бәрі сонда,
Табатын бұған хайлә қайда ерлер?

Зеңгір тау, аққан бұлақ, шалқар көлдер,
Кетті ғой беттегелі биік белдер.

Қысқарып жер кеткен соң өрісіміз,
Қалды ғой жатақ болып хайран елдер.

Ащы су бізге қалды шөл далалар
Жақсы жер қалдырмады егін салар.

Қалайша тау мен тасқа баға алады
Қоралы қой, қосты жылқы байларда бар.

Мінекей келді мүжық көшкен бұлттай
Қазақтың қояр емес жерін құртпай.

Келді де егін салып байып кетті,
Жалқау ма бұлар тәңірі-ай біздің жұрттай.

Көрдің ғой бұл уақытта тарылғаның,
Алынбас илтифатқа⁴⁷ жалынғаның.

Он бестен кісі басы десятина
Жер берсе сонда қазақ нәшік хәдлің?

Дулатұлы М. Шығармалары.- Алматы: Ғылым, 1996.- 1-т.- 32-34 б.

ЕЛІМ-АЙ

Ем таба алмай дертіңе мен ертеден,
Сол бір қайғың өзегімді өртеген.
Тырып етпейсің бас көтеріп көрпеден,
Еңсең неге түсті мұнша, елім-ай?

Өткен сағым, келер алдың бір мұнар,
Қызылшылсың қызарғанға тым құмар.
Сақтан деген сөзді жан жоқ шын ұғар,
Жемге шапқан, қармақ құрса, елім-ай!

Қандай едің, кара кейін қайырылып,
Қандай едің, тұрсың одан айырылып.
Мүгедек боп қос қанатың майрылып,
Өксіп жылап өгей ұлша, елім-ай!

Мұны құр бос өлең десең, өзің біл.
Жұрт болмаймын өлем десең, өзің біл.
Не болса да көнем десең, өзің біл,
Босағада жүрген құлша, елім-ай!

Түзелесің қашан, жұртым, оңалып?
Тіл алмасаң, кетпеймісің жоңалып?
Қайтер едің өткен дәурен оралып,
Жылы жүзбен мойнын бұрса, елім-ай?

Сол күніңді көрсем - менің арманым,
Жоқтамас ем өзге тілек қалғанын.
Сұм жүрегім селк етпейді жалғанын,
Бұл мінезің бойда тұрса, елім-ай!

Дулатұлы М. Шығармалары.- Алматы: Ғылым, 1996.- 1-т.- 109 б.

ЖАС ҚАЗАҚТАР, ҚАЙДАСЫҢ?

Жатпалық, жастар жатпалық,
Жасқанба, жолың ашылсын.

Бақшасында халықтың,
Бұлбұл боп тілің сайрасын.

Садақа басың жан пида,
Ең жаманы айдалсын.
Әр қамалға - бір зауал,

Болып бір заман айналсын.
Кешегі дұшман қаһарлы,
Ертең қор боп жай қалсын.
Ұраныңды шығармай,
Жас қазақтар, қайдасың?

Дулатұлы М. Шығармалары.- Алматы: Ғылым, 1996.- 1-т.- 108-109 б.

НАУРЫЗ
(Жаңа жыл)

Аспанда күннің нұры,
Мақпалдай жердің түрі.
Қуаныш мал мен жанда,
Қыс шыққан өлмей тірі.

Ойнаған анау бала,
Көк орай жалын дала.
Егіндік егін еккен,
Ұзамай болар жаңа.

Бай, жарлы келген күйі,
Ойын-той ауыл үйі.
Қой сойып, қонақ асы,
Мырзалық еткен сыйы.

Келіпті жылдың құсы,
Күнде шу көлдің тұсы.
Күн жылы ызғары жоқ,
Жаз шығып, кеткен қысы.

Боздаған анау түйе,
Құлындап жатыр бие.
Гүлдеуге бет алып тұр,
Қызарып қызыл шие.

Егінші егін егіп,
Қостанып арба жегіп.
Тыныш жоқ ерте мен кеш,
Еңбекпен азап шегіп.

Ат шауып, тау жарысқан,
Таласып бәйгі алысқан.
Көтерем арық-тұрық,
Жаз шығып жайланысқан.

Ойын-той болып жатқан,
Ел-көшіп, қонып жатқан.
Жаз шығып, жазғытұры,
Анау мал толып жатқан.

Жайнаған терең сайлар,
Ойнаған құлын, тайлар.
Ел қонып көл жағалай,
Өріске малын айдар.

Гүл өсіп гүл-гүл жайнар,
Бұтақта бұлбұл сайрар.
Тіріліп құрт-құмырсқа,
Жер жүзі быж-быж қайнар.

Сұлу жүр сылаңдаған.
Күлімдеп қылаңдаған,
Ерініп бір басуға,
Жас талдай бұраңдаған.

Қыдырып жігіт сылқым,
Ерігіп күнде дарқан.
Жеңгесі жылы жүзді,
Ат қойып кенже қалқам.

Аспанда күннің нұры,
Мақпалдай жердің түрі.
Қуаныш мал мен жанда,
Қыс шыққан өлмей тірі.

Дулатұлы М. Шығармалары.- Алматы: Ғылым, 1996.- 1-т.- 81-83 б.

ШЕШЕНІҢ БАЛАЛАРЫН СҮЮІ

Кім сендерді, балалар сүйетұғын,
Қуанышына қуанып, қайғыңа - күйетұғын?
- Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,
Шешен байғұс дамылсыз жүретұғын.

Кім сендерді, балалар тербететін,
Еркелетіп, ойнатып, сергітетін?
- Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,
Қамқор анаң көз жасын көлдететін.

Кім сендерді сағынар шетке кетсең,
Ғылым іздеп, тез қайтпай, көпке кетсең?
- Бетін жуған жасымен сорлы анаң
Хат жазып тұр, төбесі көкке жетсін.

Кім сағынар сендерді келгеніңше,
Құлындарын көзімен көргеніңше?
Сендер қайтып келсеңдер адам болып.
Һеш арманым болмас еді өлгеніңше...

Дулатұлы М. Шығармалары.- Алматы: Ғылым, 1996.- 1-т.- 103-104 б.

МҰҢ

Сенімсіз басым, пайдасыз жасым арманда,
Жетермісің тілегіңе жалғанда?
Қан тамшылап тұрса да көзден жас ағып,
“Сенікі жөн”,— деп құлаққа ілген жан бар ма?

Елең етер намысқа қызып жігіт аз,
Бұл не ғажап — жұрт керек боп қалған ба?
Мен не болсам, болайын саған садақа,
Сүйікті жұртым, қақпанға түсіп алданба.

Сырты тұнық, іші лай жауың бар —
Жаны ашитын жақын сол деп малданба.
Жұрттығыңды жоғалтпай әлден, басың қос,
Озу қиын көмбе жерге барғанда.

Бола берме, жазған қазақ, жасқаншақ,
Күнің жетті мұңыңды шағып зарларға.
Ақсақалдар көсемдік қылса, ел бастап,
Ер артынан, жас азамат, арланба!

Шаш өсірген орысша оқып жас жандар,
Жолды көрсет адасқан елге, паңданба.
Жұрт пайдасы деген жолдан тартынбай,
Дәулетіңмен жәрдем тигіз, байлар да.

Шариғат сатып мал жиғанға салынбай,
Ағарт жұртты, молдекелер, қамдан да.
Сен де қысқарт ақынсымай сөзінді,
Сырың мағлұм, жат тыншыңа жайлан да.

Дулатов М. Шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1991.- 96 б.

АРМАНЫМ

Зор арманым - жиһанды жүрмін кезе алмай,
Не бар, не жоқ - дүние халін сезе алмай.
Зейінім - ауыр, қолым - қысқа, жолым- тар,
Іздеген мұрат қолға тиіп тез алмай.

Көзім көріп, айтуға тілім бата алмай,
Ішім қайнап тағы да шыдап жата алмай.
Мендей міскін бар ма екен хақтың құлында,
Керексіз болған еңбегі еткен ақы алмай.

Мен дос көрсем, мені санап дұшманға,
Айтқанымды алғыза алмай еш жанға.
Қаскүнемнің хайласына көз жетпей,
Білерсің бір-ақ бүйіріңнен қысқанда.

Аяусыз жаным, мен бір құрбан лағың,
Болса алуға, қаным себеп, мұрадың.
Болайын сүйінші: жұлдызы жанып бақыттың,
Сен көркейді деп естісе құлағым.

Азуды қайрап, бармақты шайнап өтті күн,
Ғылымды іздер, алысты көздер жетті күн.
Ақсақал артқа, жастар тартса салтқа,
Әперер жұртқа кекті кім?

Дулатов М. Шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1991.- 95-96 б.

ШӘКІРТ

Ай жарық, салқын ауа, күзгі түнде,
Ұйықтаған үлкен шаһар жатыр күйде.
Жалғыз-ақ тырыс шәкірт кітап ұстап,
Есінеп ояу отыр пәтер үйде.

Дегенмен отыр ояу жалғыз сүлде,
Ұмытқан басқа істің бәрін мүлде.
Әкеткен ой жетелеп, рухын билеп,
Алысқа әлдеқайда жапан түзге.

Ойлайды ол: ашсам сырын, тапсам ғылым,
Жұртым-ау қылсам еңбек, болып құлың...
Кітапты екі қолдап қысып ұстап,
Иіріп отыр іштен қиял жібін.

Мұқтаждық мейірімсіз жолын бөгеп,
Байлар жоқ мұны көріп берген көмек.
Түгелдеп киім, тамақ, оқу хақын,
Шамасы аз жеткізе алмай жүрген жүдеп.

Көніп жүр таршылыққа неше жылдай,
Қыс оқып, жаз ақша іздеп, ешбір тынбай.
Шыдаса көп қалған жоқ, мақсұт жақын,
Абырой, денге саулық берсе құдай.

Я, алла! Талапкердің бақытын аш,
Ақ жүрек пайдалы іспен атағын шаш.
Ұлтына қараңғыда қамаулы өскен
Жарқырап жарық сәуле болғандай бас.

Мың ділдә білімдінің жалғыз сөзі,
Таңырқап жұрттың бұған тұрған кезі.
Сен болып бақыт таңы нұр түсірсең,
Сыпырылып қайғы бұлты кетер өзі.

Айнымай тұтқан жолың болсын мынау:
Азаттық, ағайындық, теңдік сұрау.
Тайсалмай дұрыстыққа жанды қисаң,
Борышы адамдықтың сонда тұр-ау...

Дулатұлы М. Шығармалары.- Алматы: Ғылым, 1996.- 1-т.- 105 б.

ЖАҢА ТІЛЕК

Жаңа жылда жаңа тілек тілелік,
Ескі жылды ескере де жүрелік.
Кеп жүрмесін қайта айналып түнеріп,
Көзің жасты, көңілің қаяу, алашым!
Жұрт болудың ойланалық амалын,
Қамсыз жатар емес енді заманың.
Надандықтың қираталық қамалын,
Мақсатыңа ұмтыл таяу, алашым!

Жау мен жұттан енді құдай сақтасын,
Қасекенді қас масқара таптасын.
Кәрі-жасын енді ғафіл жатпасың,
Аш көзінді, болма баяу, алашым!

Өз қамыңды ойлан өзің ел болсаң,
Ел боламын, тең боламын дер болсаң.
Көктен теңдік келмес өзің кем болсаң,
Мең-зең болмай, талпын, оян, алашым!

Ұшқан құстай, суда жүзген балықтай,
Табиғатты қолданушы халықтай.
Сен де енді сергісейші жалықпай,
Жүргеніңше мәңгі жаяу, алашым!

Бүгін халықтың қуанышы кең күні,
Күн менен түн - таразының тең күні.
“Құт-береке болмаса екен кем күні”,
Деп тілелік, қолын жай-ау, алашым!

Дулатұлы М. Шығармалары.- Алматы: Ғылым, 1996.- 1-т.- 113 б.

ҚАЙДА ЕДІҢ?

Кешегі қара күндерде,
Жұлдызсыз, айсыз түндерде,
Жол таба алмай сенделіп,
Адасып алаш жүргенде,
Бұл күнгі көп көсемдер,
Сұраймын, сонда қайда едің?

Ақыл таппай дағдарып,
Жан ашыр таппай сандалып,
Барарын қайда біле алмай,
Жүрген бір күнде сан ғарып -
Есепсіз көп шешендер,
Жөніңді айтшы қайда едің?

Сарыарқа сайран жерлерім,
Көк орай шалғын көлдерім,
Бәрін жауға алдырып,
Асқар тау - биік белдерім.
Қысылып қазақ тұрғанда,
Данышпандар, қайда едің?

Атадан бала айрылып,
Қанаты сынып қайрылып,
Қасірет толып жүрекке,
Тұрған бір кезде қайғырып,
Толып жатқан қамқорлар,
Елде жоқ едің, қайда едің?

Құландай үркіп елдерің,
Қалдырып мекен жерлерің,
Жаяу жалпы, жалаңаш,
Қатын, бала, ерлерің
Аштықтан қырғын тапқанда,
Сыпыра жомарт, қайда едің?

Кедейдің сорын қайнатып,
Майданға жасын айдатып,
Тілі жоқ, көз жоқ, басшы жоқ,
Өлімге басын байлатып -
Жіберерде, жаным-ау,
Жан ашыр жақын, қайда едің?

Енді бүгін кім жаман?
Данышпан емес, кім надан?
Қамқор емес, кім жауыз?
Жомарт емес, кім сараң?
Көсем емес, кім жалтақ?
Шешен емес жоқ адам.
Бәрі білгіш, бәрі де ер,
Жеткіздің, алла тағалам.

Дулатұлы М. Шығармалары.- Алматы: Ғылым, 1996.- 1-т.- 114-115 б.

ЖАСТАРҒА

Найзаменен түртсе де,
Жатырсың, қазақ, оянбай.
Мұнша қалың ұйқыны
Бердің бізге, ой, алла-ай!

Бар ма екен біздей ғафыл жұрт,
Атырафқа көз салсақ.
Көзі іскенше ұйқыға
Келе жатқан тоя алмай?

Етемін үміт жастардан,
Жана гүл шашқан бақшадай.
Мұрадын оңай кім табар,
Жар салып жұртқа қақсамай?

Халыққа, жастар, басшы бол!
Қараңғыда жетектеп.
Терең судан өтер ме,
Мың қойды серке бастамай?

Дулатов М. Шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1991.- 37 б.

ЖҰТ

Кетер ме көпке шейін Доңыз естен,
Былтырғы қатты боран қыстайғы ескен?
Жетпіс пен сексендегі қариялар:
“Көрмедік сұрапылды мұндай”, - дескен.

Үскірік, аяз, боран араласқан,
Екі үйдің арасында жан адасқан.
Қабағын түйіп келген қаһарлы жұт
Салды ойнақ сахараға уытын шашқан.

Мұндайда қасқыр қарап қалсын неге?
Қашаннан тісін қайрап жүрген неме.
Көп берді жұтқа көмек бір жағынан
Демеді: “Қызғаныш қып жұтта жеме!”

Қырылды қосты жылқы сорға түсіп,
Омбы қар, терең сай мен орға түсіп,
Хал кеткен қайыруға жылқышылар.
Жанымен “қош” айтысты олар да үсіп.

Үстінде ұзын жолдың қалашылар,
(Күн бар ма кедей сордың бағы ашылар).
Тоқтаусыз күні-түні соққан боран,
Біразын қалған басып қазасы бар.

Балалар боқша арқалап барын киген,
Сабаққа бармақшы боп шыққан үйден,
Жеткенше аяқ-қолын домбықтырып,
Бетінен тызылдатып аяз сүйген.

Суатқа мал суғара барған малай,
Келеді құлақ-мұрнын о да уқалай.
Кенеттен бір мезгілде боран соғып,
Лағып құба жонға кеткен талай.

Жылқыны Доңыз солай қырып кетті,
Жұмысын бітірді де жүріп кетті.
Сан байлар жүген ұстап қала беріп,
Сабасын керегеге іліп кетті.

Қайран ел, қандай едің заманында
Күн бұрын сақтанбадың аманында.

Алдына жау мен жұттың айдап салып,
Сөйтетін қор болып жұрт қаларында.

Жаз туса бейғам едің қыс жетпестей,
Қызық күн бастан, сірә, неш өтпестей.
“Жаратқан құдай артық халықпыз” деп,
Қолыңнан төрт түлік мал бір кетпестей.

Көрді ме енді көзің кеткендігін,
Замана өз жұмысын еткендігін.
Сақтанбай салақ өскен жалқау жұртты,
Көндіріп кедейлікке жеткендігін?

Ақылын жанашырдың алмаушы едің,
Сөзіне, сірә құлақ салмаушы едің.
Қымызға шекең қызып, тойсаң етке -
Пайдасыз құрғақ дауға талмаушы едің.

Жаз жимай қыс азығын жатушы едің,
Арзанға қымбатыңды сатушы едің.
Еңбекпен табар пайдаң болмаған соң,
Борышқа шаш етекпен батушы едің.

Баланды оқыт десе қашушы едің,
Малыңды “партияға” шашушы едің.
Алдында дұрыстықтың көзді жұмып,
Аңқылдап теріс іске басушы едің.

Кең қоныс, ата мекен кеткен жоқ па?
Орнына “хахол” сұмырай жеткен жоқ па?
Мал болса бар сенгенің о да азайып,
Заманы көші-қонның өткен жоқ па?

Кәсіпсіз қиын жұрттың күн көруі,
Шаруаның осы кезде кетті түрі.
Жүз жылқы қарға салған қазақтардан,
Хахол бай пар өгізді...* жазғытұры.

Қара жер анамыз ғой бізді тапқан,
Өлгенде тағы қайта қойнын ашқан.
Қол үзіп, сол анадан айрылмасақ,
Өлтірер бізді тіпті қалай аштан?..

Дулатұлы М. Шығармалары.- Алматы: Ғылым, 1996.- 1-т.- 92-94 б.

М. ДУЛАТОВ - ҚОҒАМҚАЙРАТКЕРІ,
ПУБЛИЦИСТ, АҒАРТУШЫ

ЖҰРТЫНЫҢ ЖАДЫНДАҒЫ ЖАРҚЫН БЕЙНЕ

ЗОРМАНШЫЛАР ҚОСЫНДА

Әсіп ағам жылда көктемде бір ай зорман аулауға, қыстың басында бір ай түлкі, қарсақ, күзен аулауға шығатын. Басқалардай ауыл маңайын шарлап, ерте кетіп, кеш келіп жүру әдетінде жоқ. Аңның қалың “ортасына” түсіп, жақыннан қағу үшін қосын күншілік алысқа барып тігеді. Атсоқты аңшының от жағып, ошақ асуға қолы тиюшіме еді деп, Ықыш апамды ала кетеді. Биыл да солай. Қар “ұйықтамай” еріп соқталанып жатқан кезде-ақ жүк салып, Қарағашқа барып қонған.

Сол жылы ауырып, қыс ортасынан былай қарай оқуға бара алмай қалған мен де жас босанған апама көмекші, аңшылардың бірі болып шыға келгенім бар емес пе. Бұрын тиіп-қашып болмаса салынып аң аулап көрмеген Тикіл ағай да бұл жолы зорманға Несіп жеңгей екеуінің жан дегенде жалғызы Аманғазысын ала шықты. Екі қос Қарағашта бұрма біткенше бір аптадай, Өтепбай қопасы мен Көптен бидайығының арасында тағы сонша отырып, зорманы сирегеннен кейін Қашқынның қарсаңындағы Шахан бөгетінің басына барып қонған.

Екі қостан екі зорманшы - Әсіп ағам мен Тикіл ағай күнде таңертең бірі атқа, бірі өгізге қонып, кеше жайып кеткен қапқандарын қарауға аттанады. Олардың көмекшілері - Несіп жеңгей екеуіміз қостарымыздың іргесіне отырып алып, кешегі әкелген зормандарды союға кірісеміз. Несіп жеңгей ыңылдап өлең айтып отырушы еді. Сөзінің бірін түсінсем, көбісін дұрыс естімегендіктен мән бермейтінмін. Бүгін дауысы көтеріңкілеу шығып, сөздері ап-анық естіліп тұрды. Әсіресе “Сөйлесін сұлу Жамал жанымдағы!” деген сөздер құлағыма тым жылы тиді. Қыз бен жігіттің айтысы немесе “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Ер Тарғын”, “Қыз Жібек” сияқты ғашықтар сырын шерткен жыр болар ма? Қалайда жеңгейге қайталап айтқызып, тыңдап көрейінші деген ой келді. Терісі шала сыпырлаған зорманды тастай салып, қасына бардым да:

- Жеңеше, жаңағы бір өлеңінді қайталап айтшы, – дедім.
- Айтайын. Зормандарыңды алып кел де, менің қасыма отыр.

Мен қостың іргесінде төбешік болып үйіліп жатқан зорманды алып келіп, қой терісі бөстегімді астыма төседім де, пышағымды қайраққа екі-үш жанып алып, үйреншікті жұмысыма кіріспеймін бе. Соны күткен жеңешем:

- Ал енді екі көз, екі қолың зорманда, құлағың менде болсын, – деп өлеңін бастап кетті.

Ал сөйле, келді кезек енді, Ғали.
Керілмей ұста қолға домбыраны!
Рух бер мәжіліске, қызмет көрсет,
Сайратып тіл мен жақты, болса халі.
Өнерің болса ішінде шығар сыртқа,
Бұл жерде жасырудың болмас мәні.
Қандырып құлақ құрышын тыңдаушының.

Жарайды, міне, жігіт десін пәлі!
Секілді райхан гүл бақшадағы,
Уылжып жігіттіктің тұрған шағы.
Таба алмай айтар орын жүруші едің,
Естіртші жат елдердің болса әні.
Нақышпен сандуғаштай жүз құбылтып,
Даусынды түрлендірсең келер сәні.
Жастықта сауық-сайран еткен күнің.
Емес пе жігіттіктің раушаны.
Тыңдаушы алсын сөзді табылғанда,
Айтушы тартынар ма және тағы.
Қадірлес құрбыларың жиналғанда,
Тарқасын разы болып, сынбай сағы.
Жасымнан елде жүрмей өстім шетте
Демесін кәне елді сағынғаны.
Құрбыңа жатырқамай аш сырынды.
Жүйріктей бауыр жазып бабындағы.
Ұмытпа мысалда да деп айтылған:
Түлкіні тазы алады табындағы.
Болады не нәрседен және де ескер,
Жігітке абыройдың табылмағы.
Емес пе екі жүрек бірдей келсе,
Арада махаббат оты жағылмағы.
Мінекей, домбыраңыз, тоқтадым мен,
Сөйлесін сұлу Жамал жанымдағы!

Несіп жеңешем осыны айтып, бір тыныстап алғысы келгендей тоқтады да, ақсары жүзі сәл қызғыл тарта күлімдеп, маған қарады:

– Қалай, Ғалидың сөзі ұнады ма? – деді.

– Ұнағанда қандай! Өлеңнің төресі екен. Жеңеше, тағы бір қайталап жіберші.

Жеңешем тартынған жоқ. Қайта бастап кетті. Мен бар зейінімді сала тыңдап, әрбір сөз, әрбір жолын жеңгеге ілесе іштей айтып отырдым. Ол бір қайырып тастады да:

– Осы жете ме? – деп сұраулы үн қатты:

– Тағы бір қайталасаңыз жетіп қалар.

Жеңешем меселімді қайтарған жоқ. Қайталап айта беруге жалықпайтын сияқты. Тыңдаушысын тапқанына риза болғандығын аңғартқысы келгендей:

– Сапан, сенің сөзді ұғатының жақсы, – деп мақтап қойды.

Десе дегендей, оқығанымның бәрі дерлік жадымда жатталып қалатын, естігендерімді бірін қалдырмай құлағыма құйып алатын әдетім болушы еді. Соны білетін жеңешем бетіме барлай бір қарап алды да:

– Жаттап алдың ба? Айтып көрші, – деп қолқа салды. Мен іле-шала: Ал сөйле, келді кезек енді, Ғали!, деп бастап айта бастадым. Кейде тиісті сөзі есіме түспей қалып сәл мүдіргенде, жеңешем ол мынадай деп аузыма сөз салып жіберіп отырды. Енді бірде

жанымнан қосып жіберген сөзді алып тастап, қолма-қол түзетіп қойды. Солай Ғали сөзін бастан-аяқ жатқа айтып шығып едім, жеңешем:

- Тағы бір тыңдап ал, – деп қайталап айтып берді.
- Жамал қандай жауап қайтарды! Енді соны айтыңызшы.
- Жамалдың сөзін де жатқа білуші едім. Айтып жүрмеген соң ұмытып қалыпшын.

Үш-төрт ауызы жадымда қалды ма, жоқ па? Айтып көрейін:

Емес пе едім, япырым-ау, кеше бала,
Білетұғын жастықпен есті шала.
Белгісі жоқ екен ғой өткен күннің,
Қатар түзеп қыз болдық, міне, қара!
Қыз байғұс ел жұртына келген қонақ,
Мысалы, қызғалдақтай ғұмыры ұзақ.
Күн келер өз басынан ерік кетер,
Қалалық осындайда күліп-ойнап.
Сөйледі Ғали мырза жігіт жайын,
hәркімнің халі өзіне тұрар дайын.
Қыздарды жігіттермен салыстырып,
Тыңдаңыз мен азырақ сөз қылайын.
Жеңешем осыны мүдірмей әндетіп айтып тоқтады да:
- Бар есімде қалғаны осы, – деді.

Жамал қыздың жайын қалай сөз қылды екен? – деген сұрақ тамағым таянып тұрып алды.

- Жеңеше, тағы бір есіңізге түсіріңізші, – дедім. Ол басын шайқады.
- Қай кітаптан оқыдыңыз? Өзім тауып алайын.
- Бізге кітап оқу қайда? – деді жеңешем жүзі сәл салқын тартып.
- Саужой мектебінен оқып сауат ашқанымыз кеше ғана емес пе.
- Ендеше жаңағы өлеңді қалай жаттап алдыңыз?
- Қыз күнімде ағаларымнан естігенім.
- Шығарған кім екен?
- Мадияр Міржақыптың тасқа бастырып таратқан сөзі көрінеді. Ағаларымыз жаттап айтып жүретін.

1916 жылы наборға қарсы көтеріліс, елдің бірі ақ, бірі қызыл болып қырқысқаны, Кеңес өкіметі және оның жаулары туралы сөз болғанда Міржақыптың аты жиі аталушы еді. Кітап шығарғаны жайында сөз болмайтын. Анықтап алғым келіп:

- Жаңағы Міржақыбыңыз Мадияр Міржақып Дулатов емес пе? – деп қалдым.
 - Болса болар. Мадияр Міржақып екені анық.
- Уақыт 1941 жылдың көктемі еді.

ҚОСТАНАЙДА АШЫЛҒАН “ҚҰПИЯ”

1944 жылдың жазы мен күзінде Қостанай облыстық “Большевиктік жол” газетінің редакциясына жаңадан екі адам қосылды. Бірі облыстың оңтүстік бір қиырындағы Торғай ауданының Ақкөл деген жерінен келген, бұрын газетті оқығаны болмаса, оған хат-хабар жазып көрмеген Түсен Қаппазов деген жігіт еді. Екіншісі – 1942 жылдың күзінен 1943 жылдың 7 қаңтарына дейін аудандық газет редакциясында есепші болып жұмыс істеп, “босаға көрген” мен едім. Редакторымыз – Қайыржан Бекхожин, орынбасары Арзымбет Есімов. Аудармашы әрі “ақсақалымыз” – сол жылы жасы қырыққа толған Хасен Өзденбаев. Жауапты хатшымыз майданнан жараланып келген Көбен Қожагелдин, партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі Сырбай Мәуленов, өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі Мақаш Қасымова еді. Ауыл шаруашылығы бөлімі мен тілшілер бөлімі меңгерушілерінің орындары бос екен. Қарашаның басында Түсен солардың соңғысын басқаруға тағайындалды. Арада бір апта өтер=өтпесте қатарымызға тағы бір адам – менің құрдасым әрі туысым, 19 жастағы Хамит Бозшин қосылды. Біз жер-жерден келген хаттарды қорытып, өзіміз де бірдемелер жазып, жауапты хатшыға “өткізіп” жатамыз. Екі басшы – Қайыржан, Арзымбет ағаларымыз қолжазбаларымыздың бет-аузын шиедей қылып жалықпай шимайлап, түзетіп отырады. Газет уақтылы шығып жатады.

Сол қарбалас күндердің бірінде қабырға газетінің кезекті нөмері шықты. Онда Сырбайдың тілшілер бөлімінің жұмысы туралы сықақ өлеңі жарияланды. Хаттардың “жүрісін” суреттеу арқылы бастықтарымыз бен Хасен ағамыздан, машинисткалар мен корректорымыздан басқаларымызды “шапалақпен” бір-бір тартып өтіпті.

Тілшілер бөлімінде былық көп.
Сумаң етеді хаттар шығып кеп.
Қаппазов қалбалақтай ұстап,
Нөмір соғады қырық деп.
Одан соң хаттар Көбенге түседі,
Көбенге түскен хат тереңге түседі.
Одан соң жылжып Мақашқа жетіп,
Құлағы саңырау, кереңге түседі.
Сапабекте хаттар бұттап жатады.
Бірі шыжып, бірі быжып құрттап жатады.
Одан соң хаттар Хамитқа түсіп,
Мені жаз, мені жаз деп құнттап жатады.

Осы бір “қалбалақтаған” Қаппазов Түсен газет шаруасына олақтау болғанымен, көрі құлақты, естігендерін есінде жақсы сақтап, айтып жүретін әдеті бар жігіт екенін кейін білдік. Руы Үмбетей, аталары Торғай оязы нашандігінің басын жарып, итжеккенге айдалып кететін атақты Байтұрсынның емшектес туысы екен. Ата-бабаларының жолын қуып, патша әкімдерінің озбырлығына қарсы шыққан. Соның дәлелі Ақаңның:

Қаз едік, қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара көлге қонып салқындаған.
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды дәнемізден шарпылмаған, – деген өлеңін айтқаны әлі есімде. Сонда отырғандардың бірі:

– Байқа, мынауың саясатқа томпақтау келіп жүрмесін, – дегенде Түсен еш қысылмай:

– Бұл өлеңді Ахмет патша заманында, оның отаршыл әкімдерінің озбырлығын айыптап шығарды емес пе. Оның еш томпақтығы жоқ, – деп жауап бергені тыңдаушыларға орынды көрінген. Сол Түсен енді бірде Міржақып Дулатовтың “Оян, қазақ!” кітабы хақында айта келіп:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан қажетіңе жараса Алаш.
Қаламнан жылап аққан қара сия,
Жазылып бұл сырымды жұртқа қыл паш, – дегені бар емес пе.

Басқалар мұны бұрын естімеді, “Оян, қазақ!” кітабын білмеді дей алмаймын. Менің құлағыма тигені осы еді. Ойпаң жердегі аласа ағаштың жемісі де көп емес екендігін айта келіп, оны жарты жаңқасы қалғанша Алаш мүддесіне жұмсайтыны қайран қалдырды. Жалынды сөз деген осындай-ақ болар. Кейін Түсеннен:

– Міржақыптың “Оян, қазақ!” кітабындағы өлеңдерінен басқа да білетіндерің бар ма? – деп сұрағанда:

– Ол кітапты оқу былай тұрсын, қолыма ұстап та көрген жоқпын. Бір ауыз өлең әркімнің айтқандарынан есімде қалған ғой, – деді.

Мағжан Жұмабаевтың ақын екенін естігені болмаса өлеңін оқып көрмеген, Сәкен Сейфуллиннің ауылына келген жалғыз кітабы “Тар жол, тайғақ кешуді” кезегі жетпегендіктен оқи алмай қалған, талай хиссаны жаттап айтып жүрген кешегі “жыршы” бала, бүгінгі газет қызметкерінің “Оян, қазақ!” кітабын оқуға Міржақып жайында көбірек білуге құматқанын айтып жатпасақ та болады.

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАМАЛДЫ ЖҰТҚАН ЖАУЫЗДЫҚ

1945 жылдың көктемінде денсаулығым бұзылып, қаламым қолымнан түсіп кете берген соң, Қайыржан Бекхожин ағаның орнына редактор болып қалған Арзымбет Есімовке кірдім. Қабағы қатулы отыр екен. Суық көзімен қарап:

– Не шаруамен келдің? – деді.

– Ауырып, сүйек-сүйегім сырқырап жүр. Демалыс берсеңіз, ауылға барып қымыз ішіп келер едім.

– Ауырсаң, демалыс емес, емделу керек. Арызыңды жаз. Жұмыстан босатайын.

Облыстық газеттің босағасына отыра беріп қайта шығып қалдым да, жол жөнекей машинаға жармасып Амангелді ауданындағы ауылыма тарттым. Үшінші күні ұлы бесін кезінде Бижан Қарасуында отырған қараша ауылдың орта тұсындағы қараша үйден жүгіре шыққан Өскей әжем мен Ықыш апам, қарындастарым Бөжітай, Нұрипа құшақтарын жайып аймалап жатыр. Қара итім – Майтабанымның сағынышы да кем емес екен. Бірі алты, бірі төрт жасар Салиха мен Тойкеннің бетінен сүйгізбей басыма шапшып, бет-аузымды жалап мәз болды. Көршілер де жиналып, ауылымен аман қауышқаның құтты болсын айтып жатыр.

Ауылдық кеңестің төрағасы, Амангелдінің ақыны атанған сарбаз ақын Сәт Есенбаев бізден бұрын жетіп, әжемді қуантып қойған екен. Қой сойылып, самаурын қойылып қалыпты. Ауылдың үлкендері біздің үйге жиналды. Сәкең тамағын бір кенеп, онтайланып отырып алып, бір әңгімені бастап кеп кетпесі бар ма.

“Өткен қыс шаруаға жеңіл болғандықтан мал күйлі, бие ішті болып, Көктал қыстаған Құрман деген атаның ауылы жылдағыдан жайлауға ерте шығып еді. Екі ауылнай елдің жайлауы Саумалкөлге жағалай ауылдар қонып, былтырғы жұрттарына үй тігіп, көп ұзамай бие де байлады. Қыстай бір-біріне араласпаған адамдар сағынысып, қашаннан астас, тойлас болған ғадеттерінше бір ауылды бір ауыл ерулікке шақыра бастады. Бозбалалар аралап қымыз ішеміз деген болып, тәуір киімдерін киіп, жақсы аттарына мініп, қызды ауылды қырындап жүрулері көрініп, балалар да асау тайларын үйретпекте еді...”

Бұдан әрі Сәкең түс кезінде ауылға стражник пен поштабай шаңдатып шауып келіп, крестьянский начальникті қарсы алып, үй тігу, қонақасы дайындауды тапсырғанын, оның қалай өткенін біраз әңгімеледі. Төрәні көруге жүздей кісі жиналғанын, ауылнай Бекжанның “өзімді бек мақтады” деп қалай жайрандағанын әңгімеледі.

“Сүйінші, Сәрсекке! Шолпан жеңгем аман-есен босанып, тақия тігіп беретін тапты, – деді. Сол уақытта жастар “Сәрсекке” деп, үлкендер:

– Сәрсенбай, қуаныш қайырлы болсын, Алла ұзағынан сүйіндірсін, әйел бала деменіз!
– десті. Сәрсенбай:

– Жоқ, олай деменіздер, мен қай бір ұл-қыз таңдайын деп жүрген кісі, – деп орнынан тұрып, атына мініп, үйіне қайтты”. Осы сөздерді естіген үй толы адам сол топқа құйғытып шауып келіп, сүйінші сұраған жігітті, жұрттың қалай қуанып, Сәрсенбайға қайырлы болсынды жаудырысқанын көзімен көргендей әсерленіп:

– Ой, пәлі. Тыңдарлық әңгіме екен, – деп ризалығын білдіріп еді. Сәкең әңгімесінің желісі енді Сәрсенбайды таныстыруға тартылды. Ол ғылым оқымаған, малсақ, момын шаруа екен. Соның арқасында жылқысы жүзден, қойы үш жүзден асып, бай болмаса да ауқаттылар қатарына қосылған, кәдімгі кісі түсетін, дастарханы берекелі үй болған. Құдайдың осынша ырыздығын бергеніне Сәрсенбай да, көп жыл отасқан жұбайы Қалампыр да риза. Сонда да бір кемдігі көзге ұрып тұратындай. Әйелі бала көтермеген бедеу екен. Алдантып етектен тартар баласы жоқ үй қайтіп базар болсын. Ерлі-зайыптылар бір шарана – жас иісті аңсайды екен.

Әзіл-қалжыңы таусылмайтын, сол бір әдетті сылтауратып құрбы-құрдастары тілімен шағып, жүдеу жүрек жарасына тұз себетіндер қашан да болған ғой. Солар кейде қалжыңдаған болып, Сәрсенбайды “Әй, Қубас” дейтін. Малды жинауын жинап, оның рахатын көруді білмегенін бетке басатын. Зекет те бермейсің. Қажыға да бармайсың деп

қыжыртатын. Қалампырдан қорқып тоқал да ала алмай жүрсін деп келекелейтін. Бала, тоқал өзінің де ойында бар еді. Бір күні ауыл ақсақалдарын үйіне шақырып, ақыл-кеңес сұраған болып тоқал алғысы келгенін айтқан. Қалампырға қарап рұқсат беруін сұраған. Қалампыр қайда барсын. Ұнатпаса да көнген. Сол күнде қырық екі жасқа келген Сәрсенбай 15 жасар Шолпан деген қызды айттырып, қалың малын түгел беріп алып келген. Манағы “тақия тігіп беретін” бала сол Шолпаннан туған-ды. Жүрегі жарыла қуанған отағасы аста-төк той жасады. Қызының атын Жамал қойды...

Шай ішіліп, дастархан жиналды, төрде, ақынның оң жағында отырған Шөкен ата сөз бастады:

– Бұл әңгімең құлағымызды ұйқысынан оятқандай болды. Бұдан 20-30 жыл бұрын жұрт бірде күліп, бірде жылап отырып тындаушы еді. Жаңағы Жамалдың жырын қайта жалға, – деді.

– Мен де соны айтқалы отыр едім, – деп Баймағамбет шал оны қостап қойды.

– Сәт, енді сен әңгімені суытпа, – деп Ермағамбет ата тіке кетті.

– Басталған әңгіменің түгел айтылғаны жақсы, – деп үйді жағалай отырғандар ауылнай Сәт Есенбайұлына кәдімгідей қолқа салды.

Сәрсенбай мен Шолпан, үлкен шешесі Қалампыр үшеуі бірдей құлынымдап үстіне түсіп, Жамалды өбектеп, еркелетіп өсірді. Ауылға молда алдырып, қара таныттырды. Еркек балаша киіндіріп, ат ұстарым осы десе де, өрімдей боп өсіп келе жатқан қыз бала жұрт көзіне түсе берді. Ойын-тойларға қатынасып, әзілмен тиіскендерге өлеңмен жауап қайтарып та жүрді. “Ақын Сара өсіп келеді. Мұның Біржаны қайдан табылар екен?” дейтіндер де болды. Көрші ауылдардың біріндегі дәулетті Байжан өзінің ақымақтау Жұман деген баласына айттырмақшы болды. Сәрсенбай бұған ризашылық білдірсе де, Шолпан көнбей:

– Жамалды өзінің теңіне береміз. Байжанның баласы жаман дейді, атасының байлығы не керек, – десе де, Сәрсенбайдың құлағына кірмеген соң:

– Екі дүниеде Жамалдың обалы саған болсын, би болмақ тұрсын, патша болатын болса да, Жамалды неғып сондай жаманға қиып бермекші боласың? – деп көзінен жас төгіп, үйден шығып кетті. “Ұрғашының шашы ұзын, ақылы қысқа” деген осы деп, Сәрсенбай басқа сөз айтпай, ішінен мыңқылдап отырып қалды... дегенде Шөкен әке бір қозғалып:

– Қызын теңіне емес, малға бергендер осылай мыңқылдап қала беретін еді ғой. Сөзің дәмді, Сәт. Айта түс, есімізге түсір, – деп қостап қойды.

Сәкең бір қалыпты көтеріңкі үнмен, сөздің, оқиғаның ыңғайына қарай оң қолын бірде жоғары көтеріп, сермеп қойып, төмен түсіріп, мүдірмей нақпа=нақтап сөйлеп отыр... Жастар бас қосқан жиын. Қыз, бозбаланың бір-біріне өлеңмен соқтығып, қағысуы. Жамалдың тапқырлығы, өткір сөз, әдемі әуені тындаушыларды ұйытып тастағандай еді. Сондай бір жиынға Ғали деген жігіт қатысып, Жамалмен қатар отырып қалмасы бар ма. Сол бір сәтте, сонау 1941 жылғы көктемде Несіп жеңгемізден естіген әңгіме есіме түсе кетті. Қайтер екен деп, ішімнен тынып тындап отырмын. Сәкең Жамалдың қасында отырған Ғалидың өлеңін әндетіп айтып келіп:

– Сөйлесін сұлу Жамал жанымдағы, – деп бір сәт тыныстап алды да:

– Ғали бұл арада айтып болдым деп домбыраны Жамалға ұстатқанда, отырған халық: “Мырза, тағы да айта түсіңіз” – деп өтініш айтқан соң, Ғали тағы да мынау өлеңді айта бастады:

Жақсы қыз баға жетпес бір гауһар тас,
Он алты, он жетіге жеткенде жас.
Жаннаттың пісіп тұрған алмасындай,
Қол жетсе қандай жігіт ләззат алмас.
Сұлу қыз рахаттың кілті емес пе?
Қолыңа түсіре алсаң, бар шағын аш.
Тізілген меруерттей отыз тісі,
Нұрлы жүз, жайнаған көз, қиылған қас.
Шекеде кәмшат бөрік, кигені асыл,
Сылдырлап алтын шолпы, иықта шаш.
Бұралған тоты құстай мүшелері,
Бозбала сұхбаттасқан болмай ма мас.
Қатасыз осы айтқандай болып тұрса,
Жолында сондай қыздың қияр ем бас.
Болатын мақсұт қасыл жол табылса,
Тәрік етіп қандай жігіт малын салмас...

– О пәлі, айта түс. Өркенің өссін, – деп Ермағамбет ата Сәтке қарай ұмсына түсіп ризашылығын білдірді. Қанаты жазылған ақын одан әрі сермеді. Ғали мен Жамалдың өлеңмен жазысқан хаттары тыңдаушылардың құлағынан кіріп, “кейі зауық, кейі мұң” дертін қозғап жатқандай болып еді. Міне, Ғали, Жүніс, Нұрмаш үшеуі жетегіне ерттеулі ат алып, уәделі жерге келді. Көп кешікпей Шолпан мен Жамал да осында жетті. Ғали мен Жамал қосылып, қалаға жол тартты. Фатхолла бай бұларды көп сақтай алмады. Ғали нағашыларына барып паналады. Сол жерде ауырып, көп ұзамай дүниеден өтіп кетті. Байжан байдың кісілері Жамалды зорлықпен алып кетіп, жаман Жұманға қосты. Ол “кегін алу” үшін сынықтан сылтау тауып, ұрып-соғып, күн көрсетпеді. Жаны күйзеліп, тәні ауырлап, жиі соққыдан көкала қойдай болған Жамал шыдамай, Байжанның таң асып тұрған атына міне салып, қашып бара жатқан жолында адасып, боранда үсіп өлді. Шөкен ата:

– Қайран дүние-ай, – деп күрсініп алды. Өскей әжем:

– Жазықсыз Жамалдың өлімі жауыздарды жібермес, – деп көзінің жасын жаулығының шетімен сүрте берді. Ықыш апамның да иегі дірілдегендей болды. Ермағамбет ата:

– Жақсы әңгіме айттың, Сәт, саған рахмет. Сапанның аман-сау келгеніне қуанысып, бір желпінісіп қалдық. Таң атып келеді, жататын да уақыт болды, – деді. Жұрт тарады. Далаға бірге шығып:

– Сәт аға, бұл айтқаныңыз Міржақыптың шығармасы емес пе? – дедім.

– Міржақып Дулатовтың “Бақытсыз Жамалы” ғой. Сен оны қайдан білдің?

Мен осыдан төрт жыл бұрын Несіп жеңгейден Ғали мен Жамалдың өлеңдерін естігенімді айттым.

– Қарай гөр, – деді Сәт аға, – Міржақып сабаздың сөзі Несіптердің жадында жүр екен ғой.

– Сіз кітаптың өзінен жаттадыңыз ба?

– Өзінен, әрине. Кезінде бір ат беріп сатып алғанмын.

Менің ел аузындағы Міржақып Дулатов шығармаларымен алғашқы “танысуларым”

осылай басталған еді.

ҚАЙРАТТАНДЫРҒАН “ҚАЙТЕР ЕДІ?”

Көпті көрген көнелерден: “Керуен басы жақсы болса көлік азбайды. Ақсақалы жақсы болса ауыл азбайды” дегенді жиі естуші едік. Жақсы болу, ақылды болу әркімнің маңдайына жазыла бермейді. Жазылғандарының өзіне сұрқай тобырды жарып шығып, керуен басы немесе үлкенді-кішілі ауыл ақсақалы “лауазымын” алу оңайға соқпайды. Өйткені жақсылардың жаулары қашанда көп. Бірі жағасына жармасып, енді біреулері етегінен тартып, адымын аттатпауға жандарын салып бағады. Көбіне сүріндіріп, аяғын әлтект-тәлтект бастырып, “жүрісін” бәсеңдеткенін місе тұтпай, “алып ұрып” басынан аттап кететін кездері де болады.

Бір жақсылығы: дұшпандарынан бірде жеңіліс тапқандардың бәрі бірдей “жер жастанып” қалып қоймайды. Қайта тұрып қатарға қосылады. Алдына қойған үлкен мақсаты үшін қайта бел шешіп, білек сыбанып күреске шығады. Азаматтың тастаған тасы ылдидан өрге домалап, бір уақыт ықпалы өзі ойлағандай пәрменмен жүріп тұрады. Сондай күндердің өзінде күншілдері қас қақпайды. Қолынан келсе шалып құлатып, оның сәті түспегенде сүріндіріп тауын шағу үшін қастандықтарын қамдап жатады. Өршіл азамат сонда да тынбайды. Қираған арбасын жөндеп, өлгелі жатқан өгізін ауыстырып алып, тағы жолға шығады.

Қыста жел алдынан шығып, қақаған аяз бетін қарытқан, жаздың самалы артынан соғып сары масасына жаудай талаттырған тағдырына мойымай, өмірлік мақсатына жеткен айтулы ағалардың бірі Торғай өңіріне белгілі азамат Шіменбай Бақтыбайұлы Әлшорин деп білемін. Сөзіміздің бұл бөлігі соның ерлік өмір жолына арналмақ.

Ұлы Отан соғысы жылдары сол Амангелді ауданындағы “Ақсуат” колхозында есепші болып жұмыс істеген, кейін аудандық жер бөлімінің бас есепшісі болған Шіменбай Әлшоринді 1946 жылдың көктемінде аупартком “Жаңа ұйым” колхозының төрағалығына ұсынды. Колхозшылардың жалпы жиналысы бұрынғы басшы, жасы қырықтан асқан қырма сақал Боранбаев Шәукенді орнынан босатты да, 31 жастағы жігітті сайлап алды. Содан кейін орнынан екінші рет тұрған ол айтар сөзін:

– Менің жасым көбіңізден кіші, – деп бастады. – Қатар-құрбылар аз да, ағалар мен жеңгелер басымырақ. Құдайға шүкір, әкелер мен шешелерді де көріп тұрмын. Ата-бабадан қалған дәстүр бойынша мен сіздерді сыйлап, құрметтеуге міндеттімін. Шама-шарқымша оны орындайтыныма сеніңіздер. Ал жаңадан сайланған басшы, осы колхоздың шаруашылығына, колхозшылардың тағдырына жауапты адам есебінде мен сіздердің бәріңізден үлкен ағамын, артық көрмесеңіздер әке десеңіздер де болады. Сондықтан менің сөзіме сергек құлақ асып, айтқандарымды сөзбұйдаға салмай, жоқтан өзгені сылтауратып кейінге қалдырмай, уақытында орындауға күш салыңыздар. Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ. Қате-кемшіліктерім болса ашық сынасаңыздар, алғыстан бөтен айтарым жоқ. Осыған келісеміз бе?

Жаңа басшы жұрттың көңіл күйін барлағысы келгендей, отырғандарды жағалай бір қарап өтті. Әр жерден:

– Дұрыс айтасың...

-
- Бастай біл, біз ере білейік.
 - Отызында орда бұзар ораздының баласы екенінді білеміз. Қадамың құтты болсын!
- деген сөздер естілді.

Шіменбай аға ауыл тізгінін қолына алды.

Көп кешікпей жаңа бастық ауыл адамдарын жинап алды да, осы жазда істелетін жұмыс жоспарын жайып салды. Олардың бастылары:

Колхоз басқармасына кеңсе салу еді.

Бұрын колхозда болып көрмеген клуб үйін салу еді.

Ескі қораларды жөндеп, “жамап-жасқауды” былай қойғанда, жаңадан бір сиыр қора, бір қой қора салу еді.

Айтпақшы, жаңа бастыққа жаңа үй салу еді.

Осылардың бәріне керекті бөрене, сырғауылдар мен тақтайды сонау Аманқарағайдан тасып жеткізу еді.

Бастық тапсыруын тапсырды. Жұрт іске жұмыла кірісіп кеп берді. Сол 1946 жылғы күздің басында “Жаңа ұйым” колхозының жаңа табыстарын баяндайтын “Береке бірлікте” атты көлемді мақала Қостанай облыстық “Большевиктік жол” газетінде жарияланды. Арада үш айдай уақыт өтер-өтпесте, желтоқсанның ортасында сол газет жақсы тәжірибені жан-жақты насихаттап, тарату мақсатында “Жаңа ұйым” колхозы мол табысқа ие болды” деген жалпы тақырыппен арнайы бет берді. Онда Шіменбай Әлшорин бастаған бір топ малшы, сауыншы, құрылысшы өздерінің табыстарын айта келіп, жақсы іс, жақсы ойларын ортаға салды. Алғашқы мақаланы жазған да, соңғы арнайы бетті ұйымдастырған да бөтен біреу емес, жиырма бір жастағы тілші өзім екенімді бүгінгі оқырманның есіне салғаным теріс болмас.

Сол жылдары Шіменбай ағаны жақтап, “Жаңа ұйымдағы” жақсы істі мақтаған бір мен емес, әрине. Сарытал ауылдық кеңесіне үш шаруашылық: “Еңбек”, “Жаңа ұйым” және Крупская атындағы колхоздар қараушы еді. Үшеуінің де партия ұйымы бірге болатын. Депутаттар кезекті сессияларында, коммунистер өздерінің жиналыстарында жылы лебіздерін білдіріп, өзгелерді “Жаңа ұйымдағы” жақсы істерден үлгі алуға шақырып жататын. Жақсы дегенді қанша жиі естісе, адам жаны сонша жайланып семіре беретіні айтпасақ та түсінікті.

Аудандағы тарихи жерлердің бірі – 1916 жылғы көтеріліс кезінде Амангелді сарбаздарының патша әскерлерін “қарсы алған” Құмкешу ауылында ұйымдастырылған колхоз Сергей Миронович Кировтың есімімен аталған-ды. Оның басшысы тәжірибелі коммунист Әбішев Мәулен Ұлы Отан соғысы жылдарында үлкен ұйымдастырушылық талантымен танылды. Майданға ет, астық арттыру жоспарларын жылма-жыл артығымен орындап, бүкіл облысқа данқы жайылды. Колхозшылардың тұрмысы басқалардан жақсырақ болды. Бірқатары желілеп бие байлап, сары қымызды сапырып ішуге қолы жетті. Мәулен үйіндегі Қамбар жеңгей қолы ашық әйел екен. Үйінен күндіз-түні кісі үзілмейтін. Басқаларды былай қойғанда, Хасен Өзденбаев, Сырбай Мәуленов, Ехсан Есетов ағаларымыз Қостанайдан курортқа емес, Құмкешуге тартатын. Мәулен мен Қамбар арнайы үй тігіп қарсы алатын, бал татыған қымыз бен марқаның уыз етін ауыздарына тосатын. “Қалада көк су ішкен қатпа немелер” (Нұрхан Ахметбеков) осылай бір тойынып, шыр бітіп, естерін жинап қайтып жүретін.

1946 жылды Киров колхозы бұрынғыдай жемісті аяқтай алмады. Экономикалық көрсеткіштер бұрынғыдан төмендей бастағаны байқалды. Өсек қоңыраулы Мәуленнің мазасын кетіріп, абырой-беделіне кәдімгідей көлеңке түсіріп те үлгірген еді. Аудан басшылығы оны басқа жұмысқа ауыстырды да, орнына адам іздеді. Таңдау жақсы атағы алыс-жақынға жайылып үлгерген ақылды да жігерлі ұйымдастырушы Шіменбай Әлшоринге түсті. Киров колхозшылары оны ықыласты қабылдады.

Шаруашылығының қиюы қашып, басынан бағы тайған ауылды Шіменбай аға 1947 жылдың көктемінен 1951 жылдың сәуіріне дейін басқарып, аудандағы 55 колхоздың алдына қайта шығарды. Аудан ғана емес, облыс деңгейіндегі жиындарда талай мақталғанын, омырауына алтын орден таққанын сол жылдардың жастары, бүгінгінің қарттары әлі ұмытқан жоқ. Аудан ауылдарының бетке ұстар бір топ азаматының басына қара бұлт үйіріліп, қарғысқа ұшырағаны да естерінде. Саны да аз емес. Амангелді аудандық партия комитетінің бір күнгі бюро мәжілісінде онбір колхоздың төрағасы партиядан шығарылды. Істері прокурорға берілді. Көп ұзамай тұтқынға алынып, сот құрылды. Солардың қатарында Шіменбай аға да жиырма жылға кесіліп, итжеккенге конвоймен айдалып кете барды. Басқалардан бір ерекшелігі: бұл үшінші рет “қараланып” қолға түсіп, өзіне таныс Колымасына үшінші рет “аттануы” еді.

Арада тағы бір төрт жыл өтті. 1955 жылдың жазында Шіменбай аға жиырма жылдық жазасын мерзімінен бұрын өтеп туған жерге аман-есен оралды. Сағынып, сарғайса да азбай күтіп үйренген алтын жары Күлнәзиясы мен тұла бойы тұңғышы Бақытжамалы жүректері жарыла қуанып қарсы алды. Бақтыбай әке екі сиырының бірін сойып той жасады. Алыс-жақын ағайын, дос-жарандар аман-сау оралғанына құтты болсын айтып жатты. Сол қуанышты күндердің бірінде аудандық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі, сонау 1946 жылдың жазында аудандық “Социалистік шаруа” газетінің редакторлығына келгеннен бергі жылдарда Шіменбай ағамен қадірлес болып жүрген Қожагелдин Көбен екеуіміз тілектестігімізді білдіруге барғанымыз естен кетпейді.

Естен кетпейтін ерекше жөні бар. Әдетте, мұндай “алыс жолдан” келгендер ол жақта шеккен азабы мен түрмеші-қарауылшыларынан ғана емес, өздері сияқты тұтқындардан көрген қорлықтарын жыр қылып айтушы еді. Естігендердің құлағына түрпідей тиіп, жүйке тамырларын шымырлататын. Ал Шіменбай аға мүлдем басқаша сайрап бермесі бар ма. Оның айтуынша, тұтқын лагерінде кәдімгі тәртіптен өзгереді жақсы тәртіп бар. Жұрт белгілі бір уақытта оянып, жуынып таранып алады. Физруктің бұйрығымен сапқа тұрып, 10 минут зарядка жасайды. Саптың серуендеуіне де уақыт берілген. Жапа-тармағай, үздік-создық жүре бермей, қатарын бұзбай таңертеңгі тамаққа барады. Одан шыққаннан кейін күнделікті жұмыстарын бастайды. Түскі үзіліс, кешкі тамақ уақыттарының бәрі белгіленіп қойылған. Оны ешкім бұзбайды. Жиналып отырып радио тыңдайды. Кітапхананың есігі белгілі бір уақытта ашылып қойылады. Біреулер кітап, біреулер газеттер мен журналдар оқып ынталы, талаптылары білім көкжиектерін күнде кеңейте береді. Оның бәрі аз болғандай, жақын қаладан, облыстан, кейде одан да жоғары жақтан лекторлар келіп баяндамалар, жасайды. Халықаралық жағдай, елдің ішкі саясаты, экономикалық дамуы, оған “қайта тәрбиеленушілердің” қосқан үлесі жөнінде лекциялар оқиды.

Осы әңгімені тыңдап отырып, менің еліккенім сонша:

– Шіменбай аға, мынауыңыз тұтқын лагері емес, үлкендердің мектеп-интернатына

ұқсап барады ғой, – деп қалдым. Ол мырс етіп күліп алды да:

– Дұрыс түсінген адамға шыны солай, – деді. Көбен екеуміз бір-бірімізге ризашылықпен қарап күлімсіреп, бас изесіп алдық.

Әңгіме осы жерге жеткенде маған Шіменбай аға бұдан бұрын да ит жеккенге барып келіп еді-ау, сонда да осылай, тұтқындағы өмірдің де күнгей жағын әсірелей айтушы еді-ау деген ой келмесі бар ма. Пендеге пенде болудың өзі оңай шаруа емес. Тұтқын болудың жөні бір басқа. Кәдімгі құдай басқа бермесіннің нағыз өзі ғой. Міржақып Дулатовтың “Қайтер едің?” деген сыншыл өлең сұрағы осы азаматқа арналып айтылғандай көрініп кетті. Бұл да ертеңіне үмітпен қолын созып, аудандық соттың 21 жасар хатшысы болып, көп ұзамай бидің өзі болам деп жүргенде жолын тағдыр кесті де, “қақпанға” түсіп қалды. Ақталып шыққанша екі жылдай уақыт өтті. Өз ілегінің алдыңғы қатарына тұрып, көп істі біліп, қызу қолға алып жүргеннің өзінде біреулердің содан зор мін тапқанын қайтерсің. 1937 жыл ғой. Тағы да айдалып кете барды. Екі жылдан кейін тағы да аман-сау елге оралды. Осылай тоқталса қане!

Жоғарыда айтылғандағыдай, 1951 жылдың көктемінде Міржақып – Жақанның сол сын-өлең сұрағы “Қайтер едің?” Шіменбай ағаның алдына қайта қойылды. Үмітпен созып қолын тағдыр жай қағып қана қойған жоқ. Солға тартқанда арбасын сындырып, оңға тартқанда өгізін өлтіріп тастады. Қираған арбаны қайта жөндеуге де, жаңасын жасап алуға да болатыны белгілі деп білген ол өкінішпен өзегін өртеген жоқ. Жан саулығын да, тән саулығын да сақтай білді... Міржақыптың сол бір тағдыршешті сұрағына Шіменбай аға өз өміріндегі өнегелі істерімен, нақтылы жауап беріп, үш айдауда да сынбай, мұқалмай аман келгенін келістіре мадақтап бірер сөз айтқым келіп қанша оқталсам да, бата алмадым. Көбен екеумізден басқа үш жігіт отыр еді. Әр адамның артында алты сауысқан бар екенін көріп те, біліп те жүрміз. Екі елі ауызға төрт елі қақпақ қоя білгенге не жетсін!

Тағдырдың Шіменбай ағаға әзірлеген сыбағасы сол үш тұтқындалу, айдау азабын тартумен бітпеген екен. Иманов атындағы қой совхозының бір фермасын дөңгелентіп, жеңіс жалауларын желбіретіп жүрген күндерінде, жасы елуге еңкейіп қалғанда жары Күннәзия мен Бақытжамал бірінен соң бірі дүние салды. Қайратты аға бұл ауыр қайғыны да қайыспай көтере білді. Төсегін жаңғыртып, алтын асықтай сәбилерін аймалап мауқын баса бастады. Азамат еңсесін көтеріп жұрт алдына қайта түлеп шыға келді. Ол туралы Уәли Хайруллин екеуміз 1969 жылы Қостанай облыстық “Коммунизм таңы” газетінде “Алтынды тот баспайды” деген тақырыппен мақала-мадақ жазып жариялағанбыз.

1972 жылдың күзінде Алматыда Медеу шатқалымен жоғары өрлеп биік таудағы мұз айдынына барар жолда жолаушыларды қас қақпай ұзатып тұратын күз басындағы “Алатау” санаториінде дем алып жатқан Шіменбай ағаға сәлем беруге бардым. Әңгіме арасында 1955 жылғы кездесуде келген ой есіме түсіп:

– Шіменбай аға, Сіз Міржақып Дулатовтың “Қайтер едің?” деген өлеңін оқып көріп пе едіңіз? – деп қалдым.

– Оқығанда қандай! Мен оны жатқа білем.

– Қазір айта аласыз ба?

– Ұмыта қоймасам керек, айтайын.

Үмітпен созған қолыңды тағдыр қақса,
Біліп еткен ісіңнен зор мін тапса,
Оң дегенің теріске һәман бастап,
Арбаң сынып өгізің өліп жатса,
Жан ашыған сөзіңді дұшпан көріп,
Қоқырайып достарың салқын тартса,
Суық жылан араңнан кесіп өтіп,
Сөнбейтұғын өсектің отын жақса,
Жаның сүйіп барғанда сенен безіп,
Жоқтай болса дұшпаны сенен басқа,
Тіршіліктен көңілің неғып қайтпас,
Еңбегің болса егіндей еккен тасқа,
Адаспаса иесін табар бұл сөз,
Мағынасы шақырып, дабыл қақса, –
Қайтер едің, жігітім, сырыңды айтшы,
Бақытыңа кез болса мұндай һаста?

Шіменбай аға осы жолдарды тігісін жатқыза, нәшіне келтіріп айтып шықты да, бізге жымыя қарап:

- Қалай, ұнамады ма? – деді. Біз Марат Бөркітов екеуміз қабаттаса:
- Ұнағанда қандай. Тамаша, – деп бас шұлғысып қалдық.

Атын атауға, кітаптарын оқуға тиым салынған осы бір қайраткер ақынның сөздері туған жұртының жадында осынша жақсы сақталуы тегін емес-ті. Сол бір сәт маған:

– Өмірдің аз тәттісін, көп ащысын “тойғанша” ішіп-жеп, бәрінен аман өткен Шіменбай Әлшоринді Жақаңның жаңағы сөздері әрқашан демеп қайраттандырып жүргендей көрінді.

СӨЗ – ШАҚПАҚ ҚҰДІРЕТІ...

Туған халқының өз заманындағы өміріне терең үніліп, оның денесіне жабысқан кесел атаулыны көре білген, олардан сауықтыру жолын жалықпай іздеген кемеңгер Абай өлмес өлендерінің бірінде:

Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түрмек?
Ақылға сәуле қонбаса,

Хаюанша жүріп күнелтпек, – деп жазған еді. Жүрек адам атаулының бәрінде бар екені белгілі жәйт. Ал қайрат дегеніміз ілуде біреуінде болса болар, көбінде аз да әлсіз екендігі және шындық. Ұйқыдағы ой дегеніңіз түртпексіз оянууды, игілікті “іске кірісуді” біле бермейді. Тағы бір анығы: талайлар-ақ өзін өзгеден асқан демесе де, өзіме, отбасыма, туған-туысқандарыма жетерлік ақылым бар деп есептейді. Оған да жеткілікті мөлшерде сәуле “түсуі”, хаюандық қылықтан сақтандырып, қорғай білуі шарт. Абайтанушылардың пайымдауынша: ұйықтаған ойды оятатын да, ақылға сәуле түсіретін де, немесе отын

тұтатып, лапылдататын да өлең – сөз-шақпақ болады. Соның мысалы есебінде Абай қаламынан туған мына төмендегі жолдарды оқып көрейік:

Кез болсаң қайғы, иә зарға,
Құрсатып тілді ұмтылтып.
Алып шықпа базарға,
Асаудайын бұлқынтып.
Қайғы дертің мейлі мың,
Саудаға салмақ өзіңе ар.
Жаныңа түскен жараның
Іріңін нетсін надандар.
Біліп оған не керек,
Ішіңнен қайғы жемесең.
Жаутандаған жас жүрек,
Байғұс-ай десін демесең.
Өз бойына болып сақ,
Жан - жағыңа қарандар.
Күн көріп жүр күліп-ақ,
Сенен басқа жарандар.
Олардың да ешбірін,
Қайғы аман қойған жоқ шығар.
Ойлап, байқап көр түрің,
Таттырмап па дүние зар?
Күлкі болмай қой, жаным,
Сен бүйтесің ол қайтті?
Олар көрген қайғысын
Кімге шақты, кімге айтты?

Қазағының ұйқыдағы ойын ояту, ақылына сәуле түсіру, жақсылық, ізгілік атаулыға бастау, сол мақсатқа жетуге ұмтылған намыс отын тұтандыру, бойындағы қайрат-жігерін тасыту деген осындай-ақ болар. Бұл өлең жолдарын оқығандар мен естігендер ұмытылмастай әсер алып, өздерінің лайықты өмір сүру жолын айқындайды деп білем.

Біз өмір – күрес дегенді екі сөзіміздің бірінде айтып жүрміз. Дүниеге келген адам алдында, қоғам өмірінде сайрап жатқан даңғыл жол болмаған. Оның алдында асу бермес таулар тұрады. Өткел, көпірсіз асау өзендер буырқана ағып жатады. Ішіне кірсең күн көзін жасырып, алды-артыңды көрсетпей адастыратын ормандары қандай! Ит-құс, ұры-қары дегендер де қолынан келетін қастандықтарын жасап бағады. Мақсатқа жету үшін соларды жеңу керек екені белгілі. Өмір күрес дейтініміз де сондықтан. Бұлардан басқа тағы бір күрес бар. Ол туралы ұлы Сұлтанмахмұт былай деген:

Тұрмысты үмітім бар жеңем деген,
Жеңуге жігеріме сенем деген.
Бірқыма менің көнер қай дүние,

Көнбесе өз ырқыма өзім денем.

Байқайсыз ба? Өмір жолындағы қиыншылықтарды жеңу үшін күресуден бұрын әрбір қазақ өзінің “денесімен” күресіп, оны өзінің ырқына көндіре білуі керек екен. Қаздауысты Қазыбек би айтқандай, “атадан ұл құл боламын деп тумамайды, анадан қыз күң боламын деп тумамайды”. Бірақ тағдыр тәлкегіне ұшырап, күштілердің қолына түсіп, бас еркі байланғандар құл да, күң де болып кете барады. Көне дүние кемеңгері Сократтың пайымдауынша, жеке адамдардың өзін өзі құлдыққа “түсіретін” немесе “сатып жіберетін” кездері де болады. Ол туралы Сұлтанмахмұт: “Адам құл өзін билеп ұстамаған, деген бір Сократтың бар нақылы” деп қадап айтып кеткен.

Демек, қазақ құл, күң болмау үшін алдымен өзін өзі жеңіп, өзінің денесін өзінің ырқына көндіре білсе ерледі. Әйтпесе құл болып кете барады. Қандастарымыз өздерін құлдықтан, күндіктен сақтай білу үшін өздерінің Абайын, Сұлтанмахмұтын және басқа да ұлы ойшылдарын оқысын да көңіліне мықтап тоқысын. Кешегі талап осы. Бүгін де солай!

Міржақып Дулатұлы қаламынан туған сондай бір сөз-шақпақ азаматтың намыс отын тұтатып, қайраттандырғанын сөзіміздің тиісті тарауында айтқан едік. Қазақ “Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді” дегенді бекер айтпаған ғой. Шын ақын сөзі ұрпақтармен бірге жасасып, олардың қайғы-мұңын қозғап, жалпы көңіл күйін шертетінін үлкенді-кішілі жиындарда айтылған сөздерден, олардың тыңдаушыға әсерінен көріп, куәгер болып жүрміз...

Ана бір жылдары Алматыда бас қосқан бір топ ағайын-туыстардың Қазақ мемлекеттік қыздар институтының профессорлары ерлі-зайыпты Әлім Бірмағамбетов пен Қазына Аймағамбетованың үйіне жиналып жаңа жылды мерекелейтін дәстүріміз болушы еді. Жаңа жыл ма, әлде сондай жақсы да көңілді күндердің бірі ме, әйтеуір Әлім мен Қазынаның берекелі дастарханының басында, бұдан төрт жыл бұрын немерелері Әсем мен Назеркеге бата-тілек айтқаным осындайда есіме түсе береді. Сонда Міржақып Дулатұлының “Қайтер едің?” өлеңін жатқа айтып алып...

– Айналайын Назерке, Әсем, құдай сендерге ұзақ өмір жолында арбаң сынудан, өгізің өлуден сақтасын, достарың жан ашыған сөзінді дұрыс түсінсін де, араңнан суық жылан жорғалап өтпейтін болсын. Жаның сүйіп барған алыс-жақын ағайын, туыстарың құшағын жая қарсы алып, мейірімін төге берсін. Міржақып атаң айтқандай, еңбегің тасқа еккен егіндей болып, тіршіліктен көңілің қалып жүрмесін! Бақыт күнің жарқырап шығып, айың оңынан, жұлдызың солынан тусын. Әумин! – деп тілек-бата бермеймін бе. Кең де салтанатты дастархан басында отырғандар “Әумин, айтқаныңыз келсін” десіп қолдарын қақты. Оң жағымда отырған милиция полковнигі Орынғали Есенғазиев маған таңдана бұрылып, басын бір шайқап алып:

– Жақаң сабаз менің басымнан өткен ауыр күндерді есіме түсірді, – деп терең бір күрсініп қойды.

Дастарханның екінші шетінде, өзінің Әлімінің қасында жаңбырлы жаз гүліндей жайнап, әдемі әзіл-қалжыңымен қонақтарының жанын жадыратып отырған Қазына орнынан ұшып тұрып, Орынғали екеуіміздің қарсы алдымызға келіп тоқтады да:

– Аға, қалай жақсы айттыңыз, – деп бастай беріп еді. Мен сөзін бөліп:

– Менің сөзім емес, қазақтың қадірлі Жақаңы – Міржақып Дулатовтың “Қайтер

едің?” деген өлеңі ғой, – деп түзетіп жатырмын.

Осы бір сәт маған жұртының жадында сақталған жарқын бейне – Жақанның сөзі дастарқанды жағалай отырғандардың құлағына аққу сынғырындай естіліп, өзі жалынды көшбасшы кейпінде елестегендей болып еді.

ӘСІПҰЛЫ Сапабек,
филология ғылымының кандидаты

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Қоғам тарихындағы, халық тағдырындағы алмағайып, дүмпуі көп қиын кезендерде өмір сүрсе де, “қазағым”, “ұлтым” деуден, оның қам-қарекетін ойлаудан бір сәт те айнымаған, осы ұлы мұратқа өзін де, талантын да аямай арнаған М. Дулатұлы артына өлшеусіз зор рухани қазына қалдырған қаламгер. Оның шығармашылық мұрасы асыл тастай сан қырлы: өлеңдер, роман, пьеса, аудармалар, әдеби-публицистикалық мақалалар, зерттеулер, очерктер...

Біз мақаламызда қаламгердің екі қырына – ақындығы мен прозашылық өнеріне тоқталмақпыз.

Міржақыптың әдеби мұрасының қомақты бөлігін оның поэзиялық шығармалары құрайды. Қалың көпшілікке де ол алдымен ақын ретінде танылғаны белгілі.

М. Дулатұлының ақындық қадамы 1905 жылдан басталған. Бұл оның А. Байтұрсынұлымен қатар саяси-әлеуметтік күрес жолына ашық түскен шағы болатын.

Міржақыптың тұңғыш жинағы – “Оян, қазақ!” 1909 жылы Уфа қаласында жарық көрді. Жинаққа ақынның 1905-1908 жылдар аралығында жазған өлеңдері енген. Бұл жинақтың Міржақыптың ақындық қалыптасуы мен халыққа танылуында айрықша рөлі бар.

Жас ақынның өлеңін кімге арнағаны, не айтпақ болғаны, көңілін толқытқан қандай жайлар екені кітаптың атауынан-ақ “мен мұндалап” танылып тұр.

Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,

Қазағым, енді жату жарамас-ты.

Ақын кітабының беташар шумағында осылай деп үн қатады. Мағына-мәні де ап-айқын: “жоғалтқаның көп, ұйқыңды, жайбасарлығыңды қоятын кезің келді, оян, намыс-сананды сілкіле, қазағым!” – дейді халқын сүйген, оның халіне күйген азамат ақын. Бұл сөз санада Абай үнін (“Қалың елім, қазағым, қайран жұртым”) қайта жаңғыртқандай әсер етеді.

Жинақтың әлеуметтік маңыздылығы, уақытында үлкен мәдени құбылыс саналғандығы

ондағы өлеңдердің қалыптасқан дәстүрлі ағартушылық сарыннан өзгешелігінде, қоғамдық шындықтың зәру жайларын батыл әрі ашық көтеруіне байланысты болатын. Кітаптағы әрбір өлеңнен елін азапқа түсіріп, жерін тозаққа айналдырған отаршылдық езгіге қарсы батыл үн көтеріп, ұлтын еркіндік санаға шақырған азаматтың өр тұлғасы танылады. Кезінде бұл кітаптың азаткерлік идеяны тарататынын, мұның халыққа қандай әсер-ықпалы болатынын патша өкіметінің бірден аңғарып, “Оян, қазақтың!” екінші басылымын (1911) конфискелеуі, ал авторын түрмеге салуы тегін емес қой.

Кітаптағы “Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі хәлі”, “Қазақ халқының бұрынғы мағишаты”, “Қазақ жерлері”, “Таршылық хәліміз хақында аз мүнәжат” өлеңдері кең сахараны еркін мекендеп келген халықтың өзіне тән тұрмыс-салтын өрескел бұзып, оны қыспаққа түсірген отаршылдық саясатты батыл айыптайтын ойларға толы.

“Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі хәлі” деген өлеңінде ақын халықтың бұрынғы өмірі мен өз тұсындағы күйін салыстыра баян етеді. Ақын халықтың бұрынғы тұрмыс-тіршілігін жөнсіз мақтаудан аулақ. Бірақ, “еркін, өз билігі өзінде болатын еді” дейді. Бұл шындық қой. Елінің бүгінгі халін ол “дұшпанға таба болып, күлкі – досқа” болған кез, оның себебі қазақтың билікке, байлыққа таласып, өзара дауласып-жауласып жүріп бірлік-ынтымақтан айрылып қалуында деп біледі ақын. Ақын бұл ойын:

Екі сұңқар таласса, құзғынға жем,
Берекесін бұл қазақ сөйтіп құртқан, -
деп әдемі астармен айқындай айта келе сөз аяғын төмендегіше бітіреді:
Ұйқысы ғафилдіктің басып кетті,
Қазақты ояталық етіп һүммет.

Бұл ақынның өзі секілді оқыған замандастарына арнап айтқан сөзі, артқан азаматтық жүгі.

Жоғарыдағы өлеңмен үндес, тақырыптас болғанымен одан идеялық шешімі өзгешелеу әрі өткір туындысының бірі. “Қазақ халқының бұрынғы мағишаты”. Ақын қазақтың өткен өмірінің кейбір көріністерін (жайлау қызығы, ұлттық салт-дәстүрлер, т.б.) тарихи шындық ретінде әсерлі суреттей келіп, бүгінге ойысады да:

Қанеки, осы айтқанның бірі бар ма,
Айтылса сөздің кәміл ақиқаты?–

деп қынжыла сауал қояды халқына. Бұған өзге елге бодан болуымызбен қатар “талпынып ұмтылмайтын кеңшілікке” өзіміз де кінәліміз деген тұжырым жасайды. Ақын халқына бұл хәлден, өзі айтқан кемшіліктерден арылудың жолын да нұсқап, оны күйінген, шын тілектес жүрекпен ашық, батыра айтады, ұлттық намысқа, әрекетке үндейді:

Қазағым, көрмегенің әлі алдыңда,
Боларсың көне берсең мұнан жаман.
Босында аяқ, қолың қимылдап қал,
Бір күнде тыпырлауға келмес шамаң.
Бұл – ұйқыдағы сананы сілкілеу, күреске үндеу үні!

“Қазақ жерлері” – жасыл жайлау, жайлы қоныстан – ата мекеннен айрылып, өз жерінде өгейлік көрген халқының тұрлаусыз тағдыры, мұның әлеуметтік-саяси себептері жайлы толғанысқа толы отты өлең. Ақын:

Ойласам мұның бәрін қияли боп,

Хафадан ішім оттай жанасың да, –

десе, бұл оның шын сыры екеніне кәміл сенесің. Өлеңді оқыған әрбір адамның бүгін де осындай күйге түсері анық. Өйткені, қазақ жерінің талау мен тонауға түсуі, келімсектердің ағылып келіп, құйқалы жерлерге қоныстануы, яғни, ақын кезінде батыл, ашық сынаған отаршылдық саясат одан кейін де, кеңес өкіметі тұсындағы да түрлі желеумен (тың игеру, халықтар достығы, маман кадрлар шақыру, т.б.) пәрменді жалғастырыла жүргізіліп келгені ақиқат қой. Бұл ХХ ғасыр басында ақын басын қауіп-қатерге тігіп ашық көтерген проблеманың өз кезеңі үшін ғана емес, бүгін де соншалықты актуальды екенін көрсетеді.

Міржақып халқын өнер-білімді игеруге, надандық-мешеуліктен құтылып, мәдениетті, өресі биік ел болуға шақырады. Бұл жарқын идея оның көптеген өлеңдерінің, атап айтқанда, “һүнерменен хасыл болған нәсерлер”, “Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта”, “Қазақ халқына діни бір уағыз”, “һүнерін халық файдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға”, “Таршылық халіміз хақында аз мүнәжат”, “Насихат гумумия”, т.б. – алтын арқауы.

Міржақып, орыс тілін еуропалық білімді ұстаздары Ыбырай мен Абай секілді жоғары бағалады. Орыс тілі мен ғылымын игеру – өнерлі, өркениетті ел болудың, елдігінді сақтап, қорғаудың кепілі деп білді. Аталған өлеңде:

Екінші хажет ғылымың - орысша дүр,

Өзіңе бек файдасы тіл білуің.

Қараған мемлекеттің низамы не,

Мұны білсең, сақталар дүниелігің,-

деуі сондықтан.

Ақын бірсыпыра өлеңдерінде қазақ тұрмысындағы кейбір келеңсіз жайларды (жалқаулық, дауқұмарлық, мансапқорлық, мақтаншақтық, т.б.) өзі ұстаз тұтып, өнерінен өлшеусіз тағылым алған Абайша айтуға, Абайша жерлеуге ұмтылған.

Ақын “Сайлаулар хақында” деген өлеңінде қазаққа осындай әкімқұмарлық, дау-дамайға үйірлік секілді жат мінездердің көбею себебін отыршылдық әкеп таңған өзгеше ел билеу жүйесімен (мәселен, ауылнай, болыс сайлауы, т.б.) байланыстыра сөз етеді.

Шыққанына волост сайлау қырық жыл өтті,

Сол сайлау, байқасаңыз, түпке жетті.

Бай болып, мырза атанып мал біткендер,

Таласып болыстыққа ақша төкті.

Еліріп біреу шықты би болам деп.

Кейбірі би түсетін үй болам деп.

Желікпей үшіншілер, неге тұрсың:

- “Қалайша аналардан мен қалам”, - деп.

Осы жолдарда әкімдік сайлау жүйесінің астарында айламен елдің бас көтерер азаматтарын бір-бірімен билік үшін бәсеке-таласқа салып, араздастырып, олардың өзара сыйластық-ынтымағын бұзу, сөйтіп, халықты аздыру саясатының жатқандығы боямасыз нақтылы көрінеді. Бұны айқын түсініпсезінген ақын халқын мұндай жат әдеттерден арылуға, тез арада тиылуға шақырады.

Қазағым, бұл ғадетті тасталық та,

Халықты тура жолға басталық та.

Волост, билік, ауылнайлық, выборнайлық

Қимайтын сонша падишалық па? –

дейді ақын ашыну мен өкініш әрі үміт аралас сөзін халыққа арнап. Бұндай сөзді елін сүйген, оның осы кеселді мінездерден айығуын аңсаған перзенттік жүрек қана айта алады.

“Оян, қазақ!” жинағы міне осындай халықтық ой, реалистік сипатымен, заманының толғақты жайларын ашық, өткір, көтеруімен, халықтың ұлттық намыс, еркіншіл сана-сезімін оятуымен құнды мұра.

Міржақыптың екінші өлең кітабы 1913 жылы “Азамат” деген атпен жарық көреді де, араға жыл салып (1914) қайта басылып шығады. Бұл факт “Азамат” жинағының да халық көңіліне жол тапқан кітап болғанын көрсетеді.

Жинақ шынында да Міржақыптың азаматтық тұлғасының биіктігінің, ақындық шеберлігінің толысқандығының куәсі іспетті.

“Оян, қазақ!” атына мазмұны сай күрес рухына, қайрат пен жігерге толы болса, “Азамат” жинағына негізінен нәзік лиризм тән. Мұнда ақын адамның ішкі сезім-толғаныстарын, табиғаттың әсемдігін айшықты бедерлеуге ден қойған.

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі –
Пайдалан шаруаңа, жараса, алаш!

“Шағым” деп аталатын өлеңнің лирикалық кейіпкері осылай алашына-халқына ағынан жарыла сөйлейді. Өйткені, ол өз күйін емес, ел жайын, ұлт қамын ойлап-толғанатын азаматың бейнесі. Кейіпкердің осындай ұлтжанды қасиетінен, еліне деген шынайы сезім күйінен Міржақыптың өзінің азаматтық тұлғасы танылады. Сондықтан, өлеңді автордың өмірлік мұратын, ел-халық алдындағы парызын айқындауы деп түсіну қажет.

“Мұң”, “Сырым”, “Арманым” өлеңдерінің осылай аталуларында да үлкен мән жатыр. Бұл өлеңдердің лирикалық кейіпкері – ел еркіндігін аңсаған, сол үшін ғұмырын арнаған күрескер жан. Ал, күрес жолы - қиын жол. Сондықтан ол “жаудың қолы босамай тұр жағадан” деп бір сәт жалғыздығын, шарасыздығын мұң етіп (“Мұң”) шағады, енді бірде қиындыққа мойымай “кім үшін тусам, сол үшін өлу -борышым” (“Сырым”) деп елімен бүкпесіз сыр бөліседі, ал оның арманы қандай асқақ, мұраты қандай мөлдір! Ол – елінің еркіндік алуы, көркеюі. Сол үшін ол өзін құрбан етуге де даяр. Ақын мұны, яғни, кейіпкердің арманы мен мұратын:

Аяусыз жаным, мен бір құрбан лағың,
Болса алуға, қаным себеп, мұрадың.
Болайын сүйінші: жұлдызың жанып бақыттың,
Сен көркейді деп естісе құлағым.
Азуды қайрап, бармақты шайнап өтті күн,
Ғылымды іздер, алысты көздер жетті күн.
Ақсақал артқа, жастар тартса салтқа,
Әперер жұртқа кекті кім? -

деп қызулы, айбынды, кекті-жігерлі жолдармен өте ұтымды, әсерлі жеткізген. Бұл мұң мен сыр, мұратты арман Міржақыптың жан сыры, Міржақыптай ақын, аяулы азамат, күрескер ұлының аузымен айтылған халықтың да шын тілек, асыл арманы.

Міржақыптың үшінші өлеңдер кітабы – “Терме” 1915 жылы шыққан. Кітапта

ағартушылық сарындағы бірсыпыра өлеңдерімен (“Шәкірт”) қатар “Оян, қазақ!” рухындағы туындылар да баршылық. Солардың ең елеулісі – “Елім-ай” өлеңі. Өлең, мәңгі ұмтылмас халық трагедиясының ескерткіші, әйгілі “Елім-айды” еске түсіреді.

Арнау үлгісінде жазылған өлеңнің лирикалық кейіпкерінің еліне айтқан жүрекжарды сөзінде сүйініш емес, өкініш пен елін айыптау мотиві басым. Дос жылатып айтады дегендей, бір кездері ұлы Абай қалың елі - қазағының кеселді қылықтарын қалай ашық мінеп, аяусыз сойып еді! Оның астарында бұл қылықтан арылуға, ел болуға шақырған жанашыр жүректің лүпілі естіліп тұрды ғой. Міржақып та сол ұстазынша сондай мақсатпен әлі де марғау, бейғам елін барынша өткір сынға алады.

Ем таба алмай дертіңе мен ертеден,
Сол бір қайғың өзегімді өртеген.
Тырп етпейсің бас көтеріп көрпеден
Еңсең неге түсті мұнша, елім-ай!

Өткен сағым, келер алдың - бір мұнар,
Қызылшылсың қызарғанға тым құмар.
Сақтан деген сөзді жан жоқ шын ұғар
Жемге шапқан, қармақ құрса, елім-ай!..

дейді ақын, көкірегі қарс айырыла күрсініп. Өзі ғана күрсініп қоймайды, оқушысын да күрсінтіп, ойлантады. Бұл шындықты айтқан шынайы, биік өнердің қасиеті болса керек.

“Елім-ай!” сөзінің шумақ сайын қайталанып келуі жайдан-жай емес. Ол сөздің кімге арналғанын ғана білдірмейді, ең бастысы, ақынның реніші мен мұңының салмағын, оның соншалықты айыптай тұра, айнымай сүйері де, басын иері де – елі екенін аңғару.

1916-1918 жылдар М. Дулатұлының өмір белесінде қиын, сындарлы кезең екені белгілі. Алайда бұл жылдарда жазылған өлеңдерінен де (“Алашқа”, “Жаңа тілек”, “Қайда едің?”) ақынның шарқ ұрып “шындықтың ауылын” (Сұлтанмахмұт) іздегені, халық тілегінен бір сәт те ауытқымағандығы айқын танылады. Ол:

Алыстан алаш десе, аттанамын,
Қазақты қазақ десе, мақтанамын.
Болғанда әкем - қазақ, шешем - қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын? –

деп өзінің ұлтжандылығын, қандай жағдайда да оның игілігі үшін күреске – “суға түсіп, отқа жануға” даяр екенін мақтанышпен мәлімдеуімен өтті. Ісімен де дәледеп берді. Сондықтан бұл идея өмірі арпалыста, күресте өткен ақын азамат Міржақып Дулатұлының бүкіл поэзиясының негізгі арқауын құрайды.

Ақын жырлары – елдікке үндеудің, ұлттық намысқа шақырып, ұлт азаттығын аңсаудың жарқын үлгісі.

Міржақып Дулатұлының төл әдебиет тарихындағы ерекше еңбегінің бірі – оның қазақ романының бастаушысы болуы, әдебиетіміз үшін жаңа әрі күрделі жанрдың негізін қалауы.

Атын ел аңыз ғып айтып келген “Бақытсыз Жамал” романы араға ұзақ жылдар салып барып, 1991 жылы қазақ оқырмандарымен қайта қауышты. Роман 1910 жылы Қазан қаласында басылып шыққан.

Автор шығармасының өлеңмен жазылған “Сөз басында”:

Мақсаты романның - халық түзетпек,

Жазылған еріккеннен ермек емес.

Жамалдың жайын жаздық бұл кітапта

Бақытсыз бір қыз екен осы шақта...

деп жазады. Бұдан байқалғандай, романның тақырыбы – қазақ қоғамының толғағы жеткен зәру мәселесі – әйел теңсіздігі, жастардың бас еркіндігі жайы, идеясы – сүйіскен екі жасты өлімге итермелеген ескілік иелерінің, озбырлық әрекеттерін суреттеу арқылы “әйелді қисап ететін” ескі феодалдық салт-сананы әшкерлеу, ел ағалары мен жастарды ескілікке қарсы күрес-әрекетке үндеу. Міржақыптың “мақсаты романның - халық түзетпек” деуі де шығарма идеясын меңзеуі.

Шығарманың атын иемденген Жамал – орта дәулетті Сәрсенбайдың бір перзентке зарығып жүріп көрген қызы. Жамал – сауатты, сөзге ұста, ақындық өнері де бар ақылды сұлу. Автор оны “Сұлулық, ақыл, салтанат үшеуі бір-біріне муафик келіп, Жамал сол елдің қыздарының алды болды” деп мінездейді. Жамал зеректігімен, ақыл-көркімен ел аузына жастай ілінеді. Ойын-тойдың көркіне айналады. Бірақ, Жамал үшін жастықтың уайымсыз күндері көпке созылмайды. Сол елдің байшігеші Байжан өзінің таз баласы Жұманға Жамалды айттырады. Атастырылған күйеуіне көңілі толмаған Жамал Жұманға барса - қор болатынын, өзгелер секілді бір жігітті ұнатып, сонымен қашып кетер болса ата-анасының сағы сынатынын ойлап, қатты уайымға түседі.

Осындай мұнлық, шарасыздық күйде жүрген Жамал шілдеханада Ғали есімді жігітпен танысады. Ғали медреседе оқыған, орысша да сауатты, өнерлі, ақын, саудамен айналысатын жас жігіт. Ел ішінде оны “көпшілік жұрт” Дүйсенбектің баласы талапты, “еті тірі жігіт” деп мақтайтын.

Жамал – мөлдір сезім, айнымас махаббат иесі. Ол Ғалиды шын көңілімен ұнатып, оның адамгершілігін, жан тазалығын жоғары бағалайды. “Жамалжан, талап таудай болса дағы, Тон келте, сүйгеніңнің қолы қысқа” деп жалынды сезімін білдіріп, кедейлігіне налыған Ғалиға қайтарған жауабында Жамал:

Хатында “бай емеспін” деп жазыпсың,

“Бетке салық қылма” деп көп жазыпсың.

Байды сүйсем, Жұманға бармас па едім,

Мұны ойламай әшейін тек жазыпсың, -

деп байлыққа қызықпайтынын, сертке беріктігін ескертеді.

Сен үшін бір басымды еттім құрбан,

Шынжырлап жіберсе де Сібірге айдап!, -

Бұл сөзімен ол өзінің нық шешімін, ендігі жерде махаббаты үшін сүйгенімен бірге қандай қиындықты болса да бір көруге дайын екенін білдіреді. Сүйгенін жігерлендіреді.

Достарының көмегімен қалаға қашып келген екі жас бірер күн Ғалимен саудалас, дос пейілді Фатихолла байдың үйінде паналайды. Ел іші бүлініп, қауіп зорая бастағанда ғашықтар Ғалидың нағашысының ауылына барып тұрады. Бірақ екі жастың бақыты ұзақ жанбайды. Біраз қиындық көріп, енді арманына жеткендей болғанда Жамал зор бақытсыздыққа ұшырайды. Ғали аз күн ауырып, қайтыс болады.

Сүйгенінен айрылып, қара жамылып қалған Жамалдың бақытсыздығы мұнымен

де бітпейді. Ел адамдарының ара түсуімен Сәрсенбай мен Байжан татуласып, Байжан Жамалды қайта алдырмақ болады. Бір кезде “ойын-той болғанда көлге қонған аққудай көрінетін” Жамал тағы да тағдыр тәлкегіне аяусыз ұшырайды. Ескі салт-сананың құрған торына мықтап шырмалған арманды есіл ару Жұман тазға еріксіз телінеді. Болымсыз күйеуінен толассыз тепкі мен қорлау көріп, азап пен тозаққа бірдей түскен күйінішті Жамал бір түнде атпен қашып шығады. Бағыты – қала, Фатихолла байдан пана сұрау. Бірақ, ол бұл мақсатына жете алмай, боранды түнде адасып жүріп үсіп өледі.

Романда Жамалға қарағанда Ғали бейнесі толық ашылмағандай әсер қалдырады. Автор оның түр-түсін, мінезін, алған білімі мен кәсібін қысқаша таныстырып өтеді. Ғалидың балалық, жастық шағын, ата-анасын, қызметін айтуды Міржақып мақсат етпеген. Шығарманың тақырыбы мен идеялық мақсатына сәйкес Ғали Жамалға байланысты оқиғаларға кейінірек, қыз айттырылып, әке мен қыз арасындағы қайшылық өсе түскен шақта араласады. Ауырып қайтыс болғанға дейінгі Жамалмен қарым-қатынасы, бас еркіндігі жолындағы іс-әрекеті оның сыпайы, байсалды, адамгершілік иесі, берік сезімді, өнерлі озық ойлы жас екенін дәлелдейді. Ғали өмір әділетсіздігіне қарсы белсене күресер санаға жетпеген жан. Автор да оны ашық күрескер етуді мақсат тұтпаған. Ғалидың қиындықтан қорықпай, сүйгенін алып қашуы – заманының ауқымында оның батылдығы, күрескерлігінің, ескілік әлеміне жасаған адамдық қарсылығының көрінісі.

Сүйікті кейіпкерлерінің қысқа да азапты тағдырларын осылай өліммен аяқтай отырып, жаны таза, сезімі мөлдір екі жасты бақытсыздыққа душар еткен феодалдық салтқа, адамгершіліктен ада әдет-ғұрыпқа Міржақып қарғыс айтады, махаббатты, ізгілікті ту етіп көтереді. Бұл автордың гуманизмін, халықтық көзқарасын танытатын шығарманың идеялық түйіні.

Романда іс-әрекеті, ой-толғамы ескі қазақ тұрмысының, уақыттың шеңберінде нанымды көрінген бірнеше кейіпкерлер бар. Олардың ішінде адамдық болмысы, өзіндік әрекет-қимылымен шынайы көрініп даралана көзге түсетіні – Сәрсенбай мен Байжан.

Сәрсенбай орта дәулетті, ел ішінде қақ-соқпен жұмысы жоқ, жалпы нәті момын жан. Зарығып көрген қызы Жамалды ұл орнына әлпештеп өсіріп, молда жалдап оқытып, әкелік мейірін де танытады. Қызы зеректігімен, көркем келбетімен ел аузына іліге бастағанын аталық көңілмен мақтаныш көреді. Алайда Сәрсенбай ескі феодалдық ортада туып, өскендіктен, бұрынғы салт-дәстүрге құрметпен қарайды, оны сақтауды өзіне бұлжымас заңдылық деп есептейді. Байжан Жамалға құда түскенде, ептеп былқылдаған болып, көнуі – осының дәлелі. Әйелінің шырылдап аналық қарсылық көрсеткеніне Сәрсенбай қыңбайды. “Ұрғашының шашы ұзын, ақылы қысқа” деген осы деп Сәрсенбай басқа сөз айтпай, ішінен мыңқылдап отырып қалды” деп жазады қаламгер.

Сәрсенбайды Байжанмен құда болуға итермелеген тағы бір нәрсе – бай, ықпалды құдасының көмегімен би сайлансам (өткен сайлауда ол көп шығындалса да, осы Байжанның кесірінен өтпей қалған-ды), сөйтіп, өткендегі шығынды қайтарсам деген ой.

Сәрсенбай бейнесінде жамандық пиғылы жоқ, жасқаншақтау, ескішіл көзқарасты ұстанған, дүмділердің ықпалына түскен момын ауыл қазағының қайшылықты тұлғасы көрінеді.

Романдағы ұнамсыз тұлғалар ішінде өзіндік мінез ерекшелігімен жан-жақты көрінгені – Байжан бейнесі. Ол өзін ауыл иесі, ескіліктің тұтқасы, ата дәстүрінің берік сақшысы

сезінеді. Болыс құдасына арқа сүйеген, өзінің де қулық-сұмдығына найза бойламайтын Байжан ел адамдарын уысында ұстайды. Кім би, кім болыс сайлануы керек, мұны шешетін де – Байжан. Ел ішіндегі кейбір пысықайлардың айтақтауымен желіккен Сәрсенбайды биге өткізбей тастатын да осы Байжан.

Байжанның содыр-сойқанды мінезі Жамал қашып кеткеннен кейінгі оқиғалар тұсында ашыла түседі.

Байжан – байлығына сенген, айла-амалы көп, ел ішін ала тайдай бүлдірген феодалдық ортаның тірегі, өмірі ерте түскен суыққа ұрынған гүлдей солған арманды жас ару Жамалдың өлімінің басты себепшісі.

Романның негізіне нақты өмір шындығы (“Сөз басында” айтылған “Біреуге хас нәрсе емес һәм болған іс” деген жолды еске алайық) арқау болған. Міржақып Көкше өңіріндегі Саумалкөл деген жердегі ауыл мектебінде мұғалімдікте (1908) жүрген кезінде Жамал атты қыздың ауыр тағдырына куә болғанды. Автор шығармасындағы Жамалдың бейнесін осы қыздың тағдырына негіздеп жазған. Әрине, мұнымен қатар ол өскен ортасы – ескі қазақ ауылының бала кезден етене таныс жайларын, өзі талай көрген қазақ қыздарының қорлық өмірінің шындығын да қажетінше жинақтап, қорытып, оқиға желісіне, Жамал тұлғасын даралауға пайдаланған.

“Бақытсыз Жамалдың” тез жазылуының бірнеше себебі бар. Біріншіден, оның материалы (оқиғалар, характерлер) Міржақыптың ой-дүниесінде бірер жыл бойы іштей қорытылып, пісіп жетілген, екіншіден, әйел теңсіздігі, жалпы әлеуметтік әділетсіздік мәселесін автор романға дейін де көптеген өлеңдерінде (“Жесір дағуасы хақында”, “Жігіттер”, т.б.) жазған, айтқан болатын. Бұған қоса Міржақыптың бұл кезде ескі қоғамды дүр сілкіндірген, үрейге салған “Оян, қазақтың!” авторы, танымал ақын екендігі тағы бар. Оның сыртында бес жылдық орыс-қазақ мектебінен білім алып, ұстаздық еткен, орыс әдебиетінің тұнығынан сусындап, Пушкин, Лермонтов, Л. Толстой романдарының рухы мен көркемдік болмысын, реалистік озық сипатын жетік білген, игерген білімдар Міржақып тұр.

Мұның растығы романда суреттелген оқиғалар мен кейіпкерлер іс-әрекеттерінің шынайылығынан да көрінеді. Романдағы психологизм көріністері, баяндау мен суреттеулердің көркемдігі, әсірелеудің жоқтығы, кейіпкер тілінің характер табиғатына сай келуі, ескі қазақ өмірінің шындығын шынайы ашып беруі, мұның бәрі шығарманың көркемдік мәдениетінің жоғарылығын, жазушы шеберлігін танытады.

Роман сюжеті негізінен бір оқиғаға – Жамал мен Ғалидың ғашықтық хикаясына - құрылғанымен, шығармада қамтылған өмір шындығының ауқымы одан әлдеқайда кең. Шығармада екі жастың қайғылы тағдырына орайластырыла қазақ қоғамының талай типтік жайларының (барымташылық, би сайлауы, ел ішінің жікке бөлінуі, билер кеңесі, қалың мал дауы, т.б.) шындығы нанымды ашылған.

“Бақытсыз Жамалды” авторы роман деп атағанымен, оны бүгінгі роман жанры мен оның ерекшеліктері тұрғысынан таразылау жөн болмайтындығы түсінікті нәрсе. ХХ ғасыр басында жазылған Міржақып романы көлемі мен мазмұны жағынан да шағын, құрылысы қарапайым туынды. Әр нәрсе уақыты тұрғысынан бағаланса ғана әділ болмақ деген тұжырымға ден қойсақ, сөз жоқ, романның өз дәуіріндегі әдеби процеске зор ықпал еткен үздік туынды екендігі даусыз ақиқат. Романның көркемдік жетістігі мен әдеби процесітегі

орны да ХХ ғасыр басындағы әдеби даму аясында қаралып, бағалануы тиісті.

Туындының жарық көрісімен халық арасына кең тарауы, үлкен ілтипатқа бөленуі, араға үш-төрт жыл салып (1914) әйгілі Абай шығармаларымен бірге Мәскеуде орыс тілінде басылып шығуы да романның көркемдік, әлеуметтік деңгейі хақында көп жайды аңғартса керек-ті.

Шығарманың орыс, қазақ әдеби сынынан кезінде-ақ жана жанрдың төл басы, үздік көркем, реалистік туынды ретінде жоғары бағасын алғандығы мәлім. “Бақытсыз Жамал” – ұлттық әдебиетіміз шеңберінде тұңғыш роман, күрделі жанрдың көшбастаушысы.

“Бақытсыз Жамал” көркемдік табысы, халықтық мазмұны, реалистік сипатымен өз кезіндегі әдеби процеске үлкен ықпалын тигізді, жанрдың алғашқы қарлығашы ретінде өзіндік үлкен жетістігімен қазақ романының тууына, жалпы прозалық өзге де жанрлардың туып, қалыптасуына мұрындық болды. Бұған аталған романның тікелей әсерімен жазылған Т. Жомартбаевтың “Қыз көрелік” (1912), С. Көбеевтің “Қалың мал” (1914), С. Торайғыровтың “Қамар сұлу”(1914) романдары, М. Кәшімовтың “Мұңлы Мариям” (1914), Б. Майлиннің “Шұғаның белгісі” (1915) повестері, т.б. дәлел. Романның игі ықпалы бұл туындылардың атауларынан да, сергелдеңге түскен олардың бос кейіпкерлерінің тағдырларынан да айқын көрінеді. Әсіресе Ғайша мен Қожаш, Ахмет пен Қамар тағдырларынан олардың мінез ерекшеліктері мен іс-әрекеттерінен Жамал мен Ғали болмысын еске түсіретін жақындықтар көбірек көзге түседі. Қорыта келгенде бұл романдардың аталған ортақ ерекшеліктері, гуманистік, реалистік сипаттары, халықтық мазмұны тұрғысынан алғанда да алғашқы романмен сабақтасып жатуы – “Бақытсыз Жамалдың” көркемдік тағылымының айқын көрінісі.

МАҚПЫРҰЛЫ Серік,
филология ғылымының кандидаты

КҮРЕСКЕР, АЗАМАТ

Қоғамдық, творчестволық қызметі күрделі ХХ ғасырдың бас кезіне түс келетін қазақ интеллигенциясының демократиялық атануға қай тұрғыдан болмасын толық құқығы бола тұра, қайта құру кезеңіне дейін тіпті оларға тарих көшінен алатын өздеріне тиесілі орнын беру емес, реті келсе халық жадынан біржола сызып тастауға тырысқан күштер де болды. Олар белгілі дәрежеде өз дегеніне жетті де...

Сол қазақ демократиялық интеллигенциясының Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов сияқты көрнекті өкілдерімен бірге алдыңғы шоғырын құрайтын қайраткерлердің бірі Міржақып Дулатов.

Ұлттық интеллигенцияның алғашқы буынының халық тарихында алатын орнын анықтау енді ғана қолға алынған шаруа. Қазақ қоғамдық ойына Абайдың соңын ала келген Ахмет, Міржақыптар Әбдірахманмен замандас, “жаңа жылдың басшысы — қоғамдық қайғы-қасіретке бой алдырудан халықтың құлдық халінің өзгермесін терең түсінген, түсініп саналы іс-әрекетке бет бұрған ұрпақ болатын. Өз буынының бұл тарихи міндетін терең ұғынған Міржақып:

Ия алла! Талапкердің бақытын аш,
Ақ жүрек пайдалы іспен атағын шаш,
Ұлтына қараңғыда қамаулы өткен
Жарқырап жарық сәуле болғандай бас.
Айнымай тұтқан жолың болсын мынау:
Азаттық, ағайындық, теңдік сұрау,
Тайсалмай дұрыстыққа жанды қисаң,
Борышы адамдықтың сонда тұр ау! —

деп, замандастарына іздеген жоғын көрсеткендей сыңай танытқан. Тура осы ойды онымен жарыса Мағжан да айтқан болатын:

Жол ұзақ, жақын үшін жаннан көштім,
Бауырдың халін көріп бейнет кештім,
Құшақта, сүй, күй, жыла қайраттандыр,
Жан жарым, ұзақ ауыр жолға түстім.

Анығырақ айтқанда бұл үндес, сабақтас ойлар Міржақып пен Мағжанның аузымен айтылған сол буынның халқы алдында берген антындай ұғылатын рухани күйі болатын.

Рухани күй демекші ХХ ғасырдың бас кезіндегі қайшылыққа толы күрделі қазақ қоғамында қалыптасқан әлеуметтік-рухани ахуалды өз творчествосында терең және толық бере алған талант ретінде Міржақыптың орны ерекше. Ол қандай күрделі тақырыпқа барса да және қандай жанрда жазса да сол тарихи кезеңдегі қазақ шындығын терең меңгеріп, оның ең өзекті мәселелерін жанынан өткізіп отырып жазды. Сондай күрделі мәселелердің бірі қазақ даласына орыс шаруаларының жаппай көшіп келіп қоныстануы, соған байланысты өлкеде саяси жағдайдың шиеленісе түсуі болды. Осы тақырыпқа арналған “Қоныстану және қазақтар” деген мақаласында Міржақып бұл процестің себеп-салдарын талдап, қоныс аударған орыс шаруаларына “Неге келдің деп өкпелеуге болмайды. Басы артық жерге ақ

сүйектер мен байлар ие болып, қатын баланың күн көруі қиынға айналып, бұзауын арқандап бағатын болса, пәлен жерде жақсы жер бар деп қуса, мұжық сияқты қазақ та аумас па еді”, — дей келіп, соңында “көршілер тату болса екі жағына пайдалы. Мұны өкімет те, жұрт та ескеретін жұмыс” (“Қазақ”, ғ 30) деп көрсетеді.

Міржақып Дулатовтың азамат, жазушы, қайраткер ретінде қалыптасуы, талант қуатының толық ашылуы “Қазақ” редакциясындағы қызметіне түс келеді. Оның себебі де бартын. Тарихта орын алған фактіні объективті жазылған ғылыми шындық қана аша алуы мүмкін. Олай болса тұңғыш орыс революциясының тікелей ықпалымен азаттық қозғалыстың жаңа сатысына көтерілген қазақ қоғамының он үшінші жылдан бастап рухани бағыт беруші орталығына айналған “Қазақ” газеті екені де рас. Газет сол тарихи кезеңдегі қазақ елінің ең алдымен, әрине, қазақ интеллигенциясының есею мектебі болды десек асыра айтқандыққа жатпайды. “Қазақ” қараңғыда жатқан қазақты оқытуға, үйретуге, көндіруге тырысқанымен, бірақ өзі негізгі сабақты алдымен халықтан алып, халықпен бірге адасып, бірге есейгені де шындық. Сол қазақ елінің көш бастаушысы болуға тер төккен, ұлттық “Қазақ” газетінің басылымның басында тұрған үштің бірі Міржақып Дулатов еді.

Міржақып газетке келгенге дейін де саяси, әдеби жұмысын үлкен қуатпен, жігермен бастап үлгірген, оны көзі ашық қазақ баласына танытып, “көзі ашық” патша жандармериясының назарына іліктірген “Оян, қазақты” жазған, сол үшін де патша абақтысының есігін ашып, тұз-дәмін татқан жігіт ағасы болса да, редакцияда А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов сияқты саяси күресте біраз белден асқан, ысылған танымал қайраткерлермен қызметтес болуы оған көп тәжірибе, сенім беріп, байыта түскенді.

Сол кездегі қазақ саяси өмірінің, қоғамдық ойының ең белсенді өкілдерінің ұлттық басылым редакциясында тоғысуы кездейсоқтыққа жатпаса керек. Оларды мұнда тоғыстырған, әрине, ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ жерінде қалыптасқан саяси және әлеуметтік ахуал, соның нәтижесінде ұлттық мүдделердің бұрын болмаған дәрежеге көтерілуі болды. Творчестволық мүмкіншіліктері кең бұл үшеуінің мұнда тоғысуы оларға сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының ең өзекті мәселелерін белсенді публицистика тілімен бүкіл қоғам алдына қойып, оларды қоғам болып шешу жолдарын қарастыруға мүмкіншілік тудырған еді. Тарихи тұрғыдан алғанда бұл қазақ қоғамы үшін жаңа рухани құбылыс болатын. Бірақ бұл мәселеге байланысты тарихи шындық мұнымен шектелмесе керек. Біздің түсінігімізше, ең негізгі шындық сол — Әлихан, Ахмет және Міржақып үшін газет те, творчестволық еңбек те түпкілікті мақсат жолындағы құрал ғана болатын. Олардың газет бетінде жарияланған көлемді дүниелерінен бастап, кішкене хабарларына дейін сол негізгі мүддеге, қызметке қойылды. Ортағасырлық мешеу феодалдық тәртіптер үстемдік құрған қазақ қоғамын ояту және өзгерту жолындағы бұл айтулы еңбек оларды 1917 жылға дейін азаттық қозғалыстың бағыт беруші рухани басшыларына айналдырғаны да рас еді.

Осы айтылған ойға байланысты мынадай өзекті мәселелерді аттап өту қиын. Ғасырлар бойы крепостниктік әскери-феодалдық империяның отары болып келген Қазақстан жағдайында ат төбеліндей демократиялық интеллигенция өкілдері саяси праволық тұрғыдан да, адамгершілік тұрғыдан да негізгі екі мәселені көтеріп, сол үшін халықты күреске үндеді. Олар, біріншіден, көп ұлтты Россия шеңберінде ұлтты-мемлекеттік суверенділікке қол жеткізу және екіншіден, патшалық әкімшіліктің феодалдық меншігіне айналған қазақ жерлерін қайтару еді. Бұл мәселелерді қойып, шешуде демократиялық интеллигенция

ұсынған құралдар олардың еркінен тыс табиғаты жағынан буржуазиялық-демократиялық сипатта болатын және сол кезеңдегі Қазақстан жағдайында бұл даусыз революциялық кадам еді. Бірақ орталық аудандардағы пролетарлық революциялық қозғалыстың өрлеу шет аймақтарды да қамту жағдайында тек ұлттық шеңберде ғана өзін-өзі ақтай алатын бұл жолдың бүкілроссиялық және революциялық перспектива тұрғысынан алғанда әлеуметтік шектілігі де айқын болатын. Міржақып және оның идеялық серіктері өмір сүрген уақыттың күрделі қайшылығы да, трагедиялық сипаты да осында еді.

Міне сондықтан да Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және басқа сол кезеңдегі қазақ интеллигенттері қол қойған саяси документтерге бүгінгі биіктен емес, сол тарихи кезеңдегі қазақ шындығы контекстінде қарау ғана оларды марксистік методология тұрғысынан түсінуге және түсіндіруге жол ашары анық.

Төменде оқырман назарына ұсынылып отырған, кезінде “Қазақ” газетінде жарияланған материалдар М. Дулатовтың айқын азаматтық позициясын білдіретін және оның рушылдық, ұлтшылдық сияқты тар ұғымдармен үйлесе алмайтындығының айқын куәсі. Олар тарихи 1917 жылдың июнь-сентябрь айлары аралығында жазылған. Оқырмандарға мәлім бұл тарихи уақыт Октябрьге дейінгі қазақ интеллигенциясы үшін де өрлеу, сонымен бірге күрделі сын кезеңі еді. Мақалалардан да сол ерекшеліктерді анық аңғарғандай боламыз. “Қазақ” баспаханасы мақаласы 1917 жылы газет редакциясының “Азамат” творчестволық бірлестігі атына баспахана сатып алуына байланысты жазылған. Оның деректі құндылығы Октябрьге дейінгі қазақ баспасөзі, жалпы азаттық қозғалысы басынан өткізген қиыншылықтарды түсінуге көмектесетіндігінде болса керек. Мақалада “Қазақ” газеті үстінен шағым ұйымдастырушы адамның аты-жөнін ғылымда ол туралы пікірдің әлі толық орнықпағандығына байланысты көрсетпей-ақ қоюды жөн санадық. Ал Бөкейхановтың есіміне байланысты Самара қаласының аталуына келсек, оның полиция орындарының нұсқауымен біраз уақыт сол жерде тұруға мәжбүр болғандығы мәлім. Қазақ қоғамына қайрылу есебінде жазылған “Ояң, қазақ” мақаласы 1916 ж. 25 июнь жарлығына байланысты Шығыс Түркістан асып, ашаршылыққа ұшыраған босқын қырғыз ағайындарға қайырымдылықпен көмек беруге шақырған бір топ қазақ интеллигенттерінің “Алаш азаматтары!” атты үндеуінің жалғасы есебінде “Қазақта” жарияланған. Хатта Міржақып кезінде дәрігер Жұмағали Тлеулин аман алып қалған кітаптың мың данасы туралы айтып отыр. Ал үшінші материал түсіндірме сөзге мұқтаж емес сияқты.

ҚОЙГЕЛДИЕВ Мәмбет,
тарих ғылымының докторы,
профессор

ЧЕЛОВЕК И БЫТИЕ В РАССКАЗЕ “БАХЫТСЫЗ ДЖЕМАЛ” М. ДУЛАТОВА

Творчество М. Дулатова в последнее десятилетие остается предметом многосторонних научных исследований¹. Подвергаются анализу его поэзия, публицистика, критика, полемические материалы, связанные с общественной деятельностью и участием в политической партии “Алаш Орда”. Перспективным является понимание социального поведения Дулатова, объяснение его ненормативности и специфичности морализаторства.

Переакцентировка взгляда на его жизнь и творчество оказывает определенное воздействие на переосмысление всей последующей казахской прозы XX века, во многом модернистской в своем течении и в отражении еди-ничного существования человека в историческом процессе.

Краткое содержание первого казахского романа “Бахытсыз Жамал” (1910), построенного на конкретно-бытовой основе повседневности, опубликовано в русском переводе Н Рама-занова в 1914 году². Сопоставление с оригиналом произведения может быть натянуто, так как в переводе роман имеет форму рассказа (под названием “Бахытсыз Джемал”) о случае из частной жизни, иллюстрирующим положение женщины в казахском обществе. В разработке женской темы с четко выраженной социальной проблематикой интерпретируется один из популярных сюжетов о судьбе девушки, ставшей жертвой произвола родных и чужих людей (см., например, рассказы и повести М. Ауэзова “Сиротская доля” и др., Б. Майлина “Гулсим Рахимжан кызы”, Г. Мусрепова “Однажды и на всю жизнь”, О. Бокеева “Снежная девушка”, Д. Исабекова “На отшибе” и т. д.). Набор разных идей в рассказе сводится к представлению одной из бытовых картин мира. При всем кажущемся различии (в переводном сочинении редко применяются тропы, почти отсутствуют диалоги, не включены песни Джемал (Жамал), произведение как в оригинале, так и в переводе на русском языке представляет заготовку к будущему роману. Образы и сюжетные линии в нем переплетены с реалистическими традициями западно-европейской и русской литературы, начиная с Пушкина, Гоголя, Достоевского и Чехова. Важно отметить заданные писателем вопросы жизни и смерти, свободы личности, существенные в трансформации эстетической системы дастанов, созданных в разные исторические периоды (“Сорлы Шолпан”, “Жетим кыз” и др.), акынской поэзии, творчества Абая, С. Торайгырова, С. Кубеева... В значительной мере рассказ базируется на экзистенциально-философском обращении к проблеме существования человека, истолкованной на его быте и социально-психологическом опыте. В повествовании зло подчеркнуто в образах Сарсенбая, отца Джемал, бая Байжана, его сына Джумана, муллы, занимавшегося подделкой документов, суть позиций которых заключается в ненасытной заботе об упрочении собственных привилегий. Мелкие вредительства, издевки, побои и оскорбления в обыкновенных жизненных ситуациях являются для них нормой жизни. Им неведомы сострадание, милосердие, а о Боге как высшей нравственной ценности они и не задумываются (хотя в оригинале Всевышний часто упоминается героями). Сарсенбай, один из первых создавший атмосферу зла, лицемерия, лжи, подкупа, выступает символом деградирующих людей, обезличенных облаченными властью и поэтому уверенными в своей безнаказанности персонами. Дочь его Джемал - это метонимический образ социально и личностно одиноких женщин, задавленных и униженных в обществе, где нет твердых политических и религиозных представлений о нравственных ценностях. Любовь, замужество, родительские привязанности оборачиваются для Джемал и ее матери Чулпан (Шолпан) горем. Рассказ построен на переживаниях и ощущениях, обнажающих всю трагичность их бытия. Несмотря на это, Джемал предстает полным жизненных сил, готовым к действиям человеком, сохранившим душу живую и не потерявшим почву под ногами. На самом деле М. Дулатов возвеличивает любовь, отрицая пафос самобичевания и самопожертвования. В эпизоде побега героини из родительского дома улавливается ее независимая натура. В ней выделены такие черты как воля к жизни и

воля к победе, умение быть собой и самостоятельно решать свои поступки. Это выражено в отказе Джемал принимать навязываемые отцом ценности, чуждые ее совести, в отчаянном одиноком протесте. В рассказе очевидна экзистенциальная форма существования Джемал после смерти возлюбленного Али (Гали). Она выходит замуж за сына Байжана, дурачка Джумана, не просто из-за равнодушия к жизни, но прежде всего по принуждению отца, обуреваемого волей к власти над людьми посредством родственных связей с влиятельным баем. В переводном произведении Джемал не впадает до конца в отчаяние от крушения надежд, не теряет твердости характера в трагедийности своего бытия. Если говорить как Ф.Ницше, то “нас восхищает теперь, когда трагический герой находит еще слова, доводы, красноречивые жесты и в целом ясность ума там, где жизнь приближается к бездне”³. Джемал, руководимая волей к жизни, проявляет свой энтузиазм, глубину и живость нравственного переживания в судьбоносном решении. Выход из круговых глубин своей периферии - адского места она видит в городе, где живет добродетельный и отзывчивый татарский купец Фатхулла (в оригинале-бай Фатихулла), готовый помочь другому. Ее тайное бегство наполнено чувством уверенности в будущей плодотворной самореализации в работе, благодаря которой она смогла бы утвердиться в социальном плане, обрести свободу. В финале рассказа намечаются разные пути жизни для героини, но автор оставляет путь гибели. Смерть красивой девушки (Жамал на каз яз. - красивая, милая), не сумевшей преодолеть обыденные, поэтому часто с трудом разрешаемые, житейские конфликты, наполняет произведение драматическим пафосом. Она не воспринимается как радостное избавление от повседневной бытийной трагедии. В этом реалистическом рассказе мифологический смысл усматривается в словах вечер, ночь, сугроб, дом, дорога, лошадь, город, зима как своеобразных знаках, обозначающих роковую жизнь Джемал. Трагическую окраску получают пространственно-временные категории ночной дороги, сугроба, приютивших навсегда девушку. Конь ее выступает верным проводником в мир иной. Частная жизнь и смерть героини, жертвы бессмысленного бытия, возводят к гибели красоты и иллюзорности свободы в обществе, где обычай оправдывает в первую очередь действия семьи как социального целого. Судьба Джемал трагично прочитывается в рассказе. Тем не менее в одиноком противостоянии монолитному окружению ее личность уникальна и возвышена.

Примечание

1. См. работы Ж.Исмагулова, Б.Майтанова, М.Абсеметова, Н.Жармаганбетова и других исследователей, опубликованных в газетах “Казах адебиети”, “Тургайская новь”, “Индустриальная Караганда”, “Прикаспийская коммуна”, “Ленинская смена”, “Вечерний Алматы”, в журналах “Позиция”, “Нива” и др.

2. Дулатов М. Бахытсыз Джемал // Вост. сб. в честь А.Н. Веселовского.-М.: Тип. М.О. Атса и К. -Вып.XL.-1914.-С.236-240. Пер. Н. Рамазанова.

3. Ницше Ф. Веселая наука: Соч. В 2-х т. Т.1.-М., 1990.- Т.1.- С.560.

АКАШЕВА Салима,
кандидат филологических наук

ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗДІҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

Міржақып Дулатов “Қазақ” газетін
ұйымдастырушылардың бірі

Ғасыр басындағы халқымыздың мұң-мұқтажына, қоғамдық-саяси және мәдени өмірінің сан қырлы мәселелеріне елдің назарын аударған “Қазақ” газеті қысқа мерзім ішінде жалпыұлттық басылымға айналды. Қазақ оқығандарының көпшілігі осы газеттің төңірегіне топтасып қана қоймай, ұлт өмірінің көкейкесті міндеттерін айқындайтын мақалаларымен көріне бастады. Өйткені сол тарихи кезеңде зиялылардың басын біріктірген “Қазақ” газетінен басқа мәдени, қоғамдық-саяси және рухани беделді орталық, ұлттық ұйтқы болмаған еді.

Газетті ұйымдастырып, жарыққа шығару ісінде Ахмет Байтұрсыновтың ең сенімді серігі, “оң қолы” болған Міржақып Дулатов туралы аз жазылып жүрген жоқ. А. Байтұрсыновтың елу жылдық мерейтойында М. Дулатов оның өмір тарихын баяндай келіп, Аханның “Қазақ” газетін ұйымдастырудағы еңбегіне ерекше тоқталды. Онда мынадай пікір айтылған еді: “Публицист ретінде А. Байтұрсынов ешқандай қаражат қоры болмаса да 1913 жылдың басында Орынборда шын мәніндегі тұңғыш қазақ газеті “Қазақтың” негізін қалап, оның бетінде қазақ халқының мұң-мұқтажын батыл сөз етіп отырды”.

Дегенмен, осындай бағаға М. Дулатовтың өзі де лайық! Солай бола тұрса да осы күнге дейін оның “Қазақ” газетін шығарудағы еңбегі әлі де толық бағалана қойған жоқ. Сондықтан да біз бұл шағын мақаламызда Орынбор облыстық архивінің деректік мәліметтеріне сүйеніп, “Қазақ” газетін ұйымдастырудағы М. Дулатовтың еңбегіне тоқталмақ ойымыз бар. Архивтік дерек құжаттарымен танысу барысында біз газет шығару үлкен ұйымдастырушылық жұмысты қажет еткеніне, дәлірек айтсақ, “Қазақ” газетінің жарыққа шығуы Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың ұлт азаттығы идеясымен рухтанған қажырлы еңбектерінің жемісі екеніне көз жеткіздік.

Тарихқа үңілсек, бұл жұмыстың сонау 1905 жылдан бастау алғанын аңғарамыз. Сөзімізге дәлел ретінде “Қарқаралы петициясының” 3-тармағында берілген тұжырымға назар аударайық. Онда халқымыздың ағымдағы қажеттіліктерін айқындау үшін қазақ тілінде газет шығару, ол үшін цензурасыз газет шығарудың және баспахана ашудың ешкімнің келісімінсіз шешетін тәртібін орнату талап етіледі.

Сөз жоқ, Ә. Бөкейхановтың басшылығымен жазылған бұл құжаттан байқайтынымыз, қазақ зиялылары (олардың ішінде М. Дулатов та бар) 1905 жылдан бастап газет шығару мәселесін көкейде мықтап ұстанған.

Осы мәселе жөнінде кейінірек 1910 жылы Ә.Бөкейханов: “Осы уақытқа дейін қырғыз (архивтік дерек құжаттарындағы “қырғыз” дегенді “қазақ” деп оқыңыз – С.И.) тілінде не бір газет, сондай-ақ қырғыздың өзінің баспаханасы жоқ. Осы екі істі жүзеге асыру қырғыз даласында еркіндіктің бейбіт күндерінде ойға алынып еді, бірақ іске аспады” деп өзінің өкінішін білдіреді.

1914 жылы 12-наурызда Орынбор губерниялық жандарм мекемесінің бастығы генерал Бабич Түркістан жандарм басқармасына жолдаған өзінің 10150-күпия мәліметінде “Қазақ” газеті туралы мынадай мағлұмат береді: 1913 жылдың қаңтарынан бастап Орынборда

шын мәнінде “Қазақ” деген атпен апталық қырғыз (қазақ – С.И.) газеті шығады. Газеттің редакторы Ахмет Байтұрсынов Қарқаралыдағы Орыс-қырғыз училищесінің бұрынғы меңгерушісі. 1910 жылы Министрдің жарлығы бойынша оған далалық өлкеде, Жетісу және Торғай облыстарында тұруға тыйым салынып, 1910 жылғы 10 наурызда ол Орынборға келген (Орынбор облыстық мемлекеттік архиві (ООМА), 21-қ., 9-т., 4-іс, 71-п.).

Сонымен “Қазақтың” қашан және кімнің жетекшілігімен шыққанынан патша үкіметі орындары жақсы хабардар. Бұған қосарымыз, “Қазақ” газеті 1913 жылдың 2 ақпанында Орынбордағы “Каримов, Хусаинов және К серіктестігінің” баспаханасынан жарық көрді. Бірақ билік орындары газетті шығаруға рұқсатты 1913 жылдың қаңтар айында бергенімен, қаржы мәселесінің тапшылығынан “Қазақ” бір айға кешігіп шықты.

Ал енді осы тұстағы М. Дулатовтың қоғамдық-саяси жұмысына тоқталар болсақ, 1914 жылғы қарашаның 24 күні генерал Бабич Торғай губернаторына ол туралы былай деп жазады: “Редактордың секретары Мир-Якуб Дулатов Торғай облысының қырғызы. “Оян, қазақ!” атты кітабын таратқаны үшін 103-баптың 2-тармағы және 129-баптың 6-тармағы бойынша айыпталып, Семей округтік сотының үкімімен он тоғыз ай қамауда отырды. 1912 жылдың 23-желтоқсанында түрмеден шығып, Орынборға келіп, “Қазақ” газетінің қызметкері болып орналасты”.

Бұл көп зерттеушілер назарынан тыс қалған дерек. Генерал Бабич бұл жерде Міржақыпты Орынборға 1912 жылдың 23 желтоқсанында келді деп қате көрсетеді. Шындығына келсек, ол Семей түрмесінен шыққан беттебірден Орынборға бармай, қаржы жинау мақсатында Түркістанға бет алады. Түркістанға келген соң ағасы Асқарға былай деп хат жазады: “Семеймен қош айтысып, ізімді білдірмеуге тырысып Түркістан қаласына жеттім, жасырын күнкөрісте болғандықтан, сіздерге хабар жеткізе алмадым. Түркістан және оған таяу жердегі Қарнақ қыстағында қазақ, өзбек, қырғыз ағайындардың арасын паналап, 1913 жылдың басына дейін сонда өткіздім. Түркістанда Садық Өтегенұлының үйінде тұрдым”.

Осы сапарда М. Дулатов Сырдария губерниясының жоғары білімді қазағы Ахмет Ишанмен және оның ұлы Мұстафа Оразаевпен Түркістан қаласында кездеседі. “Қазақтың” ең алғашқы санын бастырып шығарушы да – осы М. Оразаев. Кездесуде Мұстафаның әкесі Ахмет Ишан Міржақыптың “Қазақ” газетін ашу жөніндегі пікірін қуаттап және қаржылай көмек сұраған оның өтінішін орындауға дайын екенін білдіреді. Бұл тұста М. Дулатовтың Түркістаннан кейін Павлодар қаласына барғанын да айта кеткен жөн. Мұның себебі де қаржы мәселесі еді. Осыдан соң ғана, Міржақып 1913 жылдың басында А. Байтұрсыновтың тапсырмасымен Мәскеудегі Гербектің баспаханасынан қажетті заттар мен шрифтарды алып Орынборға аттанды.

Ал енді оның “Қазақ” газетінің жұмысын жолға қоюға байланысты еңбегіне келсек, М. Дулатовтың өзі “Қазақ” газетіндегі қызметі туралы 1929 жылы 1 қаңтарда ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында төмендегі жайттарды айтқан еді: “1913 жылдың басында қамалу мерзімімді өтеп шыққаннан кейін мен Орынборға келдім. Далалық генерал-губернатор қазақ өлкесінде тұруға тыйым салғандықтан Орынборда А.Байтұрсынов тұратын. Мен келердің алдында ғана А.Байтұрсынов “Қазақ” газетін ұйымдастырған екен. Мен редакцияның секретары болып орналастым. Баспаханалық қорымыз өте шектеулі, небәрі ортақтасып жинаған 450 сом ғана еді.

Газетте тек екеуіміз жұмыс істедік. Менің күні-түні жұмыс істеуіме тура келді. Адресстерді қолдан жаздым, көшіріп жазушы, материалды өңдеуші, корректор, газетті бүктеуші, таратушы – осы міндеткерліктің барлығы менің мойнымда болды. Газет шағын форматты апталық болды. Газетті әр жерге таратып насихаттаушы да мен болдым. Алғаш шыққан жылдары Павлодар, Омбы, Петропавловск, Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Түркістан, Шымкент, Әулие-Ата, Ташкент және басқа қалаларға бардым.

Қысқа мерзімде газет әйгілі болып, патша әкімшілігінің назарын аударды. Осыған сәйкес 3-4 мәрте айыпталып, әр нөмірі үшін 300 сомнан 3 мың сомға дейін айып салынды”. (ҚР. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архиві, 011494-іс, 6-томы, 1919 ж. 1 қаңтар).

Осы жолдардың өзі-ақ “Қазақ” газеті А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың орасан зор ұйымдастырушылық қызметінің нәтижесі екенін дәлелдейді. Тар заманда, патша әкімшілігінің қыспағында жүріп баспахана жоқ, қазақша қаріп жоқ, қаржы жағы тапшы дәл осындай ауыр жағдайда, сол уақытта газет шығару, әрине, оңай шаруа емес еді.

М. Дулатов – ең алдымен, саясаткер-ақын. Сөйтсе де ұранға, үндеуге пара-пар “Оян, қазақ!” өлеңінің авторы ретінде он тоғыз ай Семей түрмесінде отырып, еркіндікке шыққаннан кейін, маман баспагер-журналист болмаса да тәуекел етіп, тағы саяси мәні бар “Қазақ” газетін шығаруға қаймықпай бел шешіп кірісті. Бұл оның өз ұлтының еркіндігі жолындағы тағы бір азаматтық қырын таныта түседі.

Бұл істе, әрине, ол жалғыз болған жоқ. Оны Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов тәрізді қайраткер ағалары мен саяси серіктері әр кез демеп отырды. Ал бұл ресми өкімет назарынан тыс қалған жоқ. Мысалы, генерал Бабич 1914 жылы 12 наурызда Түркістан аудандық жандарм бөліміне жолдаған аса құпия хатында А.Байтұрсынов пен М. Дулатовты демеуші Әлихан Бөкейханов пен Әбубәкір Бірмұхамбетұлы Алдияров туралы мынадай мағлұмат жазады:

1. Редактордан басқа газет қызметкерлері Әлихан Бөкейханов – Бірінші М. Дума депутаты, ғалым, Самарада тұрады, аграрлық мәселеге байланысты мақалалар жазады.

2. Әбубәкір Бірмұхамбетұлы Алдияров – Тройцкінің қалалық ауруханасының дәрігері, медицина салалары бойынша мақала жазады”.

Әрине, газетті ұйымдастыруда А. Байтұрсынов пен М. Дулатовқа нақты саяси бағыт беріп, “Қазақтың” өз аяғынан тік тұрып кетуіне мүдделілік танытқан Ә. Бөкейханов екендігі даусыз. Осы орайда “Қазаққа” қаржылай көмектескен, газетті кең насихаттаған азаматымыздың бірі М. Тынышбаев екенін айта кеткен де жөн. Ол Иркутскідегі жақын танысы Юсуф Солтыкқа жазған хатында “Қазақ” газетін шығарушылар туралы мынадай ой айтқан: “... Орынборда өз істеріне берілген ақын қырғыздар А. Байтұрсынов және М. Дулатов бірлесіп апталық қырғыз газетін шығарды. Басшысы Ә. Бөкейханов. Әрине, менің де қатысым бар, жаздырып аламын. Газеттің таралымы өте жақсы”.

Жалпы, А. Байтұрсынов пен М. Дулатовқа газет шығаруға негізінен екі мәселе үлкен кедергі болды. Оның біріншісі – патша әкімшілігінің “қырағы көзі” – цензурасы, екіншісі – қаржы тапшылығы. Әрине, патша үкіметінің түрмесінде отырып шыққан саяси сенімсіз адамдар ретінде Орынборға келген А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың шығарған ұлттық-саяси газетін жергілікті әкімшіліктің қатты бақылауы заңды құбылыс еді. Ал мұндайда жоғары билік орындарының арнайы рұхсатымен шыққан “күдікті” газеттің сол орындар тәртібіне сәйкес жұмыс істемесе жабылып қалуы да сөзсіз еді.

Негізгі міндет қазақ ұлтына қызмет ету бола тұрса да, амал жоқ, патша үкіметінің саясатына, дала өміріне қатысты қаулы-қарарларын, заң жобаларын “Қазақ” газеті жұртшылыққа насихаттауы тиіс болатын. Жергілікті ресми биліктің сеніміне кіріп, газетті жабылып қалудан сақтау үшін, алғашқы жылдары аса сақтықпен жұмыс істеуге тура келді. Осының нақты куәсі төмендегі дерек: “...Газет жарыққа шыққалы өзінің қабылдаған бағдарламасынан ауытқып, өткір сыни мақалалар жариялаған жоқ. Газеттегі мақалаларды бақылау Торғай облыстық басқармасының тілмашы Мұхамедияр Тұнғаншинге тапсырылды”. Бұл – патша үкіметі жергілікті орнының құжаты.

Орынбор генерал-губернаторы Сухомлиновқа зиялылардың әрбір іс-әрекеті тыңшылар арқылы белгілі болып отырған. Өкінішке орай, сол уақытта қазақтар арасынан шыққан күзетші, бақылаушы және тыңшы көп-ақ еді.

Сондықтан, кейінірек Міржақып Дулатовтың “Қазақты” қай күні жауып тастайды, өзімізді қай күні айдап жібереді” деген қауіп зор еді. Осыған ашынған М. Дулатовтың жергілікті жандарм әкімшілігінің тілмашы, тыңшы болған Мұхамедияр Тұнғаншиннің “Қазақ” газеті туралы губернаторға берген жағымсыз мәліметтерін ашық атап көрсетіп, 1917 жылы 2-8-сәуірде Орынборда ашылған Торғай облысының съезіне оны қатыстырмауды талап еткені белгілі.

Осы оқиға туралы “Қазақ” газетіндегі “Қазақ халқының тұңғыш съезі” атты бас мақалада былай атап көрсетілген: “...Қазақ едім деп ойламаған, халықты ішкі үкіметпен бірге жеген, езген, бұл күнде көлгірсіп, қуанғансып іште жүрген, газетке цензр болған кезінде ел ішінде етіліп жатқан істі ескермеген Ғ. Мочиев пен губернатор переводчигі М. Тұнғаншинді съезге жолатпауды тілеп, ішімізден шықсын, қарасын көрсетпесін деп М. Тұнғаншинді қуып шықты. Мочиев Орынборда жоқ еді” (“Қазақ”, 1917, ғ 225).

Амал қанша, сол бір аумалы-төкпелі заманда қазақ зиялыларының арасында “Қазақ” газетінің тілеулестерімен қатар ресми үкімет тыңшылары да, тіпті ашық жаулары да болды. Өйткені “Қазақ” әділетсіз атқамінер байлармен, жемқор болыстық басқарушылармен, қанаушы шенеуніктермен, тойымсыз парақорлықпен, елді мекендерді күйзелте тонаушылармен ашық күресті.

Жандарм орындарының “Қазақтың” үстінен тергеу, тексеру, тінту жүргізуіне жоғарыдағыдай іштен шыққан жаулардың арыздары, арандатушы істері түрткі болды. М. Дулатов осыған орай: “Бізге ең қиыны, жанымызға батқаны жаудың жақыннан шыққаны болды” (“Қазақ”, 1917, ғ 247), деп ашына жазса, бұл реніш нақты шындықтан туындаған еді. Мәселен, 1914 жылы Ішкі істер министрлігіне Торғай және Орал облыстарының қазақтары Қали Нұрымов, Сағындық Бірманов, Өтеген Сырымов, т.б. қол қойған арыз түсіп, онда арыз иелері А. Байтұрсынов пен М. Дулатовты және “Қазақ” газетіне қатысты басқа да азаматтарды кінәлап, қаралап, газетті жауып тастауды, сондай-ақ А. Байтұрсынов пен М. Дулатовты Орынбордан қууды талап етті.

Осы арызға байланысты тексеру жұмысын жүргізген жандарм мекемесінің бастығы Бабич арыз иелерінің қайда тұратындығы анықталмағандығын, олар көрсеткен мәліметтердің шындықтан алшақ екенін айтып, ал осы арызбен Торғай және Орынбор губернаторына арыз иелерінің шағымданғанын көрсетіп, арызды А. Байтұрсыновқа жеке өші бар, өштескен бір ғана адам жазған деп, өзінің 1914 жылдың 24 қарашасында жазған тексеру қорытындысында мәлімдеді.

М. Дулатов арыздардың біразын, сол жылдары “Қазақтың” ісін оң көрмеген Б. Қаратаевтың жазғанын да ашық айтқан болатын (Дулатов М. Шығармалары. Алматы, 1991. 289-б.). Мұның бәрі, әрине, сол бір қарбалас заманда, қазақ ұлтының жол таңдау кезеңінде орын алуы әбден табиғи көріністер еді. Ал газеттің қаржылық негізіне келер болсақ, жоғарыда қаржы тапшылығына орай М. Дулатовтың қандай әрекеттер атқарғандығын айттық.

Ахмет пен Міржақыптың бастамасымен газетті қаржы тапшылығынан шығару мақсатында “Азамат серіктігін” құру өте тиімді іс болды. Оның жұмысынан да патша әкімшілігі жақсы хабардар болған. “Қазақ” газетінің қандай қаржыға сүйеніп шыққандығы жөнінде, Орынбор генерал-губернаторы Сухомлиновқа 1916 жылы наурыз айында Бабич мына мәліметті хабарлайды: “...Газеттің шығарушысы “Азамат серіктігі” 1915 жылдың 30 қыркүйегіне дейін, оның 31 адамнан тұратын жарнашысы болды, кейінірек жарнашылардың саны біраз көбейді. Ал “Серіктікке” мүше болған азаматтар жан басына жүз сом жарна төлеген. “Азамат серіктігінің” бастамасын қолдап, оған ең алғаш мүше болған зиялылар Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Бадрисафа Байтұрсынова, Арынғазы Боштаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Тұрағұл Құнанбаев және т.б. (“Қазақ”, 1914, ф 56).

М. Дулатов “Азамат серіктігі” жұмысының нәтижесін “Қазақ” баспаханасы” атты мақаласында қуана былай баяндайды: “Жаңа арада “Азамат серіктігі” атына “Қазақ” газеті үшін 30 мың сомға баспахана алдық, орысша әріптері мол, саймандары түгел құрулы. Мұсылманша әріпті Қазаннан алдырғалы тұрмыз, заказ беріп қойдық. Сөйтіп, барлығы 40 мың сомға түскен қазақша һәм орысша басатын баспаханамыз болды. “Көптен көңіл жетсе қол жетеді, айналып бастан бұлт кетеді” жүретін еді, сәті бүгін түсті. Қуаныштымыз.

Енді біздің жұртқа айтарымыз мынау: баспахана “Азамат серіктігінің” ақшасына алынды. “Қазақ” бұрын да халық газеті еді, бізге аманат еді. Біз кешегі тар заманда да халықтың аманатын ауырсынып, бейнетінен қашып жолда қалдырғанымыз жоқ, шамамызша жүргіздік. Енді бүгін “Азамат” ақшасына баспахана алған соң тіпті халық газеті болды”.

Сондай-ақ ол осы мақаласында: “Газет бұрын керек болса, енді мынадай талас-тартыс заман туғанда бұрынғыдан да керек. Газетті шығару бар, қазаққа керекті неше түрлі кітаптар бар – бәрі осында басылмақ. Мынау қымбатшылық баршамызға мағлұм...

Талапкер азаматтар, көзі ашық байлар һәм мырзалар “Азамат серіктігіне” молырақ кірісіп, газет һәм баспахана ісін тағы да көркейтер деген үміттеміз” – деп басқаларға да ой тастайды.

“Қазақ” газеті М. Дулатовтың қоғамдық-саяси есею мектебі болды десек қателеспейміз. Оның қалың қазақ жұртшылығына әйгілі болған газетте жұмыс істеуі, елдің жоғын жоқтап, мұңын көтеріп жазған өткір саяси мақалалары Міржақыптың есімін де халық арасына одан әрі танымал етті. 1914 жылдың 12 мамырынан бастап, екінші редактор, ал 1917 жылдың 28 шілдесінен газеттің негізгі ұйымдастырушысы да осы Міржақып болған еді.

Патша үкіметі тұсында басылуы бірнеше рет тоқтатылып, бірақ біржола жабылмаған “Қазақ” газетін толық жабу туралы бірінші нұсқауды демократия, көпшікірлілік атаулыға жаны қас кеңес үкіметі берді. Омбы атқару комитетінің 1918 жылы 4 наурызда Орынбор совдепіне берген жедел хатында: “Алаш партиясының саяси ұйымы ретінде “Қазақ” контрреволюциялық “Алаш-Орда” үкіметін құрып, кеңес үкіметіне қарсы ашық күреске

шығуда. Тез арада газетті жабуды талап етеміз” делінген.

Бұйрық, әрине, жедел жүзеге асырылып, 1918 жылдың күз айында 265 саннан кейін “Қазақты” шығару амалсыз тоқтатылды. Бұл М. Дулатовқа және басқа да алашшыл қазақ зиялыларына, кеңес үкіметі тарапынан жасалынған бірінші ашық соққы, рухани қысым еді.

Шындығында да, А.Байтұрсынов пен М. Дулатовтың жан аямай, бар ынтасымен қажырлы еңбектенулерінің жемісі – “Қазақ” газеті саяси-ұлттық жас қазақ баспасөзінің көш басшысы дәрежесіне көтеріліп үлгірген болатын. Осы жылдары газет бетінде көрнекті ағартушы Міржақып Дулатовтың ұлт тағдырын ойлаған, халықтың ең көкейтесті мәселелерін көтерген көптеген ойлы да зерделі мақалалары жарияланды. Ол қазақ еліндегі барлық бақытсыздықтың түп-тамыры білімсіздікте деп түсініп, қазақ мәдениетінің өзге елдердің көлеңкесінде қалып қоймауын, ұлттың рухани және саяси тәуелсіздігі үшін күресіп, тынымсыз ізденісте өмір сүрді. Қазақтың әлемдік өркениет көшінен артта қалушылығын жою жолдарын терең ойластырды.

Осынау қасиетті бағыттағы оның алғашқы және ең маңызды қадамдары “Қазақ” газетін ұйымдастырып, оның жұмысын жолға қоюда жарқын көрінісі берді.

ИМАНБАЕВА Сәбира,
тарих ғылымының кандидаты

МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ – ОТАРЛАУ САЯСАТЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСКЕН ҚАЙРАТКЕР

Міржақып Дулатов ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ зиялыларымен бірлесіп қазақ халқының азаттығы үшін күрескен, ұлттық баспасөзіміздің ұйытқысы болған ірі саяси тұлға, көрнекті қоғам қайраткері, Алаш идеологиясын қалыптастырушылардың бірі.

М. Дулатовтың қоғамдық-саяси қызметі қазақ зиялылары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсыновтармен тығыз байланысты. Аталмыш зиялы қауым өкілдері қоғамның ең өзекті мәселесі отарлық езгіге қарсы ұлттың санасын оятып, оны қалыптастыру жолында өздерінің шығармашылық қызметтерімен де, қоғамдық-саяси қызметтерімен де алға шығып, қалың қазақ халқын соңынан ілестіре білді. Халықтың бойында ұлтшылдық рухын ояту, саяси ой-пікірді қалыптастыру үшін “Қазақ”, “Сарыарқа”, “Алаш” газеттері арқылы орасан зор жұмыс атқарды. Жастарды қоғам ісіне тартуда олардың ой-санасының жетілуіне қажетті мәдени-ағарту саласында жүргізген қызметтері есепсіз десек қателеспеспіз.

Міржақыптың көзқарасының жан-жақты қалыптасуы ғасыр басындағы саяси оқиғалармен байланысты болғаны белгілі.

Міржақып саяси-әлеуметтік және мәдени мәселелерді көтеріп жүрген, екі ғасыр тоғысында қалыптасқан қазақ зиялыларымен етене араласты. Ол Омбы қаласында Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсыновпен танысып, олармен бірлесе патша үкіметінің қазақ жерінде пәрменді түрде жүргізіп жатқан отарлау, орыстандыру, қоныстандыру саясаттарына қарсы күресуге бел буады. 1905 жылы Қарқаралыдағы болған демонстрацияға қатысып,

Әлихан, Ж. Ақпаев, Ахметтермен бірігіп патша саясатын әшкерлейтін 47 баптан (пункттен) тұратын петицияны (арыз-тілек) жазуға қатынасады. Бұл петиция жергілікті почта-телеграф арқылы Петербургке патшаға, Ішкі істер Министріне, сондай-ақ “Сын Отчества” және “Русские ведомости” газеттеріне жөнелтілді. Қарқаралы петициясы - қазақ халқының Ресей империясына білдірген наразылығының, саяси күресінің жарқын үлгісі болды.

Міржақып үкіметтің жүргізіп отырған саясатын шенеп, қазақ елінің егемендігі, ел болып жерге, суға иелік ету мәселесі, қазақ шаруаларының мұң-мұқтажы, қоныс аударушылар хақында газет бетіне мақала, сын, әңгіме, өлеңдер жариялай бастайды. Оның алғашқы үкімет саясатын сынай жазған мақаласы “Серке” газетінің 1907 жылғы 2 санында жарияланады. “Біздің мақсатымыз” деген атпен жарық көрген бұл мақала “Қазағым менің, елім менің!” деп басталып, 1905 жылы Қарқаралыдағы бас көтеру мен Оралдағы құрылтайдағы қазақ халқының айтқан талаптарын ашып көрсетеді. Ресейдің отаршыл саясатын әшкерелеп: “Ең алдымен қазақ халқы - Россияға тәуелді халық... Оның ешқандай да правосының жоқтығы ыза мен кек тудырады. Халықтан жиналатын салық қаражатының көп бөлігі халыққа тіпті де керек емес нәрселерге жұмсалады... Чиновниктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, мал-мүлкін тартып алып, ойына не келсе соны істеді...”, - деп жазды. Ал 1909 жылы Міржақып қазақ халқының көзін ашуға талпынып “Оян, қазақ!” деген ақ патшаның әрекетін әшкерлеген кітабын жариялайды. Жер, дін, тіл мәселелері қазақ қауымының бірден-бір шешуін іздеген мәселесі болғаны белгілі. Ақын “Оян, қазақта” патша үкіметінің қазақтарды малға жайлы, шұрайлы жерлерден ысыруға бағытталған әккі саясатын әшкерлеп, ата-баба бейітін қарамай бұзып, орнына переселен поселкелерін салып, сүйектерін қорлап, емін-еркін алшаң басқан мұжықтарға ызаланып, жеріміздің кетіп, өрісіміздің тарылғанына күйінеді. Міржақып қазақтың езілген, адасқан, тығырыққа кез келген халін осылайша көрсете отырып, сынға алады.

“Оян, қазақ!” кітабы патша үкіметіне ұнамағандықтан М. Дулатов қамауға алынады. Омбы Жандармдық Басқармасының ротмистрі Леваневскийдің 1911 жылы 13 маусымда Семей генерал-губернаторына құпия түрде Міржақып Дулатовтың кінәлі деп қамауға алынып, үстінен сот ісі қозғалғаны жөнінде мәліметі түседі. “Вақыт” газеті мен “Айқап” журналында оның қамауға алынғаны жөнінде кішкентай хабарламалар басылады. Патша үкіметі М. Дулатовты 103-ші баптың 2-ші тармағы бойынша қылмысты деп тауып түрмеде отыру үкімін шығарады. Міржақып Семей абақтысында 1912 жылдың желтоқсанына дейін отырып шығады.

“Оян, қазақ!” бүкіл қазақ сахарасына тарады. Қошке Кеменгерұлы айтқандай, “Оян, қазақты” ел құрандай жаттады. Бұл жағдай патша үкіметін алаңдатпай қоймады. Сондықтан, қолда бар кітапты жинап алып, сауда орындарында сатуға тиым салған бұйрықтар бірінен кейін бірі шығып жатты. Міржақып бұл жайында былай еске алды: “Оқушыларға мағлұм “Оян, қазақ!” өлең кітабымды ескі өкімет шам көріп, “қазақ оянып кетеді” деп қорқып, 1911 жылы мені сотқа берді, сол себепті жыл жарымнан артық абақтыда жатып шықтым. “Оян, қазақ!” халық арасында тарамасын деп үкімет үкім салады”.

Патша түрмесіне отырып шығу Міржақыптың саяси санасын одан әрі толықтыра түсті. Ол түрмеде отырып бүркеніш атпен баспасөз беттеріне мақала жариялайды. Осы мақалалары арқылы қазақ халқының сана-сезімін оятып, өзекті мәселелерді шешуде бағыт-бағдар беруге тырысады.

1913 жылы А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатовтардың белсенділігімен “Қазақ” атты біресми газет шығарыла бастады. Ең алғашқы шыққан күннен бастап газет беттеріне қазақ халқының қоғамдық мүдделерін көксеген жер, оқу-ағарту, ұлт, дін сияқты маңызды мақалалар жарияланды. “Қазақ” газеті қазақ зиялыларының басын біріктірді. Газетті ұйымдастыруда М. Дулатов елеулі еңбек сіңірді. Ол осы газеттің жарық көрген алғашқы күндерінен оқу-ағарту, тарихи, мәдени, әр түрлі әлеуметтік мәселелерді қозғайтын мақалаларын жариялап отырды.

1914 жылдың 15 ақпанында “Мусульманская газетаға” жарияланған “Қырғыз (қазақ - с.с.) газеті “Қазақтың” бір жылдығына” деген мақалада газетке (қазаққа - с.с.) А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Ә. Алдияров сияқты қазақ зиялыларымен бірлесе, “қазақтың мұң-зары үшін күрескен, бірнеше рет тұтқындалып, жер аударылған романист Міржақып Дулатов та белсене еңбек еткендігі айтылады. Мақала авторы осы газеттің бастамасымен қазақ елінде ұлттық мектептер ашылып, оқушыларға арнайы стипендиялар белгіленіп, уақ қарыз серіктестерінің құрылғандығы, жалпы “Қазақ” газетінің бір жылда жүргізген қызметінің өте зор екендігін қуана хабардар етеді.

“Қазақ” газетін қаржыландыру мәселесімен Міржақып ел арасына барып, қазақ азаматтарынан ақшалай көмек көрсету мәселесін қояды. Ахметпен бірлесе 1914 жылы “Азамат” серіктігін құрады. Осы серіктікке қазақ зиялылары Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, Бәдрисафа Байтұрсынова, Арынғазы Боштаев, Шәкәрім Құдайбердиев және т.б. (Қазақ. 1914. ғ 56) мүше болып, әрқайсысы жүз сомнан жарна төлеп отырды. Жарналық ақшаға “Қазақ” газетіне баспахана алынды. Бұл жөнінде М. Дулатов “Қазақ баспаханасы” атты мақаласында: “Енді біздің жұртқа айтарымыз мынау: баспахана “Азамат серіктігінің” ақшасына алынды. “Қазақ” бұрын да халық газеті еді, бізге аманат еді. Енді бүгін “Азамат” ақшасына баспахана алған соң тіпті халық газеті болды”, - деп жазды. А. Байтұрсынов “Алаш” партиясының жұмысымен редакторлықтан кеткен кезде, Міржақып газеттің редакторы болды.

“Қазақ” газеті “Алаш” партиясын дайындауда елеулі жұмыстар атқарды. “Алаш” партиясын құрудағы ұлт интеллигенттерінің алғашқы қадамы, қазақ автономиясын, земство мәселесін шешудегі салиқалы жұмыстары жөніндегі хабарлар газеттің күнделікті айдарына айналды.

“Алаш” автономиясы мен Алашорда үкіметін құруда Міржақып Дулатов белсенді түрде ат салысты.

1917 жылғы Орынбор қаласында 12-26 шілде аралығында Бүкілқазақтық бірінші съезі өткізіліп, Міржақып осы съездің хатшылық тобын басқарды. Алаш партиясын құруға тікелей араласып, партияның басқармасын жасауға қатысады.

1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Е. Омаров, С. Досжановтардың ұйымдастыруларымен екінші Жалпықазақ съезі өтті. Съездің төралқасына Б. Құлманов (төраға), Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов, Ғ. Кеңесарин, О. Қарашев сайланды. Хатшылық жұмыстарды Д. Құсыяғалиев, М. Дулатов, С. Қадырбаевтар атқарды. Съездің күн тәртібінде Сібір, Түркістан автономиясын және Оңтүстік-шығыс одақ туралы, Қазақ автономиясы, милиция, Ұлт кеңесі, оқу мәселесі, ұлт қазынасы, муфтилік мәселе, ауылды басқару, халық соты, азық-түлік мәселері қаралды. Сондай-ақ, съезге делегат сайлау барысы кезінде ел ішінде жік-жікке бөлініп, кандидат

сайлауға кедергі келтірген партиялардың әрекеттері ашық түрде айтылып, осы партиялық тартысты тоқтатып, ымыра, бірлікке келтіру үшін үндеу жазу мәселесі Міржақып пен Ахметке жүктелді. Съезде халық ағарту ісі жөнінде М. Дулатов баяндама жасап, мектеп пен медреселердің, оған дәріс беретін мұғалімдердің және қазақ тіліндегі оқулықтардың жетіспейтіндігін баса көрсетіп, тез арада ұлттық мектептерді ашу қажеттігін атап өтеді. Съезд М. Дулатовтың баяндамасынан кейін ұлттық мектептерді ашу үшін, қазақ тілінде оқулықтар жазу, ұлттық мектептер үшін бағдарламалар жасау, қажетті кітаптар мен кітапшаларды орыс тілінен қазақ тіліне аудару мәселелерін қолға алу үшін 5 адамдық комиссия құру және халық ағарту саласына 58 200 сом ақша бөлу қажет деген қаулы қабылдады (Ресей Федерациясының Мемлекеттік архиві (РФМА) 193-қ. 1-т. 8-іс).

Алаш Автономиясын жариялау бойынша делегаттардың пікірінде келіспеушілік байқалды. У. Танашев, Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов, Б. Құлманов, А. Досжанова, С. Досжанов, жалпы 33 адамнан тұратын делегаттар автономияны тездетіп жариялауды талап еткен еді. Ал дала облыстарындағы халықтардың автономия мен милицияға деген көзқарасын анықтап алмай ресми жариялауға қарсы болған (42 делегаттардың (Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Х. Ғаббасов, Ә. Алдияров, С. Қадырбаев) ішінде М. Дулатов та бар еді.

М. Дулатов Алаш партиясының тапсырмасымен құрылтай съездерін Торғай, Түркістан т.б. жерлерде ұйымдастыруға белсене қатынасады.

Кеңес өкіметінің Алаш автономиясына қысым көрсеткенге дейін М. Дулатов “Алаш” партиясының белсенді қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі, “Қазақ” газетінің ұйымдастырушы-басшыларының бірі болды. Ал кеңес дәуіріндегі қызметін өзінің туған халқына бағыштады.

М. Дулатов қоғамдық-саяси қызметінде қайраткерлік, ұйымдастырушылық, шығармашылық қасиеттерімен дараланған біртуар азамат екендігін көрсете білді.

СМАҒҰЛОВА Светлана,
тарих ғылымының кандидаты

АРДАГЕРІСІҢ МӘҢГІ АЛАШТЫҢ
(Міржақып аға рухымен сырласу)

1. Қазақтың бақыт жолына

... Аяусыз жаным,
Мен бір құрбан лағың...
МІРЖАҚЫП.

Қайран, асыл Мадияр аға,
Ұлтжанды боп туған арлы қазағым.
Отаршылдық еңсесін басқан халқыңның
Арылту рухани бодан, азабын –
Жан дауыспен жар салсаң да:
“Оян, оян, оян!” – деп, –
Селт ете алмай жатты-ау жұрты: –
Меңіреу, мешеу даланың.
“Оян, қазақ!”
Ұлы мақсат көздеген, —
Осы ұранды сенің бұрын айтқаның хақ өзгеден.
Ахмет аға, Әлихан аға ұстаздарың шығар-ақ, —
Сені осы батылдыққа бапкерің боп мезгеген!
Ұстаздармен бірге кешкен шәкірттік сапар, пікір сайыс, —
Ашты аспанын буалдырлау ұлттық, шала санаңның, —
Биік Мұрат қазанында қайта балқып, —
Шын болат боп жаралдың! —
Ұлт мақсаты жолына сен өзінді,
Керек болса Құрбандыққа атауды да қаладың!
“Оян, қазақ!”
Рас, рас, бұрын айттың өзгеден,
Ерте ме, кеш түбінде бір, —
Оянар — деп сенген ең!
Сен ол кезде бозбала едің, балаң қыран тәрізді, —
Қараңғы қазақ аспанының бұлтын сөге өрлеген.

Саңқылдадың, қанатыңмен қырка қиып тұл көкті,
Сенің намыс үндеуіне
Біртін, біртін өзгелер де үн қосты.
Сорлы ұлтыңды оятпақшы ұраның,
Отаршылды шамдандырып
Қудаланып қылмыскерлік күн кештің!
Тағдыр сені “қазақ жанды қазақсың” — деп күндеді.
Жиырма алтыңда, жазғырылып, дәмін таттың түрменің.

Үшінші жыл сен аңсаған келешек қазақ аспаны, —
Темір торлы әйнегінен қапастың, —
Тосқандай болды күле жүзген күн нұрын...

2. Үміт пен налыс

... Үмітпен созған қолыңды тағдыр қақса,
Біліп еткен ісіңнен зор мін тапса...
МІРЖАҚЫП.

Ақ атанның жарылып қарны,
Ақ патша құлап тағынан,
Арайлана алтын таң атып –
Азаттық келді ғасырлар бойы сағынған.
Қаз тұрды, тәубе, қазақтың Алаш ордасы!
Уа, жасаған, түс болмағай жаңылған?
... Әсіре қызыл арбайды әр кез,
Ақиқат санап жалғанды,
Аңқау қазақ “Байқұтанның күйрығына”, мүмкін,
алданды?

Армандаған “әділетті” жаңа хүкімет,
Алашың түгіл, үн қағазын Қазақтың, –
Занды тапты “Интернационализмнің” құрбанына
шалған-ды

“Неге олай, жазығы не?”
“Жазығы сол: “Қазағым” деп қақсайды.
Ұлтым – деген кертартпа ұғым” –
Социализм мақсатына жатпайды.
“... Уа, құдырет, осы ма еді армандаған бостандығы, –
Еркіндігі, отар боп келген, қазақ атты халықтың?
Бұл не мұнар, түсіне ұқсас,
Сорлы соқыр тауықтың?”
“Тынық Донның” бас тұлғасы тәрізді –
Сен-дағы енді бір кездегі,
Ұғымыңмен, сеніміңмен жауықтың!...
Кейде өзінді ақтап,
Кейде қарғадың...
Әділет, іздеп, сол-ақ еді енді “Ақжолға” барғаның,
Түлкі бұлаң саясаттың лай суынан, –
Балық емес, ұлтын сүйген ұландарды аулауға. –
Сезіндің бірден Колошоқтың¹ құрғызып қойған қармағын!
... Аңдушыңмен жүрсен де тіпті арбаса,
Ауырлыққа мойымайтын нарларша,
Халқың үшін еңбек еттің күні, түні дамылсыз, –

Жүрек майын шырақ етіп, қарашығын
қарауытып талғанша.
Алашына арнамақ едің бойыңдағы дарынды, –
Түгел сарқып, “жарты, жаңқаң қалғанша!”
Жанарыңда Алашыңның –
Қияндағы арманы, –
Сол арманның рахаттана сезінуші ең –
Қасиетті салмағын.
Өкініш-ай, мұрша бермей өтеуге түгел, –
Перзенттің борыш-қарызын, –
Колошоқтың қармағына ілініп, –
“Кешірілмес күнәкар” боп танылды!
Заңды-ақ болсын отаршылдың:
“Қазағыңды қорғадың” деп абақтыда қысқаны,
Армандаған “әділетті үкіметің”
Ұлтың үшін екінші рет ұстады.
Жасаған-ай, батады екен, жаныңнан да бетер арыңа –
Жаныңдай сүйген сорлы ұлтыңның саналғаның
дұшпаны?!
Оятпақшы болғаны үшін кеше сенің меңіреу, бодан
сананды,
Отаршылдан жаза тартқан перзентің, –
Бүгін сенің өз жауың боп, –
Өз заңыңмен айыпталып,
Өз жерінен аласталып барады.
Біреу емес, сан жеткісіз, қарашы,
Халқын сүйіп, сол халыққа жау болғандар “адасып”.
Ұлтыңа төнген зомбылық мынау – қасіретті көргеннен
Жеңілірек болар еді-ау,
Көз жасыңмен ағып түссе,
Ағып түссе қарашық!

3. Балтықтағы соңғы түн (Өң мен түс аралас, шатасқан ішкі монолог)

... Бір жерде көп отырсаң жалғыз өзің,
Көрмесе көңіл ашар жанды көзің...
Міржақып.

Міне, биыл сегізінші жыл,
Ақ теңіз, Балтық жағасына келгелі.
Тасқын жалын біртін-біртін, –

Бәсең тартқан тәрізді -ау, аға, сендегі.
Төсек тартып жатырсың жалғыз,
Ауыр ойда, қабағыңды мұң басып,
Өміріңнің іздерін шарлап,
Күрсінесің терең, өз кеудеңмен сырласып:
“Сегіз жыл, иә... екі-ақ жыл қапты-ау.
Ұлтымды сүйген “күнәмнан” ауыр ақталар...
Әділетті тәңірім, өзің айтшы, ұлтыңды сүю –
Қасиетті парыз емес пе, перзент атқарар?!
Жә, мейліші, кер заманның заңы бөлек, –
Керісінше, түсініксіз бір бүлік.
Адамдарды бірден баулу керек, –
Тілден мақау, құлақ кесті құл ғылып.
Еркін де жоқ сенің, азамат болып,
Өз бетіңмен еркіңірек ойлауға.
Арың төзбей айқынырақ айтсаңшы пікір, –
Қылмыскер болып айдаласың Балтық қойнауға!
... Елуге де екі-ақ ай қапты-ау – жарты ғасыр, –
Қанша рахат, қанша қызық көргенің?
Шаңқай түсте-ақ мезгіл-мезгіл,
Қырқылыпты өміріңнің өрмегі!
Жарты-ақ ғасыр келте өмірдің
Он жылын түгел өткізіпсің абақтыда, айдауда.
Рас, мынау “жиһандағы әділетті жалғыз жас қоғамның”
Сен тәрізді сүйкімсіз құлы жазаланбай қалған ба?
Асығасың, шарқ ұрасың, екі-ақ жылың бітер емес,
Әрбір айы бір жылға тұтас барабар...
Көкірегінде сенің елге деген сағыныш бар, –
Болса-дағы сорлы жүрек өз еліңнен жарадар.
Қағазға түспей кеудеңде жатыр, –
Азапты шежіре жылдарың...
Сарғая аңсап күтеді сені, өміріңнің жалғыз жапырағы, –
Жаныңнан қымбат – Гүлнарың!
Аңырап, аңсап барғанда сені, –
Белсенділер, мейлі, жексұрын көрсін, сенімсіз, салқын

тосып-ақ

Бәрібір бақыт, өз еліңнен бұйырар болса.
Кіндігіңнің қаны тамған қасиетті топырақ!
Сегіз жыл бойы – жанары жарқын,
Көңіл ашар ешбір пенде көрдің бе?
Бәрі өзіңмен тағдырластар,
Бәрі өзіңдей қасіретті шерменде!
Бәрі өзіңдей парасаттылар,

Дарындары қанатынан қырқылған,
Бәрі өзіндей жазықтылар,
Ашық пікір айтқаны үшін аласталған жұртынан.
Бұл жерде де қолда күрек,
Тіл кісенді, мылқаулық,
Еш пендемен сырласу жоқ.
Іштесу жоқ, тіл тауып...
Сырласуға ерік жоқ бізде, ашына айтсам кешіріңдер, –
Тілден мақау, мұндастарым, “жазалым”,
Әр қайсың да өздерінді үнсіз ғана,
Сталиндік замананың құлымыз, – деп санағын.
Египетте перғауындар зираттарын –
Құлдар ғана тұрғызыпты таудан да зор тас жеткізіп
даладан.

Римнің де сәулет ғимараттарын –
Құдырет емес, құлдар қолдан қалаған!
Әділетке көшсек біздер де құлмыз, “жазалым”,
Құлдарша біз де қазып жүрміз – Ақ теңіз – Балтық
каналын

... Ұзақ түн бойы аруақтар ғана сырласың, –
Бәрі де сенің пікірлесің,
Арманы ортақ, тәрізді тұтас, құрдасың.
Сенен де бұрын арыстан жүрек батырлар-дағы,
Дарындылар да талай келген-ді.
“Кірген із бар да, шыққан із жоқ”,
Бәрі де, бәрі қолтыққа осы жерленді...
Ақтас аға, Байтұрсын батыр бабаңды жиі –
Көз ілсең түсте көресің.

Жүреді бабаң ат бауырынан өткізе сойып,
Уездің озбыр отаршыл орыс төресін!
Көресің жиі қарт Юлай мен Салауат ақын –
Башқұрдың халық батырын,
Көрші ғана емес ол саған, тілі де діні –
Азат ойлы арманы ортақ жақының!
Мадиярдың ұлы перзенті ақын Шандордың,

Мүмкін, бұнда өткен-ді талай қыстары менен күздері,
Құлағына шалынады кейде
Жігерлі айқын үндері:
“Оян, Мадияр! Оян, Мадияр!”

Ғажайып неткен үндестік?
Рухымен Шандор ақынның сен де
Туғансың ба тілдесіп?!
... Аруақтар сені шақырады әр түн,
Әділет үшін мейірімсіз майданға?

4. Рухыңмен, аға, қуанышы!

“... Абай мен халық арасы күшті махаббатпен жалғасар.
Ол күнді біз көрмеспіз, рухымыз сезер, қуанар”²

МІРЖАҚЫП.

Қайран, асыл Мадияр аға,
Арыстан жүрек, піл табанды қаһарманы Алаштың.
Сен де айкаста шын ерлерше шаһит болдың, –
Намысын қорғап, бақытын барлап қазақтың!
Ахаң болып, Жақаң болып,
Даралана шығып Торғай жұртынан,
“Қазақ” болып қазақ халқын –
Ояттындар меңіреу де бодан ұйқыдан!
Әлихан бастап, зиялы қауым –
Таныттындар бізге Абылайды да, Абайды...
Өздеріңді құрбанға атап,
Айқаспен байқап, іздедіңдер сендер азаттық таңын
арайлы.

Ресейден аты алаулап ұлы Октябрь таңы, –
“Ура, Ура, бостандық, теңдік:
Құшақ жая асықтық...
Ұлы Октябрь “кешіріп” кейін,
Көрсетті бізге патшадан да бетер зомбылық, сұмдық,
пасықтық!

Сендерді жойып, халықты қырып –
Жігерін жұрттың жасытты...
Мадияр аға, өзгелерден өлігің сенің –
Большты-ау, тәубе, бақытты!
Елу жеті жыл аманат боп –
Ақ теңіз, Карел жерінде, –
Қаралы да салтанатты ұзақ шерумен, –
Сүйегің, аға оралды туған еліңе.
Дер едім, бұны, қасіретіміздің өткен –
Қуанышқа айналған сәті ғажайып,
Ұзақ жол бойы құрметпенен қарсылап сені,
Құрметпенен ұзатып тұрды халайық.

Торғайда сені қалың ел боп,
Құрметпенен қарсы алдық, тосып ап...
Қасиетті сүйегінді құндақтады,
Кіндігіңнің қаны тамған қара мақпал топырақ!
...Бұл – аға, біздің, аңсаған сендер,
Аңсаған халық сан ғасыр. –
Жақында ғана қолымыз жеткен,
Тәуелсіздігіміздің ғана арқасы!
...Біздің-дағы көк туымыз шалқиды қазір, –
Көркейтп әлем аспанын, –
Рухыңмен сен де сезінесің, аға,
Армандаған республиканың балғын жас шағын!
Рухыңмен жебе, тілей гөр, аға, –
Республикамыздың әбден көркейіп жетер кезеңін.
Келер жыл, аға, ұлы Абайменен жалғасар, мүмкін,
Өзіңнің де тойланады жүз он жылдық мерейің!
Рухына, аға, бас иеміз, –
Арыстан жүрек ардагері Алаштың,
Сен де айқаста шаһит болдың,
Намысын қорғап қазақтың!

СӨРСЕНБАЕВ Әбу

Егемен Қазақстан.- 1995.- 26 қаңтар.

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ
(1885-1935)

Боз даланың бозторғайын жырлатып,
бүкіл қазақ ұйқысынан тұрды атып!
Өзі, бірақ, жұмды көзді қапыда,
мұңды көзді Дулатұлы Міржақып!

Бір халыққа болу деген “Міржақып!” –
Көп ақынға бұйырмайтын бір бақыт!
Дұға қылсаң дем береді жырлары,
діңкең құрып жүргенінде түн қатып.

Қала жатыр – даңғазасын тыңдатып,
дала жатыр – елге азасын тыңдатып!

Мола жатыр... Бара жатыр күн батып...
Соқпа, сағат! Тоқта, Мезгіл! Тұр, Уақыт!

Дүниеде дауа таппай бұл қазаққа,
түсіпті талай дана күллі азапқа.
Іріше – ілгергіні шолмақ түгіл,
ит қаппай үнілмейді ірге жаққа!

Жалғанда күресерлік күнө жоқтай,
Жатады құмға сіңген құмалақтай!
Батырлар – намысына найза сұғып,
ақындар – санасына сына қақпай!

“Тізе қос, тірлік істе, достас әрі!”
десең-ақ, көкірегін тас басады...
Жиынға ертеңгілік шақырылған,
Қазақтың “Оян, қазақ!” – мәңгі ұраны.

Нұсқаған болашақты нұрлы ақылы,
болса егер бұл қазақтың бір жақыны,
даланың бозторғайы сияқтанған
Дулаттың атышулы Міржақыбы!

Кілкіген запырандай тұнып қайғы,
санасын сырқыратса кім ұйықтайды!
Бұл қазақ бір жақсыны ұмытпаса,
Дулаттың Міржақыбын ұмытпайды!..

Бас қосып мүлгігені-қалғығаны,
ежелгі “ерліктерін” ән қылады...
Құждайын оңайлықпен оянбайтын
қазақтың “Оян, қазақ!” – мәңгі ұраны!..

ӘБДІРАШҰЛЫ Жарасқан

Таң-Шолпан.- 2001.-№ 2.-110-111 б.

МІРЖАҚЫП ӨЛЕҢДЕРІН ОҚЫҒАНДА

Аласармас өр бейнеңді көремін,
Ақын жүрек, ақыл жүрек тереңім,
Өлең-сөзде ел намысын көтеріп,
Ұран еттің, құрал ет! – деп, – керегін.

Дұрыс жолға елді бастау арманың,
Ерте сездің озбыр күштің алдауын.
Тарап жатты басылымда, газетте
Түйінді оймен елмен-елді жалғадың.

Құнарлы жер келімсекке берілсе,
Құм жоталар қылтанақсыз керілсе.
Ата қоныс, жер мен суы барлығы,
Бұл-бұл ұшып көзге күйік көрінсе.

Сонда қазақ кім тыңдайды шерінді,
Қолда барда қорғап сақта жерінді.
Кеш қалған соң кінәлі боп шығасың,
Күшті айлакер тоздырмай ма елімді.

Айтар сөзін атқандай-ақ жебемен,
Дулатұлы екен нағыз көреген.
Тоқсан жылдан бұрын айтқан Міржақып:
“Бұқараның күн көрісі – жер,” – деген.

Ғалым дерлік сол кезеңге тұлғалы,
Елдің арын, елдің зарын жырлады.
Қуғындады, бітпей қалды көп істер
Тоқтап жүрек кетті ашылмай сырлары...

ДӘУІТҚЫЗЫ Гүлжамал

ЖАНЫМНЫҢ ЖАРЫҚ САЯСЫ

(СҰХБАТТАР, ЕСТЕЛІКТЕРІ)

АМАНАТ

I. Жер астынан жеткен хаттар

Ардақты Міржақып әкемнен көз жазып еріксіз ажырап қалғаныма талай жылдың жүзі болды. М. Дулатұлы жайында көп айтылып жүр. Соңғы төрт-бес жыл арасында жеке кітабы да шығып үлгірді және бүкіл басылымдарда еңбектерін жариялаумен келеміз. Жас ғалым, Міржақыптанушы Марат Әбсеметов зерттеу жұмысымен Қазан, Уфа, Киев, Петербор, Ақтеңіз-Балтық жағалауына, алыстағы Соловкиге дейін барып келгенін білеміз.

Ал, Міржақыптың жоғарыда айтылған қалаларға қоса жүріп-тұрған жерлері: Семей, Омбы, Тройцк, Орынбор, Минск қалаларының архивінде сақталған шығармалары қалмауы мүмкін емес. Оған күмән келтіре алмаймын. Олай дейтінім, профессор Ахмет Жұбанов ағамыз Омбы сапарынан оралып, кездескенімізде айтқаны бар: “Осы жолы Омбының архивінен Міржақып ағай жайлы талай дүниелерді көріп, оқып таныстым. Жандармерияның Міржақыпты қаралап жауапқа тартқан құжаттарында жас Міржақыптың адам сүйсінерлік ерлігі байқалады, Жақан өз басын емес, бүкіл қараңғыда езілген қазақ халқын қорғап, мірдің оғындай өткір сөздерімен қасқайып тұрып жүрексіңбей берген жауаптарынан өзім естіп тұрғандай әсер алдым, құдіретіне сыйынамын. Қайран нақақтан күйген боздақтарым-ай, қазақтың маңдайына сыймай кеткен ағаларым-ай!” - деп қабағын түйіп үндемей мұңайып тұрды. “Қайран боздақтарым-ай!”. Есіне Құдайберген ағасының да тағдыры түсуінен болар, қобалжыған түрі мені де сол қалыпқа келтірді, әлі ұмытқаным жоқ.

Алдағы уақытта Міржақыптың қалдырған мұрасын жинастыру жағын зерттеуші ғалымдар қолдарына алары сөзсіз дегім келеді.

Осы жолы Міржақыптың үй-іргесі, от басында бала-шағасымен өмір сүрген ең шуақты жеті жылын еске алып, қандай күйде жүргенін төңірегінде кімдер болғанын, көпшілікке беймәлім көлеңке тұстарына сәуле түсіріп, көрген-білгендерімді нақтылы деректермен толтырып, ақиқатты жазбасам, келесі ұрпақ мені кешіре қоймас деген ниетпен қалам ұстауды жөн көрдім.

Әңгіме желісін ертеректен созбай, тек соңғы 1925-1928 жылдарынан бастап көрейік. Біз бұл жылдары Қызылордада, Селеверстов 17-де, Ахмет Байтұрсынов атаммен бір үйде іргелес тұрдық. Үй иесі - Ерғали Қасымов - төре, бұл кісі туралы өз алдына бөлек жазғаным бар...

Бізге қараған үйдің жартысы екі бөлмеден тұратын, кіре берісте шағын дәлізі болды. Міржақып көп жылдар қуғын-сүргінде жүріп Ғайнижамалмен тұрақты өмір кешпегендіктен жиған-терген мүліктері кем, қала тұрмысына лайықты үй жиһаздарын айтпағанда, көзге түсерлік асып-тасыған байлық бітпеген. Бала болғандықтан шығар, үй-ішіндегі заттарға мән бермей, жоқты бардай көріп, қанағат тұтып жүре беретін едім. Мен үшін үлкен бақыт әке-шешемнің ортасында болуым.

Төргі шаршы келген бөлменің қораға шығатын екі терезесінің ортасында әкемнің үлкен жазу үстелі. Үстелдің орта шенінде сұрғылт мәрмәрден жасалған сиясауыт абзалдары, оң жағында үюлі қатар қойған кітаптар, қол астында ұзынша тілінген ақ қағаздар жататын. Үстелге таяу жерде этажерка тұратын. Бөлменің оң жақтағы қабырғасында екі кісілік

болски керезет, оның тұсында қызыл түрікпен кілемі, кілемнің үстінде аңшылық “Зауәр” мылтығы мен қынға салынған күміс сапты пышағы ілулі тұратын. Төсек-орынды бөлмеден бөліп қоршайтын жиырмалы үш бөлектен құралған ағаш ширма. Ширманың кермелі қытай жібегінен тігілген шымылдығында түрлі-түсті жібек жіппен кестелеген гүлдер мен ұшып жүрген құстар, көл жағасында жүрген тырналар әдемі тігілген. Керезеттің бас жағында киім-кешек, төсек-орын жабдықтары салынатын үш үлкен, екі кіші келген суырмалы тартпалары бар еменнен жасалған әшекейлі комод. Комодтың үстінде ұзынша кестелі жапқышы болатын, ортасында дөңгелек айна қойылған, айнаның бергі жағында күмістен құйылған, ішін алтынмен жалатқан жалпақ келген қайық тәрізді әдемі сауыт, оның тұтқасына қырынан келтірілген әйелдің мүсіні; бұл сауытқа шешем алтын-күміс әшекейлерін салып қоятын.

Бөлменің төргі оң жақ бұрышында қиғаш қойылған киім ілгіш есігі тұтас айна гардероб. Төрден есікке дейін жететін қызыл түкті кілем төселіп жататын. Алдыңғы бөлменің төрінде менің керезетім, оның тұсында ілінген кілем, кілем емес-ау көрмеге қоярлықтай түрлі-түсті бояумен салынған (фабрика тоқымасы) суреттей әсем, мұнда соғыстан оралған қару-жарақ асынған, үстіне құрыш сауыт киген орыстың батыры, алдынан шыққан ұлы әкесінің найзасын иығына салып, жирен қасқа атын шылбырынан ұстап жетектеп келеді. Әкесі төрт-бес жасар қызын жоғары көтерген қалпы әкесінен жатырқаған қызы көзін сүзе қарап, оның кеудесін екі қолымен тіреп шегіншектеп тұр. Үйінен асыға шығып екі қолын жая жүгірген әйелінің басындағы орамалы желбіреп келеді.

Бұл кілем 1923 жылы Орынборда менің мектепке барғанымға әкемнің алып берген тартуы еді. (Балалық шағымның ескерткіші, өзіме бір түрлі қымбат, ыстық көрінетін, кілемді әбден тозуы жеткенше тұтынып келдім). Төсегіме қатарлас сандық, қабырғаға ілінген кілем сандықтың үстін төгіле жауып еденге түсетін. Сол жақтағы қабырғадағы үлкен буфет, бөлменің ортасында тамақ ішетін үстел, айнала орындықтар қойылған.

Бұл үстел менің кішкене кезімнен, сонау Орынбордан (1922-1928 жылдары) келе жатқан үстел. Үстел өте берік ағаштан шебер ұстаның қолынан шыққан зат, керегінше үлкейтілетін тақтайлары бар, аяқтары бұлшық, домалақтау келіп, төменгі жағы тік істелген. Осы қадірлі үстел басында әр кезде біздің Дулатовтар үйіне келіп дәм татып, мәжіліс құрып отырған өңкей ізгі жақсылар, әке-шешемнің атақты достары, сол заманның белгілі зиялыларының тобы, өзіміздің туыстар, таныстар болатын. Бұл күнде өздері болмағанмен иістері сіңіп, таңбалары басылып қалғандай көрінетін үстелім, маған сонысымен де қымбат. Болған кісілерді сағынышпен есіме түсіріп, көз алдымнан өткізіп, тізімін жазып шыққанымда, есімде қалғандары ұзын саны 114-тен астам екен. Оларға қосымша біздің үйде 1922-1928 жылдары болған, кейін өздерінен естіп-білген кісілерімді тізімге қосуға тура келді, бұлар: Қапан Бадыров, Жүсіпғали Шолақов, Әуеш Қошмұхамбетов, Қайым Шәкірұлы Қадышев, Ғұмар Қайымұлы Қадышев, Ілияс Бәйменов, Хәкіжан Байдаулетов.

Әр нәрсенің сыры мен тарихы қоса жүретіні бар емес пе, жоғарыда келтірілген пышақтың мән-жайына тоқталайын.

1925 жылы Міржақыптың кенже ұлы Әлібек туғанда, Қалибек Қуанышбаев “Міржақыппен тамыр боламын” деп баяғы қазақтың салтымен досының үйінен ұнаған нәрсесін қалап алуға, ел жақтан арнайы соқтырып әкеме сыйға тартқан пышақ еді. Бұл кісінің бізден не қалағанын білмеймін, мұндайда әкем жомарттылығымен қарап қалмайтын,

берілген сыйлықтан асырмаса кем түспейтін. Пышақтың сабы күміспен әшекейленіп қапталған, оның былғары қынына қазақтың қошқар мүйіз өрнегін ойып жіңішке көк сірі жұлықтап зерленіп тігілген, төменгі төрт бұрыштау келген жерін шашақтап қойған. Әкем аңға шыққанда белбеуіне тағып жүретін.

Пәтерімізге қызыл кірпіш төселген, төрт бұрышты шағын бөлмеше арқылы кіретінбіз, оның бір бұрышында қолжуғыш, қабырғаларында киім ілгіштер қағылған болатын. Ас пісіретін үй ауланың ішінде бөлек салынған, бөлмесі кең, бір жағын ас пісіретін үлкен пеш алып жатыр. Атқора асүйдің артқы жағымен жалғасатын, оның ішінде әкемнің текежәуміт тұқымдас жирен қасқа “Алакөз” аты бағулы тұратын. Әкем Қызылорданың сазды балшығын кешпей, редакцияға “Алакөзге” мініп баратын, қолы бос кезінде атына мініп Дана деген итін ертіп құс атуға да шығатын.

Ахмет атам жұмысына тек фаэтонмен баратын, делбеші бала ат айдайтын. Ақкөлден еріп келген, атын ұмыттым, қысық көз, сары бала жігіт еді.

1925 жылдың қаңтарында Торғайдан Қызылордаға салт жүріп Асқар атам келді, қасына ерген бес кісісі бар, олар: өзінің ұлы - Ескендір, аталас ағайындарымыз - Нұржан Ысмайылұлы, Жүзбайдың Хамзасы, Абайділда және Шаяхмет (Шайлан).

Ағасы Міржақыпқа берген еншім деп, екі түйеге артқан алты қанат ақ отауын, соғымның етін, ауылдың сәлем-сауқатын жеткізген еді. Сол киіз үйді тамашалап келесала тігіп, бәріміз кірерде шашу шашқандары есімде. Ауылда үлгіре алмаған үй-ішінің жабдықтарын (басқұр, желбау, уық бау, т.б.) әкем Қызылорданың жәрменкесінен сатып алған болатын, сол күні қасынан қалмай еріп барып суыққа жаурағаным есімде. Жаз шыға киіз үйдің түндігін күннен қорғап жартылай ашып, самал соқсын деп іргесін түріп қойып, бәріміз дем алып тамақ ішетінбіз. Келіп жүретін қонақтар да сол үйге әуес, аунап-қунап жатып кететін. Қонақтар деп отырғаным бұрын біздің үй-ішімен араласқан, әкемнің төңірегіндегі болған өзім білетін дос-жарандар, белгілі зиялылар тобы, сондықтан атап өткенім артық болмас, бұлар - торғайлықтар: Ахмет Байтұрсынов, Ахмет және Ғазымбек Бірімжановтар, Кәрім Тоқтабаев, Сейдазым Қадірбаев, Әлмағамбет Қасымов, Балқай Байторғаев, Мұстапа Көшекөв, Нәзифа Құлжанова, Ахмедсафа Юсупов, Ілияс Байменов, Әліби Жангелдин.

Қостанайлықтар: Ғаббас Нұрымов, Елдес Омаров, Мұхтар Мурзин, Серке Қожамқұлов, Жұмыр Тоқмурзин.

Семейден: Тұрағұл Абайұлы Құнанбаев, Өміртай Ақбердин, Мұхтар Әуезов, Ахмеджан Қозыбағаров, Анияр Молдабаев, Әміре Қашаубаев, Халел Ғаббасов.

Атбасар - Ақмоладан: Сейілбек Жанайдаров, Шубай Табаев, Хасен Қошанбаев.

Көкшетау - Қызылжардан: Жұмағали Тлеулин, Мағжан Жұмабаев, Есім Байғасқин, Ерқосай Мұқышев.

Павлодар - Баяннан: Қаныш Сәтпаев, Жүсіпбек Аймауытов, Жұмат Шанин, Иса Байзақов, Әлкей Марғұлан, Қартқожа Тоғамбаев.

Қарағанды - Қарқаралыдан: Әлихан, Лиза Бөкейхановтар, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков.

Омбыдан: Смағұл Садуақасов, Қошке Кеменгеров, Омар Жүсіпов (шешемнің ағасы).

Шығыс Қазақстан - Ұлан ауданынан: Фазылағзам Әлиханов.

Оралдан: Молдағали Жолдыбаев, Жалау Мыңбаев.

Жамбылдан: Мұстапа Бұралқиев, Әбік, Қалық Танкиндер, Аблановтар.

Қызылордалықтар: Мұстафа Шоқай, Қоңырқожа, Латифа Қожықовтар, Әбдірахман, Сара Мұңайтбасовтар, Серікбай Ақаев, Әлмағанбет Құрымшин, Жағпар, Қадиша Лапіндер, Қалжан, Әлібек, Әуелбек Қоңыратбаевтар.

Шымкенттен: Бейсенбай Кенжебаев.

Орынбордан: Аққағаз Досжанова, Мағрифа Қойайдарова, Смағұл Майоров.

Міне, осындай қазақ халқының бетке ұстар жазушы-ғалымдары, ел бастаған көсемдерінің қақ ортасында дүниеге келіп өсуім бақыттың үлкені, онымен мақтанбай тұра алмаймын.

Енді әңгімені алғашқы бізге үйір болып кеткен Иса Байзақовтан бастағым келеді. Иса өзін “баяғы сорлы Иса” дейтін (Гуля¹ Юсупованың әлбомына солай жазған) Исаны мен кішкене кезімнен білемін, 1922 жылы Орынборға келіп КИНО-ға (қазақ халық ағарту институты) оқуға түсіп, Қапан Бадыровпен бірге оқып жүрді. Ол кезде Міржақып КИНО-да дәріс беретін.

Исаның тұрмыс жағдайы ауыр болғандықтан, әкем аяп, өз қарамағына алып үйде тұрғызады. Иса аяғынан тұрғанша біздің үйдің бір баласындай еркін өсті. Қызылордаға ауысқан соң Иса еліне барып Шәрбануға үйленгеннен кейін барып бөлек шыққан. Иса жайлы айтылып та, жазылып та жүрген дүниелер, естеліктер де жеткілікті. Мен де бұрынырақ қағазға түсіргенім бар... Ол балаша ерке, ашық-жарқын, өте бауырмалды, қызба мінезді, асығып-аптығып шапшаң жүретін. Исаның делебесі қозып шабыттанар кезеңі, жиын-тойларда, мәжіліс отырыстарда көрінетін. Әкем ондайда: “Көне, Иса, кешті бастап жібер” дегенде, Иса домбырасын ыңғайлап: “ал мен дайын” дегенде, жұрт “темаларын” жаудыратын, Исаның көздері ұшқын атып, екі иығын жеп бұлқына түсіп өзінің “желдірмесіне” салып, кідірместен өлеңін шығарып айтып беретін. Әкем болса: “Бәрекелді, жарайсың Иса, арқаң енді қызып келеді, бас әнге, шырқа!” дегенде, Иса одан сайын қыза түсіп әзер тоқтайтын. Осындай жиындарда Исаның шығарған өлеңдері жазылмай қалғанына мен қатты өкінемін.

Келесі сөз кезегін Әміре Қашаубаевқа арнаймын. Әміремен таныстығымыз 1925 жылы Қызылордадан басталады. Әміре орта бойлы, кең жауырынды, ақ сары өңді, көрмекке өте қарапайым кісі болатын. Асықпай сабыр саясында жүретін байсалды жан еді, Әміренің ары таза, қызба даурығуды білмейтін, сәл нәрсеге көзіне жас үйіріле қалатын сезімтал, көңілшек мінезді, кішіпейіл, қолы ашықтардан, өте балажан болатын. Әміренің дауысы ғажап күшті, әнді нақышына келтіріп түрлендіріп салатын. Әміренің репертуары бай қазақ сахарасына кең жайылған атақты композиторлардың әндері: Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Ақан сері, Әсет, Сегіз серілердің шығармалары...

Өзінің сүйіп айтатын әндері: “Ахау Семей”, “Үш дос”, “Тауһар тас”, “Балқадидша”, “Қара торғай”, “Қызыл бидай”, Әміренің “Ағашаяқты” айтқанда солқылдап жылап, сәлден соң бет-әлпеті құлпырып, езуіне күлкі үйіріле қалатын. Әміренің актерлік қабілетінің күштілігін жұрт бұрыннан білетін. Парижде өткен дүниежүзілік көрмеде берілген концертте екінші жүлдеге ие болып оралғаннан бағы жана бастағаны мәлім. Әміренің әншілік даңқы әлемге тараса да, “алтынның қолда барда, қадірі жоқ” дегендей, оның өнер саласында сіңірген еңбегі кезінде бағаланбады, сол заманның басшыларының елеп-ескермеуі, атақ бермеулері - қиянаттың үлкені. Әмірені замандас әртістері қол ұшын беріп демеп жіберуден

гөрі, бақталас-қызғаныш, күншілдік, бәсеке сияқты кертартпа көре алмаушылық жасағанын жұрт айтып жүретін. Қашаубай әулетінің мекен жайы көк базарға таяу “Транспортная” көшесінде, біздің тұрған үйімізге жақын еді. 1932-33 жылдардағы ашаршылықтан тұрмыс ауыр болғаны белгілі, оған қоса осы тұста ащы шындықты айта кетуіме тура келіп отыр. Ағамыз ішкілікке салынып азып-тозып жүрді. Бірақ қандай күйде болса да адамгершілік арын жоғалтқан емес. Сонау қиын-қыстауда жұрт бізден безіп, сырт айналған кездерде, Әміре араласудан қашқан жоқ, үнемі Ғайнижамалға сәлемдесуге келіп кететін.

Бір күні кешке таман (өлерінен үш күн бұрын) Әміре сап-сау қалпында біздің үйге келді, отырған мені көріп: “Гая-ау, Гүлнәріміз бой жетіп қалыпты ғой, қайран Жақан баласының қызығын көре алмай жүруі - қандай обал, қиянат” деп ағыл-тегіл жылағаны әлі күнге көз алдымнан кетпейді. Менің ағаны ақырғы рет көруім екен, бұл -1934 жыл болатын.

Жиырмамыншы жылдың бас кезінде Ташкенттен, Шымкенттен, Қызылжардан, Семейден көп жазушылар Қызылордаға өз шаруаларымен келетін. Келген сайын бізге соқпай кетпейтін, түсетін үйі - Міржақыптың үйі. Міржақыптың шаңырағы әдебиет-мәдениет ошағына айналған, бұл үйде болмаған кісі кемде-кем шығар. Келген меймандарды үйдегілер жылы шыраймен қарсы алып жайғастыратын. Қысты күні пәтеріміздің төрінен орын алатын, жазда киіз үйдің ішінде төселген текемет-кілем үстіндегі ұзынша көрпелерде отыратын, жастықтарға шынтақтай жантайып көсіліп жататын. Өзара ұзақ түндерде әңгіме-дүкен құрып, бір-бірін ажуалап, қайдағы бір жарасымды әзілдері де қалмайтын. Жазған шығармаларын талқылайтын, кезектесіп оқып беретін, маған бәрі қызық көрінетін, сағынып көріскен ағаларымның қастарынан кеткім келмей, әкемнің тізесіне басымды қойып, көзім ұйқыға кеткеше орнымнан қозғалмай жататынмын. Осы кезге шейін әр қайсысының дауысы, түр-сипаттары, киген киімдеріне шейін көз алдымда елестейді де тұрады. Алыстан келген достарына сәлемдесуге әкемнің жан жолдастары: Ғаббасов Халел, Сейдазым, Елдес, Ахмедсафа, Мұхтар Мурзин, Фазылағзам, Әлмағамбеттер келіп қосылатын. Мұндай мәжілістерде көңіл көтеретін Әміре, Иса, Серке, Қалибектер өнерлерін көрсететін. Бұлардан кейін “Қонақ кәде” орындау Жүсіпбек Аймауытовтың еншісіне тиетін, думанды кештерде топ жарып ән салған сал Жүсіпбек көп күттірмейтін. Әміренің домбырасын ала құлақ күйін келтіріп, кербездігімен жан-жақты бір шолып, кеудесін сәнді керіп, шабытын шақырғандай үндемей біраз шертіп барып, өлеңді майда қоңыр даусымен баяулата бастап, бірте-бірте көтере түсіп шырқап салатын. Ағаның дауысы да, орындау шеберлігі де басқалардан бөлек жататын. Өзі қандай сыпайы, келбетті болса, салған әндері де құлаққа жұмсақ, жанға орайлы, биязы естілетін. Ағаның жақсы көріп айтатын әндері, “Маңмаңгер”, “Гүлнар-ай”, “Қара торғай”, “Қызыл бидай”, “Гауһартас”, “Екі жирен”, Абайдың “Көзімнің қарасы”. Ғайнижамал екеуі қосылып айтатын. Жүсіпбектің дүниеге келген табиғаты ғажап сұлу Баян ауылы біртуар ұлының басына жетерліктей дарынды аямай бере салған. Қолынан келмеген ісі қалмаған, келбетіне өнері сай. Қазақтың көркем сөзінің зергері, журналист, ақын, ағартушы, ғалым, қыл қаламның шебері (суретші), әнші “сегіз қырлы, бір сырлының” нақ өзі. Әкемнің жанындай жақсы көретін қаламдас серігі, өзімнің туған ағамдай болған Жүсіпбекті айтып жеткізу қолымнан келмейтін дүние. Екі арысты жақындата түскен қарым-қатынас ертеректен басталған. Жүсіпбектің менімен түйдей жасты Бектұры әрдайым біздің қолымызда.

Анамның өлер алдында аманат еткені – әкемнің киімдері, көп заттары, хаттары, құжаттары және “Түрік сөздігі” - 1935 жылдың қараша айында өзі қайтыс болғаннан кейін Сосновец НКВД-сы актіге тізіп, посылкамен салып жіберген заттар.

Өзім отыз жетінің ойранынан сау қалып келгенімде, 40-50-інші жылдары топалаң қайтадан басталғаны жұртқа мәлім. Басыма қауіп төне бастады, жұмыссыз қаңғыртты. Жұбайым Әбен Сатыбалдиев мен үшін қуғын-сүргінге түсті. Бізді аңдып-торушылар пайда болды. “Үйлерінде Міржақыптың суретін тұстарына іліп қойыпты-мыс” деген сөздерді біліп келуге, өмірде есігімді ашпаған, аралас-құраласымыз болмаған. Темірғали Нұртазин біздің үйге келіп, жан-жағына қарап шыққанын да ұмытар емеспін.

Содан кейін мазалана бастадым. Көзімнің қарашығындай сақтап келген баға жетпес тарихи хаттар, суреттер шынымен біреудің көзіне түсіп қалса, онда шаруам бітті деп санай бер, Гүлнар, дедім. Бір жақсысы заман өзгеріп әкелеріміз жарыққа шығар-ау, деген үміттен әсте айырылмадым. Амалын тауып аман сақтап қалудың жолын таптым. Өзіммен бірге оқып институт бітірген досым Валентина Андреевна Смирнова, қарамағымда істес болған жас дәрігер Нина Устиновна Тищенко және Тайсия Семеновна Долматоваларға сенім білдіріп, мені сыйлап жақсы көретін абзал жандардың қолдарына тапсырғаннан соң барып жүрегім орнына түсті. Берген суреттерді, хаттарды сақтап, өзіме қайтарып берді. Бұл күнде Алматыда тұратын зейнеткерлермен сәлемім баяғыдай, бәрінің жақсылығын ұмытар емеспін, бәріне рахметімді айта жүремін. Көрген азапты айтып жеткізу оңайлыққа түспейді, мұндай халді бастарынан кешкендер ғана түсінеді!...

Енді сол хаттар жайында бірер сөз. 1931 жылы Мәскеу Бутырка түрмесінен он жылға Соловкиге айдалып барған Міржақып жолдастарының әр лагерьге кеткендерін біліп, іздестіре бастаған. Бәрінің хат жазып, хабар алатын кісісі - Әлихан Бөкейханов. Бұл атам 1922 жылдан бері Мәскеуде “жіпсіз байланып” еш шығуға рұқсаты болмаған, сондықтан адресі белгілі Әлихан арқылы кімнің қайда жүргенін біліп, өзара байланыс жасап хат алыса бастайды.

Ешкімнен сескенбейтін Алаш арыстаны - Әлихан Бутыркаға барып, тұтқындарға ауқат жеткізіп тұрған. Ахмет, Мағжандардың қызыл крес меңгерушісі Е.П. Пешковаға жазған арыздарын қадағалап, нәтижесі тезірек болуына Пешковаға жиі жолығып, көмек көрсетуін өтінеді. Көп ұзамай арыздары бойынша екі арысымызға жеңілдік жасап, берген үкім мерзімін қысқартып елге қайтарған. Елге жету үшін жол қаржысын Пешковадан алып берген де сол Әлихан атам. Ахмет атам бәйбішесі Бадрисафа айдалған Батыс Сібірдің Кривошейн ауданына сұранып барған болатын. Сол жерден екеуі 1934 жылы Алматыға келді.

Осы хаттарды отызыншы жылдардың басында Міржақыпқа жазған. Хат иелері: Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Жұмағали Тлеулин, Мұхтар Мурзин, Рахымбек Омарұлы Жандосовтардан қалған мұралар (эпистолярлық дүниелер) ретінде аса құнды деректер.

Енді соларды өздеріңіздің назарларыңызға ұсынуға кезек келіп тұр.

Барлығы жеті хат (түпнұсқа) өз қолдарымен, көк сиямен жазылған. Бүгінде көмескі тартып өшірілуге аз-ақ жақын, сонда да қиналмай оқи аламыз.

Бірінші хат - Ахмет Байтұрсыновтың қолы (барлығы үш хат):

КАССР п/о Попов Остров I-се Соловец-
көе Отделение, СЛАГ I, лагпункт,
Дулатову Мир-Якубу Дулатовичу,
Архангельск, Соломбала, I-я
деревня, I-я линия, д.9
32 жыл, декабрьдің 31-і.

Мыржақып, Мырзағазы, Ғазымбек, қарақтарым, мен Архангельге 30 ноябрьде келдім. Келген күн демалыс күн болғандықтан ешкімді іздеп тауып алуға болмай, далаға түнегендей болып, түнімен жатпай көшеде қыдырып жүрумен болдым. Таңертең барған адам келесі таңертеңге дейін отырарға жер таппадым. Жанымда бірге барған 4-5 адам, олар да солай болды. Түнді солай өткізіп, ертеңіне Абдолланы¹ тауып алып, 17-декабрьге дейін соның үйінде болдым. Онан кейін пәтер тауып алып, бөлек шықтым. Мұнда пәтер табу деген өте қиын жұмыс екен. Таныс арқылы болмаса, өз бетіңше пәтер табу деген болмайды. Абдолла өзінің таныстары арқылы әрең пәтер тауып берді. Келгеннен бері орын іздедім. Әлі табылған жоқ. Талай үміттенген жерлерге тұяқ ілікпей қалды. Бос орындарға - біріне айдалған болған соң алмаймыз дейді, біріне әуелі профсоюз мүшесін аламыз дейді. Біреулеріне үшекеңнің² рұқсатын сұраймыз деп, сұрағаннан кейін болмайды дейді. Сонымен әлі күнге дейін орын іздеп, сандалумен жүрмін. Орынсыз адамға нан карточкасын, столовой карточкасын бермейді. Ол карточкелер болмаса, нанды, тамақты базар бағасымен алып ішесің, базар қымбат: нанның килосы 5-6 сом, буханкасы 25-30 сом. Сүттің литрі 4-5 сом, майдың килосы 45-50 сом. Оған қалай ақша шыдасын. Алып келген аз ақшам әлде қашан бітіп қалды. Абдолла мен Қыр баласы³ екеуінің атсалысуымен жансақтап тұрған жай бар. Қыр баласы орнында болып, бұрынғы адресімен тез хабарластым. Сендерге орын-морын тауып жайғасып жазармын деп едім. Ол болмаған соң, көңілді хабар жаза алмай тұрған жай бар. Құшақтап сүйем.

Ахмет.

АКССР п.о. Попов Остров I-се Соловец-
көе СЛАГ I, Лагпункт, Дулатову Мир-Якубу
Дулатовичу,
Архангельск, Соломбала I-я деревня,
I-я линия, дом, 9
26/II-33 г.

Дендерің сау, аман жүрсіндер ме? 31 декабрьде бір хат жазған едім. Оны алған алмағандарыңнан дерек жоқ. Мен әлі орынға кіре алмай жүрмін. Мекемелерді ықшамдап, жер аударылғандарды алмау деген ағын тұсына кез келіп, еш жерге орналаса алмай тұрғаным. Орын болмаған соң, қай жағынан болса да нашар болатыны белгілі ғой. Бір

жағынан ауру, екінші жағынан суық, үшінші жағынан аштық - үш жақтап қысып, әр кімнің ат салысқан көмегі арқасында күнелтіп келе жатқан жай бар. Бұл қалыппен көпке бармай, бір шегіне барып тынатын шығармын. Қырбаласы қолдан келген көмегін істеп-ақ жатыр. Бірақ көмекпен күнелту мұнда өте қиын. Қазір қара нан килосы 12 сомға жетті. Ол не шыдатар. Жұмыста болмаған соң, нан карточкесі, столовой карточкесіз нанды базардан алып жемеске шараң жоқ. Базар бағасы анау. Онымен қанша нан сатып алуға, тойынып тұруға болар. Қазір әбден арықтап, жүдеп болдым. Жылы киімім жоқ. Күн мұнда Аралдағыдай емес, өте суық. Аштық, арықтық суық тағы бір жағынан айналдырған соң, ол қалай күнелтпек. Елдің хабары өздеріне мәлім күйде, жұмысы біткен. Қырбаласының ел жайынан жазған хаты қолды болып, қолыма тиген жоқ. Қужақ¹ екі жолдасымен орнынан түскен. Жолдастары кім екенін жазбайды. Қазақ жайы соқырға көрінген, саңырауға естілген болса керек, Әлімхан, Әуезұлы екеуі тәуба қылып шыққан. Басқалары: Сейдәзім, Мұхамеджан Т., екі дос² Ақбай³ - ақсақ інісімен, Әшім⁴, ұзын Мұхтар⁵ - бұлар Воронеж қаласында. Аудандарында: Қошке, Жұмағали, Мұстапа, Б. Әбдірахман⁶ Нәшір⁷, Күдері⁸ баласы бәрі де қызметке қатын-балаларымен тұрған көрінеді. Мен де не қатын-балаларым мұнда келуге, не мен онда баруға рұқсат ет деп Мәскеуге арыз беріп едім, хабары жоқ. Жақын арада жазушының бұрынғы қатыны⁹ бастық болып тұрған мекеме арқылы арыз бердім. Мұнда қазіргі жай-күйім - бәрін айтып, өлсін демесеңдер мені не жылы жаққа жіберіңдер, не қатын-балам тұрған жерге жіберіңдер; мен бұл күйде тұрғанда өлетінмін деп жазып отырмын. Мұнан анау қатын арқылы бірдеме болар деген үміт бар. Мұнан ешнәрсе шықпаса, шынында өлу ғана қалады. Мұнда срогі біткендерді де босата қоймай, бәрін осында ұстап отыр екен. Соңғы күнде босатулары сұрапыл: күні-түні қағаздарын беріп, қойша ағытып жатыр. Күні біткендерден ешкім қалмайтын көрінеді. Өздері қалам деп тілесе ғана қалдырады. Мұнда Абдолла қатын-баласымен тұрады. Олар да мекеме ықшамдауына ілігіп еді, қатыны басқа орын тауып кірді де, өзі бұрынғы орнына 10 күннен соң қайта кірді. Жақын арада Алматы жағынан үй-іштерімен көп қазақ келді деп еді. Оларға әлі жолыққаным жоқ.

Хош, Ахмет.

АКССР п/о Попов, остров 3 отделение
СЛАГ, о Соловки, I Лагпункт, I-я рота
Дулатову Мирякубу
с. Мочалино, Клубная, д. Сойғарова Степана
Зап, Сиб, рай, Томск. Окр. Кривошейенск район.

8/ III-34

Қарақтарым Мыржақып, Мырзағазы!

Сондасыңдар ма? Дендерің сау ма? Ғазымбек қайда? Мен қатын-балам қасына жібер деп сұранып, мұнда келдім. Өткен сентябрьден бері осындамын. Айына 150 сом жалақысы бар бір орынға ілігіп едім, онан осы марттан бастап шығарып тұр. Қазір жұмыссыз тұрмын.

Қ.Б.¹⁰ хат алып тұрмын. Аман. Соңғы бір-екі хатында Смағұлдан басқамыз аманбыз деп жазған екен, онысы немене екенін анық білмеймін. Елдес - Алматыда оқыту жұмысында деп жазады. Оның өзіне әлде-неше рет жазып, жауап ала алмай-ақ қойдым. Сендерге жазып жауап қайтпаған соң, тағы жазып отырмын. Қолдарыңа тисе кешіктірмей хабар берерсіңдер.

Б.С.¹¹ - тан сәлем. Ол қояншық ауруы болып әбден біткен... Шолпан мен мұнда келгенше Алматыға кетіп қалыпты. Ағайындардың бәріне сәлем.

Сүйем. Ахмет.

Ст. Сосновец Мурманской ж.д.
5 Тунгутское отд. Центральный Лазарет
Дулатову Мирь-якубу
Москва, 9. Б. Кисловский 4/15
26/IX-34 ж.

Шырақ Мадиярым!

Гая¹, Әлтай² екі күн қонып, жүріп кетті. Шығарып салып жазып отырмын. М-ның күйеуі Алматыда.

Өз етігің тар болса, ел бейбітінен не пайда. Осы мақал қаламға орала кетті.

Иіскедім, Әли.

Бұл хат латын әрпімен жазылған. Әлихан Бөкейхановтың хаты.
ст. Медвежья гора Мурманской ж.д.
I ОЛИ центральные курсы лекпомов
при санотделе
Дулатову Мирякубу

Воронеж: 12. Томская 10
от Мурзина Мұхтара

Ардақты Жақа!

Мәскеу арқылы тұрақты жөніңізді біліп, Сізге осы сәлемді жолдап отырмын. Воронеждің өзінде тұратындар: Халел, Жиһанша Досмағамбетовтар, Сейтәзім, Әшім, Хамит, Ақбай (мұның Жақыбын босатқан). Ауданға жіберілгендер - Инженер Мұхаметжан, Мұстапа Бұралқы, Жұмағали Тілеулі, Жұмахан Күдері, Қошке, Нәшір Қожамқұлов, Алдаберген де бар еді, қашып кетіпті деседі. Анығы мәлімсіз. Бізбен бір ұсталып, жатып, шыққандар: Мұхтар Әуезов, Әлімхан Ермеков, Иса Қашқынбаев. Тұрмыс алмалы-салмалы,

бірде қызметке алады, бірде алмайды. Нақ осы күні қызметтен шығарылып отырмын.
Мұхтар.

Воронеж. 1934 жыл, апрельдің бірі.

Мұхтар Мурзин (1895-1937) жайлы бірер сөз.

Мұхтар Бақабайұлы Мурзин (Мырзаұлы) Қостанайдың Кеңарал деген жерінде туған. Әкесі Бабақай орта-шаруа иесі, баласын Тройцкеде гимназия бітірткізіп, Томск қаласына білімін толықтыруға жіберген.

Мұхтардың қызы дәрігер Әрикенің айтуынша, әкесі Томскінің технология институтын бітірген инженер-экономист, Мұхтар Орынбордағы қазақ халық ағарту институтының директоры, Міржақыппен бірге сол институтта сабақ беріп жүрді - сондықтан ағартушы дей аламыз. Мұхтар кітап аударатын жазушы да болды. Воронежде өзінің үй-ішімен айдауда бес жыл тұрып, 1936 жылы Шымкентке келіп ауылшаруашылық банкісінде қаржы-жоспарлау (нач-к планово-финанс. отд.) бөлімін басқарып жүрген кезінде, 1937 жылы ұсталып, қатарға қосылмады.

Ст. Медвежья гора Мурманск., ж.д. I ОЛК
центральные курсы лекпомов при сан-отделе
Дулатову М.

г. Павловск цчо ул. К-Маркса,
дом, 6 Ж. Тлеулин

30/V.

Адрестерінді жуырда алдым. Тұрмыс, саулықтарың қалай? Тұрағым Павел қаласы, қаратопырақ бетінде³ саулық сақтау жұмысындамын. Менен басқа мұнда біздің жақтан кісі жоқ, жалғызбын. Тұтынуға қиындау болғандықтан үй-іші мұнда келген жоқ. Екі жылдан бері Ташкентте тұрып жатыр. Онда Райханның інісі қызмет қылушы еді, соған сеніп өз үй-ішім де, бәрі сонда еді. Ол соңғы кезде қатын-балаларын, шешесін, іні-қарындасын жәрдемсіз тастап, бір-екі балалы сұлуды алып, ғайып болған көрінеді. Содан кейін ауыр салмақ Абдолла, Райханның мойнында қалып отырған жай бар. Мұнда қызмет болғанмен табыс аз. Үй-іші келе алмай тұрғаны да содан. Өздерің қандай халде тұрсындар. Абдолла Воронежде тұрады, көптен хат келмей тұр. Гая, балалардан хабар бар ма, аман ба екен, қайда тұрады?

30.V.1034. Ж-али¹.

Жұмағали Тілеулин (1889-1937) көкшетаулық, мәлімет берген ұлы медицина ғылымының докторы Серік Жұмағалиұлы Тілеулиннің айтуынша, Омбыдағы фельдшерлік училищесін бітірген; Қызылжарда тұрғандарында педтехникумның директоры болғанын әрі дәрігерлік жұмыс атқарғанын шешесі Райханнан естігенін айтады. Жұмағали “Алаш Орда” партиясының мүшесі болған, “Қазақ” газетімен белсенді араласқан журналист.

Міржақыптың інісіндей сенімді жолдасының бірі, қатар қамалып бес жылын Ресейде өтеп, 1936 жылы Қырғызстандағы Қарабалта поселкесінде дәрігерлік қызметін атқарып,

үй-ішімен тұрып жатқанда, 37-нің зобалаңына ұшыраған аяулы жан.

Г. Сосновецк 5-се Тунгудское отделение
ББК ц. Лазарет лекпом Дулатову Мирякубу
Отдельная колонна л. завода I МГО ББК
Джандосов Р.О.

11/II.- 1935.

Меке!

Осы ашық хат арқылы бір-екі ауыз сөзбен амандық білдіріп, сәлемімді жолдаймын. Бұдан бұрын амандық білдірмегеніме кешірім сұраймын. Біздер аман-есен, орынша жүріп жатырмыз. Мұхамедрахым аман. Коммун. бытов. отдел қызметте, сәлем айтты. Қызметі бұрынғыдай жауаптылықтан тысқары, жоғарыда айтылған бөлімнің хатшысы, бар ісі аяқсыз қалды. Мырзағазы күзді күні екі рет келген, аман. Одан кейін хабары жоқ. Әшім босаған, барып хат салған, аман. Әлі қызметке орналасқаным жоқ деген, хатты 27/ XII салған. Бірінші хабарласуға салған хатының ашық-жабық екенін есептемеуіңізді өтінем. Мен мед гора лесзаводтағы колониясындамын.
Хош Рахымбек, 3/II.

Рахымбек Омарұлы (1889-1942) - Қаржас руынан, Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. 1907-1912 ж. аралығында Омбы гимназиясында білім алып келіп өздерінің елі Ақкөл болысында тілмаш болып істеген. 1920-1929 жылдары Баянауыл, Қарқаралы, Семей өлкелерінде тұрып, Совет-партия қызметінде болған.

1929-1930 ж. Алматыға ауысып “Совминторгта” әкімнің орынбасары қызметін атқарған - экономист. 1932-33 жылдары пәлекор сегіз кісінің көрсетуімен, нақақтан сотталады. Алған жазасы ауыр, 58-2, 4 ст. айыпталып алыстағы, Ақтеңіз жағалауындағы лагерьлерге жер аударылған. Сол жақта жүріп, тағдыр жазып Міржақыпқа кез болады. Міржақып кінәсіз сотталған жас жігітке жаны ашып, заң кодексіне жетіктігінен Рахымбекке арыз жазуына (кассационная жалоба) жәрдем береді және Міржақып өз тарабынан қосымша (сопроводительное письмо) хат жазып, “Рахымбек Жандосов ешқашан “Алаш Орда” партиясында болмаған кісі” деп дәлелдеген. М. Дулатовтың сөзінің растығына көзі жеткен НКВД, Жандосовтың ісін қайтадан тексеріп, ақтап шығарады. Сонымен бұл кісі 10 жыл отырмай, 1936 жылы еліне кетеді. Ақталғаннан кейін Қарағандыға келіп облпотребсоюздың жоспарлау (плановой) бөлімінде жұмыс істеген. 1942 ж. әскерге алынып, Отан соғысында 1943 жылы қаза тапқан... Соңғы хаты 1943 жылдың қазан айында Калинин майданынан жазылған.

Бұл келтіріп отырған деректерді жеткізген бүгінде Қарағандыда тұратын Рахымбектің қызы Мараш Жандосова (зейнеткер). Мараштың маған жазған хатынан үзінді: “Әкем туралы өзім білмейтін мәліметтерді толықтыра түскен немере ағам зейнеткер Темірболат Жандосов болды, ал әкеміздің өз аузынан естігеніміз: “Мен он жылдың орнына үш жыл отырып шығуыма себепкер, - Міржақып Дулатов, сол кісінің тікелей араласуымен, көмегінің арқасында ақталып елге оралдым ғой” - деп отыратын әкеміз”.

Бұл хаттардан абзал азаматтардың жүрегін жарып шыққан қайғы-қасіреті, дәрменсіз бшқынған жанның зары естілгендей. Тағы бір құндылығы-бұрмалаусыз, бояусыз шындықтың хат иесінің өз аузынан жетуі. Осы күнге дейін жұртшылыққа белгісіз тарихи дерек болғандықтан да маңызы арта түседі. Келешек ұрпаққа ғибрат болары сөзсіз.

Ахмет атамның Міржақып інісіне жазған хатын (үш хат) ұзақ жылдар сақтап жарияламаған себебім, осы хаттың жазылғанына дәл алпыс жыл, өзінің жүз жиырма жасқа толуына тарту ретінде бағыштағым келеді, әрі шешемнің соңғы аманатын орындап отырмын.

2. ҰЛТ ҚҰРБАНДАРЫ

Шаңырақ шайқалуы әкем Міржақып Дулатовты тұтқынға алған күннен басталады... Бұл өмір-бақи естен шықпайтын күн - 1928 жылғы жиырма тоғызыншы желтоқсан болатын. 1929 жылдың қаңтар айының бас кезінде Қызылорда да “Еңбекші қазақ” редакциясында қызмет істеп жүрген, әкемнің бажасы журналист Ахмедсафа Юсупов, Жүсіпбек Аймауытов, Сейдазым Қадірбаев - заң қызметкері, Мұхтар Мурзин, Халел Ғаббасов тағы басқа да кісілер түрмеге қамалды. 1928 жылдың шілдесінде астана ауысар қарсаңында Алматыға көшіп кеткен мұғалімдер институтында дәріс беріп жүрген Ахмет Байтұрсыновты, “мәжіліске қатысыңыз” деген сылтаумен қайтадан Қызылордаға шақырып алып, 1929 жылдың маусым айының екісінде ОГПУ түрмеге жапты. Тұтқынға алу “науқаны” 1930 жылға дейін созылды. Қамалғандар әкемнің үзеңгілес жора-жолдастары: жалпы саны - 32 адам. Көпшілігі Ташкенттен Қызылордадан, Қызылжардан, Омбыдан, Алматыдан, Шымкенттен ұсталды.

Қамалмаған - Мәскеуде тұратын Әлихан Бөкейханов атекем ғана болды. Бірақ кейіннен ол да 1937 жылы ұсталып, 1938 жылы атылды. Қамалғандардың үй-іштерінің бастарына айтып жеткізгісіз уайым-қайғы түсті. Бұрынғыдай ашық аралас-қатысу деген мүлдем тыйылды, болып жатқан көңілсіз хабар бізге “ұзын құлақ” арқылы жетіп жатты, қалған жанашыр ағайын-таныстар бір-біріне жасырын, түннің бір ортасында келіп кететін, сыбырласып сөйлегенде “несін айтасың, кругом шестнадцать” дейтін, сол сөз ойымда қалып қойған еді. Енді ұсталып кеткен ардақты ата, ағаларымынң аттарын атап өтейін. Олар:

1. Аймауытов Жүсіпбек,
2. Ақпаев Жақып,
3. Ақпаев Әбдіхамит,
4. Әуезов Мұхтар,
5. Әділев Дінмұхамед (Дінше)
6. Байтұрсынов Ахмет,
7. Байтасов Абдулла,
8. Бірімжанов Ғазымбек,
9. Бұралқиев Мұстафа,
10. Болғанбаев Хайретдин,
11. Ермеков Әлімхан,
12. Еспалов Мырзағазы,

-
13. Дулатов Асқар,
 14. Дулатов Міржақып,
 15. Досмухамедов Жиһанша,
 16. Досмухамедов Халел,
 17. Жұмабаев Мағжан,
 18. Жандосов Рахымбек,
 19. Жәленов Кәрім,
 20. Ғаббасов Халел,
 21. Кемеңгеров Қошке
(Қошмұхамбет)
 22. Күдерин Жұмахан,
 23. Қадірбаев Сейдазым,
 24. Қашқынбаев Иса,
 25. Қожамқұлов Нәшір,
 26. Мурзин Мұхтар,
 27. Мұңайтбасов Әбдірахман,
 28. Омаров Елдес,
 29. Тілеулин Жұмағали,
 30. Тұрлыбаев Айдархан,
 31. Тұңғачин Ахмет,
 32. Юсупов Ахмедсафа.

Бұл кісілердің қатарына кейін Серікбай Ақаев, инженер Тынышпаев Мұхамеджан мен Әшім Омаров, Әубәкір Алдияров, Дамулла Байтлеуов, Алдаберген (фамилиясын ұмыттым) қосылды.

Ұсталғандар 1929 жылға дейін Қызылорда түрмесінде отырды, кейін Алматыға жеткізілді. Алматыдағы ОГПУ-дың ішкі түрмесінде бір жыл және бір жылын “Исправдом” түрмесінде өткізді (қазір бұл түрме С. Сейфуллин көшесінде әлі де бар - Г.Д.). Осыдан соң жабық сот істерін тергеп болып, бәріне 58-статьямен айып тағып, бес жылға жер аудару үкімін шығарған, түрмеде отырған екі жылдары есепке алынып, Ресейдің қалаларына айдалған еді. Сотталғандардың ішінен “Социалды Қазақстан”, “Казахстанская правдаға” ашық хат жариялап, Әуезов Мұхтар мен Әлімхан Ермеков босатылды. Ақталып шыққан Иса Қашқынбаев еді. Бәрінен қатал жазаны, қасіретті азапты көп тартқан Ахмет Байтұрсынов атакемнің үй-іші. Өзін Карелия облысы Архангельскіге жер аударып, үй-мүлкін, құнды жеке кітапханасын, қолжазбаларын, өзінің шығармаларын суреттерін кәмпескеледі. Жұбайы Бадрисафа Мұхамедсадық қызы Байтұрсынова әжекемді, 13 жасар қызы Шолпанмен екеуін Сібірдің Томск қаласына жіберді. Бұл 1929 жылдың күзіндегі әңгіме. Әжекемнің ауру халіне қарамай, Томскіде тұрғанын ГПУ артық көрді ме, оны кім білсін, қызынан ажыратып, ең бір шалғай, ит байласа тұрғысыз Кривошейн ауданына көшірді. Бұл 1932 жылдың қазан айының орта шамасы, Томь өзенінің мұзы енді қатуға айналып, бетінде қаймақшып ағып жатқан-ды. Соңғы сапарға жүргізілген параходпен алып кеткенін көрген осы уақиғаның куәгері менің өзім, сол қалада дәрігерлік институтында оқып жүрген кезім еді. Әжекем мен Шолпанды тауып алып кұнара барып, қам көңілдерін жұбатып жүруші

едім. Қимас әжемнің сол халін айтып жеткізуім маған оңай тимейді. Пристаньның басында ұстамалы ауруы қайта-қайта ұстай берген әжемді параходқа сүйемелдеп отырғыздық. Шолпан екеуіміз көзіміздің жасын сорғалатып, әжеммен қоштасып үйге келдік.

Алматыда сотталғандардың ішінде әкем Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Ахмедсафа Юсупов болған жоқ. Оларды топтан бөліп, Қызылорда түрмесінен тура Мәскеудегі Бутыркадан бір-ақ шығарды. Сол жерде бұлардың әр қайсысын жеке-жеке отырғызған. Үшеуінен басқа Мағжан, Елдес, Асқар Дулатов та Бутырканың темір торында азап тартқанын көп жылдар өткен соң естідім.

Әңгіменің барысын жоғарыда аталып кеткен үшеуіне арнаудан бұрын, айдалғандардың үй-ішінің бастарынан кешкен жай-күйлеріне сөз берейін. Оның алдында декабристердің әйелдерін еске түсіруден бастайын. Ол белгілі жай ғой тарихтан орын алған, ұмытпай ескерусіз қалдырмай, дворяндардан шыққан декабристердің әйелдерін осы заманға дейін жеткізген. Күйеулерінің сонынан барғандарын, көрсеткен өжет ерліктерін дәріптеп ұлы ақындардың қалдырған арнау-өлеңдерін білмейтін кісі жоқ. Ол әйелдердің жөні бөлек, аттары мәңгі есте қалған үлкен тұлғалар. Ал, біздің қазақ әйелдеріне оралсақ, декабристердің әйелдерінен аспаса кем емес. Олардай дәулет-байлық ежелден бітпеген, оның үстіне 30-жылдың аштығына қарамастан, жас жандарын қиып, белдерін бекем буып, балаларын шұбырта ертіп, күйеулерінің тұрған жерлеріне жетулері айтуға әбден тұрарлық. Қасіретті жылдардың жоқшылығын, тұз-дәмін бірге бөліскен, қажыған күйеулеріне жігер-қайрат көрсете білген, тұрмыстың, күн-көрістің ауыр жүгін нардай көтеріскен ел-жұрт біле бермейтін аяулы апа-сінді, әжелеріміздің аты-жөндерін неге атап жазып қалдырмасқа. Ол біздің міндетті түрде өтейтін қарызымыз. Бұл кісілердің қандай қалаларда тұрғандарын білгендіктен жазуыма тура келіп отыр.

Воронежде:

1. Сейдазым Қадірбаев, жұбайы Жаңыл Қадірбаева, қызы - Гулясымен;
2. Мұхтар Мурзин, әйелі - Шәріпжамал (Шәкен), қыздары - Әрике, Үгітай (Тая) лар.
3. Жиһанша Досмұхамедов, әйелі - Ольга Константиновамен.
4. Халел Досмұхамедов, жұбайы - Сағира, балалары - Қарашаш, Төле, Сәуле, Әділхан.
5. Жақып Ақпаев - өзі.
6. Әбдіхамит Ақпаев, келіншегі - Зуфнунмен.
7. Мұстафа Бұралқиев, жұбайы - Ботакөз Асқарқызы Дулатовамен (Шатиловская Опытная станция - аграном).
8. Әшім Омаров (жазушы Сайділ Талжановтың ағасы).
9. Қошке Кемеңгеров - өзі (Воронеж облысы, Волуйкиде).
10. Ахмет Тұнғачин әйелі - Рабиға (Рақыш), қыздары: Роза, Зияда.
11. Жұмахан Маусымбайұлы Кудерин, әйелі - Татьяна Георгиевна Насоновамен, балалары - Фердауси (1934-1935), Сырым (1936-1963), қызы - Лариса (әкесі ұсталғаннан кейін 1938 жылы туған).
12. Жұмағали Тілеулин (Воронеж облысы, Павловск қаласы).
13. Әбдірахман Мұнайтбасов, жұбайы - Сара Садық қызы Өтегенова, қыздары - Файнижамал (Гая), Жанна, ұлы - Едіге Орлда).

-
14. Кәрім Тоқтыбаев, әйелі - Мария Петровна, қызы Эстамен, Воронеж қаласында:
 15. Ахмет Байтұрсынов - жалғыз өзі. Архангельск қаласында.
 16. Абдолла Байтасов, әйелі - Айша (Айткеш) екеуі Архангельск қаласында:
 17. Асқар Дулатов- Карелияның Майгубасында.
 18. Мағжан Жұмабаев- Карелияның Майгубасында.
 19. Елдес Омаров - жеке бастары.

Соловкиде:

20. Міржақып Дулатов,
21. Мырзағали Есполов (Испулов деп жазылады).
22. Ғазымбек Бірімжанов,

Ақтеңіз - Балтық каналының лагерінде:

23. Рахымбек Жандосов - жалғыз өзі.

Бутырка түрмесінде атылғандар: 1930 жылы апрель

24. Жүсіпбек Аймауытов,
25. Ахметсафа Юсупов,
26. Дінмұхамбет (Дінше) Әділов,
27. Халел Ғаббасов,
28. Кәрім Жәленов.
29. Нәшір Қожамқұлов - Курск қаласында.

Түрмеден 1932 жылы босатылғандар:

30. Мұхтар Әуезов,
31. Әлімхан Ермеков,
32. Иса Қашқынбаев.

Воронежде 1934 жылы аурудан қайтыс болған Кәрім Тоқтыбаев, Воронежден аурудың салдарынан босатылып келген Жақып Ақпаев 1934 жылы Алматыда дүние салды. Елге оралмаған менің әкем М. Дулатов Карелия АССР, Сосновец деген станциясындағы лазеретте аурудан қайтыс болды, бұл қайғылы уақиға 1935 жылы 5 қазан күні болған еді. Алғаш ұсталған 32 адамның осы аталған кісілерден басқалары бес жылдарын өтеп елге оралған болатын, тағдырлары белгісіз, келген-келмегенін білмейтінім: С. Қадірбаевтың үй-іші, Рахымбек Жандосовты танымаймын. Издестіріп таба алмадым. Нәшір Қожамқұлов сол Курскіде паналап тұрып, орыс қызына үйленген еді, біз хат алысып тұрғамыз, көшесінің аты - “Золотая осень” деген сөздерді Бота апамнан естіген едім. Отан соғысы басталғанда әскер қатарына алынып, майданға қатысқан Әбдірахман Мұңайтбасовты білемін. Қалған кісілер әр қалада үй-іштерімен тұрып жатқанда 1937 жылы қайтадан НКВД тұтқындап, бәрін бірдей атып жібергені жұртқа мәлім. Жатқан жерлерің жанбастарыңа жұмсақ тисің, қадірлі ағаларымыз, әкелеріміз!

Қадірлі әкелеріміздің атынан қашқақтамай, фамилияларын алып жүрген, оны сүйсіне мақтаныш көретін ұрпақтар - “Алтынның сынығы” - ағалардың көзіндей, сыйлайтын бауырларымының аты-жөндерін ел-жұрт біле жүрсін: Шолпан Ахметқызы Байтұрсынова-Байсалова, Жүсіпбектің балалары: Евгений (Жанақ), Муза Аймауытовтар, Халелдің балалары: Рабиға, Қарашаш Досмұхамедовалар, Жақып Ақпаевтың қыздары: Арғуния, Наймания Жақыповтар, Қошке балалары: Нарманбет (Нартай), Сәуле, Зайра

Кеменгероветер, Мұхтардың қыздары: Әрике, Үгітай (Тая) Мурзиналар, Кәрімнің балалары: Марғиша, Рашид, Эста Тоқтабаевтар, Мұхамеджанның балалары: Ескендір, Фатима, Дина Тынышпаевтар, Ахмедтің қыздары: Роза, Зияда Тұнғашиналар, Абдолланың қызы Фируза, ұлы Әзім Байтасовтар. Ахметсафаның балалары – өзімнің бөлелерім: Серік, Ләйлі Юсуповтар, Жұмағалидан –Серік Тілеулин, Серікбайдан Махфузбек Ақаев, Жұмаханнан – Лариса Күдерина, Исадан – Зүлфия Қашқынбаева, Мағжаннан – Ұлжан Жұмабаева, Әбдірахманның балалары: Ғайнижамал (Гая), Жанна, Майра Мұнайтбасовалар, Міржақыптың жалғызы – мен, Гүлнәр Дулатова, Әшім Омаровтың баласы – Өрім бар, Айдархан Тұрлыбаевтың қызы Алматыда тұрады, телефон арқылы сөйлескенім болмаса, жолыққамыз жоқ. Халелдің ұлы Қадір Ғаббасов бар. Менің білетіндерім осылар, аталмай қалғандарың болса, кешіресіздер!

Үзіліп кеткен әңгімені толықтыру, жалғастыру үшін 1931 жылғы өткен-кеткен уақиғаларға қайта оралып соғудың кезегі келіп тұр.

Қызылорда қаласында топталып отырған тұтқындардың әр қалада тұратын әйелдері келіп жеткенше, түрменің қара суы мен бір тілім нанына күндерін қаратпай күн ара тамақ пісіріп жеткізіп тұрған, семьяларына сөйтіп жәрдем берген баяғы пейілдері кең, қолдары ашық Қызылорда тұрғындары, өзіміздің таныс жекжаттар болды. Күйеулеріне тамақ пісіріп тасумен дамыл таппайтын әйелдердің күзетшілер де кімнің кімге жақын екенін біліп алған. Олардың арасында жанашыр, мейірімді кісілер де болған көрінеді...

Солардың бірінің аузынан құпия түрде сыбырлап: “Ертең күйеулеріңді жүргізеді” дегенді шешем ести сала, даярлана бастады. Папамның заттарын іріктеп, жылы киім-кешегін ықшамдап қойды. Бізбен бірге тұратын Гуля тәтем де күйеуі Ахмедсафаның киімдерін әзірлеу қамына кірісті. Жол азыққа ыстықта бұзылмайтын тағамдар: қазы, сүрленген ет, құрт-ірімшік, жент-май әзірлеп, бауырсақтар пісірді. Келесі күні мені, Бектұрды, Фариданы, Әзенді шешем вокзалға жіберді. Сендер барып хабар алып келіңдер, егер көрсендер біреуің келіп білдіресіңдер деген еді. Төртеуіміз еңтіге жүгіріп біздің үйге жақын вокзалға жеттік. Жаздың қайнап тұрған ыстық күні болатын, темір жол бойы бос тізбектелген пәезд вагондары көрінбейді, әрірек жүргенімізде көзімізге түскен шеттегі тұйықта (тупик) тұрған жалғыз қызыл вагон есіктерінің жанында мылтықты екі күзетші солдат тұр. Олардан сескеніп, қорықсақ та вагонға жақынырақ келіп тұра қалдық. Сол мезгілде вагонның темір торлы кішірек келген терезесінен әкем көрінді, бізге орамалын бұлғақтатып сөйлеп тұрды, алыстағы паравоздың ысқырғанынан не айтып тұрғанын ести алмадық.

Көкемді сағынғаным сонша, жүрегім алып ұшып, аузыма сөз түспей мелшиіп тұрдым да қалдым. Әкемнің бозарған өңі, жүдеген түрін көріп қатты аяп кеттім. Көңілім босап, көзімнен сорғалап аққан жасымды тыя алмадым, көз жасымды көкем көрмесе екен, деп алақанымның сыртымен сипаған боламын, әкем жылы шыраймен күлімсіреп: “Жылама, Гүлнәкәйім” дегендей басын шайқады, содан ба, әлде суланған омырауым болмашы соққан самалдың лебінен ба, салқын тартқандай денем түршігіп кетті. Есімді жидым да, жылағанымды қоя қойдым. Көкемнің өзі де сондай күйзелістің үстінде болуы керек, маған сыр білдірмей орнын Жүсіпбекке берді. Жанымдағы Бектұрға мен: “Әне, көкең қарап тұр” дегенімде, алыстан көзі көрмейтін ол жүгіріп вагонға жақындай бергенде, күзетші мылтығын кезеп: “Кет, атам!” деп дауыстады. Бектұр: “Атсаң ат”, - деп төсін

тосып, “Көкемді жақыннан бір көрсет” деп жалынды. Мейірімсіз күзетші кеудесінен итеріп, жолатпады.

Жүсіпбек аға баласына : “Бектұр, Бектұр, Бектұр, кетпе” деп айқай салды. Баласына солдаттың істеген зәбірін көрген Жүсіпбектің бет-жүзі бозара қалды, орамалын алып, терін құрғатқандай маңдайы мен көздерін сипады. Үшінші кезек Ахмедсафа ағамызға келді, әкесін көрген Фарида жылап жіберді. Оған жанымыз ашып, жұбатып тұрдық, сезімтал Бектұр солдаттарға қарап: “Я, же не плачу”, — деп, ерлік көрсеткендей маңғазданып тұрды. Сафа аға екі саусағын шошайтып көрсетті де алақандарын қысты, онысын біз Серік пен Ләйлісіне сәлем жолдағаны, деп білдік. Олардың маңайында бірсыпыра уақыт тұрып қалдық . Әлден уақта ғана шешемнің хабарландар дегені есіме түсті, олардың да қоштасып, жол азығын табыстау керегін біліп тұрсам да қимастықтан, сол арадан кеткім келмеді. Әкелеріміз бізді аяды ма, не болмаса жүргізетін кездері таянып қалды ма, кім білсін?, – бірінен соң бірі кезектесіп қарап, көңілді түрмен саусақтарының ұшын өбіп, қолдарын шайқап бізбен қоштасты... Өзімнің жанымдай жақсы көретін әкем мен ардақты ағаларым Жүсіпбек, Ахметсафаларды соңғы рет көріп қоштасқан кісілерден бұл күнде тірі қалған Өзен екеуіміз ғана. Бұл мәңгі есімнен шықпайтын сәт - 1929 жылы маусымның жиырма төрті - Қызылорда станциясының басында осылай аяқталған еді. Содан бері қаншама жыл өтті, бұл аз мерзім емес, бірақ мен үшін кешегі күндей көрінеді де тұрады. Асыл әкелеріміздің бейнелері мәңгі сол жас қалпында жадымда сақталды да қалды, көз алдымнан кетпейді.

Арада шамасы бір ай өткеннен соң, көкемнен араб әрпімен жазылған өрнектері кестедей қолтаңбасымен хат келді. Хатты алдымен мамам оқыды, одан кейін біздің қолымызға тиді, кезектесіп оқып қуанып қалдық. Амандықтан соң, бірге келген серіктерінен бөлек жалғыз отырғанын, Мәскеуге келісімен Қырбаласына (Ә. Бөкейханов) хабар бергенін, біздің не күйде екенімізді білгісі келетінін жазыпты, ақыл-кеңесін айтыпты. Хаттың аяғында көрсеткен адресі: “Москва, Бутырская тюрьма, следственно-заключенному М. Дулатову” делінген.

Бұл кісілердің тағдыры шешілер жері Мәскеудің Жоғарғы Ішкі Істер мекемесінің қолында болғандықтан, бұрын қандай жала жабылса да тексеріп барып, жазықсыз екендеріне көздері жеткен соң, істі әділ түрде шешер-ау, ақыры жақсылықпен тынар деген үмітпен шешем көз жазбады, сабырмен күтумен болды.

Әйгілі Бутырканың темір торына түскен тұтқындарға көрсететін жан түршігер зәбір-қорлығын үйдегілер қайдан білсін. Цензор қолынан өтетін хаттарында ондайларды жазбайтын, бірақ білдірмей өз ара үйренішті сөзбен жұмбақтап, келтіріп жазатын (үшекен – ГПУ, құжақ – Голощекин деген сияқты). Екі жылдай түрмедегі әкелерімізге сәлем-сауқат салып тұрдық, оны алатын, әйтеуір. Бірақ, Бутыркада болып жатқан тергеу ісі, камалып жатулары үй-ішіне уайым-қайғы әкелетіні белгілі, не болса да тек жақсылыққа жоритынбыз. Қолдан не келуші еді! Күндердің бір күнінде күтпеген жерден әкемнен хат алдық. Хат Соловкиден салынған екен, онда өзінің он жылға сотталғанын жазыпты, бұл 1931 жылы болатын. Төбемізден жай оғы түскендей, он жылды көпсініп қатты қапаланып жыладық. Сонымен күндер айға ұласып, жылдар шұбырып өте берді, өте берді. Әкеден келген хаттарына қуанып, амандығын тілеп, өзі келеді деумен, күн санап күтумен өмір сүрдік.

Әркімнің өмірінде ерекше кездесетін, жылдар бойы есте қалатын жайлар болады.

Біздің үй-ішіне қуаныш әкелген 1934 жылды ұмытар емеспін. Белгілі қоғам қайраткері, Максим Горькийдің жұбайы Екатерина Павловна Пешкова “Қызыл крест” қоғамын басқарып тұрған жылдарында саяси тұтқындардан келген арыз-өтініштерін аяқсыз қалдырмай, шамасы келгенінше орындап, жеке басы қамқорлыққа алып, түрлі көмегін беріп тұратын. Көпті көрген, барынша адал, өте мейірбан, әділ кісі екенін естіп білетін едік. Айдауда жүрген А. Байтұрсынов пен Мағжан Жұмабаевтың арыздары бойынша, сол Е.П. Пешкованың тікелей араласуымен үкім жазасының мерзімін қысқартқызып, елге қайыруының өзі неге тұрады. Айдауда арып-ашып жүрген кездерінде бонна (ақша) салып, жәрдем бергенін қалай бағаламаймыз. Міне, содан бері талай жылдар өтседағы алғысымызды айта жүрдік, марқұмның рухы риза болсын! Менің әкем Міржақып бұл кісіге жолдаған өтінішінде өзінің ауруға шалдыққанын, ендігі уақытта Соловкиде ұзақ өмір сүре алмайтынын, рұқсат етсеңіздер деп жазыпты. Е.П. Пешкова арызын аяқсыз қалдырмай, көкемнің тілегін орындады, сөйтіп Ақтеңіз-Балтық каналының бойындағы Карелия-автономиялық республикасына қарасты Сосновец станциясына таяу поселкаға ауыстырыпты, онымен бірге жұбайымен жолығуға жол ашыпты. Е.П. Пешковадан хабар алысымен, әкемнен: “Гая, тез келіп жет, бәріңді сүйдім, Міржақып”, – деген телеграмма алдық. Сондағы қуанғанымызды айтып жеткізу қиын, әкемнің өзін көргендей болдым.

Осыдан кейін шешем өзімен бірге каникулда жүрген тоғыз жасар Әлібекті алып кетуге ұйғарды. Сол күннен бастап жинала бастадық. Әкеме қажет деген киім-кешегін, азық-түлікті әзірлеуге бәріміз жабыла кірістік. Өзім қызмет істеп жүрген Түрксіб темір жол басқармасынан жылына екі рет тиісті қалаған қалаңа барып қайтуға берілетін тегін билетін жаздырып алдым (бұрын семья мүшелеріне де берілетін). Бұл да себін тигізген жеңілдіктің үлкені еді. Қоштасып шығарып салуға туыстар, әке-шешемнің жолдастары жиылды, шешеме сәт сапар тілеп, әкеме сәлемдерін айтқан еді. Ертеден келе жатқан дәстүр бойынша жақындар қарап қалмай, сәлемдеме жәрдем көрсетіп жіберетіні болмай ма, сондай жанашыр, тілектес кісілердің есімін атамауға болмайды, олар: Қазақстан баспасында (Қазиздат) редакторы Қартқожа Тоғамбаев, онымен бірге жұмыс атқаратын жазушы Әлібек Қоңыратбаевтар, тағы басқалар шешеме конверт табыс етті. Тобымызбен жолаушыларды Мәскеу поезына отырғызып жөнелттік, күн бұрын “қарсы алыңыз, Гая” деп Мәскеудегі Әлихан Бөкейханов атакеме телеграмма салдық. Шешемнің жолшыбай аялдамауының жөні келмес, Әлекеңнің тұсынан оған соқпай, көріп сәлем бермей өтуі - қолайсыз, көргенсіздік деп санайтын, шешем, бер жағында Әлекеңнің күйеу баласы Смағұл Садуақасовтың дүние салғанына жыл толуы, Лиза екеуіне қайғыларына ортақ екенін, көңіл айту керек еді.

Қазан вокзалының алдынан шешемді қарсы алуға Әлихан атакеме еріп семейлік Шәмен Ғалиев ағамыз шығыпты, бұл кісі Тимирязев академиясының студенті (қазір дербес зейнеткер) болатын. Көлік жалдап Әлекеңнің Больше Кисловодскийдегі үйіне де жеткен екен, бұл сапары жөнінде шешемнің өзінің айтып берген естелігіне тоқталайын:

“Әлекеңді көрмегелі сегіз жылды артқа салыппыз, жолығуға асығып келемін. Өзіміздің қадірменді топтан қалған кісі іштегі мұң-сырымды ақтаратын, бәрін білетін де, түсінетін де сезімтал жанашырымыз, көшбасшы — көсеміміз Әлекеңді көруге аңсап келемін. Поезд бәсеңдей бергенде вокзалдың перронында тұрған Әлекеңді терезеден байқап қалдым. Қуанғанымнан жүрегім дүрсіл қағып шыдамым әзер жетіп тұр, поезд

тоқтағанша тағат таппадым. Вагонға кіріп келген Шәменге амандаса сала жүгімді оған тапсырдым да, Әлтайдың қолынан ұстап асыға басып Әлекеңе де жеттім-ау!.. Мені төсіне құша маңдайымнан иіскеді (әдеті – сүймей, тек иіскейтін), Әлтайды көтеріп алып: “мына товарищ Әлібек те үлкен жігіт болып қалыпты ғой”, оны да аймалады. Жұрттың бәрінің атына “товарищын” айту Әлекеңнің тәмсілі тұғын. Әлекеңнің зор денесі бұрынғыдан сәл еңкіш тартқандай көрінді маған. Самай шаштары қырау шалғандай ағарыпты, бірақ жүріс-тұрысы ширақ баяғыдай гүрілдеп сөйлейтін жуан дауысымен қарқылдап қатты күлгені сол қалпында, құлаққа бұрынғыдай жылы естіледі, Лиза баласы Кеңе (Ескендір) екеуі бізді үйінде күтіп алды. Екеуіміз Смағұлды еске түсіріп жоқтап көрістік, көңіл айттым...

Смағұлдың соңында қалған Кеңе әкесіне тартқан бойшаң, сом денелі, өзінің қатарындағы балалардан ересектеу көрінді. Атасының ермегі де сол әңгіме Кеңенің төңірегінде болып отырды. Немересінің мектепте үздік, үшінші класта оқитынын, кітаптарды балалар кітапханасынан алып оқитынын, екеуінің қосылып таңертеңгілік гимнастика жасайтынын айтып отырды. Кеңе мен Әлтай көшеге шығып, самокат теппекші болып жатқанда, “екеуің абайлап жүріңдер!” деп ескертті Әлекең, Лизаның шығып кеткенін күткендей бір сәт үндемей отырып қалды да сөйлеп кетті. “Кеңе екеуіміздің, кешке таман қыдыруға көшеге шығатын әдетіміз бар, жуырда келе жатып аңғармай, жолдың ортасына шығып кетіппін. Көшенің айналмасынан ызғытып шыға келген машинаның астына түсе жаздадым, шофер тоқтай салып: “Сен үшін сотталатын жайым жоқ” деп, онымен қоймай неше түрлі былапыт сөздерін қоса айтып, сөккені бар. Әлгінің сөздері онсыз да күйіп жүрген жаныма батқаны сонша, сол жерде “мені басып біржолата неге жоқ қылып өлтіріп кетпеді”, деп қапаландым. Басқаларға керегім болмаса да, мына Кеңені жеткізуім керек екені ойыма түсіп тәубаға келдім”. Әлгіні естігенімде мен, “олай” деменіз Әлеке, сіз жалғыз Кеңеге ғана керекпін деменіз, сіз бүкіл Қазақтың Атасы екеніңізді ұмытпаңыз, бізді кімге тастайсыз?” дедім.

Әлекең 1922 жылы түрмеден босанып Мәскеуге келгеннен бері тұратын пәтері (Больше Кисловодский переулок, 9) екі бөлмелі, ас үйлері ортақ (коммуналка) екен. Смағұл 1933 жылы қайтыс болғаннан бері Лиза, Ескендір үшеуі бірге тұратын. Әлекеңнің кішірек келген жазу үстелі тап-тұйнақтай жиылған, бір жақ шетінде қабаттасып қойылған кітаптар, үстелдің орта шенінде екі сия сауыт: бірінде қызыл, екіншісінде көк сия құйылған. Сол жақта жасыл абажүрлі электр шамы қол астында ұзыннан қиылған бір топ ақ қағаз жатыр. Үй ішінде екі төсек орын, бір диван, тамақ ішетін үстел мен орындықтар қойылған, бөтен жиһаздар жоқ. Қабырға тұсында ілінген Смағұлдың, өздерінің жеке-жеке түскен суреттері бар. Әлекең ұсталып кеткендердің үй-іштерін менен сұрастырды. Түрмеден, айдаудан босатылып келген Мағжан мен Елдестен хабар болмай тұрғанын, Ахметтің әйелімен Сібірден оралғанынан хабардар екенін, Жақаннан үзбей хат алатынын айтып отырды. Елдегі болып жатқан ашаршылықтың бет алысын толық сұрастырады, елден шұбырып келген қазақтар Мәскеуде де ұшырасып жүргендерін әңгімелейді.

Екі күннен кейін біз сапарымызға жүрмекші болдық. Станция Сосновецке, Жақана бару үшін Ленинград арқылы Мурманск (қазір Киров атында) темір жолымен сапар шегіледі екен. Үйден шығарымда Әлекең “товарищ Гая, мынаны Міржақып шырағыма барған соң қажеттеріңе жұмсарсыңдар” деп қолыма қалыңдау конвертті ұстатты. Әлекеңе қарсылық көрсетуге болмайтынын білгендіктен, үндемей сумкама салдым. Жақанды әуел

бастан “шырақ” деп қосып айтатын. Маған тапсырғаны: қайтарда міндетті түрде соғуымды жөн көрді: “көп нәрсені хатқа жаза бермегендіктен, Міржақып шырақтың сәлемін, көрген-білгенінді маған жеткізерсің” дегенді тапсырып, Кене екеуі поезға отырғызып, шығарып салған-ды. Мәскеуден шыққаннан бері мазам кете бастады: “Қалай жетемін, қолымда ауыр жүк, жас балам бар, қарсы алуға Жақанның мүмкіндігі бар ма, жоқ па? Осындайда сары уайым мазамды кетіріп тыныштық беруші ме еді. Бірақ ондай жағдайға кездеспедім. Жайғасып отырғаннан соң, жолаушылар бір-бірімізбен сөйлесе келе, кімге, қайда баратынымызды білген соң, ешкімді жатырқамай халық емес пе, қолдарынан келетін көмектерін көрсетуге даяр екендерін білдірді, содан соң барып көңілім жай тапты.

Әли ағасының телеграммын алған Жақан станцияда күтіп отыр екен. Алғашқы көрісуіміздегі қуанышымызды айтып жеткізу қиын, бір-бірімізді қайта-қайта құшып сүйеміз, өзімді-өзім берік ұстамақ болсам да, көзіме үйірілген қуаныш жасын жасыра алмадым. Көкесін көргенде Әлтай жатырқап тұрып қалды, содан соң мойнына оралып “көкелеп” сөйлеп кетті. Пәтер жалдап қойыпты. Жұмыр бөренелерден қиыстырып соғылған жеке меншік үйі көрмекке әжептәуір, өзім білетін Омбының үйлеріне ұқсайтын үй екен, мерзімі бір ай тұруға бәрімізге пропуск беріліпті. Түскен үйіміздің қожа әйелі бізді жайдары жүзбен қарсы алды, “жолдан шаршап келдіңіз ғой” деп самаурын қойып, төсек-орын, ыдыс-аяқ табыстап кетті. Жуынып-шайынып, үйден әкелген сәлем-сауқатты Жақанның алдына тостым.

Келген бетте сүйікті қызы Гүлнәр жайлы сұрақтар берді: Қандай болып бойжетті? Кішкене кезінде көп аурушы еді ғой, денсаулығы жақсы ма? Қол үзген оқуын жалғастыратын ойы бар ма?

“Гүлнар оқуын біржолата тастаған жоқ: Томскіде институтынан академ отпуск алып келген, Томскіге енді бармайды, амандық болса келесі жылы Алматыдағы дәрігер институтының екінші курсына түсіп, қайтадан оқып кететін түрі бар. Ал, әзірше Түрксибке қызметке кіріп, біздің күн көрісімізге жарап тұрған сол Гүлнар ғой” дедім. Гүлнардің жылына алатын әрі-бері тегін жүретін темір жол билетімен келіп отырғанымызды білгенде, әкесінің қатты қуанғанын көрдім. Жақан Алматыда, жалпы Қазақстанда болып жатқан жаңалық-өзгерістер жайлы сұрастырды. Айдаудан оралған Ахмет пен Бадрисафа аға-жеңгесінің жағдайы қалай, жұмысқа орналасты ма, жоқ па? – деп сұрастырды.

Соңғы хатын Ахаң Сібірдің Кривошейін ауданынан салғанын айтты. Өзінің жан жолдасы Елдестің жайын білгісі келді. “Елдес айдаудан босатылып келген соң жұмыссыз жүрді, уақытша Қартқожаның үйінде тұрған еді. Баласы мен Эльза келгеннен кейін жеке пәтерге шықты” дедім. Жұмысынан берекесі болмай, қиналып жүрген түрі сезілді. Госбанктегі орыстарға қазақ тілінен сабақ беруге орналасқан еді, сағатына төлейтін тиін-тебені аз, алған ақшасы күн көрістеріне жетуші ме еді, азап шегуде. Оның үстіне ескіден келе жатқан өкпе ауруы шығып, қатты жүдеп жүр. Елдестің баяғы сүйегіне біткен қуақы әзіл-қалжыңы қалар емес, қолы босында келіп-кетіп жүреді. Жақан өзінің інілері: Зұлқарнай, Ыдырыс Сейілов, қарындасы Ботакөз туралы сұрастырды. “Қалай күн көріп жүр, қызметте ме, әлде оқып жүр ме?” деп сұрастырды. Өзінің сүйікті балдызы Гуляның, Ахмедсафаның жетім қалған балалары Фарида, Серік, Ляйлілерді сөз етіп: “Гая, сен бәрін оқытып, өсір, әлі-ақ ержетіп, ел қатарына қосылып кетеді ғой. Фарида да қолынан келген көмегін бере жатар” деп балалардың қамын ойластырған еді.

Енді Жақанның өзіне тоқталайық: ғажап қалғаным – алты жылдың аралығында көрген қорлығына, абақтының азабына қарамастан Жақаң көп өзгере қоймапты, шаштарына ақ кірмепті. Тамақтың нашарлығынан, витаминдердің болмауынан (күркүлак) біраз тістері босап-түскен екен, протез салдырыпты, көзілдірік киіп оқитын болыпты. Ең жанына қатты батып жүрген кесел – астма науқасына ұшырапты. Ауру ұстағанда жанын қоярға жер таппай, тынысы тарылып, екі иығымен ышқына дем алып, демікпе қысқанда қиналатынын айтты, тек дәрінің күшімен жан сақтап жүргенін естігенімде, Жақанның жүдеуінің бір себебі, сол аурудан екенін білдім. Астма аллергияның ең ауыр түрі. Оны қоздыру себептері әр түрлі болып кездеседі ғой. Ал, Жақанның басынан не өтпеді, бәрі содан тапқаны деп білуіміз керек. Бір қуанарлық нәрсе бізбен бас қосқан кездерінде демікпесі ұстаған жоқ. Бізді қыдыртып жүріп, әйгілі Ақ теңіз-Балтық каналының қасына алып барып “бұл тұтқындардың қолымен қазылған канал, солардың қаны мен тері төгілген, қаншама кісілердің опат болған жері” деп қабағын түйді. Күнде қаланы аралап, таза ауада жүретінбіз, базарына барамыз, онда неше түрлі майы сорғалап тұрған ысталған үлкен-үлкен балықтар сатылады екен. Жақаң бұрын бала кезінен балық жеуден қорқатын да, біздерге де жегізбейтін, сондықтан балықты елемеген кісі болып үндемей өтіп кетіп жүрдім, ішімнен қызығып қоямын, шіркін, сатып алып жер ме еді, деген ойда келетінмін. Бір күні Әлтай: “Менің балық жегім келеді” демесі бар ма, “қой балам, әкең балық жеуге рұқсат етпейді” дегенімде, Жақаң: “Ә-әй, Гая-ай мені бұрынғыдай деймісің, бұл күні бұндай балық түгіл, одан басқасын да таңдамай жей беремін, аштық пен жоқтық не жегізбейді” дегенін естігенімде жүрегіме біз сұққандай шаншып қоя берді, қайран Міржақыбым-ай, не айтамын саған!

Жақаң екеуміздің әңгімеміз таусылмады, Әлекең (Бөкейханов) жайлы ол кісінің қолынан келген жәрдемін беріп жүргенін, тұтқындағыларға қамқорлығын айтып, ағасы туралы мен естімеген көп деректер, өткен жайларды еске түсірді. Әлекеңмен бірге жүрген айлар, жылдар тегін емес. Ол кісіден алған үлгі-өнегені, асыл қасиеттерін өз бойымызға дарытуға тырысатынбыз. Осы күнге дейін Әлекең шын жанашырым болғандықтан, бойыма қуат-күш жинауыма, төзімділікке баурап, ақыл-кеңесін хат арқылы айтып, қолдап, дем беріп отырады. Әлекеңнің өзіме ұнайтын, адам таңқаларлық қасиеттері көп-ақ, соның ішінде еңбекқорлығы айтарлықтай ғажап, қандай жағдайға кез келсе де қолынан қалам түспейтіндігін көрдім ғой. Түрмеде отырған шақтарында да тыным көрмей қаламын төсеп, еңбектерін жазумен айналысатын. Бір жолы 1906 жылы Павлодар түрмесінде отырғанын маған былай айтқан еді: “Қамауға аларда бас-аяғымды қалдырмай тінтіп шығып, соңынан қолымдағы портфелімді алғандарында қатты абыржып қалдым, оның ішінде Абайдың баспаханаға өткізейін деген қолжазбасы болатын. Түрмеде өзімді қанша ұстап жазаласа да маған бәрі бір, тек Абайым сақталса екен дегеннен басқа ойыма ешнәрсе кірген жоқ, тек тез арыз арқылы соны естеріне салдым. Ал кісі түрмеде қарап отыра алушы ма еді, қолыма алған еңбекті аударып тастайын деп жұмысқа кірісіп кеттім. Мезгілдің қалай тез өткенін байқамай қалыппын. Бір күні түрме бастықтары келіп: “Сіз, Бөкейханов мырза, абақтыдан босатылдыңыз, жолыңыз ашық, шығыңыз” дегенде, мен “түрмеден әзір шықпаймын, жұмысымды бітіргенім жоқ, біраз күн отыра тұрайын, дегенімде әлгілер сенер-сенбесін білмей”: “Это Ваше дело, пусть будет так” деп шығып кеткен еді”. Әлекеңде осындай қызық жағдай болғанын естіп, біз көпке дейін күліп жүрдік”, – деген Жақаң.

Жақанның жан дүниесі кең, мінезі жұртқа жағымды, өз орталығының ең бір аяулысы,

жігіттің сұлтаны еді ғой, үлкенге іні, кішіге аға боп бәрінің көңілін тауып, жеке басы ағаларының көлеңкесіндегі кісідей қала беріп, кішіпейілдік көрсете білетін. Жақаң “айтуға тұрады” деген құпия сырын мендей сенімді, өзіне берілген серігінен ешқашан жасырмайтын, құлағыма құя бертін.

Бұл жолы да көңілінде жүрген жайларды ішінде сақтап қалмай, мені біле жүрсін деді ме, бәрін ақтарып жайып салды, сондағы өз аузынан естігенім “Ақтеңіз арқылы шетелдердің кемелері Соловки аралына таяу тұрған порттарға тоқтайтын. Онымен келушілер Совет Одағымен екі арада сауда-саттық жүргізетін шетелдердің уәкілдері болатын. Сондай сапармен жеткен бір беймәлім кісі маған келіп жолықты, ұлтын айыра алмадым, екеуіміз орысша сөйлестік. Келген шаруасы, Мұстафа Шоқайұлының тапсырмасы бойынша, мені жасырып өздерімен бірге алып кетпекші ойлары бар екен. Ұзақ сөйлесуге мүмкіндік болмады, менің сондағы қайтарған сәлемім: “Мұстафаның қамқорлығына рахмет. Міржақып қашқын аталып, Отанын, туған ел-жұртын тастап кетпейді, болашақтағы жеке басының қамын ойлап, дәулетті-салтанатты өмірге қызықпайды. “Бөтен елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол” дегендей, Мұстафаның ұсынысын қабыл ала алмаймын, “үмітсіз шайтан болсын” дейді ғой жұрт, тірі болсам, күндердің бір күнінде елге оралып, қазақ халқының алдында адал қызмет етуден жаллықпаймын. Міржақып осылай айтты, деп жеткізерсіз”, – дедім.

Бас қосқан өлшеулі мерзім аяқталуға таяп қалды, көріскенше күн жақсы демекші, алдымызда бізді не күтіп тұрғанын кім білсін, сондықтан Жақаңның Бутыркада өткізетін қасіретті жылдарын сұрастырып білмек болсам да, жаным ашып, оны кейінге қалдырып, созып келдім. Енді батылым жетіп, айтып беруін өтіндім.

Жақаңның мәліметі бойынша: “Мәскеудегі әйгілі Бутырка түрмесі архитектор М.Ф. Казаковтың жобасымен 1879 жылы салынған орталық түрмелердің бірі. Ресейдің әр жерінде ұсталған саяси тұтқындардың тағдыры осы жерде шешіліп, оларды иіріп, таратып айдап жіберіп отыратын пересылочный түрме саналдаы екен. Оның босағасын аттаған кісілердің саны өте көп. Сонау патша үкіметінің кезінен осы заманға дейін сақталып келген, тұтқындарға көрсететін ауыр жазасын, қатаң тәртібін бастан кештік... Оны айтып не қылайын. Түрменің ұзын-ұзын созылған дәлізінде қарама-қарсы салынған камераларды темір есікпен тарс бекітілген, тек дөңгелек тесік қалдырылған. Көпшілікке арналған ортақ камералары мен жеке оқшау (одиночная) камераларының терезелері тым жоғары, іші көмескі қараңғылау, түнде шақырайтып, электр шамын өшірмей, жағып қояды, мұның өзі кісіге жағымсыз ауыр тиеді екен. Мен Бутыркада екі жылдай бір камерада жалғыз отырдым. Әр қилы заманның түрмесінде күн кешкенімде менің есімде қалған, бойыма сіңген үш қағидасы (заповедь) бар болатын: тергеушіге сенбеу, одан қорықпау және еш нәрсені сұрамау, осыларды бойына сіңіре білген кісі, іс жүзінде қолдана алса, одан ұтылмайды және басын сол тұрмысқа еріксіз көндіру абзал. Ең алдымен – адам өмірден күдерін үзбеу керек. Сонымен қатар шыдамдылық көрсетіп, қиындыққа төтеп берген дұрыс, қандай жағдайда кез келсең де адамгершілік қасиеттер, жігер-қайраттан айрылмай қайсарлықпен, “бұның бәрі тек уақытша күйзеліс қой” дей, төзімділікпен қарсы алу қажет. Осылардың бәрін еске алып түрме тәртібінен бос мезгілде, мүмкіндік болғанша әр күнді қалай меңгеріп өткізуімді ойлап бір тұжырымға келдім, оны айнымай орындап та тұрдым. Календарь деген жоқ болғандықтан, оны ойымда сақтап, ұмытпай белгілі бір күннен бастап, жыл мезгілін

санап, жүргізіп отырдым. Бұл оңай жұмыс емес, ақыл-ойды қозғап шынықтыратын тәсіл. Денемді бос қоймай, қимылмен қан жүргізу үшін гимнастика жасап жүрдім. Күніне 20-30 минут тұтқындарды таза ауада шығарып, аяқ жаздыратыны болады, ал мен оған қоса камераның ішінде ерсілі-қарсылы адымдап шаршағанымша жүріп, содан соң барып бір мезгіл тынығамын. Ұзақ күндерді өткізу үшін өзіме ермек таптым, түрменің беретін бір тілім қара нанын үнемдеп, сілекейіммен қатырып, одан шахмат мүсіндерін жасап алып қарама-қарсы екі кісідей ойнап отырғанымды тесіктен сығалап көрген күзетшілер қайран қалатын.

Бутырка қабырғасында өткізген күндерін тергеу жұмысының қалай жүргізілгені жайлы Жақан: “Гая, оны еске алудың қажеті жоқ”, деп ашыла қоймады, сырын бүгіп қалғанын іштей сездім де қазбалап сұрамадым. Әңгімесін жалғап “Сот мені 58 статьямен айыптап он жылға кесті, содан кейін көпшілік отыран камераға көшірді. Отырғандарға “Ассалаумағалайкүм” деп сәлем бере кірдім, жұрттың ішінде көзіме ыстық болып түскен, ол өзімнің Ақайәкем (Асқар Дулатов). Ақайәкем орнынан әзер тұрып, белін жазып келіп мені құшты, екеуміз де балаша солқылдап жыладық. Ағамның мұнда отырғанын білген емеспін, қуанышымда шек болған жоқ. Ақайәкем бұрынғыдай емес, қартайып жүдеген. Маған мұңын шаққандай көңілі босап, көз жасын көпке дейін тыя алмады. Ақайәкемнің айтуынша, өзін, менен кейін, 1929 жылдың орта шенінде тұтқындапты, әр жерде осы Бутыркаға жеткізіпті. Бұл камерада біраз қазақтар бар еді, оларды жақында түрлі жерлерге айдап жібергенін айтты. Елден шыққалы үй-ішінен хабар-ошар болмауы жанына батқанын айтып отырды, енді менен туыстардың амандығын естіп, бір жасап қады. Осындай тар жерде жолығуымыз, қуанышымыз ұзаққа бармады, кешікпей екеумізді екі айырып жіберді: мен Соловикиге жөнелтілдім. Ақайәкемнен содан бері хабарсызбын” деген еді Жақан.

Сосновец лазеретінде Жақанмен бірге жұмыс істейтін дәрігерлермен таныстым: тұрған үйімізге шақырып, аз күн дәмдес болдық. Жақан төңірегінде өзі қатарлы жанашыр тұтқын дәрігерлерді көруім көңіліме сабыр саясын ұялатты. Жақан ауыра қалса, жәрдемдерін аямай, жалғыз, күтусіз қалдырмас деген сенім туып, жұбанғандай қоштасып, елге оралдым. Жақанмен өткізген соңғы аз күнім көп жылдарға татитындай ұмытылмас үлкен әсер қалдырды. Маған берген ақыл-кеңесі, дүние танымы, өзінің көзқарасы ел-жұртына деген айрықша сүйіспеншілігі, басына түскен азапты нардың күшіндей ерлікпен көтеріп келгені – оның қайсарлығы мен төзімділігі бұрынғыдан гөрі де әлденеше есе күшейе түскендей көрінді, маған. Бұл жағы кімге де болса үлгі-өнеге боларлықтай. Баяғы азамат – Міржақып қалпынан айырылмағанын көрген өзім бір мектептен дәріс алғандай боп жан-дүниемді байытып сала берді, мақтанышымды жасыра алмаймын.

Мен Сосновецтен қайтар жолымда Мәскеуге келіп, Әлекеңдерде екі күн жаттым. Әңгіме Жақан төңірегінде жүріп отырды, інісінің амандығын, басқа да жаңалықтарды естіп қуанды. Сөз арасында Әлекеңнен Мәскеуде кімдермен көрісіп тұрғанын сұрадым. Әлекең Мәскеуде оқитын жастар, партия қызметі басындағы қазақ зиялылары анда-санда сәлемдесуге, кездесуге келіп-кетіп жүреді екен. Олардың ішінде Әбілхайыр Досов пен Нығмет Нұрмақов, Нәзір Төреқұловтар бар.

Шешем әңгімесін әрі қарай жалғастырып Әлекеңнен естігенін былай айтып берген еді: “1926 жылы ауруға шалдыққан Көкпай Жанатаев ақын дәрігерлерге көрінемін деп Семейден Мәскеуге Әлекеңе келеді. Дәрігерлерге қаратып, ауруы рак екені белгілі бола

тұрса да, Радий сәулесі шипа берер-ау, емдетіп көрейік деген оймен Ленинградтағы досы академик Бартольдқа мән-жайды айтып хат жазып, Көкпайды сонда жібереді. Бартольд өзінің екі бойжеткен қыздарына Көкенді ертіп, дәрігерлерге апаруға соларды жұмсайды. Екі қыз Көкенді екі жақтан қолтықтап үйден көшеге шыққанда, ол кісінің жүдеу түрі мен қыр қазағының киімі орыстарға бір түрлі өрескел көрініпті де, тұра қалып мазақ қылып қарайтын болыпты. Оған қысылып, ұялған қыздардың амалы жоқ: елемеген болып жүре беріпті. Жәрдем беруге келгенде үлкендердің сөзін жайға қалдырмайтын тәрбиелі бикештер, әкелерінің құрметпен бағалайтын досы Әлиханнның өтініші бойынша, Көкенді бірнеше күн жүріп дәрігерлерге қаратып тексертіпті. Әлекең: “Көкең Ленинградтың тұрғындарын таң қалдырса, одан Мәскеуде жүріп мен де құр қалған емеспін”, деп күліп алды да былай деген еді: “1922 жылдың қысында Орынбор түрмесінен босатылып Лиза екеуміз Мәскеуге келгенімізде менің үстіме кигенім ішік, басымда түлкі тымақ, аяғымда ұзын қонышты саптама етігім болатын. Мына түрімді көрген көшедегі орыстың балалары “Ходя соли надо” деп соңымнан қалмай шулап еріп жүретін”, “ходя-сы” – Қытай дегендері. Бұдан намыстанған Лиза мені еуропаша киіндіруге асыққан болатын. Кейін әлгі қыр киімдерімді Смаханға берген едік”.

Бұл сапардан шешем аман-есен қыркүйектің аяқ шенінде Алматыға оралды. Қуанышымызда шек жоқ, үй-іші қайта-қайта әкемізді сұрай береміз. Естіген туыстарымыз, жақын адамдар, әкемнің жан жолдастары, Ахмет атакем, әжекем екеуі: “қазақтың мәтелі “алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді” дегендей, Әлтай мен Гая саған келдік”, – деп үш қайыра құшақтасып амандасты атамдар.

Бұл кісілер жайғасып отыра бергенде есікті қағып, “ассалаумағалейкүм” деп сәлем бере Елдес ағам (Омаров) кірді. Жанында Эльзасы мен баласы Гейне бар. Жұртпен қол алысып, мамама қарап: “Гая, аман-есен келуіңмен құттықтаймын”, – деп құшақтады да Бадрисафа жеңгесінің қасына барып отырды. Баяғы өзінің еркелігімен қалжыңын тастамай жеңгесіне тиісіп, қуақылана бастады. Жеңгесі: “Сен оңбайсың Елтес, оңбайсың” (Елдес демей “Елтес” дейтін) деп: “Төрем ініңе қой деші” деген, жалынған пішінмен Ахмет атекеме қарады.

Дастарқан басындағы әңгіме әкем туралы жүрді. Шешем көрген-білгенін қалдырмай айтып, достарымен сырласып көңілдерін басты. Сол алыста қалған қызықты кезең бүгінгі күндей қадірменді жандардың бейнелері көз алдымда елестеп тұрады да қояды. Мезгіл жылжып өтіп жатты, қылышын сүйретіп 1935 жылдың қысы түсті. Әлібек пен Серік мектепте оқып жүр. Ләйлі 1-класқа бара бастады. Ойын баласы қолдары боста үйде отыра беруші ме еді, екеуі балаларға қосылып конькилерімен сырғанақ теуіп ойнап кететін. Үлкендерге көрсетпей темірден иіп алған ұзын таяқтарымен көшеде әрі-бері жүріп жатқан шаналарға жабысып сырғанауды шығарыпты, сүйтіп жүргенде абайсызда Әлібекті шана соғып кетіп құлатып, оң қолы сынып азап шекті. Қолы жазыла бергенде бала жүдей бастап, “ішім ауырады” дегенді білдірді. Біз дереу емханаға салдық, анам жанынан шықпай, әбден күтті. Үнемі қолданған ем ешбір нәтиже, шипа бермеді, әбден жүдеп ұзаққа созылған науқастан Әлібек дүние салды, бұл 1935 жылдың мамыр айының он бесінде болған қайғылы оқиға еді, асылдың тұяғы Дулатовтардың ұрпағын әрі қарай жалғастырар, келешекте шаңырақ иесі болар деген үміт осылайша үзілді. Мезгілсіз сөнген Әлібектің қазасы есімізді тандырып, қабырғамызды қайыстырып, қатты соққы болып тиді, жазылмас

дертке айналды, әсіресе, нәзік жанды анам қайғысын үдете түсті. Оның сол шақтағы зарлы үнін еш ұмытар емеспін.

Фарида мен Бота апам үшеуіміз жылап жүріп бөлменің артық заттарын шығарып, кілемнің үстіне көрпелер төсеп, жұртты күтіп алуға әзірлендік. Суық хабар жатушы ма еді, ести сала өзіміздің жанашыр бауыр, ағайын-туыстар біртіндеп келе бастады. Ең алдымен сырттан дауысын шығарып Ғаббас, Мариям Нұрымовтар келді, іле-шала Қартқожа, Шәйда Тоғамбаевтар, Елдес Омаровтар семьясымен, ұзамай Жауһар Бірімжан келіні, балалары Батырбек, Іңкәрмен келіп жетті. Үй-іші азан-қазан көрісіп жылағандардың дауыстары көшеге естіліп жатты. Әлсірей қажыған шешем әлсін-әлсін талықси берді, дәрі-дәрмек ішкізіп отырдық, ыстық шайды татпай қойды. Бүк түсіп басын жастыққа сүйеп жатқанында есіктен Ахмет, Бадрисафа Байтұрсыновтар мен Кәтәз апам үйге кіргенде, Жауһар әжемнен басқалар орындарынан тұрып қолдарын кеуделеріне қусырып сәлемдесті. Атакем кісілерге басын изеп, жалпы амандасты да Ғайнижамал (Гая) келінінің жанына барып бір тізерлеп отырып: “Қарағым Гая, басыңды көтер, сабыр ет, қажырлы бол, қайғыңа ортақпыз, Алтайдың арты қайырлы болсын!” деген сөздерін қарлығыңқырай булығып шыққан үнмен үзіп-үзіп, көзі жасы сорғалап жылап отырып айтқан еді. Жұрт ығысып төрге шығарды, көзілдірігінің әйнегін, бетін орамалмен сүртіп, ұзын саусақтарымен шашын сипап үндемей біраз отырып қалды да сөйлеп кетті: “Гая, Міржақып екеуің әлі жассыңдар, құдай тағала тілеулеріңді берер, тек жақсылықты күтіндер, келешекте ізбасарлар, Төлегендер келіп, жоқтың орны тола жатар, дүниеде мен де жүрмін ғой” деп сөзін тоқтатты. Көкірегін қарс айырып шыққан мұң-зары – “дүниеде мен де жүрмін ғой” – перзентсіздігін айтқан шағымдай болып естілді. Ғаббас отырып: “Жақана естірту мәселесін ойластырып алайық” дей бергенде, ағасына қашан да батылдау сөйлейтін, жақын жүретін Елдес тамағын кенеп алды да: “Аха, Жақана қалай етіп хабарлаймыз? Не дейміз?” дегенде, Атекем: “Азап шегіп жүрген Міржақыптың жанын аяу керек, суық хабарды естіртпей-ақ қояйық, соңымнан ерген екі балам бар, деп сүйеніш көрсін, амандық болса өзі де келеді ғой, біржолата келгенде білсін” деген ойын ортаға салды, бұл кеңесті бәрі жөн көріп, осындай шешімге келді. Сонымен Әлтәйдің өлімін біз әкемнен жасырып, оған жазбадық. Інімді жерлеуге қатысқандар біздің ең жақын кісілер – әкемнің үзеңгілес дос-жарандары туыстарымыз. Сол кісілерді атағанымды жөн көріп отырмын.

Ахмет Байтұрсынов, Жауһар Бірімжан келіні, балалары – Батырбек (Баташ) Іңкәрмен, Ғаббас, Мариям Нұрымовтар, Елдес, Эльза Омаровтар, Өзен, Құлатай Ислямбек Ақбердиндер, Латифа Мұнайтбасқызы Қожакеліні, Гүләйім Ахметқызы Балғынбаева – Байғора келіні, Қартқожа, Шәйда Тоғамбаевтар, Әлібек Қоңыратбаев.

Енді, 1935 жылдың соңғы жарты жылының ішінде болып өткен уақиғаларға оралайын. Әлібектің өлімінен кейін анам екеуіміз көпке дейін есімізді жия алмай жүргенімізде әкемнен алып тұратын хаттардың арасы үзіліп қалды. Алғашқыда оған айтарлықтай мән бере қойғанымыз жоқ еді, уақыт ұзай берген сайын мазамыз кете бастады, күтуден көз жазбадық. Хаттар неге кідіріп қалды? Әлде сәті түсіп үйге қайтып келетін жағдай болып қалды ма? Не болмаса күтпеген жерде үйге кіріп келіп бізді қуантайын деп жүр ме? – деген қиял басымызды шырмай берді. Осы тұста алыстағы айдауда жүргендер босатылып келе бастады. Біздің үмітіміз одан сайын арта түсті. Аман-есен Алматыға келгендер:

Мұстафа Бұралқиев, Әбілхамит Ақпаев, Жұмахан Күдерин, Елдес Омаров, (бәрінен

бұрынырақ келген), Мағжан әуелгі кезде Қызылжарға келіп, соңынан Алматыда тұрақтаған. Халел Досмұхамедовтың үй-ішін жеткізген Жұмахан екен, Халел уақытша Воронежде дәрігерлік қызметімен қалса керек, Нәшір Қожамқұлов та Курскіде қалып қойыпты. Сейдазымның үй-іші де Воронежден кетпепті, Әшім Омаров Алматыға келіп орналасыпты. Мұхтар Мурзин 1936 жылы Шымкентке келіп Ауылшаруашылық банкісінде жоспарлау бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарыпты. Жұмағали Тілеулин Қырғызстанның Қарабалтада тұрыпты, Әбдірахман Мұңайтбасовтың үй-іші Қарақалпақтың Төрткөлінде күн көріпті.

Ең алдымен 1934 жылы келгендер – Ахмет, Бадрисафа Байтұрсыновтар болатын. Осы кісілердің оралуы біз үшін жаңалық, үлкен қуанышты уақиғаға айналды. Келгендерін естіп, біразымен жолыққаннан кейін, әкем де келіп қалар-ау, деген дәмеленуден бөтен еш нәрсе кіріп те шықпайтын.

Мен 1935 жылы Турксибтен қызметімнен шығып, институттың екінші курсына қайтадан түсіп оқуымды жалғастыра бердім. Ол уақытта институттың кафедралары қаланың әр шетінде бөлек-бөлек орналасқан болатын, сондықтан студенттер сабылып кафедраларға әрлі-берлі жүгіріп дамып таппайтын. Алматының жайма-шуақ алтын күзі де келді. Қазан айының соңғы бір күнінде лекциямыз Пушкин – Юнних коммунаров көшелерінің түйіскен жерінде, қазіргі көкбазарға қиғаш тұрған үйде өтіп жатқанда аудиторияның есігін ашып қараған Зұлқарнай Қонысбайұлы Дулатов ағамды көргенде көңіліме секем алып қалдым да, шығып дереу қасына бардым.

– Иә, ағасы жол болсын! Неге келдің? – дегенімде, “Жәй әншейін, мына арадан өтіп бара жатып терезеден сені көріп қалып соққаным ғой. Жүр екеуміз асханаға барып мәңгі жейік, қарның ашқан шығар”, – деп мені ертіп әкетті. Тамақтанып отырғанымызда ағамның асқа зауқы соқпай отырғанын байқадым, оның үстіне бір түрлі көңілсіздеу көрінді: “өзінің соңғы кезде сырқаттанып жүруінен болар” деп ойлап қойдым. Базардан өте бере: “Гүлнәкәй, саған тағы не алып берейін?” – деп бұрынғы әдетінше еркелеткенде, мен “нәк” жегім келеді деген соң оны да сатып алды. Өлі де ештеңе сезбеймін, екеуміз аяндап үйімізге қарай беттеп келеміз, үйіміз жақын, сол Юных коммунаров – 39, Фурман көшесінің бұрышында болатын. Қақпаның жанына таяғанымызда ағам кілт тоқтады да мені қапсыра құшып, еңіреп жылап қоя берді. Сол сәтте үйден жылаған зарлы дауыстар құлағыма естілді, бұл не? Тағы да бір сұмдықтың болып қалғаны ма? – деген үрей бойымды билеп алды. Зұлқарнай ағам неге жылап тұр? Аздан соң ағамның дауысы қарлығып булыққандай болып: “Бауырым, Гүлнәкәй, айтуға аузым бармай, тілім күрмеліп тұр, сүйікті көкең, біздің ардақты тәтеміз, оралмас сапарына аттанды, енді дүниеде жоқ”, деп естірткенде: жо-жоқ деп дауыстап жібердім де, тынысым тарылып, буындарым дір-дір етіп қалтырап, аяқтарым тәлтіректеп кеткенін сездім: есімнен танып құлағанымды білмеймін... Біздің үйге келгендердің бір тобы мені күтіп қорада тұрса керек, арасынан елгезек біреуі үйден бетіме су әкеліп бүркіп, мүсәтір иіскеткенде ғана есімді жидым. Сүйемелдеп мені үйге кіргізді, екі көзім сорлы шешемде, алдына сұлап түстім, іші бауырым удай ашып кетті, құсадан қабырғам қайысып еңіреп жылағанымды ұмытар емеспін. Әкемді алатындай құдайға не жаздым? Керек болса шыбын жанымды әкем үшін қияр ем ғой, деп еңірегенде етегім жасқа толды. Кеудемді бұлқынып ыза кернейді, есіме өткен сұрапыл күндер, көкемді желтоқсан айында тұтқынға алып, бізді қан қақсатып кеткен ОГПУ-дің начальнигі Саенко түсті, оған

дем беруші барлық сұмдықты басқарған Голощекин сұмға қарғысымды ішімнен айтамын (ойынды сыртқа шығаруға қорқасын).

Есімде әр заманның тұсында жастайынан қуғын-сүргінге ұшырағаны, ұзақ жылдар бойы түрме азабын көргені, аштық пен қорлық зәбірдің салдары не тұрады, осылардың себебінен ауруға шалдығуы, соның бәрі бір пенденің басына келіп өтуі оңай түсе ме? Елу жасқа толмай мезгілсіз көз жұмғаны жаныңды қинап, жүрегінді қалай ауыртпасын? Өмір бақи әкемнің келуін аңсап, жыл санап күтіп жүрдім емес пе, сорлы басым, өзімді-өзім жұбатып, күндердің бір күнінде біз үшін де жарық таң атып, ойлаған мұратымызға жетерміз деген тәтті қиял арманым саусақтың арасынан сусып себілген құмдай сарқылып, жоқ болды да қалды. Енді әкем де жоқ, әкемді жоқтап жатқан алашы да, кім білсін, бәлкім келешекте іздейтін, керек қылатын біреулер де табылар?... Кішкентай кезімде әкем өз басынан өткізген жетімдікті көп айтатын еді, ол туралы “Аяңыздар жетімді” деген өлеңін де жатқа білетін ем. Жетімдіктен үрейім ұшып қатты қорқушы едім. Балаларын әлпештеп өсіретін ата-аналарынан айрылған сәбилер қалай ғана өмір сүреді екен? Соларды аяйтын едім, енді өз басыма түскен жетімдікті көріп отырмын. Әлде болса да шешем бар ғой, бірақ арқа сүйерліктей оның қандай қауқары қалды? Жазылмайтын дерті өмірін қаншаға созар дейсің деген ауыр ой мазалап, қыр соңымнан қалмай келе жатқан бақытсыздық жаныма қатты батып, күйінішпен егіле жылаймын.

Әкемнің қазасын жақындарға естіртіп хабар берген өзіміздің туыстар. Ол кезде Алматыда тұрып жатқан азаматтар әкемнің ең жақын жолдастарының төрт көзі түгел дегендей, бәрі дін аман болатын. Құлақтарына жетіп естігендердің келмей қалғандары болған жоқ, бәрі аза тұтып, бір-бірімен жылап-көрісіп, жақын туыстар жоқтау айтып егіліп жылаған дауыстары әлі күнге дейін құлағымнан кетпейді. Бәрінен бұрын келіп жеткен Ғаббас Нұрымов пен келіншегі Мариям, ата салтын мықты сақтаған сырттан дауысын шығарып: “Ой, бауырым Жақаң-ай!” деп анаммен жылай көрісті. Ұзамай Эльза Адамовна мен Елдес Омаров ағам да солай жоқтап, көл-көсір жасын төкті. Дулатовтың шайқалған шаңырағына тірек боларлықтай болып, ауыр қазаны бізбен бірге бөліскен, жандары күйіп жоқтаған туыстарымыз: жиендеріміз Кінәз, Сұлтанбек Әбеуовтар, Сейілдің Ыдырысы, оның шешесі, қарындасымен, Зұлқарнай ағамның зайыбы Хаят жеңешем, нағашысы Аралтау мен Бота апам күйеуі Мұстафа Бұралқиев екеуі, шешемнің бөлесінің күйеуі Қартқожа Тоғамбаев әйелі Шайдамен тағы басқалары. Айдаудан арып-ашып, құр сұлделері жеткен күйлерінде келе сала Ахмет-атакем мен Бадрисафа әжем Байтұрсыновтар күтпеген екі бірдей қайғылы қазаға тап болып, онсыз да жазылмай жүрген жүрек жарасын қозғап кеткен қасіретке тағы да душар болды.

Келушілердің аяғы басылған кезін күткендей бұл кісілер кейінірек үйге енгенде, отырғандар орындарынан тұрып қарсы алды. Атекем сөйлеуге дәрмені әзер жетіп, анам жанына барып баяғыдай бір тізерлеп отырып, басынан сипап: “Қалқам, Гая, жыламай басыңды көтер, осыдан бес ай бұрын Әлібегің дүние салғанда, Міржақыбымыз келеді деп үміт, сенім, туғызып, тоқтау салып едім ғой, енді мейірімсіз ажал қымбатты Міржақыпты арамыздан алып кеткен соң менің күнім қараң, саған арты қайырлы болсын дегеннен бөтен жұбату айтар сөз аузыма түспей отыр”, – деп егіліп, жасы сақалын жуып жылағаны есімде. Атамның осы күйін, қатты күйзеліп жылағанын көрген куәгерім Шайда Тоғамбаева досым, осы күнге дейін еске алғанда жыламай айта алмайды. Келесі күні Елдес ағам бастаған:

Молдағали Жолдыбаев зайыбы Евгения Никифоровна мен Жауһар әжем Бірімжанова балалары: Батырбек, Іңкәр Мұратымен, Гүләйім Ахметқызы Балғынбаева апамыз, семейліктер дәрігер Ахмеджан Қозыбағаров ағам Тұрар тәтеммен, дәрігер-хирург Қабыш Медеуұлы Оразбаев, Шәмен Ғалиев, Құлатай, Исләмбек Ақбердиндер келді. Әліби Жангельдин ағамыз өзі келуге батылы бармай, көңіл білдіруін туысы Шерхан арқылы жеткізген еді. Әкем мен анамның достары Биға, Хасен Қошанбаевтар, Фазылағызам Әлиханов Хабибәсымен, Мұстафа Бұралқиевтың бөлелері: Әбік, Қалық Танкиндер, біздің үйдің жанашыры, тілектес достары Қоңырқожа, Латифа апам Қожиковтар, Ақаев Серікбай, қатар тұратын көрші – Ермек Серкебаевтың әке-шешесі, өзге келгендердің есімде қалғандары жоғарыда келтіргендерім, олардан басқаларды ұмыттым. Келген кісілерді қарсы алып, дастарқан жайып күтушілер: Латифа апам, Бота апам, Фарида, Мариям, Эльза Адамовналар, жандарын салып үлкен қызмет көрсеткендердің ішінде Жамиля Бейсембайқызы Жауқашарова да бар. Есіміз шығып абыр-сабыр шабылып жүрген бізге Ахмет атам: “Мәскеуге Әлекеңе (Бөкейхановқа) хабар беріндер” деп еске салды, сол сәтте почтаға барып Бөкейхановтарға (Лиза екеуіне) телеграмма соқтық. Келесі түсте жауабы да келіп үлгірді. Мына мазмұнда: “Аяулы жандарым, қадірлі Міржақып інімнің мезгілсіз қайтыс болғаны бәрімізге бірдей ортақ қайғы әкелді, оның ардақты есімі ұмытылмай жүрегімізде мәңгі сақаталады, өздерінді құшақтап сүйдік, қайғырып көңіл айтушылар – Лиза, Әли”, деген сөздер жазылған телеграмма келді.

Көңіл айтушылар тасқыны басылар емес, қайта одан әрі үдей түсті, қолдарына телеграмма тиісімен шалғайда жатқан туыстар келе бастады, Шымкенттік “Күйік” мал совхозының директоры Қапар Мәлиев (Сәбит Мұқановтың немере інісі, М. Дулатовтың бажасы Ерқосай Мұқышевтің күйеу баласы) Мариямімен, әкемнің бажасы-Фоголевка селосында жұмыс істеп жүрген Шубай Табаев, Сара тәтемдер бір топ кісілермен машинамен жеткен еді. Біздің қасымыздан күні-түні кетпеген, шешемнің туыстары: үлкен апасы Ғалия (біз Ағатай деп атайтынбыз), балалары – Нұрғали, Зейнеп, Омар – Омартай нағашымның қызы Ғазизалар еді.

1920-1930 жылдары ел басына күңіренген қара күндер туғызды, жұрт ұмыта алмайтын естен кетпейтін не бір жауыздық қылмыстар бой алды, жантүршігерлік сорақы “жұмыстар” қасақана қолдан істеліп жатты. Көне заманнан бірнеше ғасырлар бойы сақталып келе жатқан зәулім ғимараттар, әсем салынған шіркеу-мешіттердің көбі қиратылып шаңы аспанға ұшырылды, діни қызметкерлердің кәрі-жасын қалдырмай түгел түрмеге қамап, жер аударғанын білеміз. Осындай жағдайдың тұсында еш нәрсеге қарамастан, әкеме деген қызметімізді қолымыздан келгенше атқардық десем болады. Мешіттен молда шақырып құран оқытылды, жаназасын шығарттық, асын өткіздік. Үйімізге келген молдекең (аты-жөнін ұмыттым) әкеммен бірге Соловкиде тұтқында болып, босатылып Алматыға келген кісі екен. Соловкиден кемемен жүрерінде бұл кісімен әкем қоштасуға келгенде айтқаны: “Алматыға барған соң Гүлнарға жолық, менің амандығымды, хал-жағдайымды, үй-ішіне, ел-жұртқа сәлемімді жеткізерсің”, – депті. Келісімен Жақанның аманат-тапсырмасын орындауға асыққан молдекең бұдан бірнеше ай бұрын менімен жолыққан болатын. Менің топшылауымша, әйел баласы мешітке бара бермейтін, мені онда ертіп барған талапкер, осы кездесудің куәгері, бұл күнде есен-сау арамызда жүрген (Ахмет Барлыбаев ағамыздың күйеу баласы) Шәмен Ғалиев ағамыз.

Ерте заманнан бері ата-бабаларымыздан келе жатқан, бойымызға сіңіп қалыптасып қалған түрлі рәсім, әдет-ғұрыпқа, салт-санаға дәстүрге біздің қазақ бай халық. Ел ішінде атақты біреу дүние салғанын жақындарына естірту тәртібі ерекше орын алатын. Төңіректегі ізгі жақсылар, ақын-жыршылар, шешен билер, домбырашы-күйшілер бас қосып, марқұмның үйіне біртіндеп жиналар еді. Ортадағы шешеннің бірі айтар сөзін өлеңге қосып, әріден еппен мәнерлеп бастап жұмбақтап дүние салғандардың жұрттан айырмашылығын айтып, олардың бойына біткен қасиеттерін дәріптеп, бір-бірімен салыстыра тізіп шығып, алыстан орағытып әкеліп, содан соң “пәленшекең” келмес сапарға аттанғанын айтып, көңіл білдіретін, не болмаса суық хабарды үй-ішіне естірту салты домбырамен мұңлы күй тартып, не қобыздарын зарлатып, тіл қатпай сездіретінін естігенім болмаса, көргенім жоқ. Естірту салты жанға қандай қатты батқанымен, отырған жұрт басқа түскен қайғыны ортақ бөлісіп, әкететіні марқұмның туыстарына жеңілдік жасай қоймайды. Мұны келтіріп отырғаным – әкем Міржақыптың қайтыс болғанын кім бұрын, қандай күйде естігені жайында Ғайнижамал анамның өз аузынан айтқанын келтірейін: “1935 жылдың қараша айының екінші аптасы кезінде тіршілігіміз бұрынғы қалпымен өтіп жатты. Серік, Ләйлілер мектептерінде, үлкендері жұмыстарына тараған шақ болатын. Үйде жалғыз өзім қалғандықтан отыруға тағат таппай біртүрлі мазам кете бастағаннан соң, ермек үшін қораға шығып есіктің алдын сыпырған болдым. Қолымды жуып үйге беттегенімде, қақпаға кіре берген хат тасушы мені көріп: “Тоқтай тұрыңыз, сізге хат бар, деп жаныма келіп қолыма сұр конвертті ұстата салды да асыға жүріп кетті, үйге кіріп төсегіме отырғаннан кейін, конвертті қарасам, хат менің атыма келген, бірақ бөтен кісінің қолымен жазылған екен, сызықтың төменгі жағында: “Сосновец, НКВД”, – дегенді көргенімде зәрем ұшып, қорқып кеттім, қолым дірілдеп кетті де конвертті қақ ортасынан жырғанымда ішінен бірнеше парак қағаз шашылып алдыма түсті, қолыма ілінгенін алып оқысам – 1935 жылы 5 октябрьде Жақанның қайтыс болғандығы жөнінде Сосновец лазеретінің жасаған актісі екен. Одан әрі не болғанымды білмеймін, құлап түскен дүрсілімді астыңғы үйде тұратын көршіміз ұйғыр әйелі естіп, жүгіріп келіп төсегіме жатқызып, бетіме су шашып, есімді жиғызған, сөйтіп жанашырлық көрсеткен...”

Ойларында ешнәрсе жоқ жұмыстан үзіліске келген Ботакөз апам мен Фарида екеуі болған уақиғаның үстінен шығады. Жеңешесінің күн сайын хәл-жайын біліп тұратын әдеті бойынша Зұлқарнай ағам мен туысымыз Аралтау келіпті. Басынан қайғы арылмаған жеңешелерімен екеуі жылап-сықтап көріседі. Дулатовтар әулетінен бас көтерер Зұлқарнай болған соң, көршілерден телефон арқылы ең алдымен Халық Комиссарлары кеңесінде істейтін Ғаббас Нұрымовқа хабар беріпті, суық хабар жатушы ма еді? Таныстар, туыстар естіп біздің үйге жинала бастапты.

Содан кейін Зұлқарнай ағам мені институттан ертіп әкелгенін жоғарыда келтіргем. Бәрміздің басымызға түскен қайғы әкемнің өлімі есімізді шығарғанын айтпасам да түсінікті шығар.

Шешемнің сол жолғы жалғыздан-жалғыз отырып қолына тиген хаттан өзінің жан жолдасы Міржақыбының дүние салғанын оқып-білуі жанына қандай батқанын, күйзелген түрін көрген маған оны сипаттап, айтып жеткізу деген қолымнан келер емес.

Енді сұр конверттің ішінен шыққан бес-алты парақтан тұратын құжаттардың түпнұсқалары қалай жазылғанын сол қалпында келтірейін:

1) Лич. д. номер 7565

Акт ф 533

1935 г. – октября “5” дня
“5” отдел ББК “1” пункт Сосновец

Мы нижеподписавшиеся, заведывающий Сосновецком лазарете врач Бударная Зинаида Федор, ст. лекпом Облакевич И.Я. и дежурный по палате Аристова М.В. составили настоящий акт в том что сего числа 5 октября 1935 года “5” часов, умер находившийся на излечении в упомянутом.

Приложение: 1) квитанция 34696
2) Акт о смерти
3) Акты имущества
4) Разрешение на отправку вещей
ББК НКВД экспедитор Каменов
5) Г-ке Дулатовой
от 2/XI 35 г. 518

Направляется Вам квитанция, акт о смерти и опись посланных вещей Вашего умершего мужа.

Дежурная – подпись
2/XI 35 г.

Справка

б) Дана таковая в том, что вещи запакованные в ящике к отправке на имя Дулатовой мною проверены каковые можно пропустить на почту.

Подпись 29/X 35 г.

Осы күндер аралығында, Сосновецте тұратын папаммен бірге отырған біздің бар сенер кісіміз Мырзағазы Есполовтың хатын күтумен болдық, ұзамай хаты да келіп жетті. Мырзағазы Есполов (Құжаттарда Испулов Мирғазы (Мирзағазы) деп жазылады (1891 жылғы туған жері – Торғай облысы, Қостанай уезі, Әуликөл болысынан (қазіргі Семиозер ауданы) шыққан зиялылардың бірі. Алаш партиясының қатарында, әкеммен бірге майданда істес болған жолдасы. 1920 жылдары қазақтың өңкей қалам қайраткерлерінің бас қосып тоғысқан шаһарі Ташкентте әкемнен, кейін 1922-23 жылдары Мағжандармен қызметтес болып, жақын жүрген кісі. Мырзағазы ағаны өзім бала күнімнен Орынбордан, одан кейін Қызылордадан білетін ем. Үй іштеріміз жиі араласып, сыйласып тұрғамыз. Мырзағазының әйелі Рахима біздің елдің қызы Ерғали Алдоңғаровтың қарындасы болатын. Рахима күйеуі ұсталғаннан кейін басына түскен нәубетті көтере алмай өзіне пышақ жұмсап қайтыс

болған еді. Осы қайғылы уақиғаны жұрт аянышпен көпке дейін ұмытпай айтып жүрді, бұл семьяда Жанатай, Шағатай атты екі баласы қалған-ды, (Ұзын құлақтан естуімше, бір баласы Отан соғысында қаза тауып, екіншісі құрылыста жұмыс істеп жүргенде құлап өліпті). Шаңырағынан айырылған Мырзағазы ағам өне бойы бізбен, сондай-ақ басқа жолдастарымен (А. Байтұрсынов) үзбей хат алысып тұрғанын жақсы білемін. Әкем екеуі “Медвежья Горада” Лекпомдар даярлайтын курсті 1934 жылы бітіріп, фельдшер болып істейтін. Жаза мерзімін өтеген соң елге келмей, Ақ теңіз Балтық каналының бойындағы Павенец лагерінің пунктінде фельдшерлік участігінде меңгеруші болатын, қызмет бабымен лагерьден шыққан бір ауруды Ташкентке жеткізіп салып, қайтарында Ақтөбеде тұратын қарындасы Ұрқия Шаяхметованың үйіне түсіп, бірер күн болып, сол үйде тұрған баласы Шағатайды алып кетеді. 1937 жылдың топалаңы басталар алдында, баласының үйге қайтуын жөн көріп, үйіне қайтарып үлгерген. Артынша өзін екінші рет қамауға алып, жоқ қылған... Бұл деректі Ұрқия апайдың өз аузынан естіген едім. Апай ағасын ақтауы жөнінде арыз жазып, ақтау қағазы 1960 жылы қолдарына тиіпті.

Мырзағазы ағаның бізге жазған хатында: үй-ішімізге, туыстарға, қайғы-күйігі ортақтығын, сүйікті Міржақыбынан еріксіз айрылу үстінде қасындағы жолдастарының қапа шегіп қабырғалары қайысқанын, жолдаған сәлемдерін жабырқаған бізге жақындықпен жұбату жылы сөздерін жаза келе: “Жақанды жерлеу үшін үлкен қызмет көрсеткен өзімен қызметтес болған лазереттің дәрігерлері және Жақанның қолынан емделген жергілікті тұрғындар поселкенің зиратына қою үшін НКВД-дан рұқсат алып, белгілі жерге қолымыздан аурулап қойдық. Зират басында құран қайырған белгілі татар жазушысы Махмұд Бұдайли, бәріміз топырақ салыстық”, – делінген. Бұдан достарының Міржақыптың алдында өтеген парызы-қарыздары көрініп-ақ тұр. Жерлеу мәселесінде бұларға бөгет жасамай, қарсылық көрсетпей, онымен қатар көкемнің нәрселерін құртып, өртеп жібермей, сонша бір ұқыптылықпен салып жіберіпті. Таңқаларлығы – қайсы тұтқынның мүлкін үйіне, туыстарына жібергенін кім естіп, кім көрген? Міржақып Дулатов – атақ-даңқы алты алашқа жайылғанын көзі тірісінде ерте көрген кісі. Оны өзі жеке басының атқарған қызметінен деп санамайтын, қашан да алдында басшылық еткен ұстаздары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов ағаларының көлеңкесінде кішіпейілдікпен қала бергенді тәуір көретін. Жаратылысынан біткен мен мендігі жоқ, шешен сөйлейтін, турашыл, айтқанынан қайтпайтын бір беткей, қайсар мінезді де жоқ емес еді. Туған халқының ел қатарлы көркейіп мәдениетке жетуін аңсаған, қалың ұйқыдан сілкіндіріп, сана-сезімін қозғап, өсуіне жол сілтеп. “Оян, қазақ” деп ұран салған Міржақыптың әуел бастан-ақ басын азапқа, құрбандыққа тіккен өжеттілігін айтпасқа болмайды. “Сырым” деген өлеңінде анық естіледі:

Көздеген оқ, сермеген қылыш болса да,
Тәуекел деп қасқайып көзді жұмармын,
Кім үшін тусам, сол үшін өлу борышым,
Міндет қылып қосқаны маған құданың.

Міржақып беттеген жолынан таймай, айтқанынан қайтпай, ержүрек азамат қалпында ғұмыр кешті.

Сосновецтен салынған көкемнің заттары келген соң шешем ағайын-туыстарымызға бөліп берді. Үлкен үй Асқардың баласына: “Хайдар, саған Жақанның қалтаға салатын сағатын берем, тәтеңнің көзіндей көріп сақта. Зұлқарнай, ағанның ұстарасын ал, қолыңа ұстағаныңда Жақаң есіңе түседі. Бота, саған айнасы, күнде бетінді көріп, тәтеңмен бірге өткізген кезеңдерің ұмытылмасын” – деген еді жеңешелері.

Менің үлесіме тиген фото-сурет салып қоятын ағаштан жасалған кәсек, өте шебер кісінің қолынан шыққан дүние екен. Үлкендігі 10x15 см. жоғарғы оң жағында 4x6 см. сурет қойылатын орын шынының астында менің 1933 жылы Томскіде түскен суретім, рамканың сол жақ төменгі тұсында 3x5 см. ішіне шеберлікпен сыйғызған аяғын серпіп тастап шауып бара жатқан, мүйіздері тарам-тарам бұтақ тәрізді маралдың сұлу бейнесін ойып, айнытпай әсем келтірген. Бұл кәсектегі менің суретімді көкем жанынан қалдырмай тұсында іліп жүріпті. Рамканың артында қайырып қойған ілгешек шегесіне дейін қозғамай, сол қалпында әлі күнге шейін сақтаулы тұр. Маған арнап жасатқан әкемнің қолынан өтіп келген ескерткіш-сыйлығы мен үшін өте қымбат.

Шешемнің өз еншісіне бөліп алған ең қадірлі зат – әкемнің иісі сіңген, түнде киіп жататын көк шұғадан өз қолымен тіккен тақиясы, көзілдірігі, бірнеше суреттер, әкеме жолдаған достарының жеті хаты, дәптерлер. Дәптерлерге көңіл бөлейік: Міржақып қалам тартпай жүрмейтін, әйтпесе көңіл көншімейтін еңбек сүйгіштігі азапты жылдарында да қалмаған. Халқына рухани байлық боларлықтай, ғылымға қосқан үлесі, ол – үш тілде бірдей қаламмен толтырған әріптер өрнегі көз тартарлықтай әдемі. Бұл қолтаңбасын архивімнен әлі шығарғаным жоқ.

Міне, содан бері талай жылдар тізіліп өте берді. Өлшеулі мерзім ішінде біздің Дулатовтар әулетінде елеулі өзгерістер кірді, оның ішінде қуаныш-қайғысы да бар есте қаларлықтай уақиғаларды бастан кештік. Қуаныш деуім, ол менің 1939 жылы институтты бітіріп дәрігер мамандығын алуым еді. Талғарда тұрып жатқан шешемді алып, берілген жолдама бойынша Шымкентке келіп қызметке орналастым. Жас мамандарға берілген жеке үйге кірдік. Қысқасы, “өз қолым аузыма жетті” дегендей, бәрі ойдағыдай болып шықты. Бірақ оңтүстіктің ауа райы шешемнің денсаулығына жақпады. Қатты жүдеп, бұрыннан келе жатқан өкпе ауруы қозды. Қолымнан келгенімше күтіп бақтым, үйге кісі жалдадым. Жалғызсырамсын деп Талғарда қалған Сара апасын Баязитімен көшіріп алдым.

Шымкенттің ұзаққа созылатын жайма-шуақ күзгі күндерде үйде отыра бермей бой жазып қыдыруға шығатын әдеті бойынша, шешем мені көруге сылтау тауып, базардан түрлі жемістер алып, әлі жеткенінше көтеріп менің емханама аялдап, жанымда біраз отырып үйге қайтатын. Сезімтал нәзік жанды, әрі өмірінің ұзаққа бармайтынын білетін апам өзіне қымбат, сүйікті жалғыз қызы Гүлнарының ақ халат киген дәрігер қалпын күштарлықпен күнде бір рет көруге құмартқанын кім біліпті? Менің ойыма келген де емес, бұны кейін Сара тәтемнен естідім.

1939 жылы желтоқсан айының аяғына дейін жерге қар түспеді, ауа райы болмаған ерекшелігін көрсетті, жазғы күнгідей бір түрлі ыстық, қапырық болып тұрды да қойды, көшеде жүргенімізде сыртқы киімді шешіп тастап қолымызға алғанымды әлі де ұмытпаймын. Жана 1940 жылды біз осылай қарсы алған едік.

Күзге таман шешемнің науқасы ауырлап, төсек тартып жатып қалды. Күндіз қасында Сара тәтем күтіп, бағып отырады, жұмыстан соң өзім тамақтандырам. Жөтелі күшейіп,

күн сайын халі нашарлай түскенін көріп, уайымдап жаным қинала бастады. Жұмыстан ерте сұранып үйге келсем, есік ашық, тым-тырыс, асығыс басып шешемнің бөлмесіне кірсем, төсегінің аяқ жағына чемоданын қойғызып алып нәрселерін, жинаған архивін ретке келтіріп отырған кезінде тап болдым. Өзі әбден жүдеп, құр сүлдері қалған. Жабырқаған күйі қолымен жағына таянып мұңлы көздерін бір нүктеге қадап, ойланып отыр екен. Менің келгенімді де сезер емес, ақырын ғана таяп жанында тұрған орындыққа отыра бергенімде: “Ә-ә, сен екенсің ғой, Гүлнар көптен бері өзіңмен сырласуды ойлап жүр едім, соның реті енді келіп отырғанын қарашы, тыңдай бер: көкең кеткелі басыңа жоқшылық көрсетпей, ешкімнен кем қылмай, қолымнан келгенінше бағып өсірдім. Бар арманым – сенің институтты бітіріп, дәрігер болғаныңды көруге бір жыл өмір сүрсем деп тілеуші едім, құдайға шүкір, енді оны да көрдім. Тапқан табысың тұрмысыңа жететіне сенемін, туыстарға мейірімді бол. Соңыңа ерген Серік, Ләйлі, Баязиттерді тәрбиелеп оқыт, Сара тәтенді де қолыңа ал. Әкеден жалғыз қалғаның жаныма батады, келешек өмірің толысар әлі. Саған ақыл қосатындар аз кездесер, жүрген-тұрғанына, істеген ісіне мін тағатындар, қорлайтындар әлі-ақ шығады. Жөніңді біліп, абайлап сөйле, аяғыңды шалыс баспай, сақ жүр. Шыққан ұяңды қасиет тұтып, кімнен туғаныңды ұмытпасаң болғаны. Өзіңе белгілі Дулатовтар әулеті асып-тасыған байлыққа қызықпаған, оны жиған да жоқ. Әкеңнің даңқы шығып, бағы жанып тұрған кезін көріп аз уақыт қызықтадым, бала сүйдім, өткен өміріме ризамын, әлі де сөнген шырағы қайта жанып, жақсылық оралар деген үміттен айрылмадым. Ғажап емес, келешекте оны да көрерсің, Гүлнар, саған ақырғы тапсырмам: Дулатовтың семьясынан аз да болса қалған нәрселеріңе ие бол. Әкеңнің киімдерін, документтерді, суреттерді сақта, әсіресе мына хаттарды. Әкеңнің көзіндей көріп, мұқият сақта, жоғалтпа. Күндердің бір күнінде заман түзеліп, иелеріңнің аты шығып, кім қандай күйде жүріп жазғандарын болашақ ұрпақ біліп, танысар” деді. Ардақты анам Ғайнижамал Баймұратқызы Досымбекова-Дулатова қырық бес жасында 1940 жылы 15 сентябрь күні дүниеден өтті. Ақырғы сапарына шығарып салысқандар: Мұстафа Бұралқиев, оның інісі Әбен Сатыбалдиев, Шәкен Мурзина, қыздары Әрике Үгітайымен, Сара, Баязит Табаевтар, бөлем Ләйлі Юсупова, менің қызметтес дәрігер жолдастарым болды.

Сүйікті Гаяның өлімі жұртты, өзімнің жақындарымды күйзелтпей қойған жоқ. Өзінің замандасы, күйеу баласы, Ботакөз апамның жолдасы – Мұстафа Бұралқиевтің 1940 жылы 16 сентябрьде жазғанын келтірейік:

Соңғы минут

Ұзақтан ышқылы жанның арынымен арпалысқан дерт кеше демін үзді. Көңіл күйіне әсерленгіш сергек жүрек ышқынып, ең соңғы рет отты көздерінің жалынын желпіп, соғудан тынды. Өмірге ізденіп қараған нұрлы көздері мәңгі жабылды. Сана мен өмірді талқылағыш ойы, төсінен нәр беріп өсірген көңіл күйі қызы – Гүлнардың келешегіне үңілумен күшін үзді. Дерт қажап арыған денесінің соңғы қызуын тетелес бауыры – Сараға қол ұшынан сарқып, дүниеде қадір іздеп, бақыт торыған Гая өмірден тынды.

Мұстафа Бұралқиев.

Шымкент, 16 сентябрь, 1940 ж.

Шешемнің түр сипатын, мінез-құлқы, тұрмыс-салты болмысын сипаттап өтуім қажет шығар. Міржақыптың сүйіп алған жары, сенімді серігі, айнымас жұбайы Ғайнижамал Баймұрат қызы Досымбекова – Дулатова оның өзінен он жас кіші болатын. Қалың елдің құрметін көрген жайдары, жарқын мінезімен жұртқа жаққан шешем артық сөйлемейтін, үлкен-кішіге бірдей адамгершілігін көрсететін. Жетім-жесірлерге мейірі түсіп, өз қарамағына алып асырап, тәрбие беруден бас тартпайтын балажан кісі еді. Қолы іс тігуге шебер, өзімізге киім -кешекті пішіп, тіге беретін. Біздің үй-ішіне жақын жүретін жас жұбайлар пір тұтып, айтқан ақылын қалдырмайтын Гая жеңгейге ұқсасақ екен деп армандайтын келіншектер де аз болған жоқ. Кей уақытта шағым айтатындар да көп келетін. Қайсы бір жас семьялардың арасында дауласу, жанжал-ұрыс түсінбестіктен ажырасуға дейін баратын іріткі туа қалса, апама келіп, жалбарынып жүгінер болар еді. Апам мұндайда ақыл-кеңесін беріп, билік айтып сыпайы түрде “ондай жаман әдеттен, тұрпайы мінезден аулақ болындар, ашуды тастандар, бұларыңды өкпе-наз деп есептейік, жұрт білмесін, бір-бірінді сыйлап жүріңдер” деп екі жақты татуластырып риза қылып шығарып салатын; келешекте тұрмыстары түзеліп, үйлі-баранды болып жақсы тұрып кететіндерді талай көргем-ді. Омбыда туып, қала тәрбиесін көріп, орыс зиялыларының арасында өсуі анама әсерін тигізгені анық. Ол жиын-тойларда, кәделі кештерде би биледі тәуір көретін. Қаныш Сәтпаев аға екеуінің мазурканы билегенін көргем-ді, бұл 1924 жылы еді. Апам гитар тартып орыстың романстарын, “Ах, Настасья, ты Настасья”, “Вечерний звон” өлеңдерін келістіріп айтатын. 1914 жылы Орынбор театрының сахнасына ұлттық киіммен шығып, Жаңыл Қадірбаева екеуі қосылып ән салып, халықтың зор қошеметіне ие болған, бұл туралы “Оренбургский вестникте”: “Ханымдардың өнеріне жұрт мейлінше риза болды, көпшілік қызу қол соғып, оларды сахнадан жібермей қойды” (“Выступление ханумов имело небывалый успех, публика аплодировала и не отпускала со сцены”), – деп В.А. Затаевич жазған дерек те бар. В.А. Затаевич қазақтың алғашқыда “500 ән-күйін” жинап, ел аралап жүрген кезінде, 1923 жылы Орынборда біздің үйге келгенін ұмытқаным жоқ. Үстінде френч, галифе шалбар, аяғында хром етік, тез сөйлейтін, жігерлі, сүйкімді кісі болатын. Шешеме “Үш досты” айтқызып, ноталы дәптерін үстелге қоймай, тізесіне салып, нота белгілерін тез-тез түртіп жазып, ән біткен соң өзі нотасына қарап ыңылдап әуенді айнытпай салып беретін.

Омбы шаһарының белгілі дәрігері Баймұрат Досымбекұлының үй-іші ортаншы қызы – Гаясын бәрінен көбірек еркелетіп, еркек шора етіп, ер балаларша киіндіріп өсірген. Осының салдарынан оны екі бірдей (қыздарға, ер балаларға арналған) гимназияға түсіре алмай, қазақша, орысша сабақ беретін мұғалімдерді жалдап, Сара екеуін өз үйінде оқытқан. Бұл бойжеткендер жақсы тәрбие алған, өз заманында жалпы қазақ қыздарына үлгі көрсетерліктей болуды көксеп, зейін қоя оқыған. Екі тілге жетік қыздардың алдыңғы қатарында болып, үйде алған білімі келешекте қызмет істеуге қолын жеткізгені белгілі.

1923-24 жылдары өзім оқыған 9-жылдық үлгілі-тәрбие орта мектебі (опытно-показательная школа девятилетка) Орынбордан Қызылордаға ауысқанда, шешем сол мектептің ескіден келе жатқан өте бай кітапханасын басқарып еді. Бұл қызметі бізді

тәрбиелеуіне де әсерін тигізбей қалған жоқ.

Сол “опытныйдың” оқушыларының бірі – академик Уфа Ахмедсафин марқұммен бір жолыққанымда: “Сіздің шешеніз Гая апай алғашқы мектеп табалдырығын аттағанымда маған көп көңіл бөліп, оқуымды қадағалап жәрдемін тигізіп отыратын кездерін ұмытқаным жоқ, жанына мен қатарлы оқушыларды жиып алып, ақылын айтатын: “Балалар, сендердің ана тілін қастерлеп оқуларың қуанарлық жай, оны әр қайсыңнан көріп, естіп жүрмін, бәрін оқыған кітаптарыңнан білемін, ал сонымен қатар, өрістерінді кеңейту үшін орыс тілін жетік меңгеруге тырысыңдар. Сендер орысша жақсы сөйлей алмайды екенсіңдер, үйреніңдер. Сендерге алдымен жеңіл тиетін мына кітаптарды берейін, деп балаларға арналған әр түрлі тартымды, қызығып оқитын кітаптарды оқытты, содан класымыз жоғарылай түскен сайын бірте-бірте орыс классиктерінің шығармаларына көшірді. Батыс Еуропа, Шығыс елдерінің көркем әдебиетіне бет бұрғызып, таныстырды. Менің орыс тілін үйренуіме ықпалын тигізген Гая апайды ұмытпаймын, сол ризалығымды, Гүлнар, саған айтып отырмын”, – деген еді.

Шешем туралы осындай ойларын, пікірлерін айтып білдірген Тимирязев академиясын бітірген агроном-ғалым, қоғам қайраткері Ержан Темірбеков пен белгілі жазушы Ілияс Есенберлиндерден естігенім бар.

Анам Ғайнижамалдың басынан кешкен шуақты күндері саусақпен санарлықтай ғана. Ашаршылық жалмаған 1932-33 жылдары бас сауғалап, үй-ішін балаларын аман алып қалу үшін Қызылордадан Қырғыздың Талас ауданындағы Дмитриевка селосына көшіп барды. Ол жерде де бір айналдырса шыр айналдыратын қырсық соңымыздан қалмай, үлкен қайғы-қасіретке кезіктірді. Ғайнижамалдың бар сенері, сүйеніш-тірегі – сіңлісі Гүлшаһра еді. Омбы гимназиясын 1917 жылы тамамдаған оқымысты, жігер-қайраты күшті күйеуі ұсталғаннан бері қызмет істеп үй-ішін асырап тұрған сүйікті сіңлісі отыз екі жасқа енді толған шағында 1933 жыл 8 наурызда бөртпе сүзектен қайтыс болды. Соңында бес жасар Ләйлісі, жетіге толмаған ұлы Серік Юсуповтар жетім қалды. Менің Томск медицина институтына түсуіме кенес берген сол Гүлшаһра тәтем тұғын. Оның жас қалған балаларының білікті азамат болуына барымды аямадым.

Ақ жарқын анам өмірінің ақырғы күндеріне дейін бір жақсылық боларынан үміт үзген жоқ. “Гүлнар, әкеңнің ақталмауы мүмкін емес сөнген шырағы қайта жанар, шыдап бағайық, әлі-ақ жақсы күндер оралар”, – деген сенімнен ол әсте айрылған емес еді.

Гүлнәр Міржақыпқызы Дулатова

Жұлдыз.- 1994.- ғ 3-4.- 3-30 б.

АҢСАҒАН ЖАРЫҚ КҮНІМ ТУАР МА ЕКЕН?

Менің әкем Міржақып Дулатовты алдымен жазушы-журналист деп білуіміз керек, ол кісінің саяси көзқарастары тарихтан жұртқа белгілі, аты осы уақытқа дейін ұмытылмай келе жатқан “Алаш” партиясының лидерлерінің бірі болған адам.

1922 жылдан Орынбордан бастап ақырғы 1928 жылдың декабрь айының аяғына шейін Қызылордада “Еңбекші қазақ” газетінде жұмыс атқарған.

Осы жылдар аралығында ғана әкеммен бас қосып тұрғанымыз біз үшін ең бақытты

мезгіл деп айтар едім, бұл жылдарды ұмыта алармын ба? Сол кездегі біздің үйге келіп-кетіп жүретін әкемнің көп достары, олардан естігендерім санама құйылып естен шықпайтындай әсер қалдырған, кешегіні ұмытсам да көп жылдарда өткен жайлар кеудемде бүгінгідей сайрап көз алдымнан бір-бір ұшады. Әкемнен жастай қалсам да, көңілімнің түкпірінде сақталып қалған уақиғалар аз емес. Қазір де сөйлегендегі дауысы өзгерместен өзіме естіліп тұрғандай сезінемін. Көптен бері көрген-білгендерімді қолдан келгенше жазбақ болып жүрсем де оған түрлі себептер бөгет келтірді. Жасыратыны жоқ, жұртпен қатар көрген, басымыздан кешегі 1937 жылдың оқиғалары, қиянаты көпшілікке өшпес ізін, таңбасын ұзаққа қалдырған еді. Ол кезде біреуге мұнынды шағып сырласу деген, іштегі шерінді айтып, не болмаса ойынды сыртқа, қағазға түсіруден қалғамыз, есіңе “жаулар” түсе қалса, не мезгілсіз есік соғылса өзіңнен сескеніп үрейден ажырағанша зәрең ұшатын. Осылардың қырсығынан естелікті дер кезінде жазбай, қолға алмай жүріп қалғаным өкінемін. Енді міне, көп жылдар көмескі тартып, ойдың бытыраған кезіне тап болып отырғаным мынау.

Соңғы жылдары бетбұрыстың, шындықтың арқасында өткен сұрапыл-қиямет 1937 жылды еске түсіріп ашықтан-ашық баспа беттерінде жұрт білген-көргендерін жариялап келеді. Деректерге қарағанда жазықсыз айыпталып “халық жауы” деп ұсталғандардың саны бірнеше миллион деп көрсетіледі. Азап шеккендер ақталып, аттары аталып жарыққа шыққандарына сүйсіне қуанамыз. Орыстың белгілі ақын-жазушылары Совет үкіметіне қарсы болған деп саналатындар шетінен ақталып, шығармалары жарық көріп жарияланып жатуы қуанарлық жай, “үмітсіз шайтан” дегендей күдерімізді үзбей біз де әкелерімізге сондай күн туар демекпін.

Біреулер менен әкеңізді білемісіз?- деген сауал қояды. Әкемді білемін, есімде деймін ғой, бірақ әкеге бала көзімен қарау бір бөлек те, шын мәніне келгенде әкені жан-жағынан зерттеп, өз тұрғысынан танып-білу үлкен қиын мәселе ғой. Әкем тарабынан бірталай деректерді жинап, іздестіру жолымен келе жатырмын. Алдымен өзінің жазған өмірбаянынан алған мәліметтер, бала кезімнен басталған шешемнің көптеген әңгімелеріне құлақ түре жүруім болды. Туыстардың, оның ішінде әкемнің туған ағасы Асқардың қызы Ботагөз апамның зеректілігімен есінде сақтап қалған Міржақып тәтесінің бала шағын, өздеріне өлеңмен жазған хаттарын айтып беруі үлкен үлес қосты. Әкемді көрген, білетін көзкөргендердің ішінде Сара Садыққызы Өтегенова-Мұнайбасова 1912 жылы Дулатовтың бірнеше ай бойы үйлерінде Түркістанда тұрғанын айтып берген, мен білмейтін көп жаңалық кіргізген еді.

Әкеммен бірге “Еңбекші қазақ” редакциясында қызметтес болған профессор Бейсенбай Кенжебаев естелігін жазып берген-ді. Құнды естелігін айтып берген Ғазиза Омарқызы (шешемнің ағасының қызы) — әкемнің балдызы. 1979 жылы павлодарлық құдамыз Шәмкен Садыров Дулатовпен кездескенін, жаттап алған өлеңдерін хат арқылы жазып жіберген болатын.

Өне бойы армандап, қолға түсіре алмай жүрген әкемнің шығармалары да қолыма тиіп, оқыдым. Бұл мен үшін дүниеде ең қымбат. Әкемнің романы “Бақытсыз Жамалын”, “Оян, қазағын” сыйға тартқан қадірлі, белгілі ғалым Тұрсынбек Кәкішев. Әкемнің “Азамат” өлеңдер жинағын, Ахмет Байтұрсыновтың “Қырық мысалдарын”, “Масасын” көшіріп берген, машинкаға басқан қайным Мекемтас Мырзахметұлы, ардақты ағамыз, аудармашы, жазушы әрі жерлесіміз Хасен Өзденбаев, бұл кісілерге үлкен алғысымды айтып жүремін,

осы айтылған шығармалар кезінде ел ішінде көп таралған, баспадан бірнеше рет қайтадан басылып шығып отырған. Шығармалары арқылы әкеммен тілдесіп отырғандай көремін, жан-дүниесінен шыққан мезгіліне лайықты сөздерінен сүйікті қазақ халқына арналған жолдарын оқып нәр аламын, міне, содан бері әкемді жан-жағынан түсініп біле бастадым десем артық болмас.

Енді әкең өмірде қандай кісі еді дегенге келсек өз басым былай сипаттар ем.

Әкем сегіз қырлы, бір сырлыларға жататын. Мінезінде ақ көңілдігі де бар, сонымен қатар өз айтқанынан қайтпайтын қайсарлық, қатандығы да болатын, жағымпаздығы жоқ, өтірікті айтпайтын, тәккаппарлығы да жоқ, өзін қарапайым ұстайтын. Көпшілік ортасында топ жарып жігерлі қарқынмен қызып сөйлейтін, шешендігімен жұртты өзіне магниттей тартатын. Достары көп ұлттан құралған: қазақ, қырғыз, өзбек, орыс, еврейлерден тұратын.

Әдебиетшілерді жанымен сүйетін, өзінің қатарлас жазушылары, төңірегінен шықпайтын достары Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытовтар жазған шығармаларын баспаға берерден бұрын: “Жақанның пікірін аламыз, сынынан өтеміз” деп алдына әкеп оқитын, соны көріп өскен балалық жүрегіммен өзімше әкемнің мәртебесін жоғары санағандарына қуана масаттанатын ем.

Қызылордада 1926 жылы ашылған қазақ драма театрының режиссері Жұмат Шанин - Жанбикесімен, Әміре Қашаубаев- Оразкесімен, Иса Байзақов - Шарбанумен, Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұловтар жиылып біздің үйде жиі бас қосуларында әрқайсысы өз өнерлерін көрсетіп думандатып отыратын.

Әкем балажанды кісі еді. Мейірімді көздері күлімсірейтін де тұратын, сондықтан балалар жатырқамай, біздің үйге үйірсек келетін. Балалармен өздерінше, құрбы-құрдастарындай қалжындасып ойнайтын.

Үлкен ағаларын ізетпен сыйлап алдарынан көлденең өтпейтін, әрқайсысын өзінше айтайын: Ақаң-юст¹ (Ахмет Бірімжанов), Ахаң-прос² (Ахмет Байтұрсынов), Әлекең (Әлихан Бөкейханов). Інілерін: ұзын Мұқтар (Мұқтар Мурзин), қара Мұқтар (М. Әуезов) дейтін.

Жеңгелерімен сыпайы түрде қалжындайтын. Бір күні жеңгесі Бадрисафаны (Байтұрсынова), “Гүлнардың әжесіне бог смерти не дает” демесін бе, мен жылап қоя бердімде жүгіріп әжеме барып шағындым, жаңағы сөзді айтып бердім, сонда әжем: “Жылама қызым, қайным Міржақып ағасына жас қатын алып бермек шығар” деп сылқылдап күлді. Бұл кісі орыс акцентімен қазақша сөйлейтін. Жауһар Бірімжанова жеңгесінің тәтті шәйін ішіп, кісілермен қосылып преферанс ойнайтын, карта ойнауға жеңгесі шақыратын.

Әкем еңбекқор, өзінің қалыптасқан режимін сақтайтын. Жұмыстан келісімен жуынып-шайынатын, сағат 5-те тамақ ішіп тынығып ұйықтайтын, кешкі дастархан басында бәріміз бас қосамыз, біздің де ойыннан дінкеміз құрып сабаққа кірісеміз. Әкем 8-де біздің сабағымызды тексеретін. Өзен екеуімізді оқытуға мұғалім Софья Андреевнаны (Әлімхан Ермековтің Мағашын тәрбиелейтін) жалдап немісше оқытты. Мені таң қалдырғаны әкем бізден неміс тілін жақсы білетін, сабағымызды үш тілде бірдей жүргізетін, тәржімелейтінбіз, оқитынбыз. Неміс тіліне үлкен мән беретін. Үйімізде кітаптар аз болатын, оқитын кітаптарды библиотекадан алатынбыз. Әкемнің арманы маған Брокгауз-Эфронның энциклопедиясын алып бермек еді, оған мүмкіндік болмады, өзі ұсталып кетті. Біздің сабағымызды тексеріп болған соң, өзі жұмысына кірісетін. Жұмыс үстінде ешкім мазаламайды, басында топы,

үстінде өзбектің ала шапаны, шаршағанын аңшылық құмарлығымен басатын. Жаз айларында Қызылордада тұрғанымызда бейсенбі күндерінде кешке таман “Алагөзіне” мініп Сыр бойын шарлап құс атуға Дана атты итін ертіп шығатын. Құралайды көзіне тигізіп ататын нағыз мерген кісі еді. Аңшылықтағы қызық уақиғаларды бізге айтып беретін. Енді өзіңнің балалық шағыңды айтып берші, деп сұраймыз. Әңгімесін жалғастырып өзінің әкешесінен жастай жетім қалғанын былай сөз еткен еді: “Шешем қайтыс болғанда мен екі жаста екенмін, қыстың мезгілі, күшті қарлы боран соғып, жұрт далаға шыға алмай марқұмды жерлеуді ертеңге қалдырса керек. Сол түні кебінге оралған шешемнің қасында жатып ұйықтап қалғанымды өзім білмеймін, кейін Қадиша жеңгемнен естіген едім. “Жетім-жесір, кемтар-байғұстарды есіркеткенінде көзіне жас іркіліп тұра қалатын, оны бізге сездірмеуге тырысатын, міне осындай мінезінде жұмсақтық көңілшектігі де сезілетін.

Шешем екеуі Орынбордан көшерде ілестіріп әкелген Хабиба деген алпамсадай, зор денелі, он сегіз балалары мен күйеуін жерлеген соң жынданған жесір кемпірді паналатқан болатын. Онымен қатар Бөртеде тұратын кедей, баласыз ерлі-зайыпты кісілерді де бірге көшіріп әкелген, әлгі кісінің темір ұсталығын біліп, арнайы аспаптар сатып беріп, өздерін киіндіріп, елін аңсай бергеннен соң аяп, мол қаржылап еліне аттандырған еді. Тарыққандарға аянбай жәрдем беретін алақаны ашық жомарт жан еді, әкем.

Қазақстанның кең байтақ даласында бұл кісінің бармаған жері жоқ. Әкемді әр өлке, Сыр мен қыры мақтаныштұтып, өздерінің бәсіре жерлесі деп санайтын.

Семейліктер: “Жақаң біздің елдікі ғой” дегенді талайлардан естігем. Мен де таласпайтынмын. Шыңғыстауда Абай атам мен Ақберді қажының баласы Өміртай ауылдарында шешем екеуіміз тұрғамыз. Тұраш атам мен Өміртай екеуі әкемнің достары болған.

Абай ұрпақтары: Ақыш тәте, Мәкен, Ишан, Ғазел, Ақбердина Әзенмен осы күнге шейін бір-бірімізді туыс көреміз. Әкем жіктеліп “жүзге” бөлінбей қазақ халқының құрметті перзенті, азаматы бойынша дүниеден кетті.

Әкемнің тағы бір өзіне тән қасиеттеріне тоқталайын. Бұл кісі өз денесін таза ұстайтын, сәнді европаша киінетін, хош иісті сабын, әтірлерді жақсы көретін, көзілдіріксіз жүретін, шылымды көп тартатын еді, арақ-шарап ішпейтін. Ақын жандардың көбінің мінездері аумалы-төкпелі қызужанды келеді емес пе, ондайдан бұл кісі де құр қалмаған. Серілік жігітшілігі, сұлулармен романдары жұртқа белгілі болатын, шешем оқта-текте ашу шақырып, шыны аяқтар сылдырлайтын кездері болып қалатын.

Әкемнің денсаулығы берік, ауырып жатқанын көргенім жоқ, көктем айларында мұрнынан дем ала алмай “тұмаурататын”, су ағып, түшкіріп орамалын жиі ауыстыратын, “хронический насморк” дейтін, үйдегілер ауырмайтынбыз, грипп деуге жөні жоқ, енді ойласам, бұл аллергияға жатады, оны дәлелдейтінім өмірінің соңғы жылдары Соловкиден басталған астма ауруының ауыр приступтарынан кейін, дәрігерлердің көмегімен құрғақ материкке шығарып ст. Сосновецке жер аударылған еді. Бірақ ауруы үдей беретін, жазыла алмады, ажалы астмадан келді.

Ендігі кезекте айтарым: әкеммен бірге “Еңбекші қазақ” газетінде жұмыс істеген, ол кезде атағы жазушы қатарында әлі шыға қоймаған Бейімбет Майлин, семьясымен үнемі біздің үйден шықпайтын. Бейімбеттің Әукен ұлын, зайыбы Күлжамалды 1925 жылы әкем өзінің қаржысымен Қостанайға жеткізген, жол үсті Кинелде поездан қалып қоя жаздағанын

да естігем. Ол жылдары мерейі үстем, даңқы асқан, аты бүкіл Алашқа жайылған әйгілі Міржақып бола тұрып, өзінен көш кейін Бейімбетке жаңағыдай қызмет еткен әкемнің бұдан да басқа шапағатын көп көрген. Сөйткен Бейімбет әкем қайтыс болысымен, Ғабит Мүсірепов екеуі бірігіп “Амангелді” пьесасын және “Батыр большевик” повесінде Ахмет Байтұрсынов пен менің әкем Дулатовқа қара күйе жағып қолдан жасанды жау образын шығарып жазғандары, шындыққа жанаспайды. Әкемнің жақсылығына қайырымы, жоғарыдай қаралағаны шешеме ауыр тиген еді. Сонда шешемнің айтқаны: “Бейімбеттің бізге істеген қиянаты өз басына келсін, дастарханымның дәмі атсын” деген еді. “Кісіге ор қазба, өзің түсерсін” дегендей ақыры Бейімбеттің өзіне тиді, басына келді. Артында қалған үрім-бұтақтары көгермеді, адам қатарына қосыла алмады. Мейлі Бейімбет-Ғабиттер айта берсін, алдағы уақытта тарих жөнін ашар, оның өзі де жазылып келеді, белгілі жазушы Морис Симашко “Комиссар Джангильдин” атты 1979 жылы Алматыда шыққан тарихи романында Амангелдіні “барымташы, баукеспе ұры-конокрад”, дейді, онымен қоймай әрірек 1926 жылға барсақ, профессор К.В.Харлампивичтің “Восстание Тургайских казак-киргизов 1916-1917 гг по рассказам очевидцев” деген кітапшасында Имановты ел арасында “барымташылығымен, баскесерлігімен аты шққан бекбике еді”, деп жазған.

Өзімнің бәлем Ләйлі Юсупованың жұбайы Александр Ильич Боков, Амангелдіні шешесі Ырғыздан білетінін, оны: “Аманка” конокрад - вмсете со Степкой промышляли, деп айтып отырды” дегенін, есіне алатын.

Біздің заманымызда өмірімде талай өзгерістерді көріп келемін, жоқтан барды шығарып, небір сауатсыз әйтеуір кедей-жалшы болсын дегендерді көтеріп үкімет басына қойғанын қайтерсің - Елтай Ерназаровты айтамын. Бейімбет пен Ғабит шындықты жазбақ болса торғайлықтарға іштері бұра қалса, Әліби Жангелдиннен артық нағыз революционер, әрі саналы адам, бұдан артық бар ма? Соның өзі де жетіп жатпады ма? Келесі өсіп қаулап келе жатқан қазақ жеткіншектеріне жөн көрсету емес, ылаң салу, тарихты бұзу дер едім мен, одан не тапты? Бейімбет онсыз да басқа шығармаларымен өзінің кезекті орнын алмады ма, ол орынды да. Бейімбеттің жүрегіме жара түсіргенін кешіре алмаймын, басқаларды есіркеп аясам да, Бейімбетке өзгеше қараймын, ол мен үшін өзінің “Мырқымбайы” болды да қалды.

Енді әкемнің алған біліміне келсек, қазіргі жұрт қатарлы жоғарғы білімі болған емес. 1899 жылы Торғай қаласындағы екі жылдық орыс-қырғыз (қазақ) мұғалімдер даярлайтын училищені бітіріп, ауыл мұғалімі атағын алған.

1902 жылы ел ішінде ауылдарда мұғалім қызметін атқара жүре білімін өз бетімен толықтыра бастаған. Алдымен орыс әдебиетімен танысады, одан соң Европа, түркі тайпа елдерінің классиктерін көп оқумен шұғылданады. Жазушылық тұрғысын еске алсақ, ол өлең жазуды жиырма бір жасынан бастаған. Ең бірінші өлеңі 1906 жылы Петербургте шыққан қазақтың бірінші “Серке” газетінің бірінші санында басылады, бұл газет ұзаққа бармай, екінші санында жабылған. Атышулы “Оян, қазақ!” өлеңдер жинағы 1909 жылы жарық көріп қысқа уақыттың ішінде екі рет қайталанып басылған да тез тарап кеткен. 1911 жылы патша үкіметі кітапқа тыйым салып, кәмпескелеп, автордың өзін жазалап түрмеге отырғызған. Бұл туралы Петропавлдан келген хабармен “Айқапта” екі рет жазылған мәліметтерден білеміз. 1910 жылы “Бақытсыз Жамал” дүние көрді, бұл роман қазақтың ең бірінші романы саналады. Кітап Қазанда Кәримовтар баспаханасынан шыққан. “Бақытсыз

Жамал” қолдан-қолға тиіп ел ішіне тез тарап, жұрт ағалар алқасы осы күнге дейін жатқа айтып жүреді.

Одан кейін 1913 жылы Орынборда “Азамат” атты өлеңдер жинағы басылып шығады. Бұл жинаққа Пушкиннің “Роза” мен Лермонтовтың “Спор” өлеңдерін тәржімелеп кіргізгені белгілі. Осы жылдары Орынборда шығатын “Қазақ” газетінің редакторы Байтұрсыновпен жұмыс атқарған белгілі журналист, сол газеттің екінші редакторы болғанын білеміз. Жас жазушы Міржақыптың шығармаларына кәзіргі тұрғыда сын көзімен қарап, талап қоюдың қисыны келмес, кемшіліктері неге болмасын, оны талдаудан аулақпын, дегенмен автордың өз заманына лайықты көзқарасын, пікірін түйіп, біз білмейтін, көрмеген ескі қыр-сырымен суреттеуінен көп нәрсені көруімізге тура келеді.

Ескі салт жұрнақтарын әшкерелеуі, қалың мал, жесір дауы, орындалмаған қыз арманы, затын сипаттауы, жұртты оқуға, мәдениетін көтеруге шақырғаны түсінікті жатыр. Қараңғыда, ұйқыда мүлгіп жатқан сауатсыз, еріншек келетін қазақтардың сауат көзін ашып, білім алуларын көкसेгені, үн қосуын армандаған, оны “тап жауы” болдың деп ақыл, ойға сыймас. Шығармаларында саяси қателіктерін көре алмадым, әкем болғандықтан арашалап отырғаным жоқ, тек әділет таңы атып, қауым өз шешімін айтар деген ойдамын. Менің арманым: атын шығарып, басын жаладан қорғап іс-әрекетіне адал баға беріп, қалдырған мұрасын кейінгі ұрпақтарға жеткізсе деймін.

16.12. 1987.
Дулатова Гүлнар

Дулатова Г.М. Шындық шырағы.- Алматы, 1995.- 1-кітап.- 89-96 б.

БІР СУРЕТТІҢ СЫРЫ

Төсегімнің тұсында ілулі тұрған сурет бұдан көп жыл бұрын Мәскеуде түскен мен үшін баға жетпес өте қымбат ескерткіш. Жасым алпыс үшке толғанда көңілімде жүрген, іште сақталып келген “сыр сандықты” ашып, жұртқа мән-жайды түсіндіріп айтатын кез енді жетіп отыр.

Осыдан қырық бес жыл бұрын болған уақиғаны әлі ұмытқан жоқпын. Ол кезде жасым небәрі он сегізге әлі толмаған, балауса шақ. Балалық дәуірде уайым-қайғыны онша елемей, алаңсыз тез ұмытатыны белгілі емес пе? Ал, қуаныш сезімі көңілінді көтеріп, қиял серуені өзінді неше алуан жерлерге жетектеп әкетеді. Сондай бір қуанған күнім есімде мықты қалыптасып, сақталып қалған еді. Бұл 1933 жылдың қоңыр күзі болатын. Мен Әулиеатадан Алматыға келіп Бірімжаровтардың үйіне түстім. Келгендегі мақсатым Крайкомның бірінші хатшысы Л. Мирзоянға арыз жазып, өз басымның жайын шешіп алу еді. Жазған арызымда аты-жөнімді, өз елімде оқуға мүмкіндік берілмеуі, жұмысқа орналассам фамилиямнан кім екенімді біліп шығарылатынымды айта келе, әділеттік деген бола ма? Қашанғы қудалауда жүремін? Менің қандай жазығым бар? – дегендерді келтіріп, өзінен тиісті көмек көрсетуін өтіндім. Арызым бойынша көп күттірмей жолдас Л.

Мирзоянның қабылдауында болдым. Бұл кісіні көшелерде ілулі тұратын портретінен көргенім болмаса, өзімен бетпе-бет жолығысуым осы еді. Кабинетіне кірерде бір түрлі жүрексініп, сөйлегенімде алқынып, өз-өзіме келе алмай тұрдым. Үкімет үйі қазіргі Бөгенбай батыр көшесі мен Панфилов көшесінің бұрышында болатын. Үлкен кабинеттің төрінде стол басында отырған жолдас Л. Мирзоян жылы жүзбен сәлемдескеннен кейін, жаңағы кірердегі абыржығаным лезде тарап кетті. Сыпайы қоңыр дауыспен “отырыңыз” деп, қырынан тұрған жұмсақ былғары креслоның бірін көрсетті. Л. Мирзоянның столында менің арызым жатыр, екі жолының төменгі жағын қызыл қаламмен сызып қойыпты. Ол кісі орта бойлы толықша келген, ат жақты екен. Толқындалған майда бұйра шашы, қызыл жүзі адамға келбетті де сүйкімді көрсетіп тұрды. Мінезінен қаталдық пен дәрежелілік мүлдем сезілмейді. Өте сабырлы, сыпайы сөйлейтін әдепті, мәдениетті кісі. Адам баласының жан-дүниесін түсінетін психолог, өзін барынша қарапайым ұстап, алдына келгендерді өзіне жақын тартып, шешіле сөйлеулеріне қақпайламай жол беріп, жеңілдік туғызып тындап отырғаны зор адамгершілігінің барын көрсететін нағыз адал коммунистерге тән мінез екен. Л. Мирзоянның үстінде сол жылдарды жалпы партия қызметкерлерінің киетіні гимнастерка, жалпақ қайыс белбеумен белін қынай буған, галифе шалбар, аяғында хром етік. Мирзоян орнынан тұрып, кабинетінде ерсілі-қарсылы үндемей, аз ғана жүрді. Мен де көз айырмай қарап отырмын. Бір мезгілде келіп: “Ну, девочка!” деп сөйлеп кетті. “Арызыңмен таныстым, әрине сенің ешқандай жазығың жоқ, әкең үшін сені қаралаудың жөні келмейді. Енді оқығың келсе жол ашық, қазір барып қалаған институтыңа документтеріңді өткіз, өзім жолдама беремін” дегенін естігенде бетім ду ете қалды. Қуанғанымнан орнымнан атып тұрдым да: “Мирзоян жолдас, сізге үлкен рахмет, өзім де сізге сеніп, осындай шешімге келетініңізді білгендей едім. Енді оқу мерзімінің басталып кеткенін айтып, оқуымды келер жылы жалғастырайын... Әзірше бір жерге қызметке орналассам болар еді”,- дей бергенімде есіктен алшаңдай басып орта бойлы, самай шаштарын аздап ақ шалған бір қазақ кіріп келді. Шүйіркелесіп, амандық-саулық сұрасып жатыр. Бір-біріне “сен” деседі, оған мен ыңғайсызданып, бұлары несі деп отырмын. Көп кідірмей Мирзоян досының бетіне қарап: “Сенің келгенің жақсы болды. Кстати, мына баланы (эту девочку) жұмысқа аласың” деді де маған бұрылып: “Бұл кісі Түрксиб басқармасының орынбасары Ахметшин жолдас” деп таныстырды. Ахметшин: “Ертең келіңіз, мына үйге қарсы жерде, сұрастырып табарсыз мені”,- деді. Ахметшиннің келбеті Жүсіпбек Аймауытов ағама өте ұқсас екен, жылы жүзділігі көңілімді жұбатқандай сезіндім. Менің мәселем осынша тез шешілгеніне әлі де болса сеніңкіремей, Мирзоянға қарап, сізден өтінемін, менің фамилиямды айтып қойсаңыз жақсы болар еді. Тағы да шатақ болмасын деп, рахметімді қайта-қайта айтып, бас иіп шығып кеттім. Сол сәтте есіктен екеуінің мәз болып қарқылдап күлгендерін естіп қалдым. Күлгендері менің жаңағы “пысықтықпен” айтылған сөздерімнен болуы керек, онда менің шаруам қанша? Сәтті ісіме көңілім толып, енді сол қуанышымды досым Іңкәрға барып айтпақ ниетпен көшеге шықтым. Гоголь көшесіне түсіп асыға жүріп келемін. Іңкәр мал дәрігерлерін даярлайтын (зоовет) институтта оқитын. Ол қазіргі Қазыбек және Ленин көшелерінің түйіскен жерінде орналасқан, паркке карама-қарсы тұратын. Көгілдір ашық аспан, онтүстік беткейден көрінген ақ сәулелі мұнарланған Алатау көз тартады. Көше бойын қуалай аққан арықтардың мөлдір суының сылдырағаны естіледі. Қатарласа өскен тал-теректерден түсіп жатқан жапырақтар күздің

түрлі-түсті бояуымен боянғандай, жер бетінде шашылып жатыр. Бұрын жылдың айналып келетін төрт мезгілін елей бермейтін басым, бұл жолы көңіл күйім табиғатпен бірлесіп, үндесіп тұрғандай шаттық кіргізген еді. Ол қандай бақытты шақ! Парктің ішіне кірдім, жұрт көп жүрмейтін оң жақ шетіндегі аллеямен қиғаш тартып Совет көшесіне беттеп келемін. Жерге түскен жапырақтарды аяғыммен бір жерге үйіп, соған қызыға қарап тұрғанымда ту сыртымнан біреудің “Гүлнәр, сенбісің?” деген даусынан елең ете қалдым, бұрылып қарасам алдымда Мұхтар Әуезов тұр екен. Ағаның ұсынған қолын алып сәлемдестім. Мұхтар аға баяғы бала кезімдегідей бетімнен сүймеді, оны көңіліме алғаным жоқ, бойжеткендерді сүймейтін болар деп ойлады. Мұхтар ағаны көрмегеніме 5-6 жылдай уақыт өтті. Отызыншы жылдары ұсталып, түрмеде отырғанын білетін едім, босап шыққанын естіген емеспін. Екеуіміз аяндап, қатарласып келеміз, менен үй-ішінің амандығын, өзімнің Алматыға қашан келгенімді сұрады. Бұрынғыдай еркелете сөйлейтін жылы лебізін бұл жолы ести алмадым. Өзім туралы қысылмай бәрін баяндай бастадым. Қаныш Сәтпаев ағамның айтуымен Томскідегі медицина институтына оқуға түскенімді, өмірбаянымды, әкемнің кім болғанын, айдауда екенін жазуым керек екенін айтып түсіндіргенін, міне, үй-ішімнің ауыр жағдайымен оқудан уақытша қол үзгенімді әңгімеледім. Жаңа ғана Л. Мирзоянның қабылдауында болғанымды айтып, ендігі жылы оқуымды осы Алматыда әрі қарай жалғастырамын. Оған Л. Мирзоян өзі жолдама берем дегеніне дейін айттым, өзіме осындай болашаққа жарқын жол ашылғанына қуанып келемін деп сөзімді қысқарттым. Сөзімді үндемей тыңдап келе жатқан Мұхтар аға кілт тоқтады, мен де бетіне қарадым, өңі сұрланып, қабағы түсіңкі, денесі бір түрлі еңкіш тартып кішірейгендей көрінді. Менің бетіме тура қарамастан қарлығыңқырап, булыққан дауыспен жайлап: “Қарағым Гүлнәр, енді келешекте кездескенімізде бір-бірімізді танитын кісілерше амандасып, сөйлеспейтін болайық” дегенін естігенімде денеме суық су құйылғандай өңе бойым мұздап, шошып кеттім. Сөзін әрі қарай жалғастыра бергенінде қолымды бір сілтеп тындамай, тез бұрылып жүріп кеттім. “Таяқ еттең, сөз сүйектен өтеді” дегендей, бұдан ауыр соққы бола ма? Басқа біреулерден естіген болсам көңіліме бұлай ауыр алмас едім. Кімнен, кімнен? Мұхтар ағадан естідім ғой сорлы басым. Өз отбасымның ортақ досы, мақтанышы, ең жақыны болған, өзімді бала кезімнен білетін, сонау Орынборда тұрғанымда еркелетіп: “Жүр, Гүлнәр, екеуіміз тәтті суық жеп келейік” деп қолымнан жетектеп “Собачий садқа” ертіп барып балмұздақ жегізетін. Мен балмұздақты “тәтті суық” дейтінмін. Енді міне, мына көзқарасы, ой пиғылы өзгереді деп ойлады ба? Естиін дегенім осы ма еді?! Не деген сұмдық! Бүгінгі қуанышым су сепкендей басылып, оның орнын жазылмайтын жара, жүрек жарасы беріш болып жанымда қатты да қалды. Бұндай қорлық, сұмдықты көремін, естимін дедім бе, сірә?! Осындай жабырқаған, ренжіген түрде Іңкәрға соқпастан Бірімжановтардың үйіне - әжеме келдім. Өзімнің әжемен ұзақ жылдар бірге өмір сүріп келгенім, көрген-білгендерімді жазуым қажет деп таптым. Әже деп отырғаным — құрметті Гүлжауһар Әлмұхамметқызы Сейдалина-Бірімжанкеліні. Белгілі юрист Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжановтың жұбайы. Гүлжауһар әжем атақты Сейдалы төренің ұрпағы, ел, жұрт сыйлайтын, ардақты көретін, бүкіл қазақ зиялыларының қадір тұтар бөйбішесі, жеңгесі, анасы, апасы. Бұл кісінің туыстары, шыққан ұясы, ата-тегі жайлы естіген-білгендерімді аз да болса еске түсіріп, тоқталып өтуімді жөн санаймын. Себебі ол біздің отбасымызбен тікелей араласуы болғандықтан.

Құнарлы жерге тұқым сепсең өнімі мол, жиған асыл дәнінің қоры мол келетіндей жақсы тұқымнан жаман ұрпақ шықпайтыны белгілі заңды деймін. Осындай ежелден келе жатқан жақсылардың көңіл толтырарлық ұрпақтарын көріп келеміз. Әр отбасының тарихын өз заманымызбен жалғастырған жандар арамызда бар, шүкіршілік!

Гүлжауһар әжеміз де сондай текті жерден шыққан кісі. Әкесі Әлмұхаммет Сейдалин төре ХІХ ғасырдың орта шенінде қазіргі Ақтөбе облысы, Бірғыз ауданында дүниеге келген. 1898 жылы қайтыс болыпты. Алған орта білімін толықтыруды армандаған Ә. Сейдалин Санкт-Петербургтың Императорлық университетінің заң факультетінде сырттай оқып (экстерном) оны ойдағыдай бітіріп сол салада елде жұмыс істеген. Сонымен қатар Ә. Сейдалин белгілі ағартушы Ыбырай Алтынсаринмен бірлесіп халық ағарту, мәдени саласында елеулі қызмет атқарған. Ел ішінде беделі артқан оқымысты, саналы кісі болған. Бұл кісілер елдерінде қазақ қыздарын оқыту үшін арнайы төрт кластық мектеп-интернат ашады. Ә. Сейдалин сол мектепке өз қыздарын – Гүлжауһар мен Гүлжиһанды түсіріп, жатақ үйге орналастырып, жұртқа үлгі көрсетеді. Мектепте қазақ, орыс тілін бірдей жүргізеді, сондықтан бұлармен бірге орыс қыздары да оқыған. Әлмұхаммет өз өмірінде екі рет үйленген кісі. Зайыбы қайтыс болған соң екінші рет үйленеді... Ол әйелінен – Жиһанша, Яхия, Зұлқарнай, Гүлжауһар, Гүлжиһан (Гүлжікей), Рабиға (Рағыш), Смағұл, Мұса, Сүйінгерей туылады.

Ә. Сейдалин мол дәулетінің арқасында ұлдарын Орынбордағы гимназияда оқытады. Бұл оқу орнын бітірісімен Петербордағы университетке түсіріп, жоғары білімге қол жеткізеді. Қыздарын арнайы ашылған мектептерде оқытып, қалған балаларын үйінде мұғалім жалдап бәріне терең білім берген. Ал, Ә. Сейдалиннің балаларына келсек, Қазақ Совет Энциклопедиясының берген мәліметтері бойынша, тұңғыш ұлы – Жиһанша Әлмұхаммет ұлы Сейдалин (1877-1923) Қостанай қаласында туып өскен. Орынбор гимназиясын, кейін Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1904 жылы бітіріп, елге оралады. 1911-1915 жылдары “Айқап” журналының тұрақты тілшілерінің бірі болған. Журнал беттерінде қазақ халқының мұң-мұқтаждарын жазады. Алған мамандығы бойынша ұлттық праволарын қорғау саласында жұмыс атқарған. К. Маркстің “Капиталының” мазмұнын жасырын түрде ел арасында таратып (1907-1917 жж.) таптық күрестің саяси мәнін түсіндірді. Сол үшін қуғын да көрген. 1917-1920 жж. алашордашылармен саяси күрес жүргізген. Жиһанша қазақ халқының орыстарымен бірігуін қолдаған адам. Өз сөзімен айтқанда: “Қазақтар орыстың қарашекпенділерімен бірікпей ел болмайды” деген. Інкәрдің айтуынша: “Жиһанша жиырмасыншы жылдары із-түссіз жоғалып кеткен, тағдыры белгісіз. Апамның екінші ағасы Яхия Әлмұхамметұлы Сейдалин, туған жылын білмеймін, ол да Орынбордың гимназиясын тәмамдаған. Елден ертеректе шығып Петерборда тұрған. Сонда татар қызына үйленген болатын, өмірі ұзаққа созылмай сол қалада қайтыс болған. Артында Фарид атты ұлы қалған. Біз 1927 жылы әкеміз қайтыс болғанда Ленинградта Яхияның әйелі мен Фаридті көрген едік. Бұл отбасы туралы басқа дерек жоқ. Зұлқарнай Әлмұхамметұлы Сейдалиннің туған жылы белгісіз. Бұл да Орынбор гимназиясын бітіріп, Ленинградтағы университеттердің бірінде оқып жүргенде студенттер арасында өткен саяси қозғалысқа қатысқаны үшін оқуынан шығарылып, басқа жоғары оқу орындарына алынбасын деп жазаланады, оны “Волчий билет” дейтін. Зұлқарнай Сейдалин Ташкентте тұрып совет қызметінде істеген кісі. Бұл кісінің жолдасы белгілі қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожанов

болған. Зұлқарнай “Алаш” партиясына қарсы пікірдегі адам, бірақ өзі коммунистер қатарына кірмеген.

Енді Ә. Сейдалиннің қызы, өзім білетін, аса құрмет тұтатын әжем, біздің Дулатовтар отбасының ең жақыны Гүлжауһар Әлмұхамметқызы Сейдалина-Бірімжанкеліні жайлы сөз етпекпін. Бұл әжеміз 1888 жылы II мамырда Ақтөбе облысы, Ырғыз қаласында дүниеге келген. Ағаларының ортасында ерікті, ерке өскен қызды соңынан ерген іні-сіңлілері “Жәкен аға” дейтін. Гүлжауһар білімін жоғарыда айтқан қырық қызға арнайы ашылған төрт кластық мектепті сіңлісі Гүлжиһан екеуі үздік бітірген. Ой-өрісі кең, өсе келе білімін өз күшімен дамытып, көп оқып орыс, қазақ әдебиетімен таныса отырып, екі тілді меңгеріп, сауатын молынан толықтырған, жан-жақты білімдар кісі болатын. Он тоғыз жасар Гүлжауһар өзінен он сегіз жас үлкен белгілі юрист Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжановқа тұрмысқа шығып, көп ұзамай Самара (Куйбышев) губерниясы Бузулук қаласына келіп тұрады. Сол қалада 1911 жылы ұлдары Батырбек (Баташ) дүниеге келеді. Арада 4-5 жыл мерзім өтеді, балаға құштар жұбайлар сағынып көрген қыздарын Іңкәр деп атаған. Іңкәр 1915 жылы 27 қарашада туған. Кенжелері Мұрат 1919 жылы дүниеге келген еді.

Өз заманында қызмет бабына байланысты Бірімжановтар мына қалаларда тұрған: Торғай, Қазан, Семей, Ырғыз, Ақтөбе, Бузулук, Орынбор, Қызылорда. Өкінішке орай Ахмет атамызға елінің топырағы бұйырмай Ленинград қаласында қайтыс болған. Соңында кәмелетке толмаған, әлі оқуларын бітірмеген үш баласы жетім қалып, отыз сегіз жасар сүйікті жұбайы жесірлік тауқыметін тартып қалған еді. Күйеуі 1927 жылы қайтыс болғаннан кейін үш баласын асырап, білім алуын мақсат еткен ана жұмыс істеуге бел байлайды. Қызылордада тұрғанда КазЦИК-те іс жүргізуші (делопродуцент) қызметін атқарады. Одан кейін Оқрздравотделде хатшы болып бірнеше жыл еңбек еткен. Алматыға келген соң әр мекемелерде істеп жүрді. 1933 жылы баласы Батырбек институтын бітірісімен жұмысын біржолата тастаған еді.

Әжемнің бойына біткен қасиеттері жұртқа үлгі-өнеге етуге тұрарлықтай мол еді. Көпті көрген, араласқан қазақ елінің өзі қатарлы ізгі жақсылары - зиялыларымен бірге жасап, сыйласып өткен кісі. Бұл кісінің мейірбандығы айтарлықтай өзгеше, бүкіл Бірімжановтар әулетінің балаларын оқытып, асыраған. Мұхтар, Кәрім, Нұрхан, Халида, Сұлтан, бұлардан басқа өзінің үйлі-жайлы болып кеткен сіңлісі Гүлжиһан (Гүлжікей) Шәйкемелова күйеуі Мақсұтпен, отызыншы жылдары айдауда жүрген Ахмет Тұрғаншинге шыққан сіңлісі Рабиға (Рақыш), інісі Смағұлға қол ұшын беріп, жәрдем көрсететін. Осындай ағайын-туғандарына үлкен қамқоршы еді. Әжем өзінің айтқанын екі еткізбейтін, қаталдығы да сезілетін, бәрі алдында құрдай жорғалайтын кездерін мен көп көргенмін. Әжем кезі келсе зекіп, ұрсып та алатын, оның ұрсуының өзімізге белгілі жөні болатын, қорқа отырып сыйлайтынбыз. Сонымен қатар шындықты, әділетті сүйетін, адал сөзінде тұратын адамдарды жеке өз тұрғысынан қарап бағалай білетін. Мені алты жасымнан, өзінің көз алдында өскенімнен бері ашық мінезімен болар, әжеме сөзім өзгелерден өтімді еді. Мені басқалардан тәуір көретін. Бертін келе бойжеткен шағымда әжеме ішіміздегі сырымызды бүкпей ақтарып салып, мұңымыз болса оны да айтып, өзін әңгімеге тартып, ақыл-кеңесін естіп, бойымызға сіңіріп үлгілі болуға тырысатынбыз. Бір қызығы, театрға шақыратын жігіттерімізді ертіп әкеліп әжемізбен жолықтырып, сыннан өткізетінбіз. Айтқан ақыл-кеңесіне құлақ асып, өзін бірге алып жүретінбіз. Іңкәр екеумізді ұнамсыз қыздардан бойымызды аулақ салатын.

Әжемнің үйінде өзіміздің кісілерден бөтен балаларының құрбылары әр ұлттардың өкілдерін көретінбіз. Нағыз интернационалист адам еді. Солардың бәрімен әңгімесі жарасып, өзінің ақыл-парасаты өзгелерден жоғары, дара тұратынын көретін едік. Ол кісінің қолынан кітап, күнделікті газет-журналдар түспейтін, ішкі, сыртқы мемлекеттердегі жаңалықтарды оқып отыратын. Үй-ішінің тіршілігін ұқыпты ұстайтын, қашан барсаң бауырсағы мен дәмді тағамдары даяр тұратын, дастарханы мол, қолы ашық кісі еді. Жұртта кездесе бермейтін өзінің қалың қара дәптері болатын, оған күнін жібермей көп жылдар бойы тамағын, заттарын тіркеп, кәдімгі бухгалтерге тән күнделік жазатын (кіріс, шығыс, қалдық). Сонымен баласының табысын үнемдеп, артылған ақшасын комодында сақтайтын. Жұрттан сыйлығын тартынбайтын, алтын, күміс, хрусталдарын өзім де, басқалар да талай алғанбыз. Әжем соңғы 1957-58 жылдары ауруға шалдығып, жүдеңкіреп жүрді. Қартайған кезінде менімен ұзақ отырып сырласатын, уайымы Баташ ағаның үйленбеуі еді, бұл жанына қатты бататын. Осы жайлы маған үлкен міндет артып, сенім білдірген. Оны мен бұлжытпай орындап Аннель Абдулқызы Бөкейхановаға үйленуінде атқарған қызметіме бәрі ырза болған еді. Әжемнің арманы орындалып, Баташ аға бақытты семья құрды. Әжеміз жұрттың қадірін, сый-құрметін көп көрген, өзі де сондай қайыра білетін адам. Бұл кісі жұрттың көбін танып білетін, шыққан тегін, кім қай жердің топырағынан екенін, кімнің ұрпағы екенін айтып толық, анықтама беретін. Сонысымен бізді таң қалдыратын. Жастай жесірлік көрген, уайым-қайғысын жұртқа сездірмейтін өжет, ер көкірек мінезді болатын. Біреуге мұңын шағып жылағанын көрмедім. Өзін барынша салмақты, байсалды бәйбіше қалпында ұстайтын. Әңгімесі кісіні еліктіріп, қызықтырып әкететін, сөйлегенде көздері күлімсіреп көңілді түрде отыратын. Балаларына жоғары білім бергенімен тұрмай жұрт қатарлы ғылым саласында ғалым болуларына дем беріп, Іңкәрдің жұмысына жағдай жасап, қызы Зәурені (Зора) асырап тәрбие, мейір-шапағатын көрсеткен Ана.

Әжемнің жарқын бейнесі менің көз алдымда: дөңгелек жүзді, түс келбеті қоңыр, шашын шалқасынан тарап желкесіне түйіп қоятын, орта бойлы толық денелі кісі еді. Үйде жүргенде басына орамал сала бермейтін. Үйінде жыл мезгілдеріне лайықты қымбат матадан тігілген кең көйлегі, күз түсе жеңіл қоңыр пүліштен қынамалы бешпенті, аяғында заказбен тігілген етік болатын. Қыс айларында үстіне тиін ішігін, басына қалың түбіт шәлі салатын. Кешке таман таза ауаға шығып серуендейтін, жастайынан қалыптасқан әдетін үзбейтін еді. Ардақты Гүлжауһар әжеміз 1959 жылы 5 мамырда баласы Батырбектің қолында ұзаққа созылған ауыр науқастан қайтыс болды.

Ендігі кезекте әжемнің сіңлілері жайлы аз да болса сөз етейін. Гүлжиһан (Гүлжікей) бұл кісі де Бірімжановтар әулетіне келін боп түскен, Мақсұт Шәйкемелұлының зайыбы еді. Бертін келе үйлі-жайлы, балалы-шағалы кезінде педучилище бітіріп, ұзақ жылдар мектептерде сабақ беріп, зейнеткерлікке шыққан кісі еді. Шәйкемеловтар шөберелерін көріп, бақытты, ұзақ өмір сүрген еді. Ал Рабиға (Рақыш) бәрінен көрікті, төрелерге тән сызылып сөйлейтін кербез, паң, үй-ішінің, күйеуінің еркетайы еді. Көп жылдар отасқан күйеуі Ахмет Тұнғаншин – төре тұқымынан. Варшава қаласында малдәрігерлік институтты бітірген болатын. 30-50 жылдары жұртпен бірге ұсталып, Воронежде айдауда үй-ішімен бірге тұрған, кейін ақталып келген дербес зейнеткер еді. Осы Алматыда дүние салды, көп ұзамай зайыбы Рақыш апай да қыздары Зияданың қолында қайтыс болды. Бұл кісілермен өзім жастайымнан таныс, әрқашан сәлеміміз түзу, араласып тұрған едік. Әжемнің мен танитын

немере ағасы Әубәкір Сейдалин мал дәрігері, бұрын Алматыда атты әскер құрамында (Казкавполк әскери ветврач, отставкаға шыққаннан кейін жұбайы Мария Ивановнамен Шымкентте тұрды, 1943 жылы әжем ағасына, маған келіп қонақ болып кеткен болатын. Әубәкір аға 1950 жылдары Шымкентте қайтыс болған деп естідім. Басқа туыстары, Ғаббас Сейдалиннің баласы Рүстем Алматы қаласының бас архитекторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, шешесі Зияда апай мен тұратын Төлебаев көшесінде 174 үйде тұрады. Міне, Гүлжауһар Әлмұхамметқызы Бірімжан келіні 1988 жылы 11 мамырда жүзге толды. Ағайын-туғандар, Бірімжанов әулеті, көз көрген жекжат-жұрағаттарының бастарын қосып Іңкәр мен Аннель арнайы мерекелі той өткізбекші еді, таудай талаптары жанбады. Іңкәрдің немере жиені Ләйлісі сырқаттану себебінен, бірақ жақын жолдастары, туыстары болып, той дәмін татып қайтқанбыз. Әжемізді еске алып, жылы лебіздерімізді білдірдік. Соңымыздан еріп, қаулап өсіп келе жатқан жастарға айтарымыз, сол кісідей болуға тырысып, әрекеттенсе Гүлжауһар әжемізге тұрғызған тағы бір ескерткіш болып қалар еді.

Ахмет Қорғанбекұлы мен Гүлжауһар Бірімжанованың балалары: Батырбек → Рүстем → Дәурен; Іңкәр → Зәуре (Зора) → Ләйлі → Мұрат → Ескендір. Әңгімемнің басында айтып өткен сөздерім “әжеме келдім” дегенім, мен үшін қадірлі кенесшім, жанашырым, ақылгөйім әжем болғандықтан бұл кісі туралы ұрпақтарыма түсіндірген түрім осы еді.

Ендігі сөз кезегі Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов туралы болмақ. Ахмет 1870 жылы Торғай өңірінде дүниеге келген, арғын, атақты Жәнібек батырдың тұқымы, бергі аталары Дәуренбек-Бірімжаннан тарайды, дәулетті кісінің баласы. Өзімен бірге туған інісі Әбдікәрім, қарындасы болыпты. Екінші шешелері Гүлжауһардың апалары Сейдалы төренің қыздарының бірі – Гүлмай екен. Бұл кісіден сегіз бала туыпты, олар: Ғазымбек, Ғазима, Батырхан, Шәкен, Мұхтар, Кәрім, Нұрхан, Жұмахан. Нұрхан Қорғанбеков болып жүрді де, Ғазымбек, Мұхтар Бірімжанов фамилиясында еді. Бұрын іргелес отырған қалың ел іші бірімен бірі құда болып, қыз алысатыны бар емес пе еді? Қазақтың сондай ежелгі салтын сақтаған белгілі Ыбырай Алтынсарин Бірімжанның қарындасына үйленген. Сонымен ілгеріден келе жатқан араласу, сыйлас құдалар елде оқу-ағарту жұмыстарын бәрі бірігіп ат салыса атқарған кісілер. Ахмет өсе келе Ыбырай мектебінде оқыған, одан кейін әкесі Орынбор гимназиясына түсіреді. Оқуға ынталы, талабы да зор Ахмет Қазанға барып университеттің заң факультетінде оқып, оны 1896 жылы алтын медальмен бітірген. (Осы күні немересі Рүстем Бірімжановта сақтаулы). Ахмет Қазан төңкерісінен бұрын Мемлекеттік Думаға депутат боп сайланған кісі. Оқуын бітіріп, мамандығы бойынша елде қызмет атқарған. Торғайда тұрғанында (1920 жылдар) Орынбордан қызметке шақыру телеграммасын алады. Бұл кісінің мойнына үлкен міндет жүктеледі, жаңа құрылған қазақ елінің астанасында заң қызметін құрастырып, оны дамытуға, алға қоюға міндеттейді. Ахмет күш-жігерін аямай салып, қызу жұмысқа кірісіп кетеді. Сол жылдардан бастап өмірінің соңына дейін Ахмет Бірімжанов Наркомюстте Заң шығару бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған (завконовладельным отделом) болатын. Өзім көрген, білетін Ахмет атам орта бойлы, қыр мұрынды, жазық маңдайлы, ашық үлкен көздері мұңға толы, жабырқау көрінетін (кішкене бала болсам да ойлайтынмын, бұл атаның көңілі менің папамдай неге көтеріңкі емес? Көздері неге күлімсіреп тұрмайды? Оны кейін білдім, атамның жанына батқан ауыр дерттің (қылтамақ) салдарынан екендігін. Денесі ашаң, арық, сақал мұрты селдір болатын. Көп сөйлемейтін, жұртты тындап қана отыратын, өте сабырлы, биязы кісі

еді. Балалары атамды Аға дейтін, менің әкем жолдастары арасында сөз еткенде екі Ахметті (Бірімжанов пен Байтұрсынов) бірін – Ахаң-юст, бірін – Ахаң-прос дейтін. Іңкәр мен Мұрат әкелері пішіндес те, Баташ аға шешесіне ұқсас еді.

Әкем бұл отбасын барынша құрметтеп, өзгелерден, қаны аралас туыстардан гөрі ерекше жақын көріп, Ахмет атаны өзінің биік мақсатты пікірлес ағасы санайтын. Біздің екі отбасымыздың балалары да бірге өсіп, оқып, тәрбиеленетін, достасып кетуіміздің де үлкен сыры, ол алыстан келе жатқан дәстүрден, сол қалыпта мықты ұстап, орындап бір-бірімізді аға-іні, қарындас деп атаймыз. Бәріміздің өмірдегі қайғы-қуанышымыз ортақ болып келеміз. Жұрт бізді туыс деп санайды, өзіміз де солай көреміз, бірақ біздер туыстықтан да артық рухани жақын жандармыз.

Ахмет атаның некрологын газетке жазған менің әкем, соны келтіре кетейін: “Еңбекші қазақ” газеті, 1927 жылғы 9 январь, № 6, 4-бет:

Бірімжан ұлы Ақымет

Финуардың 5-і күні Ақымет қайтыс болды деген хабар алдық. Ақаң соңғы кезде қылтамақ (рак) болып ауырған еді. Биыл жаз Кавказ, Мәскеуге барып, одан кейін докторлардың кеңесімен Ленинградтағы радий нұрымен емдейтін үнстететке кеткен еді. Міне, сол емді көтере алмай қайтыс болған хабарын алып отырмыз.

Ахаң алдыңғы қатардағы әлеумет қызметкерлерінің бірі еді. Жасы биыл 56-да, марқұм Орынбор гимназиясын оқып шығып, одан кейін 1895 жылы Қазан университетінің заң факультетін бітірген.

Өзінің алған біліміне қарай содан бері сот қызметінде болды.

1905 жыл төңкерістен кейін патшалы Ресейдің қатаң тәртібі босаңсып, Государственный Дума ашылатын болып, әр жұрт өзінің өкілін жіберуге тура келгенде, Ақаңды Торғай облысының қазағы бірінші, екінші Думаға депутат қылып сайлаған еді. 3-ші Думаға қазақ сықылды бұратаналардан өкіл алынбайтын болып заң шыққан соң Ақаң бұрынғы сот қызметіне қайта кірісті.

Фебрал төңкерісінен кейін Ақаң ел билеу жұмысына араласты. Жалпы Ресей құрылтайына Торғай облысынан өкіл болып сайланды. Кейін Алашордаға мүше болды.

Өктебір төңкерісінен кейін Ақаң бұрынғы Алашордашыларға Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды. Ақаң заң маманы есебінде содан бері сот жұмысы жолында жауапты қызметтерге үздіксіз сайланып отырды. Қазақстан заң кемесерінің неше жылдай алқа мүшесі болды. Соңғы кезде Ақаң Қазақстанның Жоғарғы Сотында мүше еді.

Ақаң қаяусыз таза, адамгершілігі артық адам еді. Әлеумет, мемлекет қызметіне тыңғылықты, өз ісіне аса шебер еді. Қазақстан сықылды білімді адамға кедей, мәдениет сатысына енді-енді өрмелеп келе жатқан жас республикеміз көрнекті бір қызметкерінен айырылды. Жолдас-жоралары, туған-туысқандары қымбат жақынынан айырылды. Бірақ Ақаң артынан мұра қалдырмай кеткен жоқ. Осы күні үш баласы Қызылорда мектептерінде оқып жүр. Жасынан тәрбиесінде болған інісі Ғазымбек Герман астанасы Берлин қаласында бес жылдан бері оқып жүр, енді үш-төрт айдан кейін оқымысты шаруа-агроном болып келгелі отыр.

Міне, бұлар Ақаңның орнын жоғалтпайтынына, Өктебір төңкерісі арқылы

қатарға қосылған еліне еңбегін сіңіріп, пайдалы қызмет ететініне сенеміз, осымен көңіл жұбатамыз.

Қош, аяулы ағамыз, жан жолдасымыз, Ақа!

Міржақып.

P.S: Газетте марқұмның суреті берілген.

Енді жоғарыда бастаған әңгімені жалғастырайын.

Әжемнің үйіне келіп кіргенімде бұрынғыдай жадыраңқы түрде емес, бірдемеге ренжігенімді әжем бірден сезе қойды. Қолымды жуып дастархан басына өзіне қарама-қарсы келіп отырдым. Әжем: “Кел, шай іше отырып сөйлесейік, осы сен бүгін Мирзоянға барамын деп кетіп ең, үйге бір түрлі көңілсіз кірдің ғой, істің нәтижесі не болды?,- деді. Мирзоянда болғанымды, қалай сөйлегенін сипаттап айтып бердім, “Жұмысыңның сәтті, тынғанына неге қуанбайсың? Менен неге сүйінші сұрамайсың, оның не? деп дауыс көтеріп сөйледі. Сол жерде көңілім бұзылып, көзіме жас үйіріле кеткенін көріп, “рас адам қуанғанда да жылайды деген, неге жабықтың, не болды?” деп қояр емес. “Әже, менің қуанышымда шек жоқ, бірақ” , - деп көзімді орамалмен сүртіп, жаңағы Мұхтар ағаммен, жолыққанымды шағым етіп өзіне айтып бердім. Мені аяп, жұбата отырып ұрсып та алды. “Төзімділік пен қатандыққа өзінді үйрет, босқа әр нәрсеге жасымай берік бол! Алдымен өзің кімнің қызы екенінді білесің бе? Әкеңе тартсаң жаман болмайсың! Жұрт әкенді жау болды дегенге құлақ асып сене берме. Қазақ халқын шын ниетпен сүйген, жанашыры болып қызмет атқарған кісі, тәйірі, жау болушы ма еді? Әлі болашақ дәуір әділетті тұжырымға келетін күн туар, асықпа, әкенді мақтан тұт” деп маған дем беріп еді. Сен сыртта, Томскіде оқуда жүріп ел ішіндегі, мұндағы болған көп жағдай, өзгерістерді әлі естіп үлгерген жоқсың. Былтыр 1932 жылы Алматының түрмесінде отырған Мұхтар Әуезов пен Әлімхан Ермеков екеуі өздерінің бұрынғы кезде Алашордада мүше болғандарын айта келе “қаталасқамыз, жаздық-жаңылдық, енді бетімізді түзу бағытқа бұрамыз!” деген. Осындай мән-жайды екі бірдей газет беттерінде жариялап, түрмеден босап шыққан еді. Түрмеде көрген зорлық-зәбірлікті көтере алмай, қорқып қалған кісіге не дерсің? Еріксіз, зорлықпен көндіру шаралары болмады деп кім айта алады? Мұхтар жас жанын қимай, басын аман сақтап қалу үшін жазды деп білуіміз керек. Қорқып қалған Мұхтар саған олай демесе де болатын еді, оқасы жоқ, көңіліңе алма. Гүлнәр, сен әлі талай қиын-қыстау кезеңдерге тап боласың, өзінді-өзің төзімділікке, сабыр сақтауға бейімде, алдымен адам өз арының алдында таза болып адалдықты сақтау керек” деген әжемнің осындай ақыл-кеңесі маған өмір бойы үлкен сабақ болып қалды. Кейіннен, жылдар өткен соң басыма түскен қауіпті, сұрапыл жылдарда өзімді әжем айтқандай, жан қиналар ренжісте де, қуанышта да бір келкі сабырлы, салқын түрде қарсы алатындай шынықтырдым. Әбеннің маған: “Гүлім-ай!” деп арнаған өлеңінде соны былай:

Зұлымдықтың көрдің талай тепкісін,
Өмірге сен туған күннен кектісің.
Қанша улы шер қатса-дағы ішіңе
Сездірмеуші ең өзгертпестен сырт пішін,-

деп сипаттаған еді. Әбен Сатыбалдиев. Шымкент, 1944 жыл.

Әңгіме Мұхтар аға жайлы әлі айтылмақ. Сонымен менің өмірім өткен жылдармен ұштасып, байланысты болғандықтан аз да болса өзім туралы қысқаша мәлімет беруім керек деп санаймын.

Мен, 1939 жылы медицина институтын бітіріп Шымкент қаласына келдім. Өз таңдауыммен тері жұқпалы жыныс аурулары диспансеріне (облкожвендиспансер) 1939 жылы 20 тамызда жұмысқа тұрдым. Ең әуелі емші-дәрігер (ординатор), соңынан сол диспансердің бас дәрігері қызметін атқардым. Бұл қалада бас-аяғы 9 жыл жұмыс істедім. Алғашқы дәрігерлік қадамыма, мамандықты ойдағыдай меңгеріп алуыма көп салалы диспансер бөлімшелерінен өткізіп (стационар, бірнеше диспансерлік кабинеттер, физиотерапия, лаборатория) себебін, жәрдемін тигізіп, көмегін аямай жетекшілік көрсеткен бас дәрігеріміз медицина ғылымының кандидаты құрметті Андрей Филиппович Сорочинский болатын. Бұл кісімен екі жыл бойы қызмет істеп, алған біліміме күнделікті тәжірибе қосылып, соғыс жылдарында майданға аттанған дәрігерлерімнің орнын басып, өз мамандығымда қателік, білместік жіберіп алмай, ысылған дәрігерлер қатарында саналып, беделім жұрттан кем түспеді. Соғыстан бұрын Шымкентте небәрі үш қазақ дәрігері: Қорғасын заводы емханасының бас дәрігері, хирург Сара Таумышқызы Қашқынбаева, қаланың районы Янги-Шаһар емханасының бас дәрігері София Дәулетқызы Бөкейханова және мен. Дәрігерлік басшылық еткен үшеуміз өте тату, сыйлас құрбы болдық. Қарамағымызда көп ұлтты қала тұрғындары облыс бойынша әр ауданнан келетін аурулар емдеуде болды. Елеулі жұмысымыз, майданда жараланған әскерлерді емдеп аяқтарынан тұрғызып, қатарға қосылуларына күш-жігерімізді аямаған дәрігерлерміз. Кейін біздің қатарымызға эвакуациямен келген дәрігерлер қосылып, жұмысымыз бір келкі жеңілденіп, майданға, елге фельдшер, медсестра даярлайтын медучилищеге сабақ беріп жүрдік. Екі тілге жетік болғандықтан (орыс-қазақ) қарапайым мәдениеті әлі көтеріліп болмаған жұртқа тигізген пайдамыз аз болмады. Үгіт-насихат жұмысын атқардық: түрлі ауруды асқындырып алмай дер кезінде емделулеріне аурудан сақтану шараларын (профилактика) қолдану, ескі салттан: ұят көру, ауруын жасырудан шегетін азаптарын айтып, ескертіп, әсіресе ересектер мен балалар арасында түрлі аурудан сақтандыратын, егуден (прививка) қашпауларын түсіндіріп газет беттерінде жазып, көпшілікке радио арқылы үзбей лекция оқып тұрдық.

Ұлы Отан соғысының басында майданға жақын тұратын қалалардың халқы көп азап шекті, үй-жайдан тыс киім-кешектен жұрдай айрылған эвакуациямен жедел көшірілген жандар, жаралы жауынгерлер көп күндер жол жүріп кірлеп, биттеп, ашығып келушілер арасынан басталған түрлі сүзек, қотыр аурулары жергілікті тұрғындарға ауысып, бөртпе сүзек эпидемиясы етек жайды, қаладағы көптеген емханалар жұмыстарын өзгертіп, жұқпалы емханаға айналып (инфекционные больницы) бәріміз сол салада, қаланың ішінде, аудандарға шығып ауруларға қарсы үнемі күрес жүргіздік. Осындай қолданған шаралар нәтижесінде тұрғындардың саулығына жәрдем, үлес қосып жедел түрде сүзекті жеңген болатынбыз.

Ұлы Отан соғысы аяқталған кезден бастап күнделікті жұмыс ыңғайлана берді, арамызға майданнан оралған бір топ дәрігерлер қосылды. Солардың біріне уақытша басшылық қызметімді табыстап, 1945 жылы Наркомздравтың арнайы шақыруымен білім

көтеру (усовершенствование) үшін Казветинституттың жанындағы үш айлық курсың оқып бітірдім. Бұл салада ұстаздардан дәріс алып, білімім, ой-өрісім кеңейе түсті. Кафедра меңгерушісі, профессор Михаил Сергеевич Брагин өзінің сынынан өткізіп, ғылым жолына белсенді кірісуімді қалады. Өзім де 9 жыл жинаған тәжірибемді, мұғалімдікті қорыта келіп, тынбай іздену жолдары, ғылымға аз да болса үлес қоссам ба деген үмітпен өз күшімді сынамақ болып, Алматыға көшіп келуіме себін тигізді. Бұл 1947 жылдың шілде айы болатын. Туыстарымның жәрдемімен (Айдар Исмұхамедов, замнаркомфин болатын) берілген жеке вагон алып Алматыға көшіп келдім. Әбен Жамбылға дейін шығарып салып, досымыз КазССР-нің еңбек сіңірген әртісі Ғали Дүйсеков Алматыға бірге жол шегіп, Дина екеуімізді жайғастырып жүріп кетті. Өзімнің бөлем Нұрғали Ерқосайұлы Мұқышевтің әйелі Клавдия Шилова курорттан келгенінше үйлерінде уақытша бас паналадым. Астанада ең алғашқы қызметті Бірінші қалалық емханада тері-жұқпалы аурулар (кожвен. отделение) бөлімінің меңгерушісінен бастадым. Ол кезде өрімдей жаспын, күш-қайратым мол, мамандығым бойынша басқару-жетекшілік, емдеу қызметіне төселіп, ысылған шағым. Үлкен дәрігерлер қауымына, ұжымда алғырлық болар, өзімді-өзім көрсете біліп, бәрімен тіл тауып, сіңіп кеттім. Ауруларды емдеу дәрігерлік көмегімнен тыс, бөлімшенің шаруашылық жұмысына да белсенді түрде кірісуім қысқа мерзімде барлық көрсеткіштер жоғары болуы, емхана бойынша алдыңғы қатарда болдық. Осының бәрі бас дәрігердің көзінен тыс қалмады. Күнделікті ертеңгі өтетін дәрігерлік кеңесте Людмила Соломоновна Каневская (кейін профессор болды) менің тындырған жұмысыма ықылас аударып, керек жәрдемін аяған емес. Арада бір ай толмай, жиырма бір күн дегенде Л. Каневская мені кабинетіне, қызмет бітердің алдында шақырып алып, жұмысыма ырзалығын білдіріп: “Мынау сізге беріліп отырған екі бөлмелі пәтердің кілті” деп маған кілтті ұстатты (Мичурин көшесі, 11 емхананың меншікті үйі). Мұндай жақсылықты күтпеген жерден естіп көрмеген басым қуанғанымнан не дерімді білмей, сасып, рахмет айтудың орнына мелшиіп қатып қалыппын. Соңынан есімді жиып құшақтап, алғысымды жеткіздім. Рахмет жауғыр Л.С. Каневская маған осындай көмек берген кісі еді. Бұл сөзіме біреу сенер, біреу сенбес. Шындық, ақиқат болған соң жазып отырмын, әрине, өзімді-өзім мақтағаным емес. Ыңғайсыздау болса жұрт мені кешіреді. Шексіз қуанышымды бұдан бір күн бұрын Шымкенттен келген Әбен Сағымбекұлы Сатыбалдиев бөлісті. Сол күннен бастап бұрынғы көңілсіз өмірімнің пердесі түсіп, бақытты өмір өз есігін ашты. Әбен екеуіміз қосылып, ой-арманымызға жеттік, махаббаты мол, ұзақ жылдар міне оылай басталып еді.

1948 жылдың күзінде емхана өртеніп, бөлімшем уақытша жабылып, өзім көп жылдар армандаған медицина институтының кафедрасына ассистент болып орналастым, бұл туралы кейін айтылмақ.

Енді 1947 жылдың жазында болған оқиғаны сөз ететіін. Бір күні жалғыз өзім қазіргі Қабанбай көшесімен Опера театрына қарсы бетпен келе жатыр едім, анадайдан алдымнан Мұхтар Әуезов ағамыз шыға келді. Біз көріспегелі де он бір жыл өткен. Неде болса елемей қасынан өтіп кетейін деп ыңғайланып, бетінен көз алмастан тесіле қарап, үндемей жүре бергенімде: “Гүлнәр, сен танымай барасың ба?” деп тоқтатты. Мен: “Бұл күнде атағы әлемге жайылған әйгілі Әуезовты білмейтін, танымайтын пенде жоқ шығар, ал сіз мені неге тоқтаттыңыз. Біз бір-бірімізді танымайтын болайық дегеніңізді ұмыттыңыз ба?” деп, ары қарай жүріп кетпек түрімді көріп: “Аз ғана кідір Гүлнәр, өкпенің жөні бар, сенің алдында

кінәлімін, мені кешір жаным, кезінде басқа түскен пәндешілік адамға не істетпейді, ауыздан шыққан сөз ұшқан құс тәрізді ұстай алмайсың. Өткенге салауат, сені көрмегелі талай жылдар өтті. Жақанның, Гая, Әлтайдың арты қайырлы болсын, өзің аман бол, арттарыңда қалған жалғыз көзісің ғой” деп көңіл айтты. Жүзіне қарасам көздерінде іркілген жас толы екен, сонда дағы менің көңілім босамады, мелшиіп жібімедім. Мұхтар аға әрі қарай сөйлеп кетті: “Өзің туралы Шымкентте тұратын Абайдың ұрпақтары Әубәкірдің Камашынан естідім, жақсы дәрігер болыпсың, оларға үлкен адамгершілік көрсетіп, жәрдем-көмегіңді көрсетіпсің, бәрі саған ырза, ауыздарынан тастамай айтып келді. Гүлнәр, саған сол үшін үлкен рахмет айтамын. Осыдан екі жыл бұрын Абайдың ұрпақтарын, өзім бастап, басқа да жазушылар бар Абайдың 100 жылдық юбилейін өткізбек болып Шыңғыстауға барып қайттық” деп сөйлеп тұр. Менде әлі үн жоқ. “Гүлнәр, осы сен бұрынғыдай емессің, сөйлемейсің ғой? Жүр, қазір біздің үйге барайық”, - деді аға. Мен үндемей селқос басымды шайқадым. Іштегі зілдей болған өкпем әлі тарқар емес, менен мұны күтпеген болуы керек еңгімеміз сонымен жарасқан жоқ. Көңілсіз қалпымда “Хош болыңыз!”- деп жүріп кеттім. Осыдан кейін арада тағы да 2-3 жылдай өтті, Мұхтар ағаны кездестірмей, көрмей, тек сырттан тілектес болып жүрдім.

Елуінші жылдарда біздің қазақ қарап жүре ме, қадірлі Мұхтар Әуезов пен Қаныш Сәтпаев ағаларымызды жұмыстарынан босатты. Пәлеқорлық, күншілдер мен белсенділер жала жауып, қуғынға ұшыратқан еді. Сондықтан бұл кісілер Алматыдан Мәскеуге кетуге мәжбүр болды. Мәскеудегі өздерін сыйлай білетін, қадір тұтатын орыс жолдастары белгілі академиктер қуана, құшақ жая қарсы алып (Қайнекей Жармағамбетовтың айтуы), солардың араларында бас сауғалап, Мәскеу университеттерінде лекциялар оқып, аман қалғандары жұртшылыққа мәлім.

Бұл жылдары Әбен екеуіміз де құр қалмадық. Әбен “Социалистік Қазақстан” газетінің редакциясында әдебиет пен өнер бөлімінің меңгерушісі қызметінде еді. Үстінен домалақ арыз (аноним) түсіп, “жоқты шындай, шындықты құдай ұрғандай” демекші Бұралқы болыстың баласы - Әбен (ол Бәбен болатын) Дулатовтың күйеуі деп жұмысынан босатылды. Тексере келе ақиқатын біліп, ақталып бәрі орнына келген, сөйтіп Әбеннің басын көп шатаққа салған кісілер ортамызда жүрген Сәуірбек Бақбергенов пен Әзілхан Нұршайықов болатын. Мені де институттан шығарып, үш ай жұмыссыз жүрдім. Осындай соққы көріп, көңілсіз жағдайларды бастан кешкенбіз.

1957 жылы бүкіл елімізді дүрліктіріп, қуаныш әкелген той-белгілі сөз зергері, жазушы-ғалым Мұхтар Әуезовтың алпыс жасқа толған юбилейі еді. Одақ көлемінде мақтанышпен, мерекелі тоймен аталынып өтіп еді. Мұхтар аға өзінің алпыс жасын кемеліне келіп, шығармашылығы жанып, биік шыңында тұрғанында тойлады. Ұлы жазушының қазақ әдебиетіне қосқан елеулі еңбектері “Абай жолы” эпопеясы және т.б. көркем шығармалары бүкіл әлемге жайылып кеткенін білеміз. Көп жылдар бойы зерттеп сінірген еңбегі, қазақтың көркем әдебиетіне қосқан сүбелі үлесі бағаланып, Мемлекеттік сыйлық беріліп, ордендер мен наградаларға ие болды. Юбилей қарсаңында белгілі қаламдас жолдастары, ғалымдар баспасөз беттерінде көлемді мақалалар жазып, жұртшылықты жазушының еңбектерімен таныстырып жатты. Мұхтар ағаның салтанатты юбилейі Қазақ мемлекеттік опера және балет театрында өткізілді. Арнайы шақыру билетін алғанбыз, өкінішке орай Әбен командировкада болып, тойға жалғыз баруды ынғайсыз көріп қатыса алмадым. Соным қате

болды, сол жылы ағамен біржола татуласып, өткен-кеткенді ұмытуым керек еді. Әбеннің айтуын мақұлдап ағаны үйге де шақырып қолымнан дәм татқызбағаным осы күнге шейін өкінемін. Амал қанша, басымнан қателік өткіздім.

1958 жыл біз үшін естен мәңгі кетпес, қызығы мол жыл болды. Сол жылы желтоқсанда Мәскеуде Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі өтетін болып, оған республика көлемінде қызу даярлық басталды. Жазушылар одағының бірінші хатшысы Ғабит Мүсірепов жазушыларға мынадай ескерту айтқан: егер әйелдеріңізді алып баратын болсаңыздар, тек қазақтың ұлттық киімін киетін болсын. Бұл хабар тез тарап, әйелдер қауымы қалушы ма еді, бәріміз көйлек, камзол, өкшелі етік тіккізіп үлгергенбіз. Мәскеу поезымен жолға шықтық. Поезд тоқтаған станцияларда күні бұрын білген туыстар, жора-жолдастар, ел-жұрт қарсы алды. Шымкенттен бастап Оралға дейін жұрт қолда бар тамақтарын алдымызға тосып, купелерімізді толтырып жібереді. Улап-шулап, көңіл көтеріп 10 желтоқсан күні Мәскеуге келіп, “Киев” мейманханасына жайғастық. Сол кеште бізді өзіміздің батыр ағамыз Бауыржан Момышұлы қонақ етіп, бірінші танысқан күніміз еді, оны кейін бөлек жазамын. Таң атса құмырсқаның илеуіндегі құжынаған мәскеуліктерді көреміз. Арнайы машиналармен бізді қыдыртады, жазушылармен әр жерлерде кездесулер өткізіледі. Мейманханаға достарымызбен келіп тамақтанамыз, бір-бірімізді қонаққа шақырып, не ресторандарға барамыз. Кешке жақын театрларда боламыз. Осындай ұмтылмас, қызыққа, думанға толы күндер өтіп жатты. Маған үлкен әсер қалдырған Жазушылар одағында алғашқы мәжілістің өтуі, қатысуға келген өзім сырттарынан білетін атақты орыс жазушыларын көріп, сөздерін естудің өзі қандай ғанибет десеңші. Жазушылар одағының үйі Воровская 52-де, Лев Толстойдың “Соғыс және бейбітшілік” романындағы Ростовтардың үйі деп естігем. Есікті ашып-жауып тұрған мұртты швейцар шал маған Ростовтың қызметшісі тәрізді көрінді, тек Наташа жоқ, ойға не келмейді? Шешініп зәулім конференция залына кірдік. Залдың төрдегі көлденең тіреп қойылған ұзыннан-ұзақ жылтыр кара столында, екі бетінде қарама-қарсы орналасқан жазушылар, ортада Мұхтар Әуезов ағамыз отыр. Толысқан денесін оңға бұрып, сол қолымен жағын таянып залда жайғасқан өзінің қаламдас серіктеріне сүйсіне көз тастап отырды. Мен де көзімді алмай Мұхтар ағаға қараумен болдым. Түрінен байқағаным шаршағандық, төңірегіндегі ақындар бірінен соң бірі қызып өлеңдерін оқып жатыр. Мұхтар аға зейін қойып тындаған жұрт тәрізді көрінбейді. Жалғыз өзі ғана отырғандай, алаңсыз бір нүктеге тесіле қадалып үлкен ойға шомып отырған сықылды. Мұхтар аға көзіне кімді елестіріп отырғанын, не ойлап отырғанын кім біліпті? Әр қатарды аралап дамылсыз суретке түсіріп жүрген фоторепортерлер. Жазушылар үзіліске шыққанда Мұхтар ағаны қоршап алып суретке түсумен болды. Бір мезгілде жаңағы топтың ішінен сытылып, бізге қарай беттеді. Әбен мені қолтықтап, Мұхтар ағаға қарсы жүргізді, ізетпен сәлемдестік. Мұхтар аға: “Жарайсың Әбен, Гүлнәрді қалдырмай ертіп келгеніңе рахмет. Бағанадан сендерді көріп ойыма неше алуан өткен өмірдің қайта келмес, тек есте сақталып қалған көріністері көшкен бұлттай тізбектеліп жатты. Ой шіркін мұнша жүйірік болар ма?! Гүлнәрдің келгеніне қуандым, білген кісіге оның жөні бөлек қой”,-деді. Менің ойыма молданың “ұқсайсың-ай, ұқсайсың, бірақ айтуға болмайды” дегені түсті. Мұхтар ағаның мені көргенде есіне кім түсетіні айтпаса да түсінікті, бұл заманға не дерсің?! Келесі күні бізді Лихачев атындағы автомашина зауытына алып барды, одан кейін Ленин атындағы Москва университетіне келіп студенттер мен оқытушылар ұжымымен кездесу өтті. Күні

бойы жүруден шаршаған біз енді қайтамыз деп залдан шыға бергенімізде, Мұхтар аға жұрттан бөлініп қасыма келді де: “Жүр, Гүлнәр, тек екеуіміз ғана суретке түсейікші” деп екі қолымен арқамнан сүйеп, алдына жүргізе бергенінде басқалары қоғадай жапырылып, қоршауға алып жеке түсуімізге мұрша бермеді. Мұхтар аға келе жатқан бетімен сол жағымнан қарап, жартылай түсіп қалған.

Сонымен бөлмедегі ілулі тұрған суреттің сыры осындай болатын. Шіркін, көз көргендерге не жетсін! “Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көргендер өлмесін!” дегендей, қымбатты ағамыз мен үшін ұмтылмас бейнесін, белгісін қалдырған еді.

Алпысыншы жылдары Мұхтар аға Оңтүстік өңіріне, Шымкентке көбірек барып жүрді. Өзінің болашақ шығармаларына қазақ жұмысшыларының бейнесін, кейіпкерлер іздеп, материал жинаумен зауыттарда кездесулер өткізіп жүргенін естігенбіз.

1958 жылы онкүндік кезінде картина галереясы көрмесінде қойылған Евгений Вучетичтің шеберханасынан шыққан бірнеше Қазақстанның көрнекті қайраткерлерінің ак мәрмөрдан қашап жасалған мүсіндерінің арасында Әбеннің туған ағасы Шымкент қорғасын зауытының белгілі жұмысшысы Мелдебек Сағынбековтың да мүсіні бар-ды. Соны көрген Мұхтар аға Шымкентке арнайы барып танысып, жолыққан. Мелдекең қорғасын зауыты алғашқыда Жамбылда, кейін Шымкентке көшкеннен бастап сонда әуелі жұмысшы, содан біртіндеп инженер дәрежесіне көтеріліп “рафинировочный” цехтың бастығы болған. Белсенді партия мүшесі, ардагер, еңбекте өзінің жоғары орынын алған кісі. Еңбегі жанып таза қорғасын шығарудың әдісін меңгерген, айрықша ұсынысы бойынша мемлекетке миллиондаған пайда келтіріп, үлкен үлес қосқан. Сол еңбегі үшін наградалар мен сыйлыққа ие болған. Шымкент сапарында (Әділбай Омаровтың естелігі) Мұхтар аға Мелдекеңнің үйінде болып, бала-шағасымен кездескенін, одан тамаша әсер алғанын Алматыға келісімен Әбеге жолығып, бәрін айтып берген. “Енді Гүлнәрді ертіп біздің үйге келіңдер, отырып әңгімелесейік” деп шақырғанда да бармадым. Ағаның тілегі менің көңілімді аулап, бұрынғыдай қарым-қатынасты қалпына түсіру еді.

Қайран, Мұхтар аға! Тіршілікте қадірінді еркелікпен елемей жүрген сорлы басым қазір үлкен өкініштімін. Мұхтар сынды ұлы жазушы, артында қалдырған, жер шарына тараған мол мұрасы қазақ халқының мақтанышы. Халқымыздың аяулы перзенті мәңгі арамызда бізбен жүргендей, естен шығар емес. “Ағайынды өкпеге қисаң да, өлімге қимайсың” деген аталы сөз аузыма оралып отыр. Көңілі біздің Дулатов отбасына баяғыдай таза екенін айтпаса да түсінікті, сездім, кешірдім Мұхтар аға!

28. 11. 1978 ж.
Дулатова Гүлнар

Дулатова Г.М. Шындық шырағы.- Алматы, 1995.- 1-кітап.- 132-154 б.
МІРЖАҚЫПТЫҢ ҚЫЗЫ АЙТАДЫ

– Гүлнәр апай, қазір сіз 84 жасқа шықтыңыз. Осының алпыс жылға жуығы зарығып күтумен, торығумен өтіпті-ау! Сонда, қайран әкеңіздің халқына қайтып ораларына имандай сенген екенсіз ғой.

- Әкемді мен еш уақытта “жау” деп санағам жоқпын. Ахмет атамды да “жау” дегенім жоқ. Шәкәрім, Мағжан, Жүсіпбек, Әлихан Бөкейханов... Осылардың барлығы біздің қазақтың тек мақтанышы болды. Сол кісілердің сара жолымен жүргенде пенде ешқашан адамшылықтан да, елдіктен де айырылмасы хақ. Осы бай мұраға ие болып, солардың кезінде шығарған немесе жазып кеткен шығармаларын қайыра жарық көрсетіп, кейінгі ұрпаққа аманаттағанымыз жөн.

Маған әкемнің төңірегінде кімдер болды деген сұрақтар көп қойылады. Үйде қазір әкем мен шешемнен қалған үстел бар. Өзім сол үстелдің астында жүгіріп ойнағанмын. Сол шақтарымды қазір есіме алсам, үстел басында қазақтың біраз зиялылары отырған екен; жүз он төрт кісіні, әйелдерсіз, өзім тізіп шықтым. Айтсам, Әуезов, Сәтбаев, Аймауытов, Байтұрсынов, анау Абай атамның қаншама ұрпақтары бір-бірімен сырласып, шай ішіп, көңіл тоғайтқан десейші, мұнда. Ішімде еш уақытта бір сөнбеген сенім болды. Ол – әкем, оның осы төңірегі ақталады дегеннен айырылғам жоқ. Сол күш мені осы дүниеде алып жүр. Сол күшпен мен осы уақытқа дейін, мінеки, тіршілік етіп келе жатырмын. Балалы-шағалы болдым, немере-шөбере сүйіп отырмын. Әкем мен шешемнен көрген тәрбиемді өз балаларыма дарытқаныма ризамын.

- Тар заманда нелер басқа түспеді дейсіз. Жүсіпбектей асылдың тұяғы – Бектұр өзіңізбен түйдей құрдас екен. Сол өзі хабарсыз кеткеннен табылды ма?

- Менің әкем бірде Бейімбет Майлиннің әйелі Гүлжамалды, баласы Әукенді, Жүсіпбек Аймауытовтың баласы Викторды, оны біз Бектұр дейтінбіз, сол үшеуін алып Орынбордан Қостанайға келеді. Сол жақта олар жазғы демалысын өткізген. Күзге салым қайтып келгеннен кейін біз Орынбордан Қызылордаға көштік. Әлі есімде, Виктор қыркүйекке дейін біздің үйде болды. Әкесі Ташкентте тұратын, одан Шымкентке ауысты да баласын өзімен бірге ала кетті. Кейін Бектұр біздің үйге үнемі келіп демалыстарын өткізіп жүретін. Ол менімен түйдей құрдас болатын, бір-бірімізге бауыр басып кеткен едік. Мен қазір сол Бектұрды жоқтап, ылғи “қайда жүр екен” деп алаңдаймын. Әкесі ақталғаннан бері ізіне түсіп іздедім. Сол баланы (бала деймін ғой қазір, мендей үлкен жасқа келді), Бектұрды бес қаладан іздеттім. Ташкентте министрлік арқылы бір ай іздеп, содан маған “табылмады” деген жауап келді.

- Әлгінде сіздің қолыңыздан қаншама суреттерді көріп, тамашаладық. “Қызбел” кеңшарындағы М. Дулатов орта мектебі жанынан ұйымдастырылған мұражайға 54 суретті сыйға тартқаныңызды білеміз. Ал, баяғыда бір суретіңіз ұшты-күйлі жоғалып кетіпті ғой. Соның сырын айтып берсеңіз қайтеді?

- Иә, бізде сондай бір қасиетті сурет бар болатын. Онда тігулі тұрған киіз үй, оң жағында жеңіл мәшине, оның қасында шофер отыр. Австриялық. Бергі жағында газетпен көзін қалқалап, түрегеп тұрған менің әкем Міржақып. Оң қапталындағысы Лиза Бөкейхановамен гимназист формасын киген Үгітай. Оны жұрт Сергей деп атап кеткен, Бөкейхановтың ұлы. Үйдің екінші жағындағы жерге үлкен кілем төселген. Ақ дастарханның басында самаурында шай құйып менің шешем отыр. Қарсы алдында Ахмет Байтұрсынов жүрелеген. Оның қасында жарбиып тоғыз айлық мен отырмын. Осы сурет дәл қазір көз алдымда тұр. Бізден 1940 жылы ұрланып кетті.

- Апай, әкеңізге деген інкәр көңіліңіз, сүйіспеншілігіңіз кім-кімді де еліктірмей, егілтпей қоймайды. Әкесіне қызының берер бағасы қандай еді?

– Мен әкемді қандай деп санаймын? Біріншіден, әкем – өзі бауырмал кісі болды. Ақкөңіл, одан қалды балажан еді. Үлкендерді кәдімгі өзінің шешендігімен магниттей тартып тұрып, төңірегіне жинайтын. Өзінің сөзі ылғи үстем болып, жолдастары сыйлап Жақаң дейтін. Жақаң атанып жүргенде ол отыздың ішінде ғана екен. Сонда ол кісіні үлкен тұлға деп санап, жұрт өздерінің көсеміндей көретін.

Ал, одан бергі уақытта әкемнің мінезінің қайсарлығы да болды, бірбеткейлігі де болды. Өзінің бағытынан айтқан, ұстанған жолынан таймайтын. Өзінің шындығына, дәлеліне серік сенімді еді. Адал қызмет істеп жүргеніне, халқын басын байлап сүйгеніне, сол асыл мұрат жолында құрбандыққа кеткеніне дейін ешуақытта өкінбеген. Түрмеде де оны жалғыз ұстайды. Сол кезде қара наннан шахматтың фигураларын істеп, қағазға сызып, екі кісі болып өзімен-өзі ойнайды екен. Түрменің сақшылары тесіктен сығалап таң қалған. Қағаз бермесе, оқитын кітап бермесе не істесін тар камераның ішінде. Кейде бірнеше сағат бойы жүреді екен ерсілі-қарсылы. Күніне қанша шақырым жүргенін есепке алып, өзін-өзі табандылықпен шынықтырып отырған ғой. Тоғыз айдың ішінде ату жазасына бұйырғанда күйзелген уақыттары да болыпты. Ол туралы қабырғалас отырған бір ағайын Мұхамәди Мамаев деген кісі босанып шығып үйіне келгенде айтқан еді.

Әке мен баланың арасындағы сүйіспеншілік деген өзі табиғи нәрсе емес пе? Ал, әкемнің мені жақсы көргені, менің ол кісіні сүйгенім ерекше болатын. Ол басқа балаларынан гөрі мені тым жақсы көретін. Біз Орынборда тұрғанда, кішкентай кезімде сынап көреді екені мені. Бір күні әкем мен шешем келе жатады да, екеуі екі жаққа тұра қалады. “Мына Гүлнәр алдымызға шығып саған бара ма, маған бара ма”, – деп таласады. Мен арсалаңдап әкеме жүгіріп барсам керек. Сол болмашы нәрсеге дәсердей болады екен жарықтық!

Тұрмысымызда өте көп қиыншылық көрдік. Әкем өз қызметімен жүрді. Біз шешем екеуміз нағашыларымыздың қолында болдық. Нағашы деп отырғаным анамның екі апасы. Бірі Көкшетауда тұрды, біреуі Атбасарда. Одан кейін Семейдің Шыңғыстауында – Абай атаның ауылында болдық. Біз әкеммен көбінесе жолығыса бермейтінбіз. Шыңғыстауда тұрғанымызда қыстыгүні “әкеңізді ұстап әкетті” деген суық хабар келді. Панасыз қалған біз шешемнің сіңлісі Гүлшаһра үшеуміз қақаған аязда Семейге келдік. Бұрынырақта сондағы Комиссарская көшесіндегі екі қабатты үйде тұрғанбыз. Төмендегісіне Әлихан Бөкейхановтар жайғасқан еді. Бұл енді Семейдегі аз уақыттағы тұрмыс.

Сосын Семей түрмесінен – әкем мен Бөкейхановты Орынборға әкетті. Орынборға барғаннан кейін босатып жіберді. Бөкейхановты Мәскеуге жіберді де, менің әкем Орынборда қалып қойды. Содан кейін екі ай өтпей шешем екеумізді осында алдыртты. Мінекей, бұл 1922 жылдың қысы болатын. Осы кезеңнен 1928 жылғы желтоқсанға дейін әкеммен бас қосып, семья болып тұрған уақытымыз сол болатын.

– “Дулатова” деген фамилияны осыншама жыл алып жүру онай болмаған да шығар. “Дулатова” деген сөздің өзі кезінде “халық жауының қызы” деген ұғым бергенін несіне жасырамыз. Сондағы рухани теперішке, жан күйзелісіне қалай ғана шыдадыңыз, апай?

– Мен әкемнің тұңғышы болғандықтан, басқа перзенттері қалмағандықтан өне бойы әкемнің фамилиясын алып жүрдім. Осы фамилияны алып жүру біздің қилы заманда өте бір қауіпті болды. Ол тұрғысында көрмеген қиыншылығым қалмады. Соның барлығына төздім. Ал, енді фамилиясын алып жүру әркімнің өзінің азаматтық құқы, борышы деп санаймыз ғой. Бірақ, мына фамилияның – Дулатованың қисыны ерекше қатерлі болды.

Қазақстанда мені оқытпады, сол себепті де Томскіге барып, мединститутқа түстім. 1934 жылы әкеме барып қайтатын “свидание” бер деп, Пешкова Екатерина Павловнаға (М. Горькийдің әйелі, Қызыл Крестің бастығы болатын) шешем арыз жіберді. Ана жақтан ол кісіге осындай өтінішпен әкем де жазыпты. Ал, Пешкованың жауабы әкеме бұрын жеткен екен. Сондықтан ол шешеме телеграмма салып: “Бір айлық осында рұқсат берілді. Әлібекті алып кел”, – деп хабарлаған. Әлібек дейтін менің кішкентай інім, ол 1925 жылы туған, 9 жасар бала. Бұлар келген соң әкем пәтер алып, бір ай шамасы тұрыпты. Енді артынан естуім бойынша әкем былайша хат жазады екен шешеме. “Сендер кеттіңдер, кеткеннен кейін әлгі пәтерге күніне екі рет барып жүрдім. Онда сендердің иістерің қалған сияқты, сағынышпен үйді маңайлап, торуылдап жүремін де қоямын”.

Сөйтіп, 1934 жыл да өтті. 1935 жылы мамыр айында біздің үйге үлкен бір қайғы кірді. Ол – жаңағы інім Әлібек қыстыгүні шананың астына қалып, содан жарақаттанып, қолы сынып қайтыс болды. Көп кісі көңіл айтып келді. Бәйбішесімен Ахмет атам да келді. Сонда бізді құшақтап, тізерлеп отырып айтқаны: “Сен Гая, (Ғайнижамал шешемді айтады) сабыр ет, болғанға берік бол. Мына балаң қайтыс болса, баласыз мен де жүрмін ғой... Әлтайдың қайтыс болғанын Міржақыпқа жазбаңдар. Артымда ұлым бар деп жүрсін. Келгенде бір-ақ білер, енді ұзамай келеді ғой”.

Кейін сол күзде төрт айдан кейін соң әкем қайтыс болды деген хабар алдық біз. Бұл қазан айының аяқ кезі болатын. Содан кейін әкемнің киімі, мүлкі, қалған кітаптары ма, суреттері ме, жазысқан хаттары ма, әйтеуір солардың барлығы бір айдан кейін біздің қолымызға тиді. Өмірде бір қайғы бір қайғыға ұласып жатқанда – әкеміз қайтыс болғанда біздің қабырғамыз қайысып, әбден жүдедік. Сонда Ахмет атам келіп, күңіреніп: “Гая, менің саған айтар сөзім жоқ, Міржақып өлгеннен кейін не айтам. Сөз таба алмай отырмын. Сондай бауырымнан, інімнен, өзімнің серіктес досымнан айырылу сендерге қандай батса, маған да солай батып отыр”, – деген еді басу айтып.

Бұл қайғылы уақыт та өтті. Бірақ қуғыннан көз жазғанымыз жоқ. 1937 жылдан бастап менің шешемді Алматыда тұрғызбады. Сара дейтін апасы екеуі мынау Талғардан бір үй сатып алып, сонда 2-3 жыл тұрды. Институт бітіргеннен кейін мен шешемді алып, Шымкентке кеттім. Сонда 1940 жылы 15 қыркүйекте шешем 45 жасында дүниеден өтті. Тірісінде “Дулатова” деген фамилиясын зор мақтанышпен алып жүрген еді асыл анам.

– “Бақытсыз Жамал” кітабы алғаш көргенде оны бауырыңызға қысып, өксіп жылап, кейін иесіне қайтармай қойғаныңызды естіп едік...

– 1935-1936 жылдары оқып жүрген кезімде демалыс үйінде Шонанов Телжанның бәйбішесі Шаһизада дейтін апаймен таныстым. Бір көрмекке сұлу, өзі оқыған, тәуір қызметі бар кісі еді. Сол кісі бірде: “Жүр, екеуміз саяхат жасайық”, – дап тау беткейіне ертіп шықты. Үлкен жартасқа сүйеніп тұрып бір керемет өлеңдерді такпақтап жатқа айта жөнелсін. “Неткен маржан тіркестер”, – дедім мен тәнті болып. “Бұл сенің папаңның “Бақытсыз Жамалының” өлеңдері емес пе?” – деп ол мені бауырына қысты. Әлі есімде “Бақытсыз Жамалды” кейін маған 1936 жылы Қартқожа Тоғанбаев ағамыз берген еді. Ол – Қартқожа кәдімгі Жүсіпбек Аймауытовтың кейіпкері, бір жағынан менің шешеме жақын болатын. “Бақытсыз Жамал” қолыма тиген соң, көпке дейін иесіне қайтармай, айырылмай жүрдім. Арада бірер ай өткенде шешем: “Жоқ, Гүлнәр, сенікі дұрыс емес. Берді екен саған, оқыдың, таныстың, енді өзіне қайтарып бер”, – деп ақыл айтты. Ана сөзіне ықтиярсыз

көруге тура келді.

Әкемнің “Шағым” дейтін өлеңін көп кісілер жаттап, кездескенде оңашада айтып беретін. Осы өлеңді Бауыржан Момышұлының аузынан талай естідім. Батыр ағамыз ғой, ол кезде де ешкімнен қаймықпайтын. “Менің Міржақып ағам” деп әманда айбаттанып отыратын. “Көрмейсің бе, – дейтін ол өзі тақпақтап айтқан жырдан ләззат алып, – өзін қандай кішіпейіл санайды. Сөң, ұмытпа, мұндай ұлы әкені мақтаныш тұту керек.

Бертін келе өзімнің де балаларым өсіп, соларға аталарын таныту міндетін іштей мойныма жүктедім. Сол себепті мен енді жалғыз қалған қызы болғаннан кейін қарап жүрмей, аздап естеліктер жаза бастадым. Ол ең әуелі маған оңайлыққа тиген жоқ. Неге десеніз, ішкі сырыңызды, ішкі ойыңызды қағаз бетіне түсірмек түгілі ол ойыңнан өзің шошитын заман болды ғой бізде. Сонда да ақталмай жатып-ақ қолыма қалам алған едім... Мен өзім әдебиетші де, журналист те емеспін, дәрігермін. Ал, қазақша да оқымаған едім. Сонда да өзімді-өзім сауаттандырып, қазақ тілін меңгеруге күш салдым. Сол мақсатпен кітаптар оқитын болдым, қазақтың газеттеріне бастан-аяқ көз жүгіртіп, соның арқасында жаза бастадым. Менің қолымда қазір Ахмет Байтұрсынов атамның 3 хаты, Әлихан Бөкейхановтың, дәрігер Жұмағали Тілеулиннің, Рахымбек Жандосовтың, Мұхтар Мұрзиннің хаттары бар. Басқасын айтпағанда біздің тарихымызда үлкен орын алатын Байтұрсынов атамның, Бөкейхановтың қолтаңбасын көру деген қазақ халқына үлкен мәртебе деп санаймын.

Әңгімелескен ӘЛІМ Қайсар,
Қазақстан Журналистер одағы
Міржақып Дулатов атындағы
сыйлығының лауреаты

Егемен Қазақстан.- 1999.- 24 маусым.

ӘКЕМДІ ГПУ ӘКЕТКЕНДЕ ОН ҮШТЕ ЕДІМ...

ӘКЕМНІҢ СОҢЫНДА ЖҮРГЕН ТЫҢШЫ ЕКЕНІН КЕЙІН БІЛДІМ

– Гүлнар апа, әкеңіз туралы, әкеңіздің замандастары туралы “Шындық шырағы” деген екі кітаптан тұратын үлкен естелік жаздыңыз. Десе де, қалың қазаққа кітап дұрыс тарай алмай жатқан мына заманда сол дүние көп елдің қолына тимеді... Сондықтан өзіңізбен бір әңгімелессек деп едік.

– Е, жақсы, қарағым...

– Міржақып атамның жалғыз баласы болғандықтан...

– Е, неге жалғыз?.. Әке-шешемнің менен кейін туған Абылай, Халида, Наурызбай, Әлібек деген балалары болды. Жас күндерінде шетінеп кетті. Мен де бала күнімде аурушан едім, әке-шешем денсаулығыма алаңдайтын. Қолдан келсе, жазда ауылға таза ауаға жіберуге тырысушы еді.

– Ол кезде шешек көп болатын дейді ғой?..

– Сегіз жасымда безгекпен ауырдым мен. 1923 жылдың жазы болатын. Дәл сол кезде біздің Орынбордағы үйге Мұхтар Әуезов келіп жатқан. Ол кезде жап-жас жігіт. Мені қыдыртып, “Собачьи сад” деген бақ болатын, соған ертіп барып балмұздақ әперетін. Ол кісі қайдан білсін маған суық нәрсе жеуге болмайтынын. Үйге келісімен безгегім ұстап қалатын. Мамам бір күні біліп қойып “ұрсып” сыбағамызды беріп еді...

– Орынборда тұрған үйлеріңіз...

– Орынборда Неплюев көшесі, 42- үйде тұрдық.

– Оған дейін қайда тұрдыңыздар?

– Оған дейін Семей қаласында тұрдық. Әкем 1921-1922 жылдары Семей губсотында жұмыс істеді де, біз Комиссарская көшесіндегі Әлия Молдабаевтың екі қабатты жекеменшік үйінде тұрдық (кейін Абай музейі болды). Үстіңгі қабатында біз – Дулатовтар, біріншісінде Әлихан атекемнің (Бөкейханов) үй-іші жайғасқан еді. Әкем қызмет бабымен ел ішінде жүріп, көбіне үйде бола бермейтін. Біз де соған үйренген едік. 1921 жылдың жазында мені, шешем мен Гуля тәтемді әкем Шыңғыстауға – Тұрағұл Абайұлы, Өміртай Ақбердин аталардың ауылына жіберді. Ол да есімде.

– Сол 1922 жылы емес пе еді аталарымызды ГПУ-дің тұтқындайтыны?

– Иә, қарғам. Әкем мен Әлихан Бөкейханов атекемді совет өкіметі Семей түрмесіне қамайтыны кезі – сол 1922 жыл. Қамауға алған кезде біз Шыңғыстауда жатқамыз. Бір күні, қыстың орта шені болу керек, Семейден базарлап келген қалашы бізге көңілсіз хабар жеткізді: Әлихан атам мен әкемді Семей түрмесіне қамапты. Үрпиіп қалдық. Хабарды ести сала Өміртай ағаның ауылынан шықтық. Абай атамның ауылына бір түнеп, сый-құрметтерін көріп, асығыс Семейге жеттік. Келесі күні шешем түрмеге тамақ тасуға рұқсат алып келді. Жұрт – әкемнің қаладағы бай таныстары, оқушы жастар кезектесіп тамақ, темекі жеткізіп тұрды. Кішкентай болсам да, түрмеге баратын күні шешемнен қалмаймын. Осы уақытқа шейін Семей түрмесі көз алдымнан кетпейді. Дөңге салынған, сырты ақталған үй маған аса биік көрінуші еді...

- Әлихан, Міржақып аталарымызды содан соң қай кезде босатты?

- Әлихан атекем мен әкемді сол жылы Орынборға әкеліп бас бостандығын берді әйтеуір. Босап шыққасын әкем шешем екеуімізді Семейден алдырды. Басымыз қайта біріккенде менің жасым алтыға әлі толмаған еді. Біз Орынборға келгенде папам Қазақ халық ағарту институтында /КИНО/ оқытушы екен. Үйден бір мезгіл сабақ беруге ғана шығатын, қалған кезде күні-түні жұмыстан бас көтермейтін. “Оқу құралын”, “Есеп құралын” өңдеп, қайта бастыруына даярлап отыратын. Жұмыстан шаршағанда бір мезгіл аяғын жазып, үй ішінде әрі-бері жүретін. Желдеткішті ашып шылым тартатын.

- Атамызды совет өкіметі босатса да, басқан ізін аңдып қарап отырды ғой...

- Әрине. Алаш Орда өкіметінің белді адамдары бәрібір Сталиннің назарынан тыс қалмаған. Мысалға мынаны айтайын. Орынборда Неплюев көшесіндегі 42-үйде тұрдық дедім ғой. Сонда қарсы беттегі үйдің алдында отырып алып бір орыс кісі біздің үйді күні бойы бақылап отырушы еді. Оның әкемнің соңында жүрген тыңшы екенін кейін барып бір-ақ білдім. Олар күдіктенсе болды-ақ, елдің үйін тінтілеп келетін. Ол түгілі бала – мені тінтігені бар. 1925 жылы Исламбек Ақбердин ағай Орынбордан Семейге алып жолға шықты. Поезд Кинель станциясына тоқтағанда купеге ГПУ-дың екі кісісі кіріп келді. Бәрін шығарып жіберіп, мені шешіндіріп, тұла бойымды қарап шықты. Одан соң нәрселерімізді түгел тінтіді.

ПАПАМ ҚҰРАЛАЙДЫ КӨЗГЕ АТҚАН МЕРГЕН БОЛАТЫН

- Иә... Енді бір сұрақ, апа. Жаңа немерелеріңіз Сізді татарша да сөйлей алады деп отыр ғой, рас па бұл?

- Өйткені тілім татарша шығыпты... Жасым екіге толмай-ақ сөйлеп кетіппін ғой. Татарша шыққан себебі, үйдегі мені күтуші әйел (няня) татар болса керек. Оның үстіне тұрған пәтеріміздің иесі татарлар еді...

- Бұл қай жылдар шамасы?

- Бұл сол 1917-1918 жылдар. Байтұрсынұлы Ахмет атам мен әкемнің Орынборда “Қазақ” газетін шығарып тұрған уақыты. 1917 жылы шілде айында өткен “Алаш” партиясының II-съезіне қатысқан ұлы Абайдың баласы Тұрағұл біздің үйге келіп түсті. Сол кезде есінде қалса керек, бертін (1925-1926 жылдары) келе, Шыңғыстауға барып жүргенімде Тұраш ата (Тұрағұл) менің татарша сөйлегенімді есіне алып күлетін.

- Апа, Әлихан Бөкейханов пен Аханды “ата” деуші ме едіңіз, ол кісілер жас емес пе еді ол кездері?

- Менің тілім шыққанда папамның ең алдымен үйреткен сөздері “атеке”, “әжеке” еді. Әлихан, Ахмет атекемдердің жасы қырық бестер шамасына келгенде алғаш рет “ата” деген сөзді менен естіпті. Ол кездері немерелері жоқ, өз балалары жас болатын. Әлихан атекем жақсы көргенде маңдайымнан иіскейтін, ал Ахмет атекем бетімнен сүюші еді.

- Сол бала күніңізден тағы бірер естелік айтсаңыз...

- Менің бала дәуренімнің көңілді күндері көп болған жоқ, балам. / Гүлнар апа осы

кезде төмен қарап, ұзақ ойланып қалды/. Жеті жылдай ғана уайымсыз жүрдік. Бұл 1922 жылдан бастап 1928 жылға дейінгі аралық. Осы тұста көп жыл армандаған күндер туып еді. Әкеміз бұрынғыдай алыста емес, бізбен бірге болды. Қызықты кез Орынбордан басталып Қызылордада жалғасты. Рас, сол тұстағы өткен күндерді есіме алсам, жаным жадырап қалады.

Есімде қалғаны: 1922 жылдың қысында мамам екеуіміз Семейден келгенімізде, папам қызметін үйде отырып істейтін. Жазу үстелінен бас көтермейтін. Ұзынша тілінген қағазға араб әрпімен “Есеп құралы” деп жазылғаны есімде. Әкемнің ең алғашқы “Есеп құралы” 1912 жылы жарық көргенін білетін шығарсың, одан кейін аталмыш кітап көзі тірісінде сегіз рет қайталанып басылыпты. Менің білуімше, (әлі де зерттелер) Міржақып әкемнен бұрын қазақ тілінде “Есеп құралын” жазғандар болмаған. Сондықтан әкемді қазақтың жаңа сыпаттағы алғашқы математигі деуім жөн болар.

Сонымен... Орынборға жаңа келген шағымыз, бірге ойнайтын балалардың жоқтығынан жалғыз өзім кілемде қуыршақ ойнап отырушы едім. Зерігіп қалғып кеткен шағымда төбемнен тоқ етіп “раковые шайки” кәмпиті түсетін. Папам білмегенсіп, маған карамастан жұмысын жалғастыра беретін. Таң қалып, жан-жағыма қарап: “папа, папа, мына кәмпиттерді кім тастады?” деп сұрасам, ой, Гүлнар, білмейсің бе, ол ұйықтамаған балаға ғана түседі” деуші еді.

– Қазақтың астанасы 1925 жылдың күзінде Орынбордан Қызылордаға ауысты. Енді сол кезеңнен әңгіме...

– Қызылорданың төңірегі – кісі қызығатындай-ақ жерлер. Сыр бойы жағалай жыңғыл, тобылғы, сексеуіл, қоңыраулы қара шеңгел, жабайы жиде ағаш. Осындай нудың ішінде түлкі, қасқыр, қоян, қосаяқ жүретін. Аяқ астынан пыр етіп қырғауыл ұшатын. Әкем қолы босағанда осы нудың ішіне құс атуға шығып тұрушы еді.

Қаламақысын жинастырып жүріп “Зауэр” фирмасынан шыққан аса қымбат қосауыз мылтықты 1927 жыл сатып алды. Бұған шешем екеуінің қуанғаны есімде. Содан соң әкем оған қосауыз мылтықтың қабы, ягдташ, патронаж, шомпол, манок (бояулы ағаш үйрек), оқ-дәрі, бытыра сияқты керек жарағын сатып алды. Аңшылыққа шыққанда киетін ұзын қонышты етігі болды. Базардан алған, түкті кілемдей сәнді тоқылған қоржыны да бар еді. Арада өткен екі жылдың ішінде жабағы кезінде сыйға алған Алакөз деген аты да мінуге жарап қалып еді. Енді аңға шығуына жетпегені ит қана болатын, оны да бір күні тапты. Қарастырып жүріп он айлық пойнтер күшігін сатып алды. Шоколад түстес, тықыр жүнді, құйрығын шорт кескен ит еді...

– Аңшылықтың сырын жақсы білген болды ғой Міржақып атамыз?

– Папам құралайды көзге атқан мерген еді. Сүңгуір үйректерді көзінен ғана атып әкелгенін талай көрдім.

Күнібұрын “Собаководство” журналын жаздырып қойып еді. Осы журналда жазылған кеңестер бойынша әкем итін “жат, тұр, отыр” дегеннен бастап нешетүрлі әдіске үйретті. Итін суға жүзіп құс әкелуге дейін машықтандырды. Ол үшін Сырдың жағасында тұрып манокты лақтыратын, Гибсон (иттің атты Гибсон болатын) суға қарғып түсіп, малтып барып соны алып шығады екен.

– Атамыз итті жақсы көрген екен ғой.

– Әкем сәйгүлік атты жақсы көретін. Қаршыға, түйғын деген құстарға қатты құмар еді. Тек қала ішінде тұрып ұстай алмады, әйтпесе оны да табар еді. Сосын... қай жерге келіп едік?

– Аңшылық туралы айтып жаттыңыз...

– Иә... сол аңшылық даярлығынан соң әкем бір күні Алакөзіне мініп, әлдеқайда кетті. Келесі күні үйге салт атты бір жас қазақ жігітін ертіп әкелді. Жігіттің аты Әлиасқар екен. Сол күннен бастап Әлиасқар әкемнің аңшылықтағы серігі болып кетті. Ол өзі ұста еді, бір күні қоңыраулы кілтті үлкен сандық жасап әкеліп маған сыйға тартты. Әкем Әлиасқардың онысына риза болып мылтық сыйлаған еді.

– Ол кісі құс атып келген күн мереке шығар...

– Құс атып келген күні жақын достарын кешке қонаққа шақыратын. Олар кеткесін үй іші болып бауыздалған құстардың ішек-қарынын алып, етін тұздап, екі-екіден таң атқанша ағашқа асып қоятынбыз. Айтпақшы, өзіміз құстың дәмін татпай тұрып іргелес тұратын қадірлі Ахмет атекемнің (Ахмет Байтұрсынұлы) үйіне сыбаға беріп жіберетін едік. Оны мен апаратынмын. Атекем қырғауылды тәуір көруші еді, соларды әлім келгенше көтеріп баратын ем. “Бізді қызымыз асырайды” деп атекем мен әжекем мәз болып қалатын.

СМАҒҰЛ САДУАҚАСОВ САМАУЫР ӘПЕРІП ЕДІ

– Әкем Әлихан Бөкейхановты, Ахмет Байтұрсыновты қатты сыйлайтын. Сол заманда үшеуін “Әлекең”, “Ахаң”, “Жақаң” деп айтатынын білетін шығарсың, айналайын.

– Әлбетте, елдің бәрі біледі ғой, апа.

– Әкем өмірінің соңына шейін осы ағаларынан қол үзбей, ардақтап, хат жазысып өтті. Хаттары менде сақтаулы.

– Одан басқа әкеңізден қалған тағы қандай дүниелер бар?

– Әкемнің атқан құстарының қауырсынынан кезінде шешем он шақты жастық жасап еді. Олардың қалған екі-үшеуін осы уақытқа шейін жастанып келем.

– Міржақып атамыздың жастарға қамқорлығы ерекше еді ғой. Мысалы, оның жас кезінде Мағжанға, кейін қазақ театрының алғашқы директоры болған Дінше Әділовке қамқорлық жасағанын білеміз. Осындай бір оқиғалар есіңізде қалды ма?

– Әкем сабақ беріп жүрген Орынбордағы КИНО-да оқу үшін Омбыдан Иса Байзақов келіпті. Оның жас ақын екенін, тұрмысының ауырлығын көрген әкем үйге алып келді. Киім-кешегін Поля деген үй қызметкерге жуғызды. Басын (Иса ағаның басының кінәраты бар еді) емдеу үшін әкем наркомздрав арқылы жолдама алып, Ташкенге дәрігерлерге аттандырды. Осы есімде қалыпты.

Жалпы, біздің үйге студенттер көп жиналатын. Мәскеу университетінің медицина факультетінде оқитын Лиза Бөкейханова (Әлихан атекемнің қызы) Смағұл Садуақасовқа тұрмысқа шыққаннан кейін жылда каникулында Орынборға келетін. Смағұл 1924 жылы Қазақ мемлекеттік жоспарлау комитетін басқаратын. Лиза төтем Мәскеуден келген сайын бәрімізге арнап сыйлық әкелетін.

Смағұл аға шешем екеуі омбылық болғандықтан бір-бірін сыйлап, жақын көретін. Мені ол кісі жиенім деп еркелетуші еді. Бір күні кешке таман Смағұл аға біздің үйге келе қалды. Үстел басында жылап отырған мені көріп: “Тұлнар, неге жылайсың?” деп сұрағанында,

мен: “мамам ойыншық самауыр сатып алып бермейді” деппін. Ол кісі “әндеше тез киіне ғой, екеуіміз барайық, өзің сол дүкенді білемісің?” деді. Мен “білем!” дедім. Қараңғы көшеге шықсақ, қар жауып, жаяу борасын соғып тұр екен. Ол кісінің жүрісіне өзер ілесіп, мен жүгіре еріп, дүкеннен бір-ақ шықтық. Сүйтіп, ол кісінің самауыр алып бергені әлі күнге есімнен шықпайды.

ӘКЕМ КЕТЕРДЕ НЕКЕЛІ АЛТЫН БАЛДАҒЫН ҚОЛЫНАН СУЫРЫП ШЕШЕМНІҢ САУСАҒЫНА КИГІЗДІ...

– Әкеңіз ұсталғанда Сіз бар ма едіңіз, апа?

– Ол 1928 жыл болатын. Қызылордаға келгенімізге үш жылға таяу уақыт өткенді. Біз оқудамыз, әкем тыным таппай жазуын жазып, түн ортасына шейін бас көтермей отыратын. 29-желтоқсанда бәріміз шырт ұйқыда жатқамыз. Түн ішінде есік-терезе дүрсілдеп, “ашыңдар!” деген айғай оятып жіберді. Есікті түнеп жатқан қонағымыз Мұртаза Рафиков (Алаш Орданың қаржы министрі болған Халел Ғаббасовтың інісі) барып ашты. Үйге ГПУ-дің қарулы кісілері сау етіп кіріп келді. Шам жағылып, орнымыздан тұрдық. Әлгілер асықпай, таң бозарғанша үй-ішін тінтіп шықты. Кітаптарды, кейбір суреттерді, әкемнің барлық қолжазбасын жинап алды. Бір қызығы, ілулі тұрған аса қымбат “Зауэр” мылтығына тимеді. Содан кейін Саенко дейтін бастықтары папама иегін көтеріп “киініңіз, Сізді тұтқынға аламыз” дегенде, шынғырып жіберіппін. Әкемді құшақтап, “папатайым-ай, бізді тағы сенен айырды ғой” дей бергенімде біреудің суық қолы жұлып алды. Әлгі жерде әкем некелі алтын балдағын қолынан суырып, шешемнің саусағына кигізді. Түрі аса сабырлы еді, бізді жұбатып, “жыламаңдар, балаларым, шешелерінді тындаңдар, оқу оқыңдар” деп қоштасып, алты адамның ортасында кете барды. Сонда, әкемді ГПУ әкеткенде он үште едім.

– Мәскеуге әкетпес бұрын әуелі Қызылорда түрмесіне қамады ғой?...

– Қызылорда түрмесінде әкем жарты жыл отырды ГПУ әкемді қатаң тәртіппен ұстапты, соған шешем күйзелетін. Әкем соңғы рет ұсталып кеткенде шешемнің жасы небәрі отыз үште еді. Шешемді жолықтырмайтын, тек күн ара берген тамағын ғана алып тұратын. Кейін әкемнен, Мәскеудегі Бутырка түрмесінен хат келе бастады. Оған да қуанатынбыз. 1931 жылы әкемнің 58-баппен айыпталып, он жылға Соловкиге айдалғаны туралы өзінен хат келді.

– Содан соң не болды?

– Не болушы еді, шешем рұқсат алып артынан іздеп барды. “Ғажап қалғаным, – дейді қиыр солтүстікке барып келген шешем кейін әңгімесін айтып отырғанда, – алты жылдың аралығында көрген қорлығына, абақтының азабына қарамастан Жақан көп өзгере қоймапты, паштарына ақ кірмепті. Тамақтың нашарлығынан, витаминдердің болмауынан біраз тістері босап түскен екен, онысына протез салдырыпты. Көзілдірік киіп оқитын болыпты. Ең жанына қатты батып жүрген кеселі: асма пайда бопты. Асма ұстағанда тынысы тарылып, екі иығынан ышқына демалып, жанын қоярға жер таппайды екен. Демікпе қысқан кезде дәрінің күшімен жан сақтап жүргенін айтты. Асма – аллергияның ең ауыр түрі. Бір жақсы нәрсе – бізбен бас қосқан кезінде аллергиясы ұстаған жоқ. Бізді лагерьдің жанындағы әйгілі

